

ЖОҒАРЫ



БІЛІМ


А. Сергеева

# Тұрғындар географиясы

*Оқу құралы*

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2014



УДК 911.37 (075.8)

ББК 26.89 я 7

С 37

*Баспаға Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің  
ғылыми Кеңесі (хаттама №15 10.06.2011 ж.) ұсынған*

**Пікір жазғандар:**

**Х. Құсайынов** – экономика ғылымдарының докторы, профессор;

**Б. Болатова** – экономика саласы бойынша PhD

**С 37 Сергеева А.М.**

**Тұрғындар географиясы: Оқу құралы.** – Астана: Фолиант, 2014. – 248 бет.

ISBN 978-601-292-886-0

Ұсынылып отырған оқу құралында «Тұрғындар географиясы» ғылымының теориялық қағидалары, лингвистикалық ерекшеліктері, халықтың ұдайы өсіп-өнуі, көші-қон процестері, қоныстану жүйесі, демографиялық саясат мәселелері қарастырылады. Оқу құралы жалпыға міндетті білім стандарты бойынша әзірленді. Оқу құралына енгізілген білім негіздерінің көлемі, құрамы мен құрылымы пәннің оқу бағдарламасында көрсетілген талаптарға сай.

Оқу құралы жоғары оқу орындары студенттері мен оқытушыларына, көпшілік қауымға арналған.

УДК 911.37 (075.8)

ББК 26.89 я 7

ISBN 978-601-292-886-0

© Сергеева А.М., 2014

© «Фолиант» баспасы, 2014

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
<b>1-тарау.</b> Демографияның тарихи және ғылыми-теориялық негіздері.....	8
1.1. Тұрғындар географиясы пәніне кіріспе.....	8
1.2. Демография ұғымы, мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері және қазіргі заманғы ғылымдар жүйесінде алатын орны.....	11
1.3. Демография ғылымының қысқаша тарихы.....	15
<b>2-тарау.</b> Халықтың саны мен құрылымы, оның даму бағыт-бағдарлары.....	26
2.1. Халық саны мен құрылымындағы ерекшеліктер, заңдылықтар.....	26
2.2. Халықтың жастық-жыныстық құрылымы.....	30
2.3. Неке және отбасы, отбасы құрамы мен ажырасу.....	41
2.4. Дүние жүзінің ұлттық және нәсілдік құрамы.....	48
2.5. Дүние жүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелуі.....	53
2.6. Дүние жүзі діндері және олардың таралуы.....	57
2.7. Халықтың әлеуметтік-экономикалық құрамы.....	62
<b>3-тарау.</b> Халықтың ұдайы өсу процесі және сапасы.....	68
3.1. Халықтың ұдайы өсу ұғымы.....	68
3.2. Халықтың өсіп-өнуінің тарихи типтері және демографиялық өтпелілік теориясы.....	72
3.3. Демографиялық жарылыс.....	78
3.4. Демографиялық дағдарыс.....	84
3.5. Әлем тұрғындарының сапасы.....	87
<b>4-тарау.</b> Халықтың қоныстану географиясы.....	100
4.1. Қоныстану жүйесінің ұстанымдары мен заңдылықтары.....	100
4.2. Қоныстанудың қалыптасқан теориялық негіздері.....	106
4.3. Қоныстану процесін танудың әдіснамалық негіздері.....	116
4.4. Дүние жүзіндегі урбандалу процесінің қарқындылығы, агломерация және мегалополистер.....	125
4.5. Агломерацияның қалыптасу сатылары және қазіргі қала агломерацияларының негізгі белгілерінің сипаты.....	136
4.6. Қалалардың орналасуы мен аумақтық құрылымы.....	142

<b>5-тарау. Көші-қон процестерінің қазіргі даму бағыттары және еңбек ресурстары</b> .....	172
5.1. Көші-қон түрлері және факторлары .....	172
5.2. Көші-қон қозғалысын сандық және сапалық тұрғыдан бағалау .....	183
5.3. Көші-қонның негізгі бағыттары .....	184
5.4. Қазақстандағы көші-қон процесін болжау .....	196
5.5. Қазақстан Республикасындағы еңбек миграциясы .....	199
5.6. Әлемнің еңбек ресурстары .....	205
<b>6-тарау. Демографиялық саясат, заңдылықтар және тұжырымдама</b> .....	208
6.1. Демографиялық саясат .....	208
6.2. Қазақстандағы демографиялық саясат .....	214
6.4. Қазақстандағы көші-қон саясаты .....	218
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	220
<b>ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	242



## АЛҒЫ СӨЗ

Тұрғындар географиясы халық санының өсуін, құрамын, қоныстану ерекшеліктерін географиялық (табиғи), экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан зерттейді.

Тұрғындар географиясы – халықтың аумақтық ұйымдасуын зерттейтін әлеуметтік-экономикалық және саяси география саласы. Тұрғындар географиясының басты салалары:

1. Демогеография – белгілі бір елдер мен аймақтардағы демографиялық жағдайды, халықтың ұдайы өсуін, жыныстық-жастық, отбасылық құрамын, халық санына болжам жасау, демографиялық саясат мәселелерін зерттейді;

2. Этногеография – халықтардың ұлттық құрамын, олардың қоныстану ерекшеліктерін, этнолингвистикалық сипаттарын қарастырады;

3. Көші-қон географиясы – көші-қон түрлерін, көші-қон саясатын талдау және олардың себеп-салдарын анықтайды;

4. Еңбек нарығы географиясы – еңбек ресурстары және экономикалық белсенді халық, еңбек нарығы, жұмыссыздар саны, тұрғындардың еңбекпен қамтамасыз етілуі, халықтың кәсіби және білім деңгейі мәселелерін саралайды;

5. Тұрғындардың тұрмыс географиясы немесе сапасы – халықтың өмір сүру деңгейін, жағдайын, сапасын зерттей отырып, адамдардың қоршаған ортаны сезінуін, кеңістіктік ойлау деңгейін, олардың қызығушылығы мен сұраныстарын айқындайды;

6. Қоныстану географиясы – халықтардың қоныстану ерекшеліктерін, типтерін, геоурбанистика мәселелерін, ауыл халқының қоныстану типтерін зерттейді.

Қоғамның өркениетті дамуына орай еліміздің дүниежүзілік қауымдас-тықтарда, экономикалық рыноктарда сыбағалы салмағы арта түсіп, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына байланысты негізгі бағыттары өзгеру үстінде.

Еңбек ресурстарының кейбір аумақтардағы жетіспеушілік немесе оның артық болуы және жекелеген аудандарындағы халық санының тез неме-се баяу өсуі жағдайларын, олардың әркелкі орналасуы мен құрылымындағы

аумақтық ерекшеліктерін географиялық жағынан оқып-білудің үлкен мәні бар. Олар – миграциялық жағдайлардың және оның әртүрлілігінің, әрі оларға себепші болып туындататын факторлардың қарама-қайшылығынан және оларды анықтаушы көптүрлі әлеуметтік-экономикалық салдар нәтижелерінен құралады.

Қазіргі кезеңде қалалық және ауылдық елді мекендер құрылымындағы ерекшеліктерін, қоныстану жүйесіндегі қарама-қайшылықтардың шиеленісуін және қоныстану процесін зерттеу ең өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан Қазақстан қоғамын қайта құруға, ірі әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жүзеге асыруға негізделген Елбасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын айқындаған жолдауында халықты тұрақтандыру, тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту үшін қойылған бірнеше міндеттер өз шешімін табуда.

Қоныстану процесін жетілдірудің басты міндеті – қалалардың, поселкелердің, ауылдардың өзара байланыстылығын қамтамасыз ету мәселесімен орайласады. Көші-қон мәселесінің көлемі мен бағытын реттеуге арналған шараларды жүзеге асыру ауданның түрлі бағытта даму ерекшеліктерін міндетті түрде ескеруді қажет етеді. Ауыл халқының қалаларға қоныс аудару ретін бағамдауда құбылыстың теріс нәтижелерге соқтыру мүмкін екендігін де назарда ұстау керек. Көшіп-қонушылар есебінен ұлғайған кейбір қалалардың өсу процесі, түптеп келгенде қалалық, ауылдық елді мекендерде әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын жетілдіруде мүлдем тиімсіз болып шығуы ықтимал. Мұндай жағдайда қаланың өсуін реттейтін мәселелердің түбегейлі шешімдері, бірінші кезекте, өндірістің дамуы мен жұмыс күшін тиімді пайдалану арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету шаралары ретінде көрініс табады. Осындай шаралардың негізінде шаруашылық қажеттіліктерін реттеудің сол арқылы қалаға «демографиялық қысым» жасау процестерін бәсеңсіту мүмкіндіктері туып отыр.

Қоныстану процесі жайындағы ғылыми, әдіснамалық еңбектерді талдау нәтижесінде осы мәселеге арналған елеулі зерттеу жұмыстарының бар екендігі көрінді. Қала мен ауыл елді мекендеріндегі халықтың қоныстану процесін теориялық тұрғыдан қарастырып, мәселелерді шешуде экономгеографтар Н.Н. Баранский, Ю.Г. Саушкин, Б.С. Хорев және басқа ғалымдар жан-жақты үлес қосты. Жұмыстың теориялық-әдіснамалық бөлімінде қоныстану процесіне қатысты күрделі мәселелерді зерттеп, ғылыми-теориялық тұжырым жасауға үлес қосқан отандық және ТМД елдерінің белгілі ғалымдары: Г.М. Лап-но, Ж.А. Зайчонковская, Е.М. Арынов, М.М. Тажин, Қ.Ф. Ғабдуллина,

М.Б. Тәгімов, және т.б. экономгеограф, экономист, әлеуметтанушы, тарихшы демограф ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Қоныстану жүйесінің ұйымдастырылуы мәселелері қарастырылғанда Ұ.М. Ысқақов еңбектері негіз болды. Оқу құралының теориялық әдістемелік негіздеріне қалыптасқан ойтұжырымдар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттары, қоныстану мәселелерін шешуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінен алынды.

Оқу құралын орындауда Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты басшылыққа алынды (авторы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті Т.О. Увалиев).

Оқу құралының мазмұны басқа да негізгі мәселелермен қатар қоғамдағы адамзат факторының рөлін көрсетуге, шаруашылықтың дамуындағы еңбек ресурстарының маңызын түсінуге көмек береді.

Осыған байланысты мақсаты – дүние жүзі халықтары жайлы жүйелі түрде түсінік беру, халықтың ұдайы өсіп-өнуі, көші-қон мен еңбек ресурстары географиясының, олардың таралып орналасуына, халықтың аумақтар бойынша бөлінуіне, олардың тұрмыс-салттарының шартты түрдегі байланыстарын көрсету, дүние жүзі халықтарының құрамы мен құрылымына, этносына, қоныстану түрлеріне біртұтас түсінік беру.

Тұрғындар географиясы пәні бірнеше қоғамдық пәндермен тығыз байланысты. Халықтың әлеуметтік жағдайын қарастырғанда әлеуметтану ғылымымен, экономикалық-демографиялық мәселелерді қамтығанда экономикалық ғылымдармен, этнографиялық сұрақтарға орай тарих ғылымдарының салаларымен, әдіснамалық аспектерді философия ғылымымен байланыста қалыптасып, дамиды.

## 1-тарау. ДЕМОГРАФИЯНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 1.1. Тұрғындар географиясы пәніне кіріспе

Тұрғындар географиясы түрлі әлеуметтік, экономикалық және табиғи жағдайларға байланысты халықтардың, тұрғын аймақтардың қалыптасуы мен дамуының географиялық ерекшеліктерін зерттейді. Ол, ең алдымен, халықтардың құрылымы, орналасуы мен территориялық ұйымдасуының дамуын анықтайтын кеңістік заңдылықтарын белгілейді. Халықтардың сипаттамасы сонау антикалық зерттеу еңбектерінде елеулі орын ала бастаған еді, ал бөлек ғылыми тарау ретінде тұрғындар географиясы тек XIX ғасырда ғана күрделенді, ол ең алдымен антропогеография (Германия) және адам географиясы (Франция) түрінде дамыды. Революцияға дейінгі Ресейде халықтарды зерттеумен П.П. Семенов-Тянь-Шанский, А.И. Воейков, В.П. Семенов Тянь-Шанский айналысты. Кеңестік кезеңде, бірден болмаса да, тұрғындар географиясы әлеуметтік-экономикалық география-

ның, жалпы географияның ең қуатты әрі беделді ғылыми бағыттарының біріне айналды.

Географиялық және шектес ғылымдар жүйесінде халықтар географиясы бір уақытта базистік және тоғысқан күйде болады. Сондықтан тұрғындар географиясы әлеуметтік-экономикалық географияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осыдан келіп оның әлеуметтік географиямен, шаруашылық географиясымен, табиғи ресурстар географиясымен, саяси географиямен, елтанумен, экономикалық және әлеуметтік картографиямен және т.б. тығыз байланысы туындайды. Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде тұрғындар географиясы демография және этнографиямен көбірек байланысты, дегенмен осы ғылымдардың ұштасуымен экология, әлеуметтану, аудандық жоспарлау, рекреациялық, медициналық география және өзге де бағыттар кездеседі.

Халықтар географиясының ғылыми негізіне адамдардың демографиялық (халықтардың қайта өндіріс

тінгі), табиғи (жер бедері, климат жағдайлары, сумен қамтылуы, т.б.) және әлеуметтік-экономикалық (өндірістік және өндірістік емес сфералардың орналасу және даму деңгейі) факторлар ықпалымен қоныстануын қарастыратын қоныстану теориясын жатқызады.

Тұрғындар географиясы қоныстанудың екі негізгі формасын – қалалық және ауылдық қоныстануды зерттейді, сондай-ақ ол жоғарыда аталған үш фактор мен сол қоныстану формаларының өзара әрекетінен пайда болатын қоныстану желілері мен жүйелерін де анықтайды. Отандық қоныстану теориясының қалыптасуында Н.Н. Баранский, О.А. Константинов, Р.М. Кабо, В.В. Покшишевскийлер еңбектерінің үлесі зор.

Қоныстану теориясы өз алдына бөлек ғылыми тұжырымдамаларды біріктіруі керек. Оның бірінші мысалы ретінде қоныстанудың бірыңғай жүйесі (ҚБЖ) тұжырымдамасын келтіруге болады. Отандық тұрғындар географиясында ҚБЖ деп көліктік-өндірістік байланыспен біріктірілетін қалалық және ауылдық мекендердің өзара байланысты жүйесін, бірыңғай инфрақұрылымды, әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету орталықтары мен демалыс орындарының жалпы жүйесін түсінеді. Қоныстанудың бірыңғай жүйесін кеңестік кезеңде қоныстанудың бас жобасын құруда

кеңінен қолданылған тұжырымдама деп есептеу қабылданған.

Келесі мысал, қоныстанудың бірыңғастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін, оның көпжылдық бөлігін қалыптастыратын қоныстанудың тірек қаңқасы тұжырымдамасы. Оның басты түйінді элементі ретінде ірі қалалар мен қала агломерациялары алынады, ал сөзғаламдық қаңқа туралы болса, олар – суперқалалар мен мегаполистер. Бірақ орталық рөлін атқаратын бөлек аудандарды қарастырған кезде халық саны орташа және шағын қалаларды да алуға болады.

Осы анықталғандарды бекіте келе, қазіргі қоныстану теориясының негізгі ұйытқысы ол түрлі деңгейдегі қала жүйелерінің қалыптасуын және эволюциясын, кеңістіктік ұйымдасуын зерттеуді мақсат ететін **геоурбанистика теориясы**.

Классикалық қалалар географиясы маңызды ғылыми бағыттардың бірі ретінде Ресейде ХХ ғ. 30-жылдары экономикалық географияның аймақтық мектептері құрылған кезде пайда болды. Оның басында Н.Н. Баранский, Р.М. Кабо, О.А. Константинов, т.б. көрнекті географтар тұрды. 60-70-жылдардан кейін қалалар географиясы Ю.Г. Саушкин, В.В. Покшишевский, А.А. Минц, В.Г. Давидович, И.М. Маергойз, В.М. Гохман, Я.Г. Машбиц, Ю.В. Медведков, Е.Н. Перцик, Г.М. Лапко,

Б.С. Хорев, Ю.Л. Пивоваров, Ф.М. Листенгурт, В.М. Харитонов және басқа көптеген географ-елтанушылардың еңбектерінде дамудың жаңа қарқынына көшті. Олардың жұмысы көпшілік жағдайда қалалармен байланысты отандық және шетелдік мәселелерді қамтыды.

Ұзақ уақыт бұндай зерттеулерге қарапайым нүктелі қалалар алынды, бірақ урбанизация процесінің тереңдеуі мен агломерациялардың дамуы, субурбанизация, рурбанизация, гиперурбанизацияның пайда болуы нәтижесінде зерттеу нысандары да күрделеніп, түрлі рангтағы күрделі әрі тармақталған қала жүйелері болды. Бұл жөнінде көптеген ғалымдар (мысалы, Ю.М. Пивоваров) «қалалар географиясы» және «геоурбанистиканың» арасында жоғары айырмашылық бар екенін, олардың ұстамды ерекшеліктерін айтады.

Қоныстану теориясының басқа да бағыттарына ауылдық мекендер географиясын (С.А. Ковалев, А.И. Алексеев), миграциялық географияны (В.В. Покшишевский, Л.Л. Рыбаковский, В.И. Переведенцев, Ж.А. Зайончковская, Б.С. Хорев, С.Н. Раковский, С.А. Польский), еңбек ресурстары географиясын, т.б. жатқызуға болады.

География және демографияның тоғысында Ресейде және шетелде жоғары дамып келе жатқан геодемография (географиялық демо-

графия) қалыптасты, ол өз алдына шағын немесе ірі территориялардағы демографиялық құбылыстарды зерттеумен айналысады. Бұл жағдайда демографиялық зерттеулер астарында демографиялық саясатты, халықтың табиғи қозғалысын, оның отбасылық құрылымын, орташа өмір сүру ұзақтығын біріктіретін сұрақтар шеңбері жатады. Тұтас бағыт ретінде геодемографияны демографтар да, географтар да зерттейді.

География және этнография ғылымдарының тоғысында этногеография (этнографиялық география) пайда болды және даму үстінде. Ол халықтардың (этностардың) жалпы жер бетінде және оның аймақтары мен елдерінде қоныстану ерекшеліктерін, этникалық және этнолингвистикалық процестерді тарих және қазіргі заман тұрғысынан қарастырады. Бұл бағытта зерттеулер жасауда Л.Н. Гумилевтен басқа көптеген этнографтар (Ю.В. Бромлей, С.А. Токарев, Н.Н. Чебоксаров, Б.В. Андрианов, В.А. Тишков, П.И. Пучков, В.И. Козлов) және географтар (В.В. Покшишевский, С.И. Брук) еңбек етті және қазір де еңбек етіп келеді.

Тұрғындар географиясының даму барысын бағалай келе ондағы бірнеше аспектілерді келтіруге болады. XIX ғ. аяғына дейін оған антропологиялық және этнографиялық аспектілер, XX ғ. I жартысында демографиялық және басқа бірнеше басқа аспектілер

қосылды. Ал соңғы кездері олардың арасында ерекше назар аударатыны – геурбанизациялық, геозтникалық және геозкологиялық аспектілер болып табылады.

## 1.2. Демография ұғымы, мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері және қазіргі заманғы ғылымдар жүйесінде алатын орны

«Демография» термині гректің «демос» – халық және «графо» (графия) – жазамын, сипаттаймын деген екі сөзінен тұрады. Бірақ демография тұрғындарды сипаттаумен ғана шектелмейді, оның қамтитын аумағы кең және терең болып келеді.

*Демография* – бұл белгілі бір территория (әлем, континенттер, елдер тобы, ел, елдің бөлігі, т.б.) аумағында тұратын адамдардың өздері өсіп-өрбитін жиынтығы ретіндегі тұрғындар (тұрғын халық) туралы ғылым.

Демография ғылым ретінде өз атауын бірден иелене қойған жоқ. «Демография» сөзі ғылыми айналымға оны білдіретін ғылымның пайда болуынан 200 жылға кейін дерлік уақытта енді. Швейцарлық математик К. Бернулли (1782-1863) оны «көбею ғылымы» деп атауды ұсынып, жаңа ғылымға алғашқылардың қатарында ат қоюға ұмтылды.

«Демография» атауы 1855 жылы пайда болды, оны бірінші рет француз ғалымы, статистик, демограф, табиғат зерттеушісі, Париж статистикалық қоғамының негізін қалаушылардың бірі А. Гийяр (1799-1876) ғылыми айналымға «Адам статистикасы элементтері немесе салыстырмалы демография» деген кітабында енгізді.

Ресейлік әдебиеттерде «демография» терминін 1872 жылы Е.Н. Анучин (1831-1905) өзінің «Ғылым ретінде статистиканың мәні және халықаралық статистикалық конгресс» деген еңбегінде енгізді. Бұл термин Санкт-Петербургтегі Халықаралық статистикалық конгрестің VIII сессиясы жұмысымен байланысты пайда болды. «Демография» термині ресми халықаралық тану ретінде 1882 жылы Женева сессиясында Халықаралық гигиена және демография конгресінде иеленді.

Демографияның ғылыми тану нысаны – адамдар, тұрғындар, ал тақырыбы – тұрғындардың өсіп-өну заңдылығы болып табылатын ғылым. Тұрғындардың өнуі тар мағынасында алғанда тұрғындардың табиғи қозғалысы процесін ғана біріктіреді, яғни туу, өлу ғана және солармен байланысты некелесу мен айырылысуды біріктіреді. Тұрғындардың өсуін кең мағынасында алғанда, оған көші-қон мәселелері – тұрғындардың құрамы мен ауыспалы саны процесі де кіреді.

Демографияның негізгі қамту аумағында тұрғындардың нақты өсіп-өну процесі, оның ішінде олардың әлеуметтік жағдайлары, туу және өлу процестері, некелесу және ажырасу процестері, сондай-ақ отбасының демографиялық қызметтері, тұрғындардың некелік, отбасылық және басқа демографиялық құрылымдарының ұдайы өну процестері, тұрғындардың құрамы мен санының өзгеруіндегі ағымдарды анықтау, демографиялық құрылымдар мен процестердің өзара байланыстарын айқындау, демографиялық болжамдар жасау процестері де бар. Бұл реттерде тұрғындардың табиғи қозғалыстарының заңдылықтарын анықтау демографиялық зерттеулердің шешуші міндеті болып табылады.

*Демография – процестің қозғамдық-тарихи шарттастырылуында тұрғындардың өсіп-өнуі туралы ғылым.*

Демография тұрғындардың санын, аумақтық орналасуын және құрамын, әлеуметтік, экономикалық, биологиялық және географиялық факторлар негізінде олардың өзгеру заңдылықтарын, себептері мен жағдайларын зерттейді.

Демографияның ғылым ретіндегі басты міндеті – демографиялық заңдарды, заңдылықтарды, өзара байланыстарды айқындау және тану. Демографияның практикалық міндеттері арасында негізгілері мыналар:

1) ақпараттарды жинау және демографиялық талдау негізінде демографиялық процестердің ағымдары мен факторларын зерттеу;

2) демографиялық болжамдар жасау;

3) демографиялық статистика шараларын жасау.

Демографияда зерттеудің әр түрлі әдістері пайдаланылады, олардың арасында сипаттама әдісі, статистикалық және математикалық талдау әдістері, абстрактылы-талдау әдісі, салыстырмалы әдіс, талдау және синтез, жинақтау, индукция және дедукция әдістері, болжамдарды ұсыну және оларды тексеру әдістері, экстраполяция және модельдеу, демографиялық ахуалды зерттеудің әлеуметтік әдістері, картографиялық әдістер, т.б. бар. Бұл ретте демографияда негізгі орынды талдаудың статистикалық және математикалық әдістері иеленеді. Демографиялық ғылыми және практикалық жұмыстарда неғұрлым жиі пайдаланылатын өзіндік демографиялық әдістер арасында – когорт әдісі, демографиялық талдау, әлеуетті демография әдісі, демографиялық коэффициенттерді стандарттау әдістері, т.б. бар.

Ғылыми және практикалық жұмыстарда демографиялық модельдер кеңінен пайдаланылады. Демографиялық болжам демографиялық мағынадағы жұмыстардың көп-



шілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

*Қазіргі заманғы демография* – бұл тұрғындар (тұрғын халық) туралы кешенді ғылым, ал одан да нақтырақ айтқанда, тұрғындардың бірлескен өсіп-өнуін, жекелеген демографиялық процестерді зерттейтін және өзара әрекет ететін ғылымдардың тұтас жүйесі. Ішкі демография дифференциациясы бірте-бірте күрделене түсуде.

Демографиядағы ішкі дифференциация негізінде құрылатын үш негізгі өлшем бар: мұнда демографиядағы бөлімдер мен субтақырыптардың бөлінуі барлық осы өлшемдердің бірлескен қолданылуында негізделеді. Олардың арасында:

1) қадағаланатын ерекшеліктердің ғылыми интерпретациясының теориялық деңгейі;

2) объективті-зағтық өлшем;

3) практикамен байланыс, практикалық, қолданбалы міндеттерді шешуге бағыт ұстаушылық дәрежесі.

Демография салалары арасында, мәселен, демографиялық статистиканы, сипаттамалық демографияны, теориялық демографияны, тарихи демографияны, экономикалық демографияны, әлеуметтік демографияны және бірқатар басқа бөлімдерді бөліп қарауға болады.

Демографияда жұмыстардың бірнеше бағыттарын бөліп қарайды: демографиялық теория, тұрғындар

және демографиялық процестер туралы бастапқы мәліметтерді жинау, демографиялық процестерді сипаттау, демографиялық құбылыстардың, процестердің, құрылымдардың сандық қатынастарын, олардың ықпалымен тұрғындардың саны мен құрамы өзгерістерін қарастыру, демографиялық талдау, тарихи демография, т.б.

Нәтижесінде демографиялық ғылым жүйесінде мынадай жеті негізгі құрамдас салаларды ерекшелен қарауға болады:

1) теориялық демография, демография тарихы, сипаттамалық демография, экономикалық демография, әлеуметтік-демографиялық процестерді модельдеу, яғни ғылымның өз түріндегі теориялық тұғыры;

2) салалық демографиялық ғылымдар: медициналық демография, этникалық демография, әскери демография, саяси демография, тағы басқалары;

3) ақпараттар мен әдістер көздері: тұрғындар туралы деректер көздері, әдістер – статистикалық, математикалық, әлеуметтік, картографиялық, т.б.;

4) аймақтық демография;

5) қолданбалы демографиялық зерттеулер;

6) әлеуметтік-демографиялық болжамдау;

7) демографиялық саясаттың теориялық негіздері.

Демография басқа ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Ол мына ғылым салаларымен өзара тығыз байланыста:

- тұрғындардың экономикасын, әлеуметтік ахуалын, әлеуметтік психологиясын, әлеуметтік және көші-қон саясатын, тұрғындардың географиясын, этнографиясын, т.б. зерттейтін әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық ғылымдар салаларымен;

- математика және статистикамен (статистикалық демография);

- биологиялық ғылымдармен: тұрғындар генетикасымен, эволюциялық биологиямен, эпидемиологиямен, тұрғындардың дамуын биологиялық болжамдаумен және басқалары.

Демография аталған ғылым салаларының әдістерін пайдаланады және осы ғылымдар белгілеген деректерді алға тартады. Өз кезегінде басқа ғылымдар демография деректерін өздерінің зерттеу тақырыптарын неғұрлым тереңдеп түсінуі үшін де қолданады.

Демография тарих ғылымымен тығыз байланыста, өйткені ұдайы өсіп-өнуді нақ тарихи процесс ретінде қарастыру қоғам дамуының қандай да бір кезеңіндегі нақты әлеуметтік-экономикалық процестерге қатысты оның әлеуметтік шарттастырылуын айқындауға мүмкіндік береді.

Демография этнография ғылымының негізінде тұрғындардың өсіп-жетілу процесіне әр түрлі халықтар-

дың мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерінің ықпалын айқындайды.

Экономикалық ғылымдардың ішінен еңбек ресурстарымен, жұмыспен қамтылуды зерттеумен шұғылданатын бөлімдері неғұрлым тығыз байланысты. Әлеуметтану ғылымдарынан демографияда отбасы социологиясы, қаланың әлеуметтік жағдайы, т.б. процестер зерттеледі.

Әлеуметтік психология демографияға демографиялық ахуалдың заңдылықтарын ұғындырады. Құқықтық нормалармен реттелетін мұндай ахуал құқықтанумен байланысты саладағы демографияда да бар. Демографиялық процестер әдетте елеулі аймақтық дифференциацияға ие болады, сондай-ақ орналасу және қоныстану типтеріне қатысты бірізділікпен дамиды.

Демографияда статистикалық және математикалық әдістер ерекше мәнге ие. Нақ солардың көмегімен тұрғындар туралы мәліметтердің көпшілігі жинақталады, содан кейін бұл мәліметтер тексеріліп, түзетіледі (ауытқушылықтар анықталады, стандарттау жүргізіледі, т.б.). Демографияның алғашқыда статистиканың бір бөлігі ретінде пайда болуының өзі кездейсоқтық емес. Демография мәліметтерінің негізгі бөлігін тұрғындар статистикасы мен медициналық статистика береді.

Демографияда генетика, адам физиологиясы, психология, герон-

тология, антропология және басқа салалар биологиялық ғылымдардың зерттеулер нәтижелері мен әдістерін пайдаланады. Адам денсаулығының жағдайын, еңбек және тұрмыс жағдайларын демографиямен байланысты әлеуметтік гигиена ғылымы зерттейді.

### 1.3. Демография ғылымының қысқаша тарихы

Демография тұрғындардың саны мен құрамын есепке алуды ұйымдастырусыз мағынасыз болып шығар еді. Кез келген мемлекеттің әкімшілік қызметі, оның әскери-қорғаныстық және басқа функциялары, сондай-ақ қаржылық-салықтық мақсаттары ежелден-ақ демографияның ауқымды практикалық мәнін айқындап, тұрғындардың есебін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін сараптауды ұсынды. Тұрғындардың саны мен құрамы, кейін тұрғындар санағын жүргізу тәжірибесі ескі тарихқа жетелейді.

Тұрғындардың белгілі есептерінен неғұрлым ертедегісі Қытайда жүргізілді, біздің дәуірімізге дейінгі XII ғасырдан бастап бұл елдің халқы мерзімді түрде саналып тұрды. Ежелгі Мысырда, Иранда, Месопотамияда, Үндістанда және басқа бірқатар елдерде тұрғындар санын қарапайым есептеу жүргізілді. Библияда Ертедегі

Иудадағы тұрғындар есебі туралы, халық санағын жүргізу туралы жанама деректер мазмұндалады (Библия, Евангелия-Лука, 2-тарау). Библияда Ертедегі Иудада тұрғындар санағын жүргізуге нұсқаулар ғана емес, сондай-ақ халық санағы ережелері мен олардың нәтижелерін баяндау түрлері де бар.

Ежелгі Грекияда ересек ер адамдарды ғана санаққа алғаны біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасыр соңынан белгілі. Рим империясында салыстырмалы түрде тұрғындарды тұрақты түрде санап тұрды, бұл ретте 510 жылдан біздің дәуірімізге дейінгі 30 жылға дейін азаматтардың саны мен олардың мүліктерінің есебін алу *ценз* деп аталды; оның біріншісін біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өткізді. Ценздер әрбір 5 жыл сайын өткізіліп, ал біздің дәуіріміздегі I ғасырда ол өткізілмеді. Тұрғындардың бірінші санағы (ценздер) фискальды және әскери мақсаттарда жүргізілді. Бұл санақтар барлығын емес, тек қана (немесе әдетте) салық төлейтін ер адамдарды қамтыды, өйткені санақтың негізгі мақсатының өзі салық төлеушілер мен жауынгерлердің белгілі бір санын анықтау еді.

Сонымен бірге барлық тұрғындардың санын алу және тілгі олардың жыныстық және жастық құрамын да анықтау әрекеттері болды. Мысалы, Ежелгі Римде Сервию Тулли

(біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда) патша тұсында әрбір тұрғыннан шіркеулерге алым алынды, оның мөлшері адамның жасы мен жынысына қатысты болды.

Орта ғасырда әр түрлі елдерде және олардың бөліктерінде, жекелеген қалаларда тұрғындар санағы ішінара жүргізілді, оның ішінде әдетте фискальды мақсаттарға, сондай-ақ қандай да бір ерекше жағдайлармен, мысалы, эпидемиямен, соғыспен немесе оның салдарларымен қатысты қолға алынды. Әдетте нақты адамдар емес, үй немесе ошақ, яғни үй шаруашылығы есептелді. Мәселен, Англияда Вильгельм Жерімпаздың бұйрығы бойынша халық санағы жүргізілді (1086 ж.), оның нәтижелері «Қорқынышты сот кітабы» деген атаққа ие болды. XV-XVI ғасырларда жекелеген қалалар мен мемлекеттерде тұрғындар есебін алу практикасы кеңейе түсті: Нюрнбергте – 1449 ж., Страсбургте – 1473 ж., Швейцарияда (Цюрих кантонында) – 1567 ж., Саксонияда – 1571 ж., Пруссияда – 1582 ж. жүргізілді.

Бірақ бұл ретте халық санағы бұрынғысынша, әдеттегідей ішінара және салық төлеуге қабілетті, әскери-қорғаныстық әрекеттерге қатысуға жарамды адамдар санын анықтау мақсатында жүргізілді. Онда да негізінен ерлердің саны есепке алынды.

Халық санағын жүргізудің әдістері әр түрлі болды. Бір жағдайларда

адамдарды бас-басына санады, екінші бір жағдайда тұрғындар саны үй немесе ошақ (түтін басына) санымен бір үйдің орташа тұрғындары санына көбейтумен жүргізілді.

Мұндай практика Еуропа және Азияның бірқатар елдерінде орын алды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Еуропада салыстырмалы түрде халық санағы тұрақты жүргізіле бастады: Швецияда – 1749 жылдан, Австрияда – 1754 жылдан, Испанияда – 1748 жылдан, т.б.

Барлық тұрғындарды қамтитын және тұрақты жүргізілетін халық санағының тарихнамасы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына сәйкес келеді. 1790 жылдан бастап АҚШ халық санағын тұрақты жүргізе бастады. 1801 жылы Англияда, Францияда, Данияда сол уақыттардың өлшемімен халық санағы өкілдік түрінде өте бастады. Норвегияда 1815 жылдан, Австрияда 1818 жылдан, Голландияда 1824 жылдан, жекелеген неміс мемлекеттерінде XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап халықты тұрақты түрде есепке ала бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Шығыс және Оңтүстік Еуропа елдерінде халық санағын жүргізу басталды. XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында халық санағы Еуропадан басқа әлемнің басқа бөліктерінде елдерде жүргізіле бастады. Сөйтіп, салыстырмалы түрде

алғандағы Қытайдағы бүкіл халықтың бірінші өкілетті санағы 1953 жылы ғана болды.

Әр түрлі елдердегі халық санағының көрсеткіштер жинағы бірте-бірте кеңейе берді. Мәселен, Франциядағы бірінші халық санағында отбасы жағдайы мен адамдардың жынысы ескерілді. Содан кейін XIX ғасырдың ортасынан бастап ағылшындық халық санағының тәжірибесі бойынша, 1841 жылы Франциядағы халық санағында адамның жасы ескеріле бастады. 1846 жылы Бельгияда халық санағы мейлінше өкілетті және ғылыми негізде жүргізілді.

Елде халық санағының ғылыми ұстанымдарын статистика мен демографияның негізін қалаушылардың бірі – ғалым-статистик А. Кетле (1796-1874) жасап, санақты жүргізумен айналысты. Ол әлемде бірінші рет халық санағын жүргізудің ұстанымдарын жасады және кейбір қоғамдық құбылыстар: туу, өлім деңгейі, қылмыс және т.б. орнықтырды, бұлар белгілі бір заңдылыққа сәйкес еді.

Бельгияда халық санағы 1846 жылы бір күнде өткізіліп, нақты бар тұрғындарды анықтады (күжаттар бойынша есептелетін заңды түрде емес). Арнайы дайындалған тіркеушілер (әкімшілік қатардағы шенеуніктер емес) есеп жүргізді. Бельгиядағы халық санағын жүргізудің бұл тәжірибесі басқа елдерде жоғары бағаланып, оны халық санағын жүр-

гізудің өздеріндегі практикасында пайдалана бастады. Халық санағын жүргізуде тәжірибе алмасу қажеттілігі мойындалды.

Халық санағын сапалы жүргізу, санақ әдістемелерін жетілдіру үшін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүргізіле бастаған халықаралық статистикалық конгрестер үлкен маңызға ие болды. 1853 жылдан 1876 жылға дейін тоғыз халықаралық статистикалық конгрестер өткізілді, олар: Брюссель – 1853 ж., Париж – 1855 ж., Вена – 1857 ж., Лондон – 1860 ж., Берлин – 1863 ж., Флоренция – 1867 ж., Гаага – 1869 ж., Санкт-Петербург – 1872 ж., Будапешт – 1876 ж.

1872 жылы Санкт-Петербургте өткен конгресте 1846 жылғы Бельгиядағы халық санағын өткізудің тәжірибесін есепке алу негізінде халық санағын өткізу бойынша ұсыныстар қабылданды. Халық санағын кемінде 10 жылда бір рет, 0-ге (немесе 9,1) аяқталатын жылдары өткізіп, уақыттың белгілі бір сәтіне тұрғындардың нақты санын нақты тізімдеп, есептеу ұсынылды.

Конгресс ұсыныстары әлемнің өркениетті елдерінде ескерілді. XIX ғасырдың 70-жылдарында 48 санақ, 80-жылдары – 54, 90-жылдары – 57, ал XX ғасырдың бірінші онжылдығында 74 санақ өткізілді. Одан кейінірек мұндай конгрестер өткізілген жоқ. 1885 жылы Халық-

аралық статистикалық институт негізі қаланды, ол үш жылда бір рет статист-демографтардың сессиясын өткізіп тұрды.

Сондай сессиялардың бірі 1897 жылы Санкт-Петербургте өткізілді, онда барлық елдерге XX ғасырдың басында халық санағын өткізу жөнінде ұсыныс қабылданды. 1900 жылы 19 ел, 1901 жылы 26 ел халық санағын өткізді.

Халық санағын өткізудің практикасы тұрақты түрде ауқымын кеңейте берді. 1870 жылға дейін ол әлем тұрғындарының 1/5 бөлігін ғана қамтыды, ал XX ғасырдың басына – 60-64 %, XXI ғасырдың басына әлемде халық санағы бір де бір рет өткізілмеген ел қалмады. Бірақ соңғы халық саны 10-20 жыл бұрын өткізілген елдер бар. Мұндай жағдай нашар дамыған және өз тарихында қиын кезеңдерді бастан кешкен елдерге тән. Мәселен, Ресейде 1989 жылғы қаңтар айындағы толыққанды халық санағынан кейін ұйымдық және қаржылық қиындықтар салдарынан жаңа жалпы халықтық санақты 2002 жылдың соңында ғана өткізу мүмкіндігі туды.

Ресей халық санағын өткізудің көп-ғасырлық тәжірибесіне ие. IX-XI ғасырлардағы шежірелерде князьдардың алым жинағаны туралы жазбалар бар, демек, тұрғындар саны да есепке алынған. Әсіресе, алым мөлшерін нақты және толығырақ анықтау

үшін Орда шабуылы кезеңінде олар тыңғылықты жүргізілген. Осылайша, XIII ғасырдың орта тұсынан бастап, яғни жеті жарым ғасырдай уақыт бойы Ресейде халық санағын жүргізу практикасы жинақталған деуге болады. Алымдарды жинау мақсатынан басқа, XIII ғасырдың соңынан бастап кейбір орыс князьдары салық жинау мақсаты үшін тұрғындарды ғана емес, сондай-ақ жер мен үйлерді де есепке кіргізе бастады. Орда шапқыншылығы кезеңінде арнаулы есептегіштер діни ұйымдардан басқа (оларды ордалықтар алым төлеуден босатты) барлық тұрғындарды есепке алды. Сол кездердегі халық санағында (1246, 1255-1256, 1256-1259 жж.) қадағалау бірлігі шаруашылық, үй болды; есептеушілер нақ соларды есепке алды.

XIV-XVI ғасырларда Ресейде салық салу бірлігі жер телімдері болды, осыған байланысты санақтар жерге қатысты жүрді, онда тұрғындар мен аулалар саны, жер иеліктері есептелді. Санақ нәтижелері жазба кітабына тіркелді.

XVII ғасырдан бастап салық салу бірлігі шаруашылық (аула) болып, санақ аула бойынша жүргізілді. Салық төлеуге жарамды ерлер ғана есепке алынды, бірақ кейде әйелдер, сондай-ақ әскерге жарамсыздардың бір бөлегі немесе түгелдей саналды.

Бірнеше жалпыресейлік аула бойынша санақтар өткізілді, оның

ішінде 1646, 1678, 1710 жылдардағы санақтар да бар. Бір атап өтерлігі, 1710 жылғы халық санағын өткізуде І Петр патша елде бірінші рет салық төлеуге жарамды ғана емес, сондай-ақ барлық тұрғындарды, оның ішінде ресейлік қоғамның артықшылықтағы тұрағын адамдарын да қосып есептеуге рұқсат берді.

Ресейліктер тізімге кіруге құлшыныс білдіре қоймады және одан қашуға тырысты, соның салдарынан 1710 жылғы елдегі халық санағы көрсеткіштері төмендетілген болып шықты. І Петр санақ нәтижелерін бекітпей, 1716-1717 жылдары жаңа халық санағын өткізуге пәрмен берді, бірақ ол да сәтсіздікке ұшырады.

Аула бойынша санақ жүргізудің түрі қате екендігі анықталды. Тұрғындар салық төлеуден жалтару мақсатында кезекті санақ кезеңінде аулаларды жасанды түрде ірілендіріп, жалпы санын азайтты.

Помещиктер салық мөлшерін азайту үшін аулалар санын азайтуға тырысты. Бұл санақ жүргізуді қайта құру мен жан басына салық салуға көшудің негізгі себептерінің бірі – ер адамдарды санай бастайтын болды.

1718 жылы І Петр ер адамдарды жан басына санауды енгізді, ал 1719 жылы оны «Салық төлеуге тиісті адамдардың жалпы санағын есептеу, жан басын жасырғаны үшін айып және тексеру жүргізу туралы» жарлықпен толықтырды. 1722-

1725 жылдардан бастап елде халық санағы тексерумен аты шыға бастады. Олар крепостной құқық өзгергенге дейін жүргізілді. Тексеруде барлығы емес, салық төлеушілер ғана есептелді және Ресейдің бүкіл аумағында жүргізілді.

1719 жылдан бастап тұрғындардың тізімі жасала бастады, оларды артынан тексеру барысында қайтадан анықтады. Ресейде жан басына шаққандағы тұрғындар санағы 1719-1859 жылға дейін жүргізілді. Олардың саны онға жетті және әрқайсысы 1 жылдан 4-6 жылға дейін, тіпті 11-15 жылға дейін созылды. Санақ кезінде нақты тұрғындар емес, заңды және тек қана ер адамдар есептелді.

Помещиктер салықты аз төлеу үшін адам санын азайтып көрсетуге тырысты, сондай-ақ кезекті «тексеру қағазын» уақытында бермеді, соның салдарынан қайтыс болғандар тірілер қатарында жүре берді. Н.В. Гоголдің «Өлі жандар» шығармасы нақ осыған құрылды. 1861 жылы крепостниктік құқықтың ауыстырылуымен Ресейде тұрғындарды жан басына санауды жүргізудің қажеттілігі жойылды. 1860 жылдан 1889 жылға дейін 79 жеке, оқшау тұрғындар санағы жүргізілді. XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресейде тұрғындардың жалпы халықтық санағын жүйелі өткізудің қажеттігі нақты дәлелдермен негізделді.

XIX ғасырдағы демография мен статистиканың әлемдік тарихында Санкт-Петербург маңызды орын алады. 1872 жылы онда Халықаралық конгресс, ал 1897 жылы Халықаралық статистикалық институттың сессиясы өткізілді. Санкт-Петербургтегі 1872 жылғы конгресс көрнекті орыс географы, саяхатшысы, статисті П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің (1827-1914) бастамасымен және төрағалығымен өткізілді.

Нақ осы конгресте тұрғындардың жалпы халықтық санағын өткізудің басты ұстанымдары анықталды. Конгресс барлық елдерге мыналарды орындауды ұсынды:

- халық санағын тұрақты өткізу, бірақ кемінде он жылда бір рет, 0-ге немесе таяу жылдарға аяқталатын мерзімде;

- барлық тұрғындарды санау (яғни, жалпыхалықтық санақ жүргізу);

- заңды (тіркелген) емес, нақты (баспа-бас) тұрғындарды есептеу;

- санақты уақыттың нақты белгіленген сәтінде жүргізу.

Ресей аумағында кезекті халық санағы 1920 жылы Азамат соғысы және «әскери коммунизм» кезеңінде өткізілді. Сол уақытта Кеңес үкіметі бір мезгілде үш санақты өткізуге шешім қабылдады:

- 1) халық;

- 2) өнеркәсіп кәсіпорындарын;

- 3) ауыл шаруашылығын (халықтың 85 %-ын қамтыған).

Санақ баспа-бас және тұрақты (қаладағы) тұрғындарды есептеді. 1923 жылы қала халқы санағы жүргізілді, бірақ ол қала халқының бір бөлігін ғана қамтыды.

Санақ сұрау салу әдісімен жүргізілді, тұрғындар баспа-бас саналды, 1926 жылы Бүкілодақтық халық санағы жүргізілді (1922 жылы КСРО құрылды). 1937 жылы тұрғындар санының елеусіз түрде өсуін көрсеткен елдегі кезекті халық санағы болды. 1928-1932 жылдардағы елеулі түрдегі ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, аштық пен жаппай қуғын-сүргін, оның ішінде 1932-1933 жылдардағы аяусыз ашаршылық 1933-1935 жылдарда мемлекет тұрғындарының санын 5 млн-ға жуық адамға қысқарғанын анықтады. Бұл КСРО кеңес және партия басшылығын қанағаттандырмады, сондықтан да бұл санақ елдің демографиялық дамуы көрсеткіштерін саналы түрде бұрмалау салдарынан дұрыс емес деп танылды. Санақтың көптеген басшылары және біраз есеп жүргізушілер «зиянкестер» деп жарияланды. 1939 жылы жаңа бүкілхалықтық санақ өткізілді, оның нәтижелері айқын көтеріліп берілді, бірақ сол жылдардағы басшыларды қанағаттандырды. Санақ материалдары бірақ қолайлы болмай қалды, өйткені Екінші дүниежүзілік соғыс басталған еді. 1939 жылғы санақ материалдары тоқсаныншы



жылдары ғана толығымен жарияланды.

Келесі халық санағы 1959 жылы өткізілді, ол негізінен бағдарламалық мәселелері бойынша 1939 жылғы санақтан айырмасыз еді, оның санақ қағазы 15 сұрақты құрады. Санақ баспа-бас және тұрақты тұрғындарды есептеді. Алғаш рет іріктеме әдісі пайдаланылды (сұрау салуда емес, отбасылар туралы материалдарды қарауда).

1970 жылы өткізілген халық санағында санақ жүргізу парағы 18 сұрақты қамтыды. Оған бірінші рет КСРО-дағы тұрғындардың көші-қон мәселелері қарастырылды және іріктеу әдістері пайдаланылды (сұрау салудың 7 сұрағын санақшылар тек қана тұрғын үйлердің  $\frac{1}{4}$ -де жүргізді). Мәліметтердің бір бөлігі тұрғындардың барлығынан емес, тек қана 25 %-нан алынды (бұл уақыт пен қаржыны үнемдеу үшін жасалды).

1979 жылы жүргізілген санақ парақтарында 16 сұрақ қамтылды, оның 5-і іріктеу тұрғысында және тұрғындардың 25 %-на ғана қатысты болды. Санақ материалдарын өңдеуде елде бірінші рет ЭЕМ (электронды есептеу машинасы) қолданылды.

Тұрғындардың келесі санағы 1989 жылы өткізілді. Бұл санақ парақтары 25 сұрақты қамтыды, оның 18-і тұрғындарға қатысты, ал 7-і адамдардың тұрғын үй жағдайын

қамтыды (соңғы рет мұндай сұрақтар 1926 жылғы санақта ғана болды).

Халықтың  $\frac{3}{4}$ -і 20 сұраққа, ал  $\frac{1}{4}$ -і (тұрғындардың 25 %) барлық 25 сұраққа жауап берді. Санақ сұрақтары негізінен 1979 жылғы санақтағыдай болды. 1989 жылғы санақта елде бірінші рет тұрғындар туралы ғана емес, сондай-ақ халықтың әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарының тұрғын үй жағдайлары туралы жан-жақты мәліметтер алынды.

1985 жылы елде бірінші рет КСРО халқының 5%-ын ғана қамтыған және өзіне 27 сұрақты біріктірген тұрғындардың микросанағы өткізілді. Нақтырақ айтқанда, бұл демографиялық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді де қамтыған (мысалы, тұрғын үй жағдайлары, орташа айлық табыс, т.б.). Бүкілодақтық іріктемелік әлеуметтік-демографиялық зерттеу болатын.

1994 жылы осындай шағын халық санағы өткізілді, ол «Бүкілодақтық шағын халық санағы» деп аталды және 41 сұрақты қамтыды. Отандық халық санағы практикасында 1985, 1989, 1994 жылдары демографиялық факторлар ғана емес, сондай-ақ демографиялық пікірлер де ескерілді. Мәселен, 1989 жылғы санақтың және 1985 пен 1994 жылдардағы шағын халық санақтарының мәліметтерінде тұрғындардың іріктеліп алынған бөлігі үшін дүниеге келген балалардың

саны туралы ақпараттармен қатар, отбасыларындағы балалардың күтілетін және қалаулы саны туралы пікір де мазмұндалды.

Алғашқы ғылыми демографиялық жұмыс ағылшын ғалымы Дж. Граунттың (1620-1674) 1662 жылы жарияланған «Адам өлімі бюллетеньдері бойынша жасалған табиғи және саяси қадағалаулар» деп аталатын еңбегі болды. Оның ізімен «саяси арифметика» мектебі қалыптасты, онда басты назар өлім ахуалын зерттеуіне арналды, өйткені зерттеу нәтижелері өмірді сақтандырумен шұғылданытын компаниялар үшін аса қажет еді.

Тарихта бірінші рет халық саны теориясы 1798 жылы Т. Мальтустың (1766-1834) «Қоғамды болашақ жетілдірумен байланысты халық саны заңы туралы тәжірибе» еңбегінде жарияланды, онда тұрғындардың қамтамасыз етілуі үшін жағдай ұлғайған сайын олар да тез өсетіндігі дәлелденген. Кейіннен бұл теорияға қарсылықтар пайда болды, бірақ Т. Мальтус көтерген тұрғындардың табиғи өсімінің жоғарылығы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен қатысты мәселелері осы кезге дейін көкейкесті.

XIX ғасырда ғалымдардың негізгі назары халықтың дұрыс статистикалық есебін ұйымдастыруға, оның ішінде жалпы санақты қолдануға бағытталды (К. Бернулли, А. Гийяр, А. Кетле еңбектері). XX ғасырдың

бірінші жартысында зерттеушілер назарында еуропалық елдердің басым бөлігінде пайда болған бала тууы төмендеуі мәселесі тұрды. Француз демографы А. Ландридің (1874-1956) еңбектерінде «Демографиялық өтпелілік» тұжырымдамасы қалыптаса бастады, онда қандай да бір елдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты халықтың өсіп-өнуі типтері айқындалады.

Бұл тұжырымдама түпкілікті түрде 1936 жылы АҚШ-та бірінші демографиялық ғылыми орталық – Принстон университетінің халық санағын зерттеу бөлімін құрған, ал 1946-1948 жылдары БҰҰ әлеуметтік мәселелер бойынша бюросының халық саны секциясының бірінші директоры болған америкалық ғалым Ф. Ноутстайнның (1902-1983) еңбектерінде тұжырымдалған. Қазіргі уақытта бұл ұйым «БҰҰ Секретариатының халықаралық экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша департаментінің халық саны бөлімі» деп аталады.

Бөлім сарапшылары халықтың ауқымды масштабтағы құрылымы мен саны өзгерістері ағымын талдайды, Жер үшін тұтасынан демографиялық болжамдарды жасайды, дамушы елдердегі ғылыми демографиялық орталықтарды құруға қатысады. БҰҰ халық саны бөлімі іс жүзінде қазіргі әлемдегі неғұрлым беделді де білікті ғылыми

демографиялық ұйым болып табылды. Бөлім «Population Newsletter» («Халық саны жаңалықтары»), «Population Bulletin of the United Nation» («БҰҰ-ның халық саны бойынша бюллетені»), БҰҰ демографиялық жылнамасы және басқа басылымдарды шығарады. Осылайша, демография ғылым ретінде дамудың ұзақ сатысынан өтті. Бірақ бұл ретте өз тіршілік етуінің басым кезеңдерінде ол негізінен тұрғындар есебін алумен шұғылданды және іс жүзінде статистиканың бір бөлігіне айналды (демографиялық статистика немесе халық статистикасы). Демографияның дербес ғылым ретінде түпкілікті бөлініп шығуы XX ғасырдың орта тұсында ғана мүмкін болды.

Сол кезеңде демографияның басғы мәселесі әр түрлі топтар мен құрылымдарға нақты болса да бөліп, халықты жай ғана сипаттау емес, сондай-ақ халықтың өсіп-өнуінің заңдылықтарын айқындау деп тұжырымдалды. Ал бұл заңдылықтар бәрінен бұрын негізінде биологиялық процестер болғанына қарамастан, қоғамдық-тарихи (элеуметтік-экономикалық) факторлармен шарттастырылды. Яғни, демография қоғамдық ғылымдар қауымдастығына жатады.

Ресейде демографиялық зерттеулер бастауы ретінде математиктер Д. Бернулли (1700-1782) мен Л. Эйлер (1707-1783) еңбектері саналады, оларда XVIII ғасырдың екінші

жартысында ықтималдық теориясын пайдаланумен өлім-жітім жайын зерттеді. XIX ғасырда Ресейде халық санын зерттеудің дамуы негізінен демографиялық статистика аясында жүрді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 1897 жылы Ресей империясында жалпы халық санағын ұйымдастыру жүзеге асты. XX ғасырдың басында өлім-жітімге, туу мен некеге тұруға соғыстың әсерін зерттеуге ерекше назар аударылды.

1926 жылы сол уақытқа сай келетін жалпы халық санағы ұйымдастырылды. Осы материалдар негізінде ғалымдар С.А. Новосельский (1872-1953) және В.В. Паевский (1893-1934) демографиялық зерттеулермен шұғылданды. Олардың бастамасы бойынша 1930 жылы Ленинградта КСРО Ғылым академиясының демографиялық институты құрылды, онда 1951 жылға дейінгі кезеңге тұрғындардың жыныстық-жастық құрамы мен санына байланысты бірінші демографиялық болжам жасалды. Бірақ 1934 жылы идеологиялық көзқарастарға байланысты бұл институт жабылды. Ал демографиялық зерттеулер негізінен медициналық статистикамен шұғылданған денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында жүргізіле бастады.

Тұрғындар туралы статистикалық мәліметтердің басым бөлігі және зерттеулердің нәтижелері бұл кезеңде құпияланған болатын. Оның үстіне

бұл кезеңде Мәскеу экономикалық-статистикалық институтында (қазіргі уақытта Мәскеу мемлекеттік статистика және ақпарат университеті) ірі демограф және статистик А.Я. Боярскийдің (1906-1985) бастамасы бойынша құрылған халық статистикасы саласында мамандарды жаппай кәсіби даярлау басталды.

Жаңа деңгейдегі демографиялық зерттеулерге өзгеше көзқарас 1959 жылы жалпы халық санағы өткізілгеннен кейін көрінді. 1960 жылы КСРО Ғылым академиясының Экономика институтында қызмет атқарған көрнекті демограф Б.Ц. Урланистің (1906-1981) бастамасы бойынша КСРО Ғылым академиясында демография секциясы құрылды.

1963 жылы КСРО Орталық статистикалық басқармасының ғылыми-зерттеу институтында демография және еңбек ресурстары секторы (қазіргі уақытта Ресей Мемстаткомитеті статистика және экономикалық зерттеулер институтының демография бөлімшесі) құрылды, онда халық санағы нәтижелерін жан-жақты талдау жүргізілді.

1968 жылы белгілі демограф Д.И. Валентейдің (1922-1974) бастамасымен М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетінде халық саны мәселелерін зерттеу бойынша орталық ұйымдастырылды, онда ғылыми зерттеулер мен демограф-ма-

мандарды жүйелі түрде және белгілі бір мақсатта даярлау жұмыстары үйлестірілді.

Демографиялық ғылым дамуының жаңа кезеңі зерттеулер жүргізу мен олардың нәтижелерін талдау үшін идеологиялық кедергілер алынып тасталған кезде, яғни 80-жылдардың екінші жартысында басталды (бірақ осы кезде көп ұзамай жұмысты мемлекеттік қаржыландыру күрт қысқарды).

1960 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынысы бойынша, халық санағы барлық мемлекетте кемі он жыл сайын өткізіліп тұрады. 2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурыз аралығында елімізде өткен жалпыұлттық халық санағы реті бойынша 9-санақ. 1897 жылғы санақ нәтижесінде Қазақстандағы халық саны – 4 млн. 147 мың болды. Негізгі ұлттың үлесі – 81,8 %-ды құрады. 1926 жылғы Қазақстан халқының саны – 6 млн 196 мың адам. 1959 жылы Қазақстандағы халық саны – 9 млн. 310 мың адам. 1970 жылы Қазақстан халқының саны – 13 млн 008 мың адам. 1979 жыл. Халық саны – 14 млн 684 мың. 1989 жылы Қазақстан халқының саны – 16 млн 464 мың. 1999 жылы 14 млн 953 мың адам. 2009 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 16009,6 мың адамды құрады. Санақ-

пирлық кезең ішінде республика халқының саны 1028,3 мың адамға өсті, өткен 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,9 % құрады.

Қазақстанда қазіргі кездегі кәсіби демографтар М.Б. Тәтімов, Ұ.М. Ысқақов, Ә.Б. Ғали, Е. Мұсабеков, С. Қарасаев, А. Елемесова, Н. Ермекова, А. Әлжанова, Б.А. Жүнісов, т.б. еңбектерінде жалпы Қазақстан халқының өсу, даму заңдылықтары

элеуметтік-экономикалық және тарихи-саяси тұрғыдан зерттелін жүр. Экономикалық-географиялық тұрғыдан қарқынды зерттеулер соңғы 20 жылда жүргізілуде. Бұл салада Ш.М. Надыров, Г.Н. Нүсіпова, Т.А. Терещенко, т.б. ғалымдардың еңбектері аталады.

Қазақстандық географтар демографиялық жағдайларға байланысты бірнеше карталар мен картосхемалар жасады.



## 2-тарау. ХАЛЫҚТЫҢ САНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНЫҢ ДАМУ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ

### 2.1. Халық саны мен құрылымындағы ерекшеліктер, заңдылықтар

Тұрғындардың құрылымы – қандай да бір белгілердің ерекшеліктеріне сәйкес топтар бойынша тұрғындарды құрайтын адамдардың бөлінуі. Тұрғындардың құрылымы ретінде әдетте тұрғындарды топтар бойынша қарапайым бөлу ұғынылады. Тұрғындардың құрылымын талдаусыз демографиялық процестердің мәнін, оның ішінде тұрғындардың санының өзгеру себептерін ұғыну мүмкін емес.

Тұрғындардың құрамында мыналар неғұрлым маңызды болып саналады:

- жасы – жынысы (жасы және жынысы бойынша);
- некелік (некелік жағдайы бойынша);
- отбасылық (әр түрлі типтегі отбасылар бойынша);
- этникалық (нәсілі, ұлты және тілі бойынша – ана тілі немесе сөйлеу тілі);

- конфессионалдық (діни сенімдерге қатыстылығы бойынша);
- экономикалық (шаруашылық салалары және жұмыс істеуі бойынша);
- білім алуы (білім деңгейі бойынша);
- әлеуметтік (таптар және әлеуметтік топтар бойынша).

Халықтың абсолютті саны – белгілі бір кезеңде белгілі бір аумақтағы адамдар санының қандай да бір жиынтығы.

Халықтың абсолютті санына Жер шарының, континенттердің әрқайсысының немесе онда орналасқан елдердегі халықтар саны, тұрғындар санын тұтас және әкімшілік бірлікте, елді мекендер және оның бөліктеріндегі тұрғындар саны есептеледі. Сондай-ақ халықтардың нақты белгісі бойынша (жасы, жынысы, ұлты, т.б.) саны мен жалпы тұрғындар саны да бөлек сипатталады.

Халық саны – уақыттың белгілі бір кезеңіне қатысты статикалық көрсеткіш. Көбінесе халық саны жыл басына, яғни 1 қаңтарға және жыл

анығына, яғни 31 желтоқсанға халық саны туралы мәліметтер беріледі. Бірқатар жағдайларда халық саны жыл ортасына, яғни 1 шілдеге келтіріледі.

Әр түрлі мақсаттар үшін нақты жылға халықтың орташа жылдық санын (орташа халық) есептеуге тура келеді. Бұл үшін халық санын жыл басына (1 қаңтарға) және жыл аяғына (31 желтоқсан) жинақтайды да, екіге бөледі. Халықтың орташа жылдық санын тұрғындардың тууы, өнім-жітімі, табиғи өсуі, некелесуі, тағы басқаларының қозғалысы коэффициенттерін есептеу үшін анықтайды.

$$P_{\text{орт.}} = \frac{P_0 + P_t}{2},$$

мұндағы  $P_{\text{орт.}}$  – орташа халық;

$P_0$  – жыл басындағы халық саны;

$P_t$  – жыл соңындағы халық саны.

Кез келген аумақтық бірліктер үшін тұрғындардың екі категориясын – тұрақты және нақты деп бөліп қарастыруға болады.

Тұрақты халық – бұл аталған аумақ немесе елді мекенде тұрақты тұру орны болып табылатын адамдар жиынтығы. Еліміз үшін бұл сондай-ақ қарастырылып отырған аумақ немесе елді мекенде адамның тұру орны бойынша тіркелгенін білдіреді.

Нақты тұрғындар – аумақта немесе елді мекенде қандай да бір

мерзімге орналасқан адамдар жиынтығының нақты тұрғындары. Нақты тұрғындарды 1846 жылдан Бельгияда тарихта бір күндік халық санығымен бірінші болған кезден есептей бастады. Нақты тұрғындарға осы аумақта тұрақты және уақытша (6 айдан аспайтын) мерзімде тұрып жатқандар кіреді.

Еліміздегі ірі қалалардың нақты тұрғындарын есепке алудың өзекті мәселесі мынада: XX ғасырдың 90-жылдарында көптеген уақытша тұрғындар өздері тұрған жерлері бойынша ресми тіркелмейтін болды. Жұмыс барысында, оқуға, демалысқа келетін адам ағыны көп елді мекендерде нақты тұрғындар әдетте тұрақты тұрғындарға қарағанда көп болады. Керісінше, уақытша тұрғындар аз келетін елді мекендерде тұрақты тұрғындар әдетте нақты тұрғындардан көп болады. Бұл негізінен шағын қалалық елді мекендер мен ауыл аймақтары. Курорттық маусым кезінде үзілісті аудандарда нақты тұрғындар тұрақты тұрғындардан көп болады, кейде ол бірнеше есеге жетеді. Ал маусым аралығында мұндай аудандарда нақты тұрғындар тұрақтыдан аз болады, өйткені тұрақты тұрғындардың бір бөлігі осы уақытта жұмыс істеуге немесе оқуға кетеді.

Бірқатар елдерде заңды тұрғындарды, яғни осы аумаққа ресми тіркелген, онда қандай да бір

тізімде бар тұрғындарды есептейді. Елімізде заңды тұрғындар мен тұрақты тұрғындар іс жүзінде сәйкес келеді. Әлемнің көптеген елдерінде адамдардың тұрақты бір елді мекенде тұрып, ал ресми түрде басқа жерде тіркелуі кәдімгі жағдай болып саналады.

Демографиялық талдауда тұрғындарды нақты талдаудан басқа халықтың теориялық санын (тұрақты немесе стационарлық) пайдаланады. Тұрғындар саны қозғалысының абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштері болады.

Тұрғындар санының абсолютті өсуі – кезеңнің басы мен аяғындағы тұрғындар саны арасындағы айырма. Тұрғындар санының абсолютті өсуі мынадай болуы мүмкін:

1) оң, бұл тұрғындар санының көбеюін білдіреді;

2) теріс, бұл тұрғындар санының кемуін (кетуін) білдіреді.

$$\Delta P = P_t - P_o,$$

$$K_{o..ш} = \frac{P_t}{P_o} \cdot 100;$$

$$K_o = \frac{(P_t - P_o)}{P_o} \cdot 100$$

$$K_{o.o} = \frac{K_o}{t}$$

Бұл есептеу нұсқасы қарапайым әрі тәжірибеде көп қолданылады.

Мұндағы  $\Delta P$  – халық санының белгілі бір кезеңдегі абсолютті өсуі;

$P_t$  және  $P_o$  – белгілі бір кезеңнің басы мен аяғындағы халық саны.

Халық саны динамикасының (ырғағының) негізгі салыстырмалы көрсеткіштері: *өсу шегі* ( $K_{o..ш}$ ) және *өсу қарқындылығы* ( $K_o$ ), *өсу қарқындылығының белгілі бір уақыт аралығындағы орташа жылдық көрсеткіші* ( $K_{o.o}$ ),  $t$  – белгілі бір кезеңдегі жыл саны.

*Депопуляция* – аймақ немесе елдің абсолютті халық санының тұрақты азаюы. Мұнда кейінгі ұрпақ саны алдыңғы ұрпақтан кем. Депопуляция демографиялық дағдарыстың бір көрінісі болып табылады. Мәселен, депопуляция Ресейде 1992 жылдың басынан бастап жүруде.

Халық саны туралы мәліметтердің негізгі көзі – халық санағының мәліметтері. Санақтар арасындағы кезеңдерде тұрғындар санының ағымдағы есебі жүргізіледі. Мұнда санақ нәтижелеріне дүниеге келгендер мен белгілі бір аумақ үшін көшіп келгендер қосылады, ал қайтыс болғандар мен кетіп қалғандар алынады. Нәтижесінде тұрғындардың тууы, өлім-жітімі және механикалық (көші-қон) қозғалысы ағымдағы есебінің кезеңділігіне қатысты іс жүзінде кез келген мерзімге аумақ тұрғындарының санын алуға болады. Бірақ тұрғындардың көптеген маңызды ерекшеліктері (отбасы



жылдағы, ұлты, т.б.) ағымдағы есепте көрсетілмейді және бұл санақ уақытында ғана анықталуы мүмкін. Кейде тұрғындардың саны өзгермеуі, ұлғаймауы және қысқармауы да мүмкін.

Жер шары тұрғындарының саны ХХІ ғасырдың басында 6,1 млрд адамға жетті. Бұл ретте жер тұрғындары санының ұлғаюы (4,5 млрд адамға) ХХ ғасырда жүзеге асты, бұл кезде оның екінші жартысында демографиялық жарылыс – тұрғындар санының өте күрт өсуі байқалды (60-жылдарда жыл сайын 2,1 %-ға). ХХ ғасырдың басына халық санының жыл сайынғы өсу қарқыны 1,5 %-ға дейін төмендеді, бірақ абсолютті өсім тұрақты түрде ұлғаюда және жылына 90 млн адам шамасын құрайды. ХХ ғасыр басына дейін Жер шары тұрғындары санының өсуі бірте-бірте жеделдесе де, салыстырмалы түрде шағын деңгейде болды. Біздің дәуіріміздің басындағы жыл сайынғы 0,03 %-дан ХІХ ғасырда жыл сайын 0,8 %-ға дейін жетті.

Тұтас алғанда әлем бойынша халық санының ұлғаю көрсеткіштері ХХ ғасырдың соңында ең жоғары деңгейге жетті. Халық санының жыл сайынғы өсуі жылына 90 млн адамнан асты, бұл 2015 жылға дейін осы деңгейде қалады деп күтілуде. ХХІ ғасырдың ортасына дейін әрбір 10 жыл

сайын әлем халқының саны 1 млрд адамға көбейетін болады.

Жер ғаламшарының тұрғындар саны 1820-1830 жылдары 1 млрд адамға, ХХ ғасырдың 30-жылдарында, яғни жүз жылдай уақыт өткен соң 2 млрд адам қосылды, ал тағы да отыз жыл өткенде бір млрд адам қосылып, жалпы саны 4 млрд адамға жетті. Енді 15 жыл өткенде бұл көрсеткішке тағы да 1 млрд адам қосылды. Халықтың 80 %-дай шамасы қазір дамыған елдерде тұрады.

Жекелеген аумақтар арасында халықтың өсу қарқыны мен саны жөнінен өте үлкен айырмашылықтар бар. Мәселен, ғаламшар халқының 60 %-ы Азияда тұрады. Мұнда жер шарының халық ең көп қоныстанған мемлекеттері: Қытай – 1,3 млрд адам, Үндістан – 1 млрд адам тұрады. Оңтүстік-батыс Азияның кейбір мемлекеттері (Йемен, Оман, т.б.) адам саны өсуінің жоғары қарқынына ие.

Ал Австралия мен Мұхит аумағында барлығы 30 млн-дай халық мекендейді, бұл ғаламшар халқының 0,5 %-дай шамасы.

Африка мемлекеттері өсудің ең жоғары қарқынымен ерекшеленеді (жыл сайын 3 % шамасы). Халықтың өте тез өсуі бұл елдердің дамуына кедергі келтіретін басты әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі болып табылады.

Демографиялық дағдарысы орын алған көптеген еуропалық мемле-

кеттерде басты мәселе – тұрғындар санының қысқаруы байқалуда.

Әлеуметтік-экономикалық даму үшін неғұрлым оңтайлысы – халықтың тұрақты санының жылына 1 %-ға дейін өсуі.

## 2.2. Халықтың жастық-жыныстық құрылымы

Тұрғындардың жыныстық құрамы жастық құраммен бірге қарастырылады. Дүниеге келген әрбір 100 қыз балаға шаққанда орта есеппен 105-106 ер баладан келеді (104-107 ер бала деп те көрсетіледі), бұл нақты дүниеге келгендер арасындағы биологиялық тұрақты шама, яғни әрбір 1000 жаңа туған балаға орта есеппен алғанда 512 ер бала және 488 қыз баладан келеді. 15 жасқа қарай екі жыныстың арасалмағы теңеседі. Бірақ бұдан кейін ерлер мен әйелдер арасында халықтың жыныстық құрамының қалыптасуы әр елде түрліше болады.

Ер адамдардың есейген шағында жоғары деңгейде өлім-жітімі болуынан ерлер мен әйелдердің арақатынасы бірте-бірте теңеледі, ал егде тартқанда ерлер әйелдерге қарағанда елеулі түрде аз болады.

XX ғасырдың соңында әлі дүниеге келмеген бала жынысының туғанға дейінгі диагностикасы практикасы пайда болып, кеңейді. Ата-аналардың

белгілі бір жыныстағы баланы қалауы, туғанға дейінгі диагностиканы пайдалану жүктіліктің жасанды үзілу (түсік) жиілігінің өсуіне әкелді.

Жынысы бойынша тұрғындардың құрылымы немесе гендерлік құрамы – халықтың ерлер мен әйелдерге бөлінуі. Әдетте ерлер мен әйелдер тұрғындардың жалпы санында немесе оның топтарында пайызбен өлшенеді. Сондай-ақ 100 немесе 1000 ер адамға (әйелдерге) келетін әйелдердің (ерлердің) саны анықталады.

Нақты аймақтағы тұрғындардың жыныстық құрылымы үш негізгі фактордың әсерімен қалыптасады:

1) биологиялық тұрақты шамалар: жаңа дүниеге келгендер арасында жыныстық қатынастар – ер балалардың басым болуы;

2) өлім көрсеткішіндегі жыныстық айырмашылықтар: ерлерде жасқа байланысты неғұрлым өлім көрсеткіші жоғары болады;

3) тұрғындардың көші-қон қарқындылығына байланысты жыныстық айырмашылықтар: әйелдерге қарағанда ерлерде көші-қон әрекеті көбірек; соның нәтижесінде тұрғындардың келуі аумағында ерлер, ал кетуі аумағында әйелдер үлесі басымырақ болады.

Әлем елдерінің шамамен жартысында әйелдер саны ерлерден артық. Мұндай басым болу ТМД елдерінде, Еуропа, Солтүстік Америка елдерінде

байқалады. Африка, Латын Америкасы, Австралия және Мұхиттық аралдарда бұл арасалмақ шамамен тең.

Азия елдерінде ерлер едәуір басым. Бұл негізінен кейбір дамушы елдер мен мұсылман мемлекеттері есебінен қалыптасады. Мұндай жағдайдың басты себебі – мұсылман елдерінің қоғамында және отбасында кәсіптік кезге дейін сақталып келген әйелдердің дәстүрлі төмендетілген жағдайы. Соның нәтижесінде осы елдердегі әрбір отбасында ер балаларға қарағанда қыздардың дүниеге келуін қаламайды. Әйелдердің білім деңгейі төмен, олар мейлінше ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайда тірлік кешуге мәжбүр, ерлерге қарағанда көбінесе өмірінің ұзақтығы да қысқалау болып келеді. Бұл елдерде әйелдердің міндеті – негізінен үй шаруашылығын жүргізуге, некелік парыздарды өтеуге, балаларға қарауға келіп тіреледі.

Жалпы дүниежүзілік арасалмаққа Қытай мен Үндістанда ерлер санының басым болуы өте күшті ықпал етеді. Осы елдердің нәтижесінде, тұтас алғанда дүние жүзіндегі әрбір 100 әйелге 104 еркектен келеді.

Әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе дамыған елдерде әйелдер жасы ересек тартқан топтарда өте көп болуы есебінен басымдықта болады, өйткені әйелдер орта есеппен алғанда ерлерге қарағанда ұзағырақ өмір сүреді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарлары әлі күнге дейін білінуде. ТМД мемлекеттерінде ерлерге қарағанда әйелдер санының басымдығы әлемдегі ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі болып саналады, яғни мұнда 100 ер адамға 112 әйелден келеді.

Елімізде жыныстық теңсіздіктің себептері биологиялық және әлеуметтік сипатқа ие болады. Ерлердің ағзасында биологиялық шыдамдылық аздау болып келеді, тіршілік олардың алдына шешілуі көп жағдайда үлкен қауіп-қатерлерді алдан тосатын қиын міндеттерді қояды. 30-40 жастан бастап әйелдердің сандық басымдығы айқын білінеді. Жас ұлғаюымен тұрғындар саны арасында әйелдердің үлесі өсе түседі.

Тұрғындардың жастық құрылымы – тұрғындардың жастық топтары және жастық контингенті бойынша бөлінуі. Жас бойынша жіктелу 1-кестеде келтірілген.

Жас бойынша топ – бірыңғай жастағы адамдардың жиынтығы. Кейде «ұрпақ» пен «жастық когорта» (тілегі бір адамдар тобы) ұғымдарын теңестіру дұрыс бола бермейді.

Ұрпақ – 1) белгілі бір кезеңде дүниеге келген адамдар жиынтығы; 2) ерлі-зайыптылардың немесе туыстық дәрежесі бойынша ерлі-зайыптылардың әулеті; 3) тікелей және бойынша, яғни ортақ атадан тараған екі туысқан арасындағы туыстық желідегі саты, буын.

## Адам жасының жіктелуі

№	Күнгізбелік жіктелу	Адамның өмір сүру кезеңі
1	1-7 күн	Жаңа туылғандар
2	7 күн – 1 жыл	Нәресте
3	1-3 жас	Сәбилік кезең
4	4-7 жас	Алғашқы балалық шақ
5	8-12 жас (ер балалар) 8-11 жас (қыз балалар)	Екінші балалық шақ
6	13-16 жас (ер балалар) 12-15 жас (қыз балалар)	Жасөспірімдер
7	17-21 жас 16-21 жас	Жас жігіт Қыз бала
8	22-35 жас (ерлер) 21-35 жас (әйелдер)	Кәмелеттіктің бірінші кезеңі
9	36-60 жас (ерлер) 36-55 жас (әйелдер)	Кәмелеттіктің екінші кезеңі
10	61-74 жас (ерлер) 56-74 жас (әйелдер)	Егде адамдар
11	75-90 жас	Кәрі адамдар
12	90 жастан асқандар	Ұзақ өмір сүрушілер

Дерек көзі: Медков В.М. Демография. – Ростов-на-Дону, 2002. – 119-б.

Демографияда, әдетте, бірінші және екінші мағынадағы ұрпақтар зерттеледі. Ұрпақ алшақтығы ата-аналардың жиынтығы тууы мен олардың барлық балаларының тууы арасындағы уақыттың орташа аралығы болып саналады.

*Когорта* – белгілі бір кезеңдегі демографиялық оқиға өткен (некеге отыру, жесір қалу, балалардың дүниеге келуі, т.б.) адамдардың жиынтығы. Белгілі бір кезеңнің ішінде дүниеге келген адамдар когорты

бірінші мағынасында ұрпақ та болады. Мәселен, тұрғындардың жастық құрылымында көбінесе, халықтың бір жастық (жасы: жылдан аз, 1 жас, 2 жас, т.б.) немесе бес жылдық (жасы: 0-4 жас, 5-9 жас, 10-14 жас, т.б.), немесе онжылдық жас топтары бойынша (аралықтар бойынша), сондай-ақ мақсатты ірілендірілген жастық топтар (контингенттер) бойынша қарастырылады.

Әлемдік практикада тұрғындардың жас бойынша құрылымдарының

мынадай негізгі сипаттамалары берілген:

1) жас топтары бойынша ерлер мен әйелдердің саны жағынан қатынасы;

2) ұрпақ беретін жастағы әйелдердің үлесі (яғни, ол бала тууға қабілетті жас, бұл әдетте 15-49 жас аралығы);

3) тұрғындардың жалпы санындағы балалар мен жасөспірімдердің үлесі (0-15 жас);

4) еңбекке қабілетті контингенттің үлес салмағы (16-59 жас);

5) тұрғындардың жалпы санындағы егде жастағы адамдардың үлес салмағы (60 жастан жоғары). Қазақстанда тұрғындарды еңбекке қабілетті тұрғысынан жас бойынша контингенттерге бөлу айрықша жиі қолданылады.

Қазір елімізде бұл контингенттер мынадай:

1) 0-15 жасты қосқанда еңбекке қабілетті жастан жас тұрғындар;

2) 16-59 жастағы ерлер, 16-54 жастағы әйелдер – еңбекке қабілетті тұрғындар;

3) 63 жастағы ерлер, 55 және одан жоғары жастағы әйелдер – зейнетақы жасындағы (еңбекке қабілеттіден жоғары) тұрғындар.

Тұрғындардың жас бойынша құрылымында неғұрлым өздеріне тән мынадай сипаттары бар өзгерістер тұрақты байқалады. Өмірдің орташа ұзақтығы өсуі мен бала тууы төмендегенде демографиялық қартаю

деп аталатын жоғары жастағы тұрғындардың үлесі ұлғаюы жүреді.

Әр түрлі аумақтар (елдер) 60-65 және одан да жоғары жаста тұрғындардың үлесі ретінде анықталатын демографиялық қартаюдың әр түрлі дәрежесіне ие. Халықаралық өлшемдер бойынша 65 жастағы және одан жоғары тұрғындардың үлесі барлық тұрғындарға шаққанда 7 %-дан асса, тұрғындар қартайған болып саналады. Кейбір еуропалық елдерде (Швеция, Германия, т.б.) 65-тен жоғары жастағы тұрғындар 20 % және одан да жоғары құрайды. Ал Оңтүстік-батыс Азия мен Африканың елдерінің көпшілігінде егде тартқан адамдар тұрғындардың 2-3 %-ын құрайды.

БҰҰ демографиялық қартаю шкаласына сәйкес:

а) егер 65 жастағы және одан да жоғары тұрғындардың үлесі атап өтілгендей, 7 %-ға тең және одан да көп болса, онда елдің тұрғындары кәрі деп есептеледі;

ә) егер бұл көрсеткіш 4-7 %-ды құраса, онда тұрғындар қартаю ішінде тұр деп саналады;

б) егер бұл үлес 4 %-дан төмен болса, онда тұрғындар жас болып табылады.

Тұрғындардың демографиялық қартаюының басқа да шкалалары бар, мәселен, Ж. Боже-Гарнье – Э. Росета шкаласы (2-кесте).

## Ж. Боже-Гарнье – Э. Россетаның демографиялық қартаю шкаласы

Кезең	60 және одан да жоғары жастағылар үлесі, %	Тұрғындардың қартаю кезеңі мен кәрілік деңгейі
1	<8	Демографиялық жастық
2	8-10	Кәріліктің алғашқы баспалдағы
3	10-12	Нақ кәрілік алды
4	12 және одан жоғары	Демографиялық кәрілік
	12-14	Демографиялық кәріліктің алғашқы деңгейі
	14-16	Демографиялық кәріліктің орташа деңгейі
	16-18	Демографиялық кәріліктің жоғары деңгейі
	18 және одан жоғары	Демографиялық кәріліктің өте жоғары деңгейі

Дерек көзі: Медков В.М. Демография. – Ростов-на-Дону, 2002. – 128-б.

Тұрғындар арасында егде адамдардың саны өсуімен бір мезгілде балалардың үлес салмағы да азаяды (әдетте бұл топқа 15 жасқа дейінгілер жатады). Кейбір еуропалық елдерде (Германия, Италия және басқалары) ол тұрғындардың 15 %-на дейін (ол жерде балалар үлкен адамдарға қарағанда азырақ), ал Ресейде – тұрғындардың 20 %-ына дейін төмендеді.

Шығыс Африка мен Оңтүстік-батыс Азияның (Йемен, Кения және басқалары) көптеген елдерінде балалар барлық тұрғындардың 50 % шамасын құрайды, яғни олар егде адамдарға қарағанда 10-15 есе көп. Бұл елдерде тұрғындардың жас бойынша алғандағы құрылымын өте жас деп айтуға болады.

Тұрғындардың жастық құрылымы жекелеген аумақтарда әлеуметтік процестерге әсерін тигізеді. Ол туу, өлу және некеге тұру көрсеткіштерімен көрінетін тұрғындардың табиғи қозғалысына ықпалын жүргізеді. Тұрғындар арасында жас адамдардың үлес салмағы көп болған сайын аумақтағы барлық тұрғындар үшін есептелетін некеге тұру және бала туудың жалпы көрсеткіштері жоғары бола түседі.

Егде жастағылардың үлесі өскен сайын өлімнің жалпы көрсеткіштерінің мәні жоғары болады. Бұдан басқа, тұрғындардың жастық құрылымы басым болса, әлеуметтік шиеленістер (революция, көтеріліс, т.б.) мүмкіндігі жоғары. Ақылдылық, ұстамдылық, төзімділік тән болатын

егде адамдары көп елдерде әлеуметтік шенеленістер бәсең болады.

Жастық-жыныстық құрамды талдау үшін статистикалық әдісті қолданады. Әсіресе, жастық-жыныстық пирамидалар осы әдісте жиі қолданылады. Әдетте пирамидаларды жылдық немесе бес жылдық жас топтары бойынша құрады.

Жастық-жыныстық пирамидада әрбір жастағы адамдардың саны (немесе тұрғындар арасындағы үлесі) белгілі бір масштабта көлденең жолмен бейнеленеді. Ордината осі бойынша (тігінен) жастық топтар, ал абсцисса осі бойынша (көлденеңінен) тиісті жастағы тұрғындардың үлесі немесе саны енгізіледі. Ордината осінен масштабтық жолақтар – сол жаққа ерлер үшін, оң жаққа әйелдер үшін екі жаққа айырылады.

Жастық-жыныстық пирамиданы тұлғай отырып, елді мекеннің немесе аумақ тұрғындарының жастық құрылым типін анықтауға болады. Әдетте тұрғындардың жастық құрылымының үш типін ажыратамыз:

1) жас тұрғындар – жоғарыға қарай күрт тарылатын пирамиданың ауқымды негізі жастық құрылымның қарқынды типі;

2) егде тартқан тұрғындар – пирамидада негізінен бірте-бірте және тек жоғарыға, күрт тарылады, ол іс жүзінде трапеция немесе тіпті тік бұрышты формаға ие болады,

тұрғындардың жастық құрылымы стационарлық типі;

3) өте кәрі жастағы тұрғындар – пирамидада негізінен жоғарыға кеңейеді және жоғарыда ғана (ең жоғары жастық топтарда) күрт тарылып, тұрғындардың жастық құрылымының кері типі.

Жастық құрылымның үш типіне сәйкес тұрғындардың ұдайы өсу тәртібін бөлектеуге болады:

- кеңейтілген ұдайы өсіп-өну – алдыңғыға қарағанда кезекті буында адамдар көбірек болады: тұрғындардың саны тез ұлғаяды (қазіргі замандағы әлемнің дамушы елдерінің көпшілігіне тән);

- жай ұдайы өну – келесі буында адамдардың саны алдыңғысындай болады: тұрғындардың саны әдетте негізінен өзгермейді (кейбір дамушы және дамыған елдерге тән);

- тарылған ұдайы өну – адамдар аз болады (дамыған еуропалық елдердің басым бөлігіне тән).

Тұрғындардың ұдайы өсу тәртібі тұрғындардың отбасылық және некелік құрамымен тығыз байланысты, бұл өз кезегінде белгілі бір жастағы жыныстардың арақатынасына да байланысты.

Халықтың жыныстық құрылымы, яғни ондағы ерлер мен әйелдердің саны қатынасы – көптеген демографиялық процестерге, әсіресе, некеге тұруға, ал ол арқылы бала тууы мен халықтың табиғи өсіп-өнуіне

әсер ететін маңызды көрсеткіш. Шарттылықтың кейбір дәрежесімен халықтың қалыпты және бұзылған жыныстық құрылымы туралы айтуға болады.

Қалыпты жыныстық құрылым бәрінен бұрын өлім-жітімнің жыныстық жіктелуі әсерімен қалыптасады. Жаңадан дүниеге келгендер арасында 100 қыз балаға іс жүзінде ылғи да 104-107 ер баладан келетіні бұрыннан белгіленген. Бірақ бұл базистік қатынастар уақыт өте келе бірте-бірте ерлер мен әйелдердің өлім-жітім деңгейіндегі айырмашылықтары салдарынан түрін өзгертуде.

Неке жасына қарай ол шамамен төнеседі, ал содан кейін әйелдердің басымдығы үздіксіз өсе бастайды. Бұл ер тұрғындардың арасындағы

жоғарғы өлім-жітіммен де, сондай-ақ әйелдердің үлкен орта жас ұзақтығымен де түсіндіріледі (бұл ретте бірқатар жағдайларда қоғамда және отбасында әйелдердің жағдайы айрықша теңсіздік құқықта болғанда олардың арасындағы өлім-жітім неғұрлым жоғары болады).

Егер жыныстар қатынасы тұрғысынан мұндай бұзылу онша көп болмаса, оны өсіп-өну процестері үшін өзіне үлкен қауіп төндірмейтін, қалыпты деп санауға болады.

Жыныстық құрылым тепе-теңдігінің бұзылуы оның қалыптасуының заңды барысы қандай да бір сыртқы әсерлер негізінде туындайды. Олардың арасында басты рөлді екі фактор – соғыстар мен сыртқы көші-қон атқарады. Соғыстарда ерлердің

3-кесте

1990 жылдардың басындағы әлем халқының жыныстық құрылымы

Әлем, аумақтар	Ерлер үлесі, %	Әйелдерге қарағанда ерлер қанша млн-ға көп (+) не аз (-)	1000 әйелге ерлер саны
Бүкіл әлем	50,3	+34,0	1015
ТМД	47,2	-16	911
Шетелдік Еуропа*	48,7	-13	958
Шетелдік Азия*	51,2	+73	1049
Африка	49,8	-3	990
Солтүстік Америка	48,8	-7	954
Латын Америкасы	49,9	-1	999
Австралия және Мұхиттық аймақтар	50,2	+0,1	1011

\* ТМД елдерінсіз



арасында айрықша көп шығындар болғандығы белгілі. Сыртқы көші-қонда да олар ылғи неғұрлым белсенді түрде қатысады.

Бүкіл әлемде ерлер мен әйелдердің қатынасы (егер барлық жас шамамен ескерсек) соңғы онжылдықтар ішінде ер адамдардың бірте-бірте үлгісі бағытында өзгерді. Бұл үлестік (пайыздық) көрсеткіштерде де, сондай-ақ әдетте осы мақсат үшін қолданылатын 100 (немесе 1000) әйелге ерлердің саны көрсеткішімен көрініс табады. 1950 жылы әлемде 100 ер адамға 99,7 әйелден, ал 1960 жылы – 99,9 әйелден келді. 1970 жылы олардың қатынасы іс жүзінде теңелді, ал содан кейін ерлердің басымдығы тұрақты болды: 1980 жылы 100 әйелге – 100 ер адам, 1990 жылы 100 әйелге – 101,5 ер адамнан келді.

Бірақ бұл ретте жекелеген ірі аймақтар арасындағы айырмашылықтар болды және мейлінше елеулі күйде қала да береді.

3-кестеде келтірілген мәліметтерден ТМД елдерінде, Шетелдік Еуропада және Солтүстік Америкада әйелдер, ал шетелдік Азияда ерлер, Африкада, Латын Америкасында, Австралияда және Мұхит аумағында жыныстар арасындағы қатынас «фифти-фифти» деңгейінде сақталатындығын байқауға болады. Әрбір жеке жағдайдағы мұндай айырмашылықтар болуы толығынан түсінікті.

ТМД елдері халықтарындағы әйелдердің елеулі басымдылығы бәрінен бұрын Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың салдарларымен, сондай-ақ олардың көпшілігіндегі әйелдер өмірінің орташа ұзақтығының өте елеулі көтерілуімен түсіндіріледі. Шетелдік Еуропаның халықтарының жыныстық құрылымына да біршама жатықтау формада болса да, шамамен осындай себептер әсерін тигізді.

Салыстырмалы түрде алғанда жаңа отарлау және иммигранттардың жаппай келуі (ерлердің басымдығымен) аймағы ретінде Солтүстік Америкаға келсек, онда ұзақ уақыттар бойы ерлер басымдықта болды. Бірақ бірте-бірте тұрғындардың жас құрамының ересек тартуына қарай, АҚШ-та, ал 1970 жылдардан бастап Канадада әйелдердің үлес салмағы көбейе бастады. Бұл әсіресе ересек жастағыларға қатысты болды.

Шетелдік Азияда, керісінше, барлық аймақтарда ерлер басымдықта болды. Әсіресе ер тұрғындардың айрықша елеулі басымдығы Шығыс және Оңтүстік Азия үшін тән болды, бірақ ол оңтүстік-батыста, оның араб-мұсылман бөліктерінде де байқалады. Қандай да бір түрде бұл – қоғам мен отбасындағы әйелдердің көп ғасыр бойғы төмендетілген жағдайының нәтижесі. Сырқатқа бейімділік және әйелдердің неғұрлым жоғарғы өлім-жітімі некеге ерте тұрумен, жиі жүктілікпен,

жеткіліксіз тамақтанумен, үйде және жұмыста ұдайы ауыр еңбекпен байланысты болды. Соңғы уақыттардағы әлеуметтік қайта құрылымдар енді ғана халықтың жыныстық құрамына әсерін тигізе бастады.

Африка елдері үшін жыныстық құрамның күрт ауытқуы тән емес. Олардың басым көпшілігінде ерлер мен әйелдердің саны шамамен тең болып келеді. Дегенмен, құрлықтың солтүстік, араб-мұсылмандар тұратын бөлігінде ерлердің біршама басымдығы байқалады, ал қалған субаймақтарда әйелдер басым. Жалпы көрініске еңбек көші-қоны да түзетулер енгізеді. Ол бағытталған елдерде (ОАР, Замбия) ерлер, ал көшіп-конушылар шыққан елдерде (Ботсвана, Малави) әйелдер көбірек.

Латын Америкасында да, Африкадағы сияқты ерлер мен әйелдердің

саны шамамен тең. Жыныстық құрылымда мұнда жекелеген елдерде де үлкен айырмашылықтар байқалмайды. Олардың барлығында әйелдер басымдау болса да, бұл артықшылықтар онша көп емес.

Австралия мен Канадада жалғасқан жаппай иммигранттар елі ретінде 1970 жылдардың басына дейін ерлер басымдықта болды. Содан кейін әйелдердің аздаған басымдығы байқалды.

Жекелеген елдер арасындағы халықтың жыныстық құрамындағы айырмашылықтардың әлі де есепті түрде байқалатыны табиғи нәрсе. Егер «ең-ең» ұстанымына зер салсақ, онда бәрінен бұрын жыныстардың біреуінің аумақты басымдығы бар елдерді іріктеген дұрыс болар еді (4-кесте).

4-кесте

Әлемдегі ерлер мен әйелдердің басымдығы бойынша алғашқы он ел

Ерлері басымдықтағы елдер	Ерлердің үлесі, %	Әйелдері басымдықтағы елдер	Әйелдердің үлесі, %
Катар	67,2	Латвия	53,7
Кувейт	61,4	Украина	53,5
БАӘ	60,9	Эстония	53,4
Оман	57,5	Беларусь	53,4
Бахрейн	56,9	Ресей	53,1
Сауд Аравиясы	55,7	Литва	52,8
Бруней	52,3	Грузия	52,2
Үндістан	51,7	Венгрия	52,2
Пәкістан	51,8	Молдова	52,1
Қытай	51,4	Армения	51,4

Цілері басымдықтағы елдердің басым бөлігін ерлердің экстремалды үлкен үлесімен ерекшеленетін Бруней мен Парсы шығанағындағы мұнай өндіруші елдер құрайды. Бұған Катарда, Кувейтте және БАӘ-дегі әрбір 100 әйелге 170 ер адамнан келетінін дәлел етуге болады. Жыныстардың арасындағы мұндай теңсіздік бұл елдерге жұмыс күшінің, оның ішінде ерлердің басымдықпен жаппай иммиграциясымен түсіндіріледі. Қытай және Үндістан секілді алып елдерде ерлердің көптігі абсолютті көрсеткіштермен көрінеді, ол жерлерде 100 әйелге 106 еркектен келеді. 1990 жылдардың соңында ерлердің әйелдерден саны басымдығы Қытайда 23 млн-ға, Үндістанда 36 млн-ға, Пәкістанда 4,2 млн-ға жетті.

Әйелдері басым елдер үлкен аумақтық бірліктерімен ерекшеленеді, Венгрияны қоспағанда, олар күні кешеге дейін бұрынғы КСРО құрамына кірді. Елдердің бұл тобындағы жыныстық құрамның қалыптасуын көрнекі түрде байқау үшін мыналарды қосуға болар еді: мәселен, Латвияда 100 әйелге – барлығы 84 еркектен, Украинада 87, Беларусьта 89 адамнан келеді. Бірақ бұл жерде Еуропаның барлық басқа елдерінде де әйелдер сандық жағынан басымдықта екендігін ескеру қажет. Ресей де елдердің бұл тобына кіреді. Мұнда тұтасынан алғанда әйелдердің саны ерлердің санына қарағанда 9 млн-ға артық, жыныстар арасындағы бұл теңсіздік

баяу реттелуде: 1989 жылы 1000 еркекке 1140 әйелден келсе, 2000 жылы 1130-дан келді. Бірақ бұл жалпы көрсеткіштердің тасасында өте үлкен жас бойынша айырмашылықтар тұр.

Статистика көрсеткендей, 35 жасқа дейінгі кезеңде ер адамдар басымдықта болады, одан кейін әйелдер басымдығы ұлғайып, 70 жас және одан жоғарыда үш есе көлемге дейін көтеріледі – бұл бәрінен бұрын әйелдердің орташа өмір жасының елеулі түрде ұзақ болуы нәтижесінде туындайды. Ресейде халықтың жыныстық құрылымында ауқымды аймақты айырмашылықтар байқалады. Мәселен, әйелдердің басым болуы ірі және соған жақын қалалар үшін, сондай-ақ елдің орталық аумақтарындағы селолық мекендер үшін тән.

Адамның жасы – бұл оның дүниеге келуінен оның өміріндегі қандай да есептелген сәтінә дейінгі кезеңі. Адам өз өмірінің әр түрлі кезеңдерінде әр түрлі экономикалық, әлеуметтік және демографиялық қызметтер орындайтындықтан, демографияда жасты бөлшектеп те, мейлінше топтап та әр түрлі жіктеу (топтау) қалыптасқан.

Әлемнің ірі аймақтары көрсеткіштеріндегі барлық айырмашылықтарда өсіп-өнудің екі типіне сәйкес келетін жас бойынша құрылымының екі тобын бөлектеп қарастыруға болады. Бірінші топ Шетелдік Азия, Африка және Латын Америка-

сы үшін тән (олар үшін бала тууы мен өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштері, өмірдің қысқа орташа ұзақтығы тән), оларда тұрғындар арасында балалардың көп болуымен және үлкен адамдардың аз ғана үлесімен ерекшеленеді.

Екінші топ туу көрсеткіші төмен, өлім-жітімі аз және үлкен орташа өмір ұзақтығы бар елдерге тән – бәрінен бұрын олар шетелдік Еуропа мен Солтүстік Америка, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде ТМД, Австралия және Мұхит аймағы. Ха-

лықтың жастық құрылымындағы бұл тобындағы ең сипатты белгілер – балалардың аз үлесі және кәрі адамдардың жоғары пайызы болып табылады.

Халықтың жас құрылымдарының бұл топтарындағы әрқайсысының өз басымдықтары мен кемшіліктері бар. Мәселен, халықтың жас бойынша құрылымының бірінші тобы басымдықтағы аймақтарда зейнеткерлерді қамту мәселесі болмаса да, жастарға білім беру мен еңбекке орналастыру қажеттігі күрделі болып отыр.

5-кесте

2000 жылғы әлемдегі ең «жас» және ең «кәрі» елдер

Ең «жас» елдер	Елдегі жасы 15-ке дейінгі адамдардың үлесі, %	Ең «кәрі» елдер	Елдегі жасы 65-тен асқан адамдардың үлесі, %
Палестина*	51,7	Италия	18,7
Уганда	48,6	Грекия	17,9
Бенин	48,4	Швеция	17,4
Нигер	48,4	Жапония	17,1
Замбия	48,2	Испания	17,0
Ангола	47,7	Бельгия	16,7
Сомали	47,5	Германия	16,4
Йемен	47,5	Ұлыбритания	16,0
Буркина-Фасо	47,4	Болгария	15,9
Мали	47,4	Франция	15,9
Конго (Киншаса)	47,2	Португалия	15,7
Оман	47,2	Норвегия	15,4
Гвинея	47,1	Дания	15,2
Мадагаскар	46,9	Финляндия	14,9
Малави	46,9	Хорватия	14,8
Руанда	46,7	Австрия	14,7
Бурунди	46,6	Венгрия	14,7
Эфиопия	46,2	Швейцария	14,7
Кения	46,0	Люксембург	14,4
Танзания	45,9	Латвия	14,3

\*Израиль мемлекетіндегі Палестина автономиясы

Екінші топ басымдықтағы аймақта да, керісінше, жастардың жетіспеушілігі айқын сезіледі, ал шешеткерлік қамтамасыз ету бұрыннан-ақ неғұрлым маңызды және күрделі әлеуметтік мәселелердің біріне айналды. Батыстың экономикасы дамыған елдері зейнетақыға жалпы ішкі өнімінің 1/10 мөлшерін шығындайды.

5-кестенің бірінші бағанында демографиялық жарылыс байқалатын, ал демографиялық саясатты жүргізбейтін Тропикалық Африканың 17 елі мен Оңтүстік-батыс Азияның 3 елі кірді.

Екінші топқа жататын халықтардың жастық құрылымды елдері үшін әдетте орташа және ересек жастардағы әйелдердің елеулі басымдығы тән болып келеді. Бұл басымдықтар пайыз үлесін құрауы мүмкін, бірақ кейде 1-2 пайызға дейін жетеді.

БҰҰ есептеулеріне сәйкес, ең үлкен орташа жас 2000 жылы ерекшеленді: Италия (40,2 жас), Германия (39,7 жас), Швеция (39,7 жас), Грекия (39,1 жас), Финляндия (39,1 жас), Бельгия (39,0 жас), Дания (38,8 жас), Хорватия (38,5 жас), Болгария (38,5 жас). Тиісінше ең жас орта жастағы елдерге мыналар жатады: Уганда (15,0 жас), Нигерия (15,8 жас), Йемен (15,9 жас), Конго Демократиялық республикасы (15,9 жас), Сомали (16,0 жас), Замбия (16,1 жас), Ангола (16,2 жас), Буркина-Фасо (16,2 жас).

### 2.3. Неке және отбасы, отбасы құрамы мен ажырасу

*Тұрғындардың некелік құрамы* – тұрғындардың некелік жағдайы бойынша бөлінуі. Неке демографиялық категория ретінде – ерлер мен әйелдер арасындағы қоғамда реттелетін, рұқсат етілген және тарихи шарттастырылған, олардың бір-біріне және балаларына беретін құқықтары мен міндеттерін анықтайтын қатынас түрі.

*Некелік жағдай* – нақты елдің салт-дәстүрлері және құқықтық нормаларына сәйкес анықталатын неке институты қатынасы бойынша адамдардың жағдайы. Некелік құрам некеге тұру процесімен анықталады. Жекелеген елдерде неке жасының белгілі бір нормалары болады. Неке жасы – нақты елде заң немесе дәстүр некеге отыруға рұқсат ететін ең төменгі неке жасы. Қазақстанда заңмен белгіленген некеге отырудың ең төменгі жасы – ерлер мен әйелдер үшін 18 жас, кейбір жағдайларда жергілікті билік органдарының ішкі шешімі бойынша төмендетілуі де мүмкін, бірақ ол 2 жылдан аспауы тиіс.

Некеге қабілетті тұрғындар – некеге тұрмаған және некелік жас-тан жоғарыдағы, яғни нақты елдің заңдары және дәстүрлеріне сәйкес некеге ену үшін ең төменгі мүмкіндіктегі ерлер мен әйелдер саны. Неке

жасы әр түрлі елдерде 12-22 жасқа дейін ауытқиды.

Неке түрлері арасында *моногамия* (бір некелілік) және *полигамия* (көп некелілік) болып бөлінеді.

*Моногамия* (монограмды ерлі-зайыптылық) – бір ер адамның бір әйелмен некелесуі.

*Полигамия* (полигамиялық ерлі-зайыптылық) – бір еркектің бірнеше әйелмен (полигиния немесе көп әйел алушылық) немесе бір әйелдің бірнеше еркекпен некелесуі (полиандрия немесе көп күйеуге тиюшілік).

Адамзат тарихында полигамия (дұрысы – полигиния) моногамияға қарағанда неғұрлым кеңірек тараған; моногамияға қарағанда полигамия басымдығы төрт есе көбірек тарағаны айтылады. Полиандрия (көп күйеуге тиюшілік) барынша елеусіздеу күйде таралым тапқан. Ол Үндістан мен Тибеттің кейбір халықтарында бар, мұндағы ерекшелік бір әйелдің бірнеше ағайынды адамдарға күйеуге тиюімен байқалады. Қоғам дамуының қазіргі заманғы кезеңінде полигамия төмендеп, моногамия өсе түсуде.

Христиан әлемінде кейде көп әйел алушылықтың жағымды мүмкіндіктерін мойындауға мәжбүр етеді. Мысалы, орта ғасырда католиктік елдерде соғыстан кейін ер адамдар күрт азайған шақта көп әйел алушылыққа уақытша рұқсат берілген жағдайлар болды. Ондай жағдайларда католик-

тік шіркеу көп әйел алушылыққа рұқсат берілу мәнін өзіне күйеу таппаған әйелдердің бұзылу жолына жеңіл түсетіндігімен түсіндірді. Ал балалар саны көбейіп, демографиялық жағдай жақсарғанда, тұрғындардың саны өсіп, қалпына келгенде, көп әйел алушылыққа қайтадан тыйым салынды.

Мұсылмандардың ғасырлық дәстүрі ерлерге 4 әйел алуға рұқсат береді, бұл 1917 жылға дейін ешкімнен жасырын болған жоқ және ұзақ уақыт бойы кеңінен қолданылып келді, кейін бұған қатаң тыйым салынды.

Неке түріне қарамастан адамдар уақыттың белгілі бір сәтіне некеде тұрған және некеде тұрмаған болып бөлінеді. Соңғысы ешқашан некеде тұрмаған, жесір қалған және айырылысқан болып бөлінеді.

Некенің екі типі бар: тіркелген және нақты. Адамдар тіркелген және тіркелмеген некеде (бірге тұрушылық) тұра алады. Некеге тіркелу – формальды түрдегі акт емес, ерлі-зайыптылар және олардың балалары үшін құқықтық мәнге ие маңызды әрекет. Көптеген елдердің заңдылықтарында некені тіркеуде некелік келісімшарт жасау қарастырылған. Неке келісімшарты – күйеу мен қалыңдықтың мүліктерді басқару және иелік ету бойынша құқықтары мен міндеттері туралы жазбаша келісімі болып табылады.

Некенің шіркеулік, азаматтық ресми, азаматтық консенсуалды (заңды түрде рәсімделмеген) түрлері бар.

Елімізде ерлі-зайыптылардың бір-біріне міндеттері мен құқықтары толық көлемде заңға сәйкес некенің ресми формасында ғана жүзеге асырылады, ал ерлі-зайыптылардың балаларға қатынасы бойынша құқықтары мен міндеттері некенің барлық формалары үшін бірдей. Сериялық моногамия – негізінен ерлер мен әйелдердің айырылысқаннан кейінгі некелері.

XX ғасырда қайта некелесу кең таралды. Қайта некелесушілердің 80 % -дан астамы ажырасқаннан кейін жасалады. Қалаларда қайта некеге отырушылардың үлесі басым. Шетелдерде қайта некелесу процесі көп кездеседі. Мәселен, АҚШ-та 80-жылдардың ортасының өзінде жасалған некелердің 46 % шамасы некелік серіктердің бірі үшін қайта некелесу болып келді.

Қазіргі кезде тіркелмеген некелер көбейе түсуде. Мысалы, АҚШ-та тұрғындардың 4-5 %-дан 7-8 %-ға дейінгі тіркелмеген некеде тұрады. Ал ресми некеде тұратындардың арасында кемінде 1/5-і тіркелуге дейін бірге тұрғандар немесе бұрын сондай тәжірибені бастан кешкендер. Бірге тұрушылық, негізінен төменгі білімділер арасында, шығармашылық қызметкерлер ортасында, сондай-ақ әке-шешесі некеде тұрмағандар,

некелері сәтсіз болған ата-аналардың балалары арасында кеңінен тараған. Ал Ресейде тіркелмеген некеде тұрушылар алғаш рет 1994 жылғы тұрғындардың микро санағы кезінде байқалды, содан кейін 2002 жылғы халық санағында есептелді. Микро санақ 1994 жылы Ресейде тіркелмеген некеде ерлердің 6,5 % және әйелдердің 6,7 % тұрғандығын көрсетті.

Батыс Еуропа елдерінде соғыстан кейінгі жылдары заңды түрде рәсімделмеген некелер жылдан жылға кеңінен етек алып келеді. Жарияланымдарда, оның ішінде бірқатар ғылыми мақалаларда некенің баламалы формалары жол берілуге болады деп бағалануда. Кейбір ғылыми еңбектерде бұл құбылыс теріс жағынан көрінуде. Мәселен, ресейлік демографтар В.А. Борисов пен А.Б. Синельников өз еңбектерінде неке мен отбасының баламалы формалары тұрғындардың ұдайы дамуы мен қалыпты бала тәрбиесін қамтамасыз етуге қабілетті емес екенін нақты тұжырымдармен дәлелдейді.

Еуропалық елдердің басым бөлігінде некеде тұрған адамдардың үлесі аз, ал ешқашан некеге тұрмағандар, айырылысқандар саны жоғары.

Қазіргі заманғы отбасыларға тұрпайылық және қатігездік тән. Сондықтан бұл ауыр жүйке тозуын,

ішімдікке салыну мен наркоманияға тартылушылық санын көбейтіп, оның ауқымын кеңейтуде.

XX ғасырдың соңындағы отбасы дамуында мынадай ағымдарды атап өтуге болады:

1) некелік қатынастардың тіркелмеген некелік одақтарын, қонақтық формаларын құру практикасын кенейтуде некелік белсенділіктің төмендеуі;

2) отбасылық қатынастарда келісімпаздыққа жол ашуға бағыт ұстаудың, некелік адалдық пен пәктіктің мәнін кеміту;

3) отбасы тұрақсыздығының, ажырасу деңгейінің өсуі;

4) некеден тыс бала туу, орташа бала болу төмендеуінде отбасының қалаулы моделі ретінде отбасы ошағын нуклеаризациялау процесін кеңейту;

5) бір ұлттық және бір конфессиялық отбасына өспелі бағыт ұстаушылық;

6) отбасында ересек балаларға ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық климатқа тұрақты ықпалы.

Идеалды немесе қонымды әйел мен еркектің стереотипі өзгеруде. Қыздар мен әйелдер ерлерінің бойынан негізінен ақыл, өзара түсіністік және жыныстық сәйкестілікті бағалайды, әзілді сезіну мен адалдық мәні азайып, ер адамдардың жауапкершілігіне олар одан да аз мән береді.

Ерлер әйелдердің бойынан әдемілік пен ақылды бағалайды, содан кейін адалдық пен жыныстық сәйкестілікті атап көрсетеді, олардың пікірінше, одан кейінгі орында әйелдердің еңбекқорлығы мен қайырымдылығы тұрады.

Қазақстандық отбасылардың өздеріне тән ерекшеліктері – оның жасампаздыққа ұмтылуы, тұрақтылық, салыстырмалы түрдегі көп балалы болу, ашықтық, материалдыққа қарағанда рухани құндылықтардың басымдылығы, ананы бәрінен бұрын оларды біріктірудің, тіршіліктің адамгершілік-рухани негіздегі қабылдауы, ал әкені материалдық және заңдылық көшбасшы деп түйсіну, сондай-ақ адал көңілді өзара көмек, сүйіспеншілік, шыдамдылық, көңгіштік, отбасының үлкен мүшелерін құрметтеу.

XX ғасырдағы әлеуметтік сілкіністер қоғамды өзгертіп, төмендетті, бірақ отбасына қоғамның басты және неғұрлым сенімді ұясы ретіндегі сенімділік орнын мүлдем дерлік жоғалта қоймады.

Қазақстандықтардың басым бөлігінде отбасын құруға ниетті екендігіне қарамастан, ресми некеге неғұрлым кеш тұру немесе тіпті одан бас тарту ағымы тарала бастады.

Отбасы адамдардың денсаулығы мен игілігіне әсер ететіндігі де белгілі. Ұзаққа созылған сырқаттардың некеге тұрмағандарға қарағанда не-



кеде тұрған еркектер арасында 2 есе аз, ал әйелдер арасында 2,8 есе аз екендігі аталуда.

Тұрғындардың некелік құрамы жастық-жыныстық құрылымға, негізінен белгілі бір жастағы (некеден жоғары) әйелдер мен ерлер санының қатынасына ерекше қатысты болып келеді. Тұрғындардың некелік құрылымы туралы мәліметтердің бізге және неғұрлым сенімді көзі халықтың жалпы санағы (барлық тұрғындар үшін некенің бүкіл формалары есепке алынады) және тұрғындардың микросанағы болып табылады. Бұдан басқа, некелік құрам туралы азаматтық хал актілері жазбасының өңдеу мәліметтері және тұрғындарды арнаулы іріктеу, әлеуметтік-демографиялық зерттеулер нәтижелері бойынша бағалауға болады.

Санақ жүргізу кезінде тұрғындардың некелік ахуалының бес категориясы бөлінеді:

- 1) ешқашан некеде тұрмағандар;
- 2) санақ кезінде некеде тұрғандар;
- 3) жесірлер;
- 4) бөлек тұратындар (бірақ айырылыспағандар);
- 5) ажырасқандар.

Ажырасу немесе некені бұзу – ерлі-зайыптылардың өмірінде некені тоқтату. Кейбір елдердің статистикасы заңды некеде тұрғандарды (азаматтық институттар арқылы немесе шіркеуде заңды ресімделген),

сондай-ақ бірінші және қайта некеде тұрғандарды бөлек қарайды.

Қайта некелескендер, әдетте, некелердің жалпы санының шағын бөлігін құрайды және олардың таралымдылығы негізінен жас кезде жесір қалу мен ажырасушылық деңгейіне қатысты болады.

Тұрғындардың некелік жағдайын сипаттай келе, мынадай негізгі сандық көрсеткіштерді пайдаланады:

1. Бір уақытта некеге тұрған әр буындағы адамдар үлесі (ұрпақ ретінде мұнда туған жылы бойынша когорт ретінде ұғынылады);

2. Некеге тұрмаған адамдардың үлесі (некелі болмаудың демографиялық құбылысы);

3. Бірінші некеге тұрудың орташа жасы;

4. Ажырасқаннан кейін немесе жесір қалған соң қайта некеге тұрған адамдар үлесі (ажырасулар мен жесір қалудың орнын толтыру дәрежесі);

5. Ажырасу мен жесір қалудың және қайта некеге отырудың аралығындағы орташа уақытша мерзімнің мөлшер шамасы.

Некеге отырудың коэффициенттері – барлық тұрғындарда және некеге қабілетті тұрғындардың жекеленген топтарында (некеге отырудың арнаулы коэффициенті) некеге отырудың қарқындылығын көрсететін жалпы және арнаулы жағдайлар.

Коэффициенттерден неғұрлым жинақталғаны – тұрғындар арасында

дағы неке таралымын көрсететін коэффициент немесе деңгей, некелік ахуал. Ол ұрпақ өмірінің жалпы ұзақтығына некедегі тіршілік ұзақтығы қатынасымен өлшенеді.

Некеге отырудың арнаулы жасқа байланысты коэффициенті – некеге қабілетті тұрғындардың орташа жылдық санына осы жастағы адамдар жасаған неке санының қатынасы. Аталған коэффициенттер барлық некеге қабілетті тұрғындар үшін әрбір жеке некелік жағдай үшін әйелдер мен ерлерге жеке есептеледі.

Некелік және ажырасушылықтың жалпы коэффициенттері барлық ағымдағы демографиялық статистика үшін тән кемшіліктерге ие ресми тіркелген некелер мен ажырасулар ғана есептеледі, есеп барлық тұрғындар үшін олардың жастық-жыныстық құрылымын есепке алмастан жүргізіледі.

Ажырасушылықтың жасқа қатысты коэффициенттері – бұл сол кезең үшін орташа санға қандай да бір кезең үшін ерлер мен әйелдердің (белгілі бір жастағы) ажырасу сандарының қатынасы. Егер ажырасушылықтың барлық жасқа қатысты коэффициенттерін жинақтайтын болсақ, онда ажырасушылықтың жиынтық коэффициенті шығады.

XX ғасырға дейін демографиялық процестерге ажырасулар әлеуметтік құбылыс ретінде әсерін тигізген жоқ. Еуропа мен Америка елдерінде

заңды түрде ресімделген ажырасулар мейлінше сирек кездесті. Патшалық Ресейде шіркеу рұқсат берген заңды ажырасулар мейлінше сирек құбылыс болды. Ресейде 1917 жылдың қазанына дейін шіркеулік неке ғана заңды болып саналып келді. Елімізде шарият заңымен некелесіп, ажырасулар мүлдем болған жоқ.

Демография бірінші кезекте, некелердің тұрақтылығы мен тұрақсыздығын анықтайтын ажырасушылықтың объективті факторларын зерттейді.

Некенің тұрақтылығына отбасын құру сәтіндегі ерлі-зайыптылардың жасы әсер етеді. Өте ерте және сақа жастағы некелердің тұрақтылығы азырақ, 25 жас шамасындағы жасалған некелер белгілі бір тұрақтылыққа ие деп болжамданған. Ажырасушылықтың жиілігі некеге отырған сәттегі ерлі-зайыптылардың жас шамасының қатынасына да қатысты. Ерлі-зайыптылардың некеге отырған кездегі жас айырмашылығы ұлғаюымен ажырасу деректері көбейе береді.

Ажырасушылық некенің ұзақтығына да байланысты. Некеге отырудың алғашқы бес жылында ажырасудың көбірек болатындығы байқалады. Ажырасу деңгейіне сондай-ақ отбасындағы балалардың болуы да өз ықпалын тигізеді. Екі және одан да көпбалалы отбасыларына қарағанда бір балалы немесе баласыз

отбасыларындағы ажырасу жағдайы көбірек болады.

Ажырасушылық деңгейінің өсуіне қарамастан, нақ отбасы адамзат ұйымдастығының бірлескен басты демографиялық ұясы болып қала береді.

Отбасы қоғамдағы басты әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Отбасы – өзара жауапкершілікпен және тұрмыстың ортақтығымен байланысты адамдардың некеде немесе қан туыстығына негізделген бірігуі.

Тұрғындардың отбасылық құрамы – адамдарды әр түрлі көлемдегі, құрылымы, құрамы және типіне сәйкес отбасылары бойынша бөлу. Отбасына ие емес дара басты адамдар әдетте жеке есепке кіреді. Кейбір елдерде уақытша бөлек тұрып жатқан отбасылардың мүшелері де бөлектенеді. Отбасының негізгі қызметі – баланы дүниеге әкеліп, оларды тәрбиелеу.

Отбасы құрамы өзгеруіне әсерін тигізетін негізгі факторлар мыналар:

1. Некеге тұру мен бала туу деңгейінің ағымы: некеге тұру мен бала туу көп болған сайын отбасындағы тұратын адамдар үлесі де көбейеді, отбасының орташа мөлшері де үлкен болады;

2. Өлім-жітім көп болған сайын жеке басты адамдар көбейеді; бала өлімі көбейген сайын отбасының орташа мөлшері азаяды;

3. Отбасы дәстүрлерінің өзгеруі: отбасындағы балалар санының азаюы, некесіз туған балалар санының өсуі, т.б.;

4. Тұрғын үймен қамтылу жағдайы: тұрғын үй көлемінің өсуі балалардың тууына қолайлы жағдай жасайды.

Көптеген әлеуметтік-экономикалық зерттеулерде отбасы емес, құрамы бойынша соған жақын үй шаруашылығы есептеледі.

Үй шаруашылығы – бірлескен тұрмысты ұйымдастыруда туындайтын қатынастар мен адамдарды біріктіретін әлеуметтік-экономикалық орта.

Үй шаруашылығының тіршілік етуінің міндетті шарты мыналар: бірлесіп тіршілік етудің еріктілігі мен тұрақтылығы, отбасы мүшелерінің бюджетінің ортақтығы, сондай-ақ шаруашылық жүргізудегі дербестік болып саналады.

Үй шаруашылығы мөлшері бойынша бөлінуі:

- жеке басты – бір адамнан тұрады;
- топтық – бірнеше адамдардан тұрады.

Үй шаруашылығы құрылымы бойынша бөлінуі:

- жай – бір адамнан немесе нуклеарналық отбасынан тұрады;
- күрделі – күрделі отбасынан, сондай-ақ отбасылық емес және аралас үй шаруашылығынан тұрады.

#### 2.4. Дүние жүзінің ұлттық және нәсілдік құрамы

Халықтың этникалық (ұлттық) құрамын зерттеумен этнология (гр. *ethnos* – тайпа, халық) немесе этнография деп аталатын ғылым шұғылданады. ХІХ ғасырдың екінші жартысының өзінде ғылымның дербес тармағы ретінде құрылымдалған этнология қазіргі уақытта да географиямен, тарихпен, әлеуметтанумен, антропологиямен және басқа ғылымдармен тығыз байланыста дамуда.

Этнологияның негізгі ұғымы – этнос туралы ұғым. Этнос – бірыңғай тілді, мәдениет пен психиканың бірқатар ортақ ерекшеліктерін, сондай-ақ жалпы өзін-өзі тануды, яғни басқа ұксас этникалық құрылымдардан айырмашылықтағы өздерінің бірлігін тануды игерген, белгілі бір аймақтағы адамдардың қалыптасқан қауымдастығы. Кейбір ғалымдар этностың аталған белгілерінің бірі де анықтаушы болып табылмайды деп есептейді: бір жағдайда басты рөлді мемлекет аумағы, екіншісінде – тіл, үшіншісінде – мәдени ерекшеліктері, т.б. атқарады (іс жүзінде, мысалы, немістер мен австриялықтар, ағылшындар мен австралиялықтар, португалдықтар мен бразилиялықтар бір тілде сөйлейді, бірақ әр түрлі этностарға жатады, ал швей-

царлықтар керісінше, төрт тілде сөйлейді, бірақ бір этнос құрайды). Басқалары бәрібір анықтаушы белгі ретінде этникалық өзін-өзі тануды есептейді, бұған өз атауындағы (этноним) тіркесті келтіреді, мысалы, «орыстар», «немістер», «қытайлар», т.б.

Этностардың туындау және даму теориясы этногенез теориясы атауын алды. Соңғы уақытқа дейін отандық ғылымда халықтардың (этностардың) үш сатылық типке бөлінуі үстемдік етті: тайпа, халықтық және ұлт. Бұл ретте тайпа мен тайпалар одағы – адамдар қауымдастығы ретінде алғашқы қауымдық құрылысқа тарихи сәйкес келді. Халықты әдетте құлиеленушілік және феодалдық құрылыспен, ал ұлтты этникалық қауымдастықтың жоғары формасы ретінде – капиталистік, ал одан кейін социалистік қатынастардың дамуымен байланыстырды (ұлттардың буржуазиялық және социалистікке бөлінуі осыдан шығады). Соңғы уақыттары негізіне қоғамдық-экономикалық формациялардың тарихи бірізділігі туралы ілім алынған бұрынғы формациялық көзқарастарды қайта бағалаумен байланысты және қазіргі заманғы өркениетті көзқарасқа бағыт ұстаумен этногенез теориясының көптеген бұрынғы ережелері қайта қарала бастады, ал ғылыми терминологияда –

жиіліктеу ретінде «этнос» ұғымы барыныша кеңінен қолданыла бастады.

Этногенез теориясына байланысты отандық ғалымдар көптен бері күрт өзін келе жатқан бір ұстанымды осы туралы айтпай кетуге болмайды. Олардың көпшілігі этносқа тарихи-экономикалық, тарихи-экономикалық құбылыс ретінде көзқарасты ұстанады. Басқалары этносты өз ретіндегі биогео-тарихи құбылыс деп санауды қажет деп есептейді.

Географ, тарихшы және этнограф Л.Н. Гумилев өзінің «Жердің этногенезі және биосферасы» атты кітабында және басқа да еңбектерінде осындай көзқарастарын білдіреді. Ол этногенезді бәрінен бұрын адамның миссионерлікпен байланысты биологиялық және биосфералық процесс деп санайды. Л.Н. Гумилевтің айтуынша, этностардың тіршілік ету процесі – оның қалыптасуынан құлауына дейін – 1200-1500 жылға жалғасады. Осы уақыттар ішінде ол бірнеше кезеңдерден өтті. Жоғары фазаға жеткен кезде неғұрлым ірі этникалық құрылымдар – суперэтностар пайда болады. Л.Н. Гумилев Ресей XIII ғасырда көтерілу фазасына енді, XIX ғасырда шығынау фазасына өтті, XX ғасырда өзінің қорытынды сатысында болды деп санайды.

Этнос ұғымымен танысқаннан кейін әлем халқының этникалық құрамын (құрылымын), яғни оның этникалық (ұлттық) қатыстылығы ұстанымы бойынша қарауға болады.

Этностардың (халықтардың) жалпы саны туралы мәселе туындауы табиғи нәрсе. Әдетте оларды 4 мыңнан 5,5 мыңға дейін деп есептейді. Неғұрлым дәл санды айту қиын, өйткені олардың көбісі әлі жеткіліксіз зерттелген, бұл тілді оның диалектісінен ажыратуға мүмкіндік бермейді.

1990 жылдардың басында әрқайсысы 1 млн-нан асатын 321 халық болды, олар Жер шарының барлық тұрғындарының 96,2 %-ын иеленді. Оның ішінде 10 млн адамнан асатын саны бар 79 ұлт халықтың 80 %-ын дерлік құрады, 25 млн-нан асатын саны бар 36 ұлт – 65 %, әрқайсысы 50 млн-нан асатын 19 ұлт тұрғындардың 54 %-ын құрады. 1990 жылдардың соңына қарай ең ірі халықтардың саны 21-ге дейін өсті, ал олардың әлем халқы арасындағы үлесі 60 %-ға жақындады.

6-кестеде дүние жүзінің халық саны бойынша көп ұлттары берілген.

Әрқайсысы 100 млн адамнан асатын 11 халықтың жалпы саны адамзаттың жартысы шамасын құрайтынын есептеп шығару қиын емес. Тропикалық ормандар мен солтүстік аудандарда басымдықпен мекен ететін аз санды жүздеген ұлттар мен ұлыстар орналасқан. Олардың көбісі 1000 адамнан аз болып есептеледі, мысалы, Үндістанда андамандықтар, Индонезияда тоалалар, Аргентина мен Чилиде алакалуфтар, Ресейде юкагирлер, т.б.

## Әлемдегі саны бойынша ірі халықтар саны (XXI ғ. басы)

№	Халық	Саны, млн адам	№	Халық	Саны, млн адам
1	Қытайлар	1170	12	Немістер	80
2	Хиндустар	265	13	Корейлер	80
3	Бенгалдықтар	225	14	Телугу (Андхра)	80
4	АҚШ американдықтары	200	15	Маратхи	70
5	Бразильдықтар	175	16	Тамильдар	70
6	Орыстар	150	17	Вьетнамдықтар	70
7	Жапондар	125	18	Итальяндықтар	65
8	Пенджабтар	115	19	Мысырлықтар	65
9	Бихарлар	115	20	Гуджараттар	55
10	Мексикандықтар	105	21	Түріктер	55
11	Явандықтар	105	22	Украиндер	46

Дүние жүзінің жекелеген елдерінің халықтарының ұлттық құрамы туралы мәселе де маңызды. Оның ерекшеліктеріне сәйкес мемлекеттерді бес типке бөлуге болады: 1) бір ұлттық; 2) мемлекеттегі бір ұлттың басымдығы; 3) екі ұлтты; 4) көп күрделі ұлттық құраммен, бірақ салыстырмалы этникалық тұрғыдан бір тектес; 5) этникалық тұрғыда күрделі және әр текті құраммен көп ұлтты.

Мемлекеттің бірінші типі дүние жүзінде мейлінше кеңінен берілген. Мысалы, шетелдік Еуропада барлық елдердің шамамен жартысы – іс жүзінде бір ұлтты. Бұл – Исландия, Ирландия, Норвегия, Швеция, Дания, Германия, Польша, Австрия, Чехия, Словения, Италия, Португалия. Шетелдік Азияда мұндай елдер біршама аз: Жапония, Бангладеш,

Сауд Арабиясы, бірқатар шағын елдер. Африкада тіпті аз (Мысыр, Ливия, Сомали, Мадагаскар). Ал Латын Америкасында барлық мемлекеттер бір ұлтты, өйткені үндістер, мулаттар, метистер бірыңғай ұлттың бөліктері болып саналады.

Екінші типтегі елдер де мейлінше жиі кездеседі. Шетелдік Еуропада бұл – Ұлыбритания, Франция, Испания, Румыния, Балтық елдері. Шетелдік Азияда – Қытай, Моңғолия, Вьетнам, Камбоджа, Таиланд, Мьянма, Шри-Ланка, Ирак, Сирия, Түркия. Африкада – Алжир, Марокко, Мавритания, Зимбабве, Ботсвана. Солтүстік Америкада – АҚШ, Мұхиттар аумағында – Австралиялық Одақ және Жаңа Зеландия.

Үшінші типтегі елдер мейлінше сирек кездеседі. Оған мысал ретінде Бельгия, Канаданы атауға болады.

Этникалық жағынан бір тектес құрамда болса да, мейлінше күрделі төртінші типтегі елдер көбінесе Азияда, Орталық, Шығыс және Оңтүстік Африкада кездеседі. Латын Америкасында да бар.

Бесінші типтегі елдер үшін тән болатыны – Үндістан мен Ресей. Бұл типке сондай-ақ Швейцарияны, Индонезияны, Филиппинді, Батыс және Оңтүстік Африканың көптеген елдерін жатқызуға болады.

Соңғы уақыттары неғұрлым күрделі ұлттық құрамы бар елдерде ұлтаралық қарама-қайшылықтар елеулі түрде шиеленісе түскені белгілі. Олар әр түрлі тарихи тамырларға тартады. Мәселен, еуропалық басып алушылық нәтижесінде туындаған елдерде тұрғылықты халықтардың (үнділіктер, эскимостар, Австралия аборигендері, маорийліктер) қысым көрушілігі сақталған. Қарама-қайшылықтардың тағы бір көзі – ұлттық азшылықтардың (Ұлыбританияда шотландықтар мен валлийліктер, Испанияда басктар, Францияда корсикандықтар, Канадада франкоканадалықтар) тілі мен мәдениетін жете бағаламау. Мұндай қарама-қайшылықтардың күшеюінің тағы бір себебі – көптеген елдерге ондаған және жүздеген мың шетелдік жұмысшылардың ағындап келуі. Дамушы елдерде ұлтаралық қарама-қайшылықтар бірінші кезекте этникалық шекаралардың көп бөлігін

есептеусіз жүргізгендіктен, өзіндік «этникалық мозаика» пайда болуына әкелген жағдайларға байланысты. Сепаратизмге дейін жеткізетін ұлттық негіздегі тұрақты қарама-қайшылықтар әсіресе, Үндістан, Шри-Ланка, Индонезия, Эфиопия, Нигерия, Конго (Киншаса), Судан, Сомали, тағы да басқа көптеген елдерге тән.

Жекелеген елдердің ұлттық құрамы өзгеріссіз қалмайды. Уақыт өте келе ол бірте-бірте өзгереді, бірінші кезекте ол ұлттық бөліну және бірігу процестерінің әсерімен жүреді. Бірігу процестері әр түрлі этникалық адамдар тобының бірігуіне және неғұрлым ірі этникалық қауымдастықтардың құрылымдалуына әкеледі. Бұл этникааралық бірігу интеграция нәтижесінде өтеді. Бір ұлттың мәдениетіне басқа ұлт мәдениетінің әсерінен ұқсас ортақ мәдени даму құбылысы байқалады. Этностық қоғамның дамуына әсер ететін негізгі факторлар – консолидация мен ассимиляция процестері.

*Консолидация* (лат *con* – бірге, *solido* – нығайту деген мағына береді). – бірнеше ұлт топтарының бірігіп бір ұлт болып қалыптасу процесі.

*Ассимиляция* – қалыптасқан ұлттардың өзара этностық әсерлесуі. Этностың этникалық белгілерін жоғалтудан көрінетін процес түрі. Бүкілші этностардың басқа ірі этнос ортасында дисперсті орналасуына байланысты.

Ассимиляция – саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, экономикалық әлеуеті де басыңқы ықпалы нәтижесінде сол халық құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы. Ассимиляция барысында бір халық өзінен үлкен екінші доминант халыққа әсерлесу негізінде ана тілін, әдет-ғұрпын, дінін, мәдениетін, т.б. ұлттық ерекшеліктерін жоғалтады. Ассимиляция екі жолмен жүреді: күштеу арқылы және табиғи жолмен. Құрамында ұсақ ұлттар бар бір-қатар елдерде ассимиляция табиғи жолмен жүзеге асады. Ассимиляция процесінің ең жиі көрінетін факторы ол ұлттық қатынастағы аралас некелер.

Нығаю процесі нәтижесінде неғұрлым ірі этникалық қауымдастыққа айналатын, тіл мен мәдениет бойынша жақын этностардың (немесе олардың бөліктерінің) бірігуінен көрінеді. Бұл процесс мәселен, Тропикалық Африкаға тән: ол бұрынғы КСРО-да орын алды. Ассимиляцияның мәні қандай да бір этностың жекелеген бөліктері немесе тіпті тұтас халық басқа халықтың арасында тіршілік ете отырып, ұзақ қарым-қатынас нәтижесінде оның мәдениетін игереді, оның тілін қабылдайды және өзін бұрынғы этникалық қауымдастыққа тиесілі деп санауды тоқтатады.

Мұндай ассимиляцияның маңызды факторларының бірі ұлттық

тұрғыдағы аралас некелер. Ассимиляция азырақ дамыған ұлттық адамдар тобын басқа ұлттар ассимиляциялайтын ежелден қалыптасқан ұлттары бар экономикалық дамыған елдер үшін тән. Ал ұлтаралық интеграция ретінде әр түрлі этностардың бірыңғай тұтасқа бірігуінсіз жақындасуы ұғынылады. Нығаю ұлттардың іріленуіне, ал ассимиляция ұлттық азаюшылықтардың қысқаруына әкелетінін қосымша айтуға болады.

**Нәсіл (раса)** (араб. «рас» – бас, бастау, шығу тегі) – бір антропологиялық түрге жататын, шығу тегі белгілі бір географиялық ареалда таралған адамдар тобы. Нәсіл термині XVII ғ. бастап Еуропа халықтарында тарай бастады. Оны испандықтар мен португалдықтар (*Rasse*), француздар (*la rasa*), италияндықтар (*Razza*), немістер (*Rassa*), ағылшындар (*the race*) және славян халықтары (*раса*) биологиялық мағынада кеңінен пайдаланады. ЮНЕСКО шешімі бойынша (1966 ж.) нәсіл мәселесінің биологиялық аспектісі туралы арнайы декларация қабылданған. Онда нәсіл туралы мынадай негізгі ғылыми қағидалар айтылған:

- Бүгінгі әлемдегі барлық адам баласы жалпы биологиялық бір түрге, яғни *Homo sapiens*-ке жатады және ол бір түбірден тарайды;

- адамдардың биологиялық айырмашылықтары табиғи орта мен адамның генетикалық құрылымының бір-



біріне тигізген әсерінен пайда болған өзгешеліктер болып саналады;

- адамзат топтасуында (популяциясында) көптеген генетикалық айырмашылықтар бар. Оны бірыңғай популяциялық тұрғыдан алып қарағанның өзінде адамзат тобында таза нәсіл жоқ;

- адамзаттың нәсіл заңдылықтарына орай оның физиологиялық ерекшеліктері шартты түрде үлкен нәсілдерге, одан кейін кіші нәсілдерге ажыратылады. Жалпы адамзат кем дегенде үш үлкен нәсілдерге жүйеленеді;

- ешқандай халық, ұлт, тіл, дін, мәдени топ өзінше жеке нәсіл құрай алмайды. Нәсіл деген ұғым тек биологиялық мағынада пайдаланылады.

Нәсіл мағынасын тұжырымдаған декларацияда бүкіл әлемдегі адамзаттың барлығының биологиялық мүмкіншіліктері бірдей екендігі айтылады. Қазір әлем халықтарының антропологиялық жүйелеу әдістемелері бойынша еурпеоид, негроид, монголоид секілді негізгі үш үлкен нәсіл белгілі.

## 2.5. Дүние жүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелуі

Тіл – адамзат қауымдастығының маңызды құралы. Ойлау жүйесімен тікелей байланысты ол адам мінез-

құлқын басқару құралдарының бірі. ақпараттарды сақтау және беру құралы ретінде қызмет етеді. Тіл қоғам дамуымен бір мезгілде туындады және уақыт ағымымен әр түрлі өзгерістерге ұшырады. Бұған дейін атап көрсетілгендей, тіл сондай-ақ кез келген ұлттың маңызды белгісі ретінде де қызмет етеді.

Ана тілімен және ұлттық тілмен сәйкес келетін (Ресейде – орыс, Қытайда – қытай, ағылшын тілді елдерде – ағылшын, Таяу Шығыс елдерінде – араб) ресми (мемлекеттік) тіл туралы ұғым да бар. Бірақ әсіресе халықтарының күрделі ұлттық құрамы бар көп ұлтты мемлекеттерде (мысалы, Үндістанда, Оңтүстік Африка Республикасында) мұндай сәйкестіктер болуы мүмкін емес. Кейде қандай да бір ұлттың әдеби тілі туралы ұғым да қолданылады.

Этнографтардың пікірлері бойынша, дүние жүзінде тілдердің жалпы саны шамамен 5000-ға жетеді, яғни тұтасынан алғанда халықтар санына сәйкес. Бұл ретте көпшілік жағдайда халықтың атауы мен тілі сай келеді.

Бірнеше халықтардың бір ғана тілде сөйлеу жағдайлары да жиі кездесіп тұрады (мәселен, ағылшындар, АҚШ американдықтары, австралиялықтар, жаңа зеландиялықтар, ағылшынка-надалықтар ағылшын тілінде; испандықтар және латын американдықтарының басым бөлігі – испан тілінде; немістер, австриялықтар,

германдық швейцариялықтар неміс тілінде сөйлейді).


Халықтың қандай да бір бөлігі немесе тіпті тұтас халықтың қос тілді болып келетін қарама-қарсы нұсқасы болуы мүмкін, яғни күнделікті тұрмыста екі тілді пайдаланады. Мұндай қос тілділік қос ұлтты елдер (Бельгия, Канада), азды-көпті ұлттық ерекшелігі бар елдер (Франция, т.б.), сондай-ақ көп ұлтты елдер (Үндістан, т.б.) үшін тән болып келеді. Қос тілділік сондай-ақ иммигранттардың жаппай ағыны бар елдерге де тән. Дүние жүзінің этнолингвистикалық келбетін анықтайтын ең ірі тілдер көбінесе жоғары қызығушылық тудыратыны табиғи жайт. Бұл тілдер туралы статистикада бар деректер барынша қарама-қайшылықта, өйткені бір жағдайда ана тілі, екінші бір ретте мемлекеттік тіл ескеріледі.

Көп пайдаланылатын тілдер бойынша бірінші орын қытай тіліне тиесілі – 1200 млн-нан астам адам сөйлейді. Екінші орынды ағылшын тілі иеленеді, әлемнің 60 елінде дерлік 480 млн-дай адам сөйлейді (1-сурет). Үшінші орында – Үндістанның ең ірі тілдері, хинди мен урду (440 млн-нан асады). Төртінші орында – әлемнің 20-дан астам елі үшін мемлекеттік ретінде қызмет ететін испан тілі, бұл тілде сөйлейтіндер саны 400 млн-ға жуықтайды. Бесінші орында – 250 млн-нан астам адам сөйлейтін орыс тілі. Алтыншы орында – араб тілі,

бұл – әлемнің 25 елінің ана және мемлекеттік тілі (250 млн адам шамасы). Одан әрі бенгал (200 млн-нан астам), португал (180 млн), жапон (125 млн), неміс, француз және пенджаб (шамамен 100 млн адамнан) тілдері. Тұтасынан алғанда осы 13 тілде әлем халқының 3/5-тен астамы сөйлейді. Олардың алтауы – ағылшын, француз, орыс, испан, араб және қытай тілдері БҰҰ-ның ресми және жұмысшы тілдері ретінде қызмет етеді. Оларды толық негізді түрде ұлтаралық қарым-қатынас тілдері деп атауға болады; кең ауқымда алғанда бұл ағылшын тіліне қағысты.

Дүние жүзі халықтарының тілдерін зерттеудің айрықша маңыздылығы мынада: әдетте нақты тілдердің өзі ұлттардың жіктелуіне негізделеді. Мәні бойынша генеалогиялық болып келетін ол этнолингвистикалық жіктелу деп аталады және тілдердің туыстығы ұстанымынан туындайды. Бұл жіктелуде жоғары таксономикалық бірлік ретінде тілдер тобы көрінеді. Екінші таксономикалық бірлікті жақын туыстас тілдер, үшіншісін – олардың бұтақтары (топшалар) және төртіншісін – жекелеген тілдер құрайды.

Тілдік туыстастықтар барлығы 20 шамасында. Олардың ішіндегі ең ірісі – үндіеуропалық туыстық, ол тілдерде әлемнің барлық халқының



1-сурет. Дүние жүзінде ағылшын тілінің таратуы (А.П. Күзнецов бойынша)

шамамен 45 %-ы сөйлейді. Оның таралу аймағы да мейлінше кең. Ол Еуропаны, Оңтүстік-батыс және Оңтүстік Азияны, Солтүстік және Оңтүстік Американы, Австралияны қамтиды. Бұл туыстықтың құрамында неғұрлым көп санды топтар – үндіарийлік болып табылады, оған хинди, урду, бенгал, пенджаб, тағы басқа тілдер жатады. Өте ірісіне сондай-ақ испан, итальян, француз және бірқатар басқа да тілдерді қосатын роман тобы да жатады. Герман тобы (ағылшын, неміс және басқа бірқатар тілдер), славян тобы (орыс, украин, беларус, поляк, чех, болгар, т.б.), иран тобы (парсы, тәжік, белудж, т.б.) туралы да осыны айтуға болады.

Екіншісі – қытай-тибет (сино-тибет) туыстығы, оның тілдерін ғаламшар тұрғындарының 22 %-ы пайдаланады. Дүние жүзінде мұндай үлкен үлесті оған қытай тілі қамтамасыз етеді.

Ірілер қатарына сондай-ақ нигер-кордофан туыстығы (Африкада, Сахарадан оңтүстікке), афразия туыстығы (негізінен Таяу және Орта Шығыста), австронезия туыстығы (негізінен Оңтүстік Шығыс Азия мен Мұхиттар аумағы), дравидий туыстық (Оңтүстік Азияда), алтай туыстығы (Азия мен Еуропада) да жатады. Тілдердің этнолингвистикалық жіктелуін пайдаланғанда екі қосымша жағдайды назарда ұстау қажет. Біріншіден,

тілдік туыстықтар мен топтардың таралуының географиялық шекарасы адамзат тарихы бойында бірнеше рет өзгерді және қазіргі күндерде елеулі түрде өзгермесе де әлі жалғастығын табуда. Екіншіден, бұл жіктеу жетілдірілген қалыпқа әлі де жеткен жоқ. Тіпті бірқатар жете зерттелген тілдердің өзін (жапон, кәріс) қандай туыстыққа жатқызуға болатындығы туралы мәселеде толық түсіністік табылмай келеді. Африкада Сахараның оңтүстігінде, Оңтүстік-шығыс Азияда, Мұхит аумағында таралған көптеген тілдер, Америкадағы үнді тілдері әлі де нашар зерттелген. Халықтарының саны бойынша шағын кейбір тілдер іс жүзінде жойылып бара жатқан тілдер категориясына жататындығын да ескеруіміз қажет. Қазіргі әлемнің барлық тілдерінің 2/3-іне жуығы дерлік үлкен ауқымда алғанда сөйлесу мәртебесіне ғана ие, олар жазба тіліне ие емес.

Алайда ірі тілдердің барлығы қартаға түсірілуі үлкен қызығушылық тудыратын өздерінің жазба тіліне ие. Латын графикасы негізінде қалыптасқан жазу әлемде неғұрлым кең таралым тапты. Сондай-ақ кириллица, санскрит, араб алфавиті (әліпби) негізіндегі жазба, сонымен бірге иероглифтік жазба таралымының да аумағы кеңірек.

Ресей халықтарының көпшілігі төрт тілдік туыстастыққа жатады, олар: үндіеуропалық, алтайлық,

солтүстік кавказдық және оралдық. Олардың арасында үндіеуропалық туыстық басымдыққа ие. Көп ұлтты Кеңестер Одағында орыс тілі ұлт-аралық қарым-қатынастың басты тілі болды. Ресей Федерациясында ол бүгінде де сол күйінде калуда: статистика орыс тілінде оның тұрғындарының 98 %-ы еркін түсінісе алатындығын көрсетеді.

## 2.6. Дүние жүзі діндері және олардың таралуы

Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктеріне, білім мен мәдениеттің дамуына қарамастан, дін қоғамда және тұрмыста үлкен рөл атқарады. Дін саясатқа, жастар тәрбиесіне, мектептегі білімге, тағы басқа да көптеген салаларға ықпалын тигізеді.

Жалпы мәдени және білім беру деңгейі әдетте төмен дамушы елдерде де діннің ықпалы жоғары. Халықтың діни құрамымен танысу қазіргі замандағы көптеген процестер мен құбылыстарды ұғыну үшін қажеттігінің мәні осында.

Жер шары тұрғындары арасында дінге сенушілердің жалпы санын білу тиісті статистиканың болмау салдарынан қиын. Кейбір авторлар Жер бетіндегі барлық халықтың шамамен тең жартысы қандай да бір сенімге (конфессияға) ие деп санайды, ал басқалары неғұрлым

жоғары көрсеткіштерді атайды. Өте көптеген түрлері бар секталар және басқаларының шығу тектерін назарға алатын болсақ, бұл сенімдердің санын бағалауға да солай қарауға болады. Оның үстіне, XX ғасырда біздің дәуірімізге дейін немесе оның басында пайда болған көптеген ескі діндермен қатар, бірқатар «жаңа діндер» де пайда болды. Мұндай жағдайда діннің аз болсын, көп болсын, нақты жіктелуіне айрықша тірек жасау қажет. Мұндай жіктеу барлық діндерді үш топқа бөлуден туындайды: 1) әлемдік діндер; 2) ұлттық және аймақтық діндер; 3) рулық-тайпалық діндер немесе культ.

Әлемдік діндер айрықша кеңінен таратылған. Олар көптеген жүз жылдықтар және тіпті мыңжылдық бойы қалыптасқан. Әлемдік діндер өздеріне қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарын тартып, түрлі тарихи және әлеуметтік орталарда қызмет ету қабілетіне, яғни ерекше әлеуметтік икемділікке ие. Әдетте оларға белсенді миссионерлік қызмет те тән болып келеді.

Әлемдік діндер категориясына барлығы мынадай үш дінді жатқызу қабылданған: христиандық, мұсылмандық (ислам) және буддизм.

Христиандық – ірі әлемдік дін. Палестинада біздің дәуіріміздің I ғасырында туындаған бұл дін содан кейін бүкіл әлем бойынша кеңінен тарайды. Оның негізінде Құдай-Адам,

Құтқарушы және Құдай-Ұлы ретінде Иисусқа сенім жатады. Христиандық шариғаттың басты көзі – Қасиетті Жазба (Библия).

Христиандықта үш негізгі бағыт бар – православие, католицизм және протестантизм. Бірыңғай христиандық шіркеудің православиелік және католиктік тармақтарға бөлінуі XI ғасырда ресми аяқталды, ал протестанттық шіркеу XVI ғасырдағы Реформалау барысында туындады.

Христиандықтың осы үш бағыты арасында діни қағидаға қатысты белгілі бір айырмашылықтар бар. Мысалы, православие Қасиетті Рух Құдайдың үш ипостасының бірі ретінде Құдай-Әкеден, ал католиктер – Құдай-Әкеден де, Құдай-Ұлынан да тарайды деп санайды. Православие жұмақ пен тозақ бар деген ұғымды туындатады, ал католицизм «күнәдан тазартатын орын» барлығын да таниды.

Православтық діни қызметшілер әйел ала алады, ал католиктегілер үшін некесіздік міндетті. Православиеге қарағанда, католицизмде тақуалық үлкен рөл атқарады. Ал протестантизмде Богородица, қасиетті періштелер, икон культі жоқ, ал құпиялық саны – шоқынуда келтірілген.

Христиандықтың осы бағыттары мен шіркеудің өзінің ұйымының арасында да айырмашылықтар аз емес. Православтар үшін қатаң шіркеулік

орталықтандыру болмауы тән. Ол Константинополь шіркеуінен бастап мәні бойынша тәртіппен саналатын 15 дербес шіркеулерге бөлінеді. Католицизм керісінше, қатаң орталықтануымен және иерархиялығымен ерекшеленеді: оның басты орталығы – резиденциясы Ватикан болып табылатын, Рим папасы басқаратын папалық. Протестантизм үшін көптеген дербес ағымдардың, шіркеулер мен секталардың болуы тән.

Ислам (мұсылмандық) – дүниеге келу уақыты бойынша ең жасы және әлемдік дінде саны бойынша екінші. Ол VII ғасырда Араб елінде Мұхаммед арқылы негізделген және арабтар жаулап алғаннан кейінгі ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде, одан кейінірек әлемнің басқа да аймақтарында кеңінен таратылды. Ислам – монотеистік дін, оның басты қағидасы – әлемді жаратушы бір Аллаға сену. Мұсылмандардың қасиетті кітабы – 114 сүреден тұратын Құран. Исламның негізгі бағыттары – жаратқан бір Аллаға табыну және Алланың елшісі Пайғамбар ретінде Мұхаммедті құрметтеу. Мұсылмандардың тіршілік бейнесі 5 басты міндеттермен анықталады:

1) Алладан басқа құдай жоқтығына және Мұхаммед оның жердегі елшісі екендігіне сену;

2) Күніне 5 рет намаз оқу;

3) Жыл сайын қаріп-кәсерлерге садақа беру;

4) Рамазан айы ішінде (мұсылмандық ай күнтізбесінің 9-айы) күндізгі уақытта ас-су ішуден, темекі, паша тартудан, түрлі құмарлықтардан бас тарту;

5) Өмірінде ең болмағанда бір рет мұсылмандар үшін қасиетті қала Меккеге қажылыққа сапар шегу.


Ислам VII-VIII ғасырлардың өзінде екі негізгі ағым – сүннит және шиитке бөлінді. Оның біріншісінің аталуы, оған тәу етушілер Құранмен бірге мұсылмандық Қасиетті беру – Суннуді де толық көлемде мойындайды. Жоғары мұсылмандық билік (имам-халифа) туралы мәселені шешуде олар Мұхаммедтің өлімінен кейін басқаруға келген алғашқы

төрт халифтің заңды басқаруын мойындайды. Екінші ағым мейлінше дұрыс көзқарасқа келеді. Шииттер мұнда Суннды толық көлемде мойындамайды, ал бірінші халифтерді билікті өрескел пайдаланушылар деп санайды. Шиизмдер ізбасарлары саны жағынан суннизмге едәуір жол береді.

2-суретте мұсылман дінінің әлемдегі таралуы 2012 жылғы деректер бойынша берілген.

Буддизм – саны жағынан алғашқы екеуіне жол беретін үшінші әлемдік дін, бірақ туындау уақыты жағынан ең көнесі.

Адамдардың діни түсініктерінде ХХ ғасырда күрт өзгерістер болғанына және халықтың бірсыпырасының діннен қол үзгеніне



2-сурет. Әлемдегі мұсылман дінінің таралуы

қарамастан, дүние жүзінде діннің позициясы берік. Ол адамдардың ақыл-ойына, құлқына, әдет-ғұрпына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа және тіпті кейбір мемлекеттердің сыртқы саясатына әсер ықпал етіп келеді.

Бүгінде әлемде дүниежүзілік діндер деп аталатын үш дін бар, олардың бұлай деп аталатыны бұл діндерді кейде әр түрлі континенттерді мекендейтін көптеген халықтар ұстанады.

Олардың ішінде ең көп тарағанының бірі христиандық, оны ұстанатындар 1 млрд адамнан асады. Христиандықтың ықпалы Еуропа, Америка және Австралия елдерінде неғұрлым күшті. Христиан дінін ұстанушылар Азия мен Африкада да бар, мұнда олар еуропалықтардың миссионерлік (басқа дінге сенушілер арасында өз дінін тарату тәсілі) әрекетімен тараған.

Христиандықтың негізгі бұтақтары – католицизм, православие мен протестанттық. Дүние жүзінің кейбір елдерінде (мәселен, АҚШ-та) осы бағыттардың бәрі бар. Ал Латын Америкасында үстем дін – православие, Австралияда – протестанттық, т.б.

Енді бір дүниежүзілік дін – исламға (мұсылманшылық) неғұрлым шоғырланып тараған мұсылмандар негізінен Азия мен Африкада (Сауд Арабиясы, Түркия, Иран, Ирак, Ау-

ғанстан, Пәкістан, Бангладеш, Алжир, Марокко, Мысыр, Индонезия, Үндістан, Малайзия және т.б.). исламды ұстанушылар Орта Азияда, Қазақстанда, Кавказда, Ресейде, Қытайда, Еуропада тарады. Дүние жүзінде мұсылмандардың жалпы саны 1,5 млрд адамға жуық. Және мұсылман елдерінде халық саны артып келе жатқандықтан тез көбеюде.

Исламның тараған жері – Сауд Арабиясындағы Мекке мен Мәдине қалалары деп есептеледі. Басқа дүниежүзілік діндердегі секілді исламда да біртұтастық жоқ. Онда сунниттер мен шииттер деп аталатын екі бағыт бар. Қазіргі заманғы мұсылман әлемінде сунниттер көп басым, ал шииттер негізінен екі елде – Иран мен Иракта тарады.

Бұдан мың үш жүз жылдан астам бұрын шыққан ислам замандар бойына өзін ұстанатындардың өмір тіршілігінің қай жағын болсын түгел анықтап беретін әмбебап қағидалық жүйе болып келді. Қоғамдық қарым-қатынастар, шаруашылық қарекет, неке-жанұя қатынастары, адамдардың өзара қарым-қатынасы дін қағидаларына сәйкестеліп, адамдар мен халықтардың тағдырын сол заңдар шешіп отырады. Ислам қазір де Шығыс халықтарының өмірлік салт-санасының өте маңызды бір құрамдас бөлігі болып табылады. Көптеген елдердің конституциялары оны мемлекеттік дін деп жария-



лайды, ал саяси партиялар өздерінің бағдарламалық құжаттарында мұсылмандық қағидаларынан айнымайтындықтарын жиі-жиі жариялап отырады.

Үшінші дүниежүзілік дін – буддизмнің тараған ауданы географиялық жағынан анағұрлым шектеулі. Оны ұстанушылар непалдықтар, бирмалықтар Үндіқытай, Үндістан, Шри-Ланка, Қытай, Моңғолия елдерінің дінге сенетін тұрғындарының біразы. Ресейде буддизмді ұстанатындар Бурятияда, Қалмақстанда, Тувада. Буддизмдердің жалпы саны шамамен 200 млн адам.

Дүниежүзілік діндерге қоса өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық діндер де бар. Мысалы, Үндістанда индуизм, Қытайда конфуцийшілдік, Жапонияда синтоизм, Израильде иудаизм бар. Тропиктік Африканың, Азияның, Латын Америкасы мен Австралияның жетуі қиын және артта қалған аудандарында негізінен әр алуан рухтарға, табиғи объектілерге және т.б. табынатын жергілікті діни наным-сенімдер әлі де бар.

*Дін және дүниежүзілік даму.* Сонымен, Жер шары халқының басым көпшілігі дінге сенеді. Мұның мәнісі қазіргі заманның келелі проблемаларының ойдағыдай шешілуі едәуір дәрежеде дінге сенетіндер мен дінге сенбейтіндердің бірлігін нығайтуға байланысты деген сөз. Біздің күрделі заманымызда

дінбасылары, әсіресе бейбітшілікті сақтау, қарусыздану, айналадағы ортаны қорғау туралы мәселелерде барған сайын прогресті позициялар ұстанып отыр.

Діни мәдениеттің дәстүрлерін есте де дәріптемей-ақ адамның рухани игіліктері жүйесінде діннің әрқашан ерекше рөл атқарғанын атап айтамыз. Адамды адамшылыққа, адамгершілікке үндейтін дін халықтардың ұлттық сана-сезімін оркендетіп, кемелдендіруге, жалпы адамзаттық игіліктерді қорғауға күш салып отырды.

Халықтың қай дінді ұстанатынын білу дүние жүзінің жекелеген аймақтарының экономикалық және әлеуметтік географиясының ерекшеліктерін жете ұғынуға жәрдемдеседі. Мысалы, мұсылман елдерінде шаруашылықтың шошқа өсіру, арақ-шарап жасау секілді салалары іс жүзінде болмайды (мұның себебі дін шошқа егін жеуге, арақ-шарап інуге тыйым салады). Діннің ықпалы кейде тоқыма өнеркәсібі шығаратын маталардың, киім-кешектің түсіне әсер етеді. Діни дәстүрлер (әсіресе ислам дәстүрлері) халықтың өсіп-өнуінің рет-тәртібіне, әйелдердің жұмыспен қамтылу деңгейіне және т.б. әсер етеді.

*Діндердің географиясы планетаны игерудің, адамзаттың рухани мәдениетінің дамуының күрделі процестерін бейнелейді.*

## 2.7. Халықтың әлеуметтік-экономикалық құрамы

Халықтың экономикалық құрамы тіршілік ету, жұмыспен шұғылдануына қатысты топтар бойынша тұрғындардың бөлінуін көрсетеді. Бұл жағдайда ең ірі бөліну – экономикалық белсенді және экономикалық белсенді емес тұрғындарға байланысты.

Экономикалық белсенді тұрғындар Жер шарындағы халықтың жартысын құрайды. Дамыған елдерде бұл үлес (экономикалық белсенділік деңгейі) экономикаға әйелдердің кеңінен тартылуы есебінен жоғары, ал дамушы елдерде төмен болып саналады.

Мемлекет, әдетте, жұмыссыздарға жәрдемақы төлеп, оларды қайта оқытумен және жұмысқа орналас-тырумен шұғылданып, бос жұмыс орындары туралы ақпараттар жүйесін жолға қойып, оларды қолдауға тырысады. Оның үстіне дамыған елдерде көптеген жылдар бойына жұмыссыздық деңгейі 20-25 %-дан асатын аудандар бары белгілі (артта қалған аграрлық және тоқыраған).

Аграрлық көші-қон түрінде жиі көрінетін жұмыссыздық орын алған көптеген дамушы елдерде жағдай тіпті қиын, жұмыс істегісі келетіндердің бәрі дерлік ауыл шаруашылығында. Бірақ тиісті ресурстар (жер, су, агроклиматтық) соншалықты аз,

бұның өзі адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі және аграрлық көші-қон адамдардың өздеріне ыңғайлы жұмыс табылатын елдер мен аймақтарға баруға тырысатын қазіргі заманғы көші-қонның басты себептерінің бірі.

Экономикалық белсенді тұрғындардың тіршілік етуінің құралдарының басты көздері еңбекақы, өз өнімдерін сатудан түскен табыс, кәсіпкерлік табыс немесе жұмыссыздығы бойынша жәрдемақы болып табылады. Экономикалық жағынан белсенді емес тұрғындардың бір бөлігі де сондай табыстарға ие, мәселен, әр түрлі жәрдемақылар болуы мүмкін (зейнетақы, стипендия, т.б.) және меншігінен түсетін табыстар (оның ішінде банкілік пайыздар да бар).

Алайда экономикалық белсенді емес тұрғындардың бір бөлігі тіршілік ету қаржысы көздеріне мүлдем ие емес (балалар, үй шаруасындағы әйелдер, зейнетақы жүйесі дамымаған елдердегі жасы келген адамдар) және олар басқа адамдардың толық қарауында, әдетте, туыстарының қамқорлығында болады.

Өз жұмыстарының немесе кәсіптерінің типтері бойынша жұмыс істейтін адамдар көптеген категорияларға бөлінеді, олардың бастылары мыналар болып саналады:

- кәсіпкерлер, жалдамалы жұмысшылар және жеке еңбек қызметімен шұғылданушылар;

- бір жұмыста қызмет ететін және екі немесе одан да көп жұмыстары барлар (негізгі және қосымша жұмыстар);

- толық (елдің заңдылықтарына сәйкес) және толық емес жұмыс уақытымен қамтылғандар;

- басымдықта дене еңбегі және ой еңбегімен шұғылданушылар;

- қол және механикаландырылған еңбекпен шұғылданушылар.

Жұмыс істейтіндердің салалық құрамы – экономика салалары бойынша қызметкерлердің бөлінуі ерекше мәнге ие. Осы құрам бойынша қандай да бір аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейі туралы мейлінше дәл бағамдауға болады.

Бұл ретте экономиканың бастапқы секторы (ауыл және орман шаруашылығы), қайталама секторы (өнеркәсіп және құрылыс) және үшінші реттік секторы (кең мағынада алғанда тұрғындарға қызмет көрсету) бөлектенеді.

Қазіргі заманғы әлемде экономиканың бастапқы секторында қызметкерлердің шамамен 50 %-ы, екінші секторда 20 %-дай шамасы, ал үшінші секторда 30 %-ы еңбек етеді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына орай экономиканың бастапқы секторында еңбек

етушілердің үлесі азайып келеді. Бірақ дамушы елдердің басым бөлігінде бүгінгі күні де бұл сектор басты күйінде қалуда. Сондықтан да олардың экономикасын аграрлық деп санауға болады. Африканың кейбір елдерінде бастапқы сектордың үлесі айрықша жоғары – онда жұмыс істеушілердің саны 90 %-ға дейін жетеді. Экономикадағы екінші сектордың үлесі бастапқыда өседі, сосын оның мәні 50-70 %-ға жеткеннен кейін төмендей бастайды.

Қазіргі уақытта қайталама сектор дамушы елдерде (Корея Республикасы, Мексика, т.б.) және дамуы жағынан артта қалған елдерде (Болгария, Молдова, т.б.) әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолы бойынша көбірек қозғалыс жасауда басты болып табылады. Одан әрі даму ретіне қарай жұмыспен қамту құрылымында бірінші орынға үшінші сектор шығады. Неғұрлым дамыған елдерде қазірдің өзінде қызметкерлердің 2/3-і сонда қамтылған (АҚШ, Жапония, Германия, т.б.). Мұндай елдердің экономикасы постиндустриялық болып табылады.

ТМД елдерінде 1990 жылдары тұрғындардың экономикалық құрамы елеулі түрде өзгерді. Тұрғындардың экономикалық белсенділік деңгейі қысқарды, яғни зейнетақы жасындағы көптеген адамдар мен барлық әйелдер дерлік жұмыс жасады.

Қазақстанда 1990-2000 жылдардың басында еңбек ресурстары дамуында мынадай ағымдар орын алды:

1. Экономикалық белсенді тұрғындар саны секілді еңбек ресурстары саны да қысқарды (жұмыс істейтіндер және жұмыссыздар);

2. Экономикада жұмыс істейтіндердің саны қысқарды (2000-2003 жылдардан басқа уақытта), ғылыми-техникалық прогресті айқындайтын салалардағы ғылым мен ғылыми қызмет көрсетуде жұмыс істейтіндердің үдемелі қысқаруға ұшыраған саны айрықша апатты болып табылды;

3. 1990 жылдары экономикада (шаруашылықта) жұмыс істемейтін еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар саны күрт ұлғайды, жұмыссыздықтың елеулі деңгейі сақталды. Жасырын жұмыссыздық (өндірістегі мәжбүрлі толық емес жұмыс) көлемі ауқымды. Дамыған елдерде 1999-2000 жылдары экономикалық белсенді тұрғындар қатарында жұмыссыздардың жалпы санының үлес салмағы Швейцарияда, Норвегияда, Австрияда, Нидерландыда, АҚШ-та, Жапонияда, Данияда – 3-5 %, Ұлыбританияда, Швецияда, Корея Республикасында – 6-8 %, Финляндияда, Францияда, Италияда, Польшада – 10-12 %;

4. Рыноктық процестердің дамуымен Қазақстан тұрғындарының жұмыспен қамтылу құрылымында мынадай өзгерістер орын алды:

- экономиканың мемлекеттік емес секторында жұмыс істейтіндердің үлесі күрт ұлғайып, мемлекеттік секторда қысқарды;

- материалдық емес өндіріс салаларында жұмыс істейтіндер саны өсті. Өнеркәсіпте жұмыс істейтіндер төмендеп, ғылым мен ғылыми қызмет көрсетуде жұмыс істейтіндер үлесі және саны күрт азайды. Рыноктық инфрақұрылым салалары мен басқару органдары аппаратында жұмыс істейтіндердің өсуін ерекше атап көрсетуге болады;

5. 1990 жылдардан бастап Қазақстанға шетелдерден жұмысшыларды тартудың кеңейген практикасы ірі қалаларда белгілі бір дәрежеде жаппай болмағанымен, құрылымдық сипатқа ие болса да, елдің өзінде жұмыссыздықты жоюға жол аша алмайды (беделді, тиімді, жоғары ақылы, бірегей шығармашылық қызмет салаларында жұмыс орындарының мейлінше қардарлық жағдайында, ауыр жағдайдағы немесе төменгі төлеммен салаларда бос орындар бар);

6. Рыноктық экономика әзірге Қазақстандағы әйелдердің жұмыспен қамтылуына қосымша жағымсыз ықпалын тигізді.

Гендерлік зерттеулер мәліметтері бойынша, қазір Қазақстанда әйелдердің жұмыспен қамтылу деңгейі күрт төмендеу ахуалы өрістеуде. Әйелдер мұнда мемлекеттік және

коммерциялық басқару саласында жоғары қызметтерге оншалықты қол жеткізе қойған жоқ. Мәселен, мемлекеттік қызмет саласында олардың мөлшері 5,7 %-ға ғана жетті. Ірі компаниялардың өзінде иелері мен басқарушылары арасында барлығы бірнеше әйел ғана бар.

Көпшілік жағдайда әйелдер ақысы аздау лауазымдарда, бәрінен бұрын бюджеттік ұйымдарда еңбек етеді. Жұмыс істеушілердің әр түрлі жыныстық құрылымымен іс жүзінде екі сектор қалыптасты:

- біріншісінде, лауазымды өсуге үлкен мүмкіндікпен және неғұрлым жоғары айлықпен, мұнда ер адамдар айқын басымдылықта тұрады, бұлар негізінен мемлекеттік емес сектордағы ұйымдар;

- екінші секторда еңбекақы мөлшері едәуір төмен, тұрақтылық аз сақталады, тапсырылған іс жауапкершілігі төменгі дәрежеде, негізінен мұнда әйелдер басымдықта болады.

1970-1990 жылдары әлемде бірнеше жүз министр-әйелдер, 10 әйел премьер-министр, мысалы, Исландияда мемлекет басшылығына екі әйел кандидатураларын ұсынды. Англияда әрбір бесінші дипломат – әйел, Францияда – әрбір жетінші болып есептеледі. Қазақстан бұл жағынан артта қалып келеді, яғни әйелдердің өз қабілеттерін ашуы үшін әлі нақты жағдайлар туындаған жоқ.

Қазіргі қоғамда әр түрлі тұрғындар қарағанда (оның ішінде экономикалық та бар) халықтың саны емес, сапасы неғұрлым маңызды орын атқарады. Тұрғындар сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі – білім деңгейі. Ол сондай-ақ көптеген әлеуметтік-демографиялық процестерге әсерін тигізеді. Мәселен, неғұрлым жоғары білім деңгейі бар адамдар соғұрлым жоғары табысқа ие болып, тіршіліктің орташа ұзақтығына ие болады, ал төменгі білімділер отбасының орташа мөлшерімен сондай туу деңгейін иеленеді. Білім туралы ақпараттарды арнайы зерттеулер мен халық санағы береді.

Білім деңгейінің бұрынғы зерттеулерінде, тұрғындардың сауаттылығын анықтаумен ғана жнн шектелді. Бұл ретте «сауаттылық» ұғымын тұжырымдауға көп нәрсе қатысты. 1920 жылғы КСРО-дағы халық санағы кезінде қандай да бір мәтінді жазуға қабілетті адамның бәрі жаза алады деп түсінілді, ал 1926 жылы өз аты-жөнін жаза алатындар сауатты деп ұғынылды. Сауаттылықты қай жастан бастап анықтауға болатындығы да түсініксіз болып, кез келген жағдайда сауаттылық шекарасы беймәлім күйде қалды.

Бүгінгі күні дамыған елдерде барлық ересек тұрғындар сауатты деп танылады, ал дамушы елдерде ересек адамдардың 20-30 %-ы сауат

сыз (Африка елдерінде, Сахараның оңтүстігінде 50 %-дан астам). Білім деңгейі көбінесе тиісті оқу орнын аяқтау нәтижесінде анықталады. Мәселен, елімізде білімнің мынадай деңгейлері бар:

- 1) Жоғары;
- 2) Аяқталмаған жоғары;
- 3) Орта-арнаулы;
- 4) Жалпы орта;
- 5) Толық емес орта;
- 6) Бастауыш;
- 7) Бастауыш білімсіз.

Тұрғындардың білімділік құрамы – бұл білім деңгейіне сәйкес топтар бойынша тұрғындардың бөлінуі. Әдетте ол ересек тұрғындар үшін ғана, яғни 15 жастан асқан адамдар үшін есептеледі. Уақыт өте келе неғұрлым жоғары білім деңгейі бар адамдардың үлесі ұлғайып, төменгі білімділер қысқарады.

Бірақ әр елдерде білімнің бірдей деңгейі, түрлі ұғымдары берілуі мүмкін. Мәселен, Ресейде жоғары білім алу үшін әдетте 5 жыл оқу керек. Ал көптеген дамыған елдерде 4 жыл (бакалавр) немесе 6 жыл (магистратура). Мұндай айырмашылықтар білім берудің басқа деңгейлерінде де көрінеді. Сондықтан білім деңгейін анықтау үшін білім берудің орташа жылдық санын көрсеткіш ретінде жиі пайдаланады.

Көптеген дамыған елдерде бұл көрсеткіштің мәні 15 жылдан асты, дамушы елдердің басым көпшілігінде

бір мезгілде тұрғындардың көпшілігіне білім беру мерзімі 3-4 жыл құрайды, бұл Қазақстандағы бастауыш білімге сәйкес келеді.

Тұрғындардың әлеуметтік құрамы – әлеуметтік топтар бойынша бөліну. Белгілі бір мағынада алғанда әлеуметтік құрам нәтиже беруші болып табылады, өйткені халықтың топтарын жынысы, жасы, некелік жағдайы, этникалық қатыстылығы, т.б. бойынша бөлуге болады.

Көбінесе, әлеуметтік топтар білім деңгейі мен қоғамның экономикалық жүйесіндегі адамдардың орны бойынша бөлінеді, бірақ мұндай тар мағынада әлеуметтік құрам кез келген халықтың маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

КСРО-да әлеуметтік құрам ретінде қоғамның таптарға, яғни меншік қатынасына қарай өндіріс құралдарына бөлінетін үлкен әлеуметтік топтарға бөлінуі ретінде ұғынылып, мынадай әлеуметтік топтар болды:

- жұмысшы табы, яғни мемлекеттік кәсіпорындардағы жалдамалы жұмысшылар;
- жалпы халықтық жерді ұжымдық пайдаланушы ұжымшар (колхоз) шаруашылығы;
- дара-шаруалар және жеке еңбек қызметімен шұғылданушылар;
- буржуазия – жалдамалы еңбекті пайдаланушылар, оның ішінде шаруа-кулактар;

- арасында білім деңгейі бойынша (жоғары) бөлінетін интеллигенция қызметкерлері.

1989 жылғы соңғы кеңестік халық санағы мәліметтері бойынша тұрғындардың әлеуметтік құрамы мынадай түрде көрінді: 58,8 % – жұмысшылар, 29,3 % – қызметкерлер, 11,7 % – ауыл шаруашылығымен айналысушылар, 0,2 % – жеке еңбек қызметімен шұғылданушылар.

Қазіргі уақытта қоғамның әлеуметтік құрылымы теориясы әлі жасала қойған жоқ. Дегенмен, әлемнің көптеген дамыған елдерінде осыған ұқсас мынадай әлеуметтік топтарды атап өтуге болады:

- әкімшілік элита, жоғары мемлекеттік қызметкерлер;

- білікті және біліктілігі жоқ жұмысшылар, сондай-ақ өз кәсіпорнының акциясын иеленген және иеленбеген жұмысшылар болып бөлінетін жұмысшы табы;

- араларында ірі, орташа және ұсақ кәсіпкерлер деп бөлуге болатын барлық түрдегі кәсіпкерлер;

- кәсіби белгілері бойынша дәрігерлер, оқытушылар, кәсіби әскерилер, т.б. деп бөлуге болатын интеллигенция;

- фермерлер және ұжымдық шаруашылықтың қызметкерлері болып бөлінетін шаруа қожалығы;

- жеке еңбекпен шұғылданушылар;

- жәрдемақының есебінен өмір сүретін тұрғындар – зейнеткерлер, жұмыссыздар, т.б.;

- тұрғындардың маргиналды топтары – тұрақты мекенжайы жоқ адамдар және қылмыстық іске қатысушы элементтер, т.б.

Қазір Қазақстанда бұл әлеуметтік топтардың нақты сандық бағалануы жоқ, бірақ ең тұрғындардың басым көпшілігі – жұмысшылар мен интеллигенция өкілдері.

Дамыған елдерде қоғамның жоғары топтары (әкімшілік элита, ірі кәсіпкерлер) және төменгі қабаты (маргиналдар, біліктілігі жоқ жұмысшылар, жұмыссыздар) барлық тұрғындардың 10 %-дан төмен көрсеткішті құрайды.

Ал қоғамның басым бөлігі қалғандарына – орташа топқа («орта тап») кіреді, олардың арасындағы тіршілік салты мен деңгейіндегі дифференциация салыстырмалы түрде онша көп емес, бұл қоғамның жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуына қолайлы жағдай тудырып, әлеуметтік құрылымға ауқымды тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Дамушы елдерде қоғамның көп санды төменгі қабаттары мен элита арасында ауқымды әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтар жиі кездеседі, ал орта тап онша көп емес. Нәтижесінде әлеуметтік қайшылықтар мүмкіндігі жоғары да, ал қоғамдық даму тоқтауымен және кейін шегінумен түрлі деңгейде жүреді.

## 3-тарау. ХАЛЫҚТЫҢ ҰДАЙЫ ӨСУ ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ САПАСЫ

### 3.1. Халықтың ұдайы өсу ұғымы

Халықтың ұдайы өсуі (табиғи қозғалысы) – табиғи қозғалысы, яғни оның өсуін немесе азаюын сипаттайтын туу және өлім-жітім процестері нәтижесінде оның тұрақты жаңару процесі.

Халықтың табиғи қозғалысын талдау көбінесе барлық халықтардың немесе оның жекелеген топтарындағы туу жиілігі, яғни бала туу процесінен басталады. Оны әр түрлі көрсеткіштер көмегімен өлшейді. Олардың арасында халықтың 1000 адамына шаққандағы жаңа туған нәрестелердің жалпы коэффициенті неғұрлым кең таралған; оны мыңдық үлеспен немесе промильмен ( $\text{‰}$ ) есептейді. Мысалы, егер бала туудың жалпы коэффициенті  $15 \text{‰}$ -ге тең болса, бұл мың адамға орташа алғанда 15 бала туатындығын білдіреді.

Демографтар бала тууының жалпы коэффициентінің көрсеткіші халықтың ұдайы өсуінің көрінісін көп

ретте бұрмалайтын елеулі кемшіліктерге ие деп санайды. Сондықтан бұдан да басқа көптеген жалпы, жеке және жас бойынша коэффициенттерді пайдаланады.

Бұл ұрпақтардың орын басу көрсеткіші мен өлім-жітімді есептемейтін брутто-коэффициент (немесе жалпы). Оны әрбір жыныстағы халықтар үшін жеке есептейді. Алайда дүниеге келген қыздардың бәрі бірдей өз аналарының жасына дейін өмір сүре бермейді, яғни жаңа ұрпақ құруға қатыспайды. Нақ осыны нетто-коэффициент (немесе таза) есептейді, ол брутто-коэффициенттен аз болып келеді. Бір әйелдің тууын көрсететін, барлық өнім беретін кезеңде өмір сүрген туудың жиынтық коэффициенті де кең қолданылады. Ол өнімділік (өнім беру) кезеңі немесе әйелдің фертильді (латын тілінен аударғанда *fertilis* – жемісті) циклінің ұзақтығымен тығыз байланысты.

Ғалымдар биологиялық түр ретіндегі адамның өнім берушілігі әйелдің бүкіл бала туу кезеңінде 10-



12 жылы тіршілік әкеле алады деп есептейді (әдетте 15-49 жасқа дейін).

Бала туу факторлары туралы өте маңызды мәселені көптеген отандық және шетелдік демографтар зерттеді. Олардың көзқарастарында толық бірлік болмаса да, олардың барлығы бала тууға әсер ететін факторларды бірнеше топқа біріктіруге болады деген тұжырымға тоқталады.

Біріншіден, бұл табиғи-биологиялық факторлар. Мәселен, ыстық және салқын климатты елдердегі жыныстық пісіп-жетілудің әр түрлі уақыты (бұл әйелдердің фертильді циклінің ұзақтығын ұлғайтады немесе қысқартады).

Екіншіден, демографиялық факторлар. Оған жыныстардың не пропорционалды не елеулі деформацияланған бірінің үлкен басымдығымен ерекшеленетін халықтың жыныстық құрылымы жатады. Бала туу коэффициентіне халықтың жас бойынша құрылымы одан да көбірек әсер етеді: онда жас буындардың үлесі көбірек болған сайын қоғамның демографиялық әлеуеті жоғарылай түсетіні түсінікті. Керісінше, халықтың «қартаюы» көбірек көрінген сайын, демографиялық әлеует те төмендеуі мүмкін.

Сондай-ақ бала туу коэффициенті балалар өлім-жітім көрсеткіштеріне тікелей тәуелділікте болатындығын дәлелді түрде айтуға болады. Отбасылар балаларды жұмысшы ретінде

қажет ететін артта қалған елдерде ата-аналар әдетте «артық» балаларды олардың арасындағы қашып құтылуға болмайтын шығындардың белгілі өтемақысы ретінде жүргізеді.

Үшіншіден, халықтың өсіп-өнуіндегі шешуші рөл атқаратын әлеуметтік-экономикалық, мәдени және психологиялық факторлар. Оның қатарына әдетте адамдардың тіршілік етуінің орташа ұзақтығының ұлғаюына және одан туындайтын демографиялық салдарларға сәйкес тиісінше халықтың «қартаюына» жағдай тудыратын тұрмыстың жалпы деңгейін жатқызады.

Осыған байланысты ұзаққа созылған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар кезеңінде әдетте бала туу процесінің күрт төмен түсіп кететіндігін байқауға болады. Бұл реттегі мысал ретінде 1929-1933 жж. АҚШ-тағы Ұлы депрессиялық кезең, 1990 жж. Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайларын алуға болады.

Бала туу коэффициенті ыңғайлы дерлік әйелдердің білім алуға мүмкіндігі болғанда төмендеп, ал ол мүмкіндіктен айырылған кезде көтеріліп отырады. Білім алу олардың алдында отбасынан тыс жұмысқа орналасудың мейлінше ауқымды мүмкіндіктерін ашатыны табиғи нәрсе.

Тұрмыс жағдайының жоғары деңгейі білім алу мен балалар-

ды тәрбиелеудің жоғары құнын да білдіреді. Міндетті орта білім алу қалыптасқан экономикалық дамыған елдерде балалар еңбегіне заңмен тыйым салынған, балалардың «бағасы» енді биік екені соншалық, ол бала тууы коэффициентінің төмендеуіне әсерін тигізуде. Бала туу динамикасына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар қатарына қалаға көшу деңгейін жатқызу да қалыптасқан. Балалары ауыл шаруашылығы жұмыстарына, отын дайындауға, көптеген үй шаруасын атқаруға көмектесетін ауыл тұрғындарына қарағанда, қала тұрғындары арасында бала тууы төмен екендігі бұрыннан белгілі болды; кейбір бағалаулар бойынша, халықтың бұл категорияларының бала туу айырмашылығы шамамен 1/3 мөлшерді құрайды.

Бала туушылығына некеге тұрушылық, ажырасушылық және отбасылық жағдай белгілі бір әсерін тигізеді. Бұл факторлар өз-өзінен демографиялық санатқа жақынырақ қатысты, бірақ іс жүзінде демографиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар тоғысында тұрғандай көрінеді.

Мұсылман елдері үшін тән болып келетін көп балалылық дәстүрінің некеге тұру, ажырасушылық және отбасылық құрылымға көрсететін ықпалын, сондай-ақ индуизмдегі екінші некеге тиым салу, т.б. мысал-

дарын еске түсірсек те жеткілікті. Көптеген елдерде жыныстық жетілу, көбінесе некеге отырушының әлеуметтік-психологиялық есею, сондай-ақ салт-дәстүрлер, т.б. санатқа алынып заңдылықтар белгіленген некеге отыру жасына да қатысты болады.

Салыстырмалы түрде алғанда кешегі уақытқа дейін мұндай жас әдетте төмен болып келді, бұл әсіресе әйелдерге қатысты еді. Шариғат заңдарына сәйкес мұсылман елдерінде ол 9 жастан, ал католиктерде әйелдер үшін 12 жастан, ал ерлер үшін 14 жастан басталды. Одан әрі өркениеттің дамуына қарай барлық елдерде дерлік бұл жас елеулі түрде көтерілді. Алайда 1980 жылдардың өзінде әйелдер үшін некеге отырудың заңмен белгіленген ең төменгі жасы кейбір католиктік елдерде (Испания, Перу, Эквадор, Гондурас) 12 жас деңгейінде қалды, Латын Америкасының басқа елдерінің көпшілігінде 14 жас, ал мұсылмандық Нигерияда 9 жас болып белгіленді. Өз ретіндегі антипод-елдер ретінде Еуропаның протестант елдері алға шыға алады, мұнда заң әйелдерге 18 жастан ғана, ал ерлерге 20 жастан некеге отыруға рұқсат береді.

Мемлекеттердің көпшілігінде некеге отырудың нақты жасы заңды түрде рұқсат етілгеннен әлдеқайда жоғары екендігін есте ұстауымыз керек.

Халықтың өсіп-өнуінің екінші құрамдас бірыңғай процесі – өлім-жітім. Оны да өлім-жітімнің жалпы коэффициенті, яғни мыңдық үлеспен есептелетін (промиль) халықтың 1000 адамына өлім саны арқылы анықтайды. Сондықтан оның коэффициентіне әсер ететін өлім-жітім факторлары табиғи-климаттық, генетикалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси, т.б. Кейде оларды бірінші кезекте адам ағзасының қартаюымен шарттастырылған эндогенді және қоршаған ортаның сыртқы әсерімен байланысты экзогенді деп бөледі.

Мыңдаған жылдар бойы бала туудың дәстүрлі жоғары деңгейі сақталуында нақты өлім-жітім халықтың өсіп-өнуінің басты реттеушісі болды. Ашаршылық, жұкпалы індеттер, ұдайы болып тұратын соғыстар халыққа ең жоғарғы бала туу процесін басып тастайтын елеулі зиян әкелді.

Соғыстар аяқталғаннан кейін бала тууының беби-бум деп аталатын (ағылшын тілінен аударғанда – туу тасқыны) толқынды орнын толтырарлықтай ұлғаюы болып тұрды, бірақ бұл әскери шығындардың салыстырмалы түрде алғанда шағын ғана орнын толтыра алатын еді.

XX ғасырдың екінші жартысында өлім-жітімнің жалпы коэффициентінің төмендеуіне мейлінше

есепті ағымы байқалды. Ол бірінші кезекте мыналар арқылы туындады:

- медициналық қызмет көрсетудің жетілдірілуімен;
- адамдардың жеке бас гигиенасы, сондай-ақ тіршіліктің жалпы санитарлық-гигиеналық жағдайларының жақсаруы нәтижесінде эпидемиялық және инфекциялық сырқаттардың қысқаруымен;
- азық-түлік өнімдері өндірісінің дамуымен, оның тиімді бөлінісі нәтижесінде тамақтану жағдайларының жақсаруымен;
- адамдардың әл-ауқаты мен тіршілік деңгейінің көтерілуінің жалпы ағымдарымен.

Соған қарамастан, өлім-жітімнің көптеген дәстүрлі себептері осы күндерде де жалғастығын табады. Бұл – оқшауланған соғыстар, әртүрлі ыңғайдағы революциялық катаклизмдер (1958-1960 жылдардағы Қытайдағы бір ғана «үлкен дүрбелеңнің» өзі 30 млн шамасындағы басы артық өлім-жітімді тудырды), сондай-ақ СПИД секілді қауіпті сырқаттар.

Көптеген зерттеушілер әртүрлі лаңкестік актілер мен қылмыстық жағдайлардың шиеленісуі нәтижесінде күш көрсету себептері бойынша өлім-жітімнің абсолютті және салыстырмалы түрдегі өсуін өздерінің еңбектерінде ерекше атап көрсетеді. Өндірістік жаракат алушылық, техногендік және басқа

түрлі апаттар, өзіне-өзі қол жұмсауға қатысты өлім-жітім де өсе түсті.

Бала тууы мен өлім-жітімнің көрсеткіштері халықтың өсіп-өнуін неғұрлым жалпы түрде сипаттайтын табиғи өсуді есептеу үшін негіз болып табылады. Халықтың табиғи өсуінің жалпы коэффициенті туу мен өлім-жітім коэффициенттерінің айырмашылығын ұсынады және сонымен бірге оны промилль арқылы білдіреді.

Нақты табиғи өсім халықтың үш негізгі әртүрлілікке ие өсіп-өнуі режимін неғұрлым толығырақ бейнелейді.

Біріншіден, бұл – халықтың тұрақты және қалыпты өсуін қамтамасыз ететін, туудың өлімге қарағанда тұрақты өсуі сәйкес келетін тұрғындардың қарқынды өсіп-өнуі.

Екіншіден, бұл – бала тууы мен өлім-жітім халықтың өсімін қамтамасыз ете алмайтындай, соның салдарынан бір ұрпақты екіншісінің жай ғана ауыстыруы орын алатын, халықтың жай өсіп-өнуі.

Үшіншіден, өлім-жітім коэффициенті туу коэффициентінен асып кететін және туған балалар ата-аналардың буынын сандық орын алмастыру үшін туған балалардың жетіспейтіндігі, тұрғындардың азаю процесі.

Халықтың өсіп-өнуінің осы үш-түрлілігі режимі арасындағы шекаралық межені анықтау үшін

көбінесе әйелдердің өсіп-өнуі нетто-коэффициенті мен туудың жиынтық коэффициенті көрсеткіштері пайдаланылады.

Егер нетто-коэффициент 1-ден артық болса, бұл әйел-аналардың қазіргі буынын ауыстыруға олардың қыздарының көп саны келіп, халықтың өсіп-өнуі ұлғайғандығын білдіреді. Егер ол 1-ден аз болса, уақыт өте келе туу саны өлім-жітім шығындарын толығымен жаба алмайды және халық саны азая бастайды.

Туудың жиынтық коэффициентін пайдаланғанда жай өсіп-өну, яғни балалар мен аналардың буынының сандық тепе-теңдігі үшін ол шамамен 2,150-ге тең болуы керектігін есептеу керек.

Халықтың өсіп-өнуінің үш режимі арасында қазіргі заманда да көрініп отырған ауыспалы режимдердің әр түрінің көріністері бар екендігі анық.

### 3.2. Халықтың өсіп-өнуінің тарихи типтері және демографиялық өтпелілік теориясы

Адамзат өркениетінің дамуына қарай халықтың өсіп-өнуінің сипаты да түр жағынан өзгеруі толығынан табиғи нәрсе. «Ақыл-ой адамының» тіршілік етуінің мыңдаған жылдары ішінде адамзат қоғамы дамудың

үш негізгі кезеңін — экономиканы меңгерген кезең, аграрлық экономика кезеңі және индустриалды экономика кезеңін бастан өткергендіктен, демографияда халықтың өсіп-өнуінің соған сәйкес келетін үш тарихи типін бөлектеп қарау қабылданған:

- 1) архетип;
- 2) дәстүрлі тип;
- 3) қазіргі заманғы тип.

Халықтың өсіп-өнуінің архетипі игеріліп жатқан экономика (алым, аңшылық, балықшылық), бұл кезде адамның табиғатқа мейлінше күшті тәуелділігі жағдайы орын алған еді, бірдейшілікте үстемдік етіп тұрған адамзат түрінің бастапқы тарихының бірнеше ондаған мың жылдығын қамтыды. Жер шары тұрғындары үшін бұл кезеңге өте шағын сан мен өсімнің мейлінше төменгі қарқыны тән болды.

Халықтың өсіп-өнуінің дәстүрлі типі Жер бетінде бірнеше мыңдаған жылдар ішінде тіршілік етті және аграрлық экономиканың іс жүзіндегі бөлінусіз үстемдігіне сәйкес келді. Бұл типтің басты ерекшелігі физиологиялық ең жоғары шекке жақын туудың өте жоғары көрсеткіші (40-50 ‰) және нәтижесінде халықтың төменгі табиғи өсіміне әкеле отырып, өлім-жітімнің өте жоғарғы көрсеткіштері болды. Демографтар өсіп-өнудің дәстүрлі типінде оның басты реттеушісі жоғары туу қар-

қынына ынталандырған өлім-жітім болды деп есептейді.

Егер ата-аналар айталық, үш-төрт балалы болғысы келсе, олардың отбасында ең кемі екі-үш есе көп бала дүниеге келуі тиіс еді. Демографиялық процестердің мұндай қарқынымен дүние жүзінің халқы өте баяу өсуді жалғастыра берді.

Аграрлықтан индустриалдық экономикаға көшуімен есте қалған қоғамның өндіргіш күштерінің дамуындағы өзгерістер Еуропада XVIII-XIX ғасырлардағы өнеркәсіптік төңкерістер кезінде басталды, ал XX ғасырда күллі әлемді дерлік қамтыды. Уақыттың нақ осы кезеңінде халықтың өсуінің дәстүрлі типі қазіргі заманғы типке ауыса бастады.

Адамның табиғатқа тәуелділігінің азаюы, денсаулық сақтау мен медицинаның табыстары, тіршілік жағдайының жалпы көтерілуі өлім-жітім көрсеткіштерінің елеулі төмендеуіне және өмір сүрудің орташа ұзақтығының ұлғаюына әкелді, бұл табиғи өсімнің ауқымды өсуін ала келді (жоғары туу көрсеткіші сақталғанда).

Халықтың өсіп-өнуінің қазіргі заманғы типінің маңызы ретінде отбасылық таңдаудың еркіндігін қамтамасыз ететін демографиялық қатынастардың ауқымды белсенділігі мен икемділігін де айтуға болады. Сонымен бір мезгілде ұдайы

өсіп-өну процесін басқарушылық, үнемділік күрт көтерілді. Бұл типтің өсіп-өнудің тиімді типі деп аталынуы кездейсоқтық емес.

Барлық осы күрделі және көп жоспарлы демографиялық процес-тер терең ғылыми зерттеулер мен тұжырымдамалар жасауды талап етті. Халықтың өсіп-өнуінде түбірлі өзгерістерді белгілеу үшін қолданыла бастаған демографиялық революциялар мен демографиялық өтпелілік туралы ұғым осылай пайда болды.

Олардың біріншісін ғылыми айналымға 1934 жылы француз демографы Адольф Ландри, екіншісін – 1950 жылы американдық демограф Фрэнк Ноутстайн енгізді. Ресейлік демографтар А.Я. Боярский, Б.Ц. Урланис, Д.И. Валентей, Э.А. Араб-оглы, А.Я. Кваша, А.Г. Вишневский, т.б. еңбектерінде бұл екі ұғым да не әр түрлі мәнде қарастырылады, не демографиялық революция демографиялық өтпеліліктің шарықтау шегі ретінде тұжырымдалады.

Адамзат тарихында мынадай үш демографиялық революциялар туралы айтады: неолиттік, XVIII-XIX ғасырлардағы революциялар және XX ғасырдың екінші жартысындағы революциялар. Олардың әрқайсысы халықтың өсіп-өнуінің жаңа тарихи типіне өтуді білдіреді.

Халықтың өсіп-өнуі типтерінің мұндай алмасуын ғылыми пайым-

дау басты міндеті халықтың туу, өлуі және табиғи өсуі өзгерістерінің бірізділігі мен сипатын түсіндіруде, олардың ұзақ мерзімді ағымдарын анықтауда тұжырымдалатын демографиялық өтпелілік теориясының туындауына алып келді. Көптеген ғалымдар жасаған мұндай демографиялық өтпеліліктің жалпы схемасы оның төрт бірізділік кезеңдерін белгілейді.

Бірінші кезең өсіп-өнудің дәстүрлі типінің аяқтаушы кезеңіне қатысты. Оған туу мен өлім-жітімнің жоғарылығы, төменгі табиғи өсім тән. Демографиялық өтпеліліктің бастауында бұл сатыдан әлем халқының басым бөлігі өтті. Бірақ қазір ол тропикалық ормандарда мекендейтін ең артта қалған тайпаларды қоспағанда, еш жерде дерлік кездеспейді.

Екінші кезең ең үлкен демографиялық динамикалықпен ерекшеленеді. Ол бәрінен бұрын, өлім-жітімнің күрт қысқаруымен көрініс табады. Бірақ бала тууы (азауы әдетте бір-екі буынға кешігетін) бұл ретте дәстүрлі жоғары күйде қала береді, ал егер төмендесе, онда да елеулі емес. Соның нәтижесінде іс жүзінде халықтың табиғи өсуін анықтайтын туу мен өлім-жітім көрсеткіштері арасындағы «қиғаштық» күрт ұлғаяды және халық санының жедел өсу себебіне айналады. Еуропа XIX ғасырдың өзінде бастан

откерген және Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің көпшілігі үшін XX ғасырдың ортасында басталған демографиялық жарылыс деп аталатынның демографиялық өтпелі кезеңнің нақ осы сатысында өтетіндігінің себебі осында.

Үшінші кезең бірте-бірте салыстырмалы төменгі деңгейде тұрақталатын өлім-жітімнің одан әрі төмендеуімен сипатталады. Бұл ретте бала тууы төмендейді, демек, олардың арасындағы «қиғаштық» бірте-бірте қысқаруды бастайды. Нәтижесінде үшінші кезеңде қазір көптеген экономикасы дамыған елдер үшін тән болып отырған халықтың әлсіз кеңейтілген өсіп-өнуі басымдыққа айналады.

Төртінші кезең халық санын тұрақтандыруға әкелетін жай өсіп-өнуі басымдыққа ие болуды бастайтын түрде бала туу мен өлім-жітім көрсеткіштері теңестірілген кезде туындайды. Жақын уақытқа дейін салыстырмалы түрде бұл кезеңді таяу маңда бола қоймайтын болжам ретінде ғана қарастыру тән еді.

Қоғам дамуы индустриялықтан постиндустриялық сатысына өтуі жүріп жатқан қазіргі шақ халықтың өсіп-өнуінің қандай да бір сапалы түрдегі басқа типінің қалыптасуын білдіре алмайтынын айта кетуге болады.

Халықтың өсіп-өнуі мен демографиялық өтпелілігінің жалпы

мәселелерін қарау әлем халқының сандық динамикасын ұғынуға мүмкіндік береді. Негізгі аумағында ол өсіп-өнудің тарихи типтеріне және демографиялық өтпеліліктің кезеңдеріне сәйкес келеді.

Архетиптегі өсіп-өну тіршілігінің ескі уақытындағы Жер шары халқының саны туралы шамалап қана айтуға болады. Ғалымдар неолиттің басталуына (біздің дәуірімізге дейінгі 7-8 мың жылдар) біздің ғаламшарымызда барлығы 10 млн тұрғын болды, ал халықтың өсу қарқыны мыңжылдық ішінде халықтың 10-20 %-ын ғана құрады деп болжамдайды. Соған сәйкес халықтың тығыздығы да (сол кездегі ойкумен мөлшері есебімен) мейлінше аз болды: 100 шаршы шақырымға 8-10 адамнан келді, өмір сүрудің орташа ұзақтығы 20 жастан аспады.

Неолиттік революциядан кейін халықтың көбеюі елеулі түрде жеделдеді және біздің дәуірімізге дейінгі 2000 жылы оның саны 50 млн-ға дейін жетті, әр түрлі дерек көздері бойынша біздің дәуіріміздің басталуына 200-250 млн адамға дейін жетті деген мәліметтер бар. Оның үстіне оның орташа жылдық өсімі небәрі 0,1 %-ды құрады. Біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығы бойында халықтардың Ұлы көшімен, ашаршылық және жұқпалы аурулар, ұдайы болып тұрған соғыстар салдарынан әлем халқының саны барынша

баяу қарқынмен өсуді жалғастыра берді. 1000 жылы ол 300 млн адамға ғана жетуі мүмкін. 1000-1500 жылдары жағдай біршама өзгерді, осы кезеңде адамдардың аштық, жұқпалы ауру, тырысқақ, шешек мерзімді «індеті» жалғасын тауып тұрды.

Сөйтіп, 1200-1300 жылдары Жер шары халқы мүлдем ұлғайған жоқ, ал 1300 жылдан 1400 жылға дейін ол тіпті біршама азайды, өйткені бұл жүз жылдықта бубонды жұқпалы ауруынан («қара өлім») барлық тұрғындардың  $\frac{1}{4}$  қайтыс болды. Өмір сүрудің орташа ұзақтығы 20-дан 30 жас аралығында ауытқығаны таңғаларлық емес. Дегенмен, 1500 жылға қарай жер бетіндегі тұрғындар 425-450 млн шамасына жетті.

Кейбір өзгерістер XVII ғасырда ғана, онда да өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, медицина өркендеген Еуропада демографиялық процестерге жол ашыла бастады. Ал XVIII ғасырдың екінші жартысынан, яғни өндірістің дамуына, санитарлық-гигиеналық жағдайдың жақсаруына әкелген өнеркәсіптік төңкерістер басталу кезеңінен Еуропада демографиялық жарылыс немесе демографиялық революция туралы қазіргі заманғы ұғымға толығынан сәйкес келетін халықтың өсімі басталды.

Бірінші кезекте бұл жылына әлем халқының шамамен 17 млн адамнан

абсолютті өсім мен 0,8 % өсудің орташа жылдық қарқынында 1,5 есе өсуі болған XIX ғасырдың екінші жартысына қатысты.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы демографиялық тарих өте күрделі және қарама-қайшылықта болды.

Бір жағынан, енді негізінен Еуропада болмаса да, Азияда, Африкада және Америкада халық санының елеулі түрде өсуі орын алды.

Екінші жағынан, демографиялық процестер барысына екі әлемдік соғыс барынша теріс әсерін тигізді. Бұл соғыстардың содан кейін ондаған жылдар бойы демографиялық жаңғырығы білініп тұрғаны кездейсоқтық емес. Мәселен, Ұлы Отан соғысы жылдарында 27 млн адамын жоғалтқан Кеңестер Одағы. Бұл арада сөз халық шығыны туралы ғана болып отырғандығын ескеру қажет. Сондай-ақ, жанама шығандар да бар, ол соғыс жылдарында жас жігіттерді әскер қатарына алумен және некеге отыруды кейінге қалдыру салдарынан, сондай-ақ ерлізайыптылық байланыстардың ұзақ уақытқа созылуымен байланысты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында некеге отыру деңгейі Ресейде, Францияда, Италияда 60-70 %-ға төмендеді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жанама шығындарға кейде мүгедектіктің соғыстан кейінгі



өсімі де жатқызылды. Кейбір деректер бойынша, екі дүниежүзілік соғыс кесірінен 40 млн-дай адам мүгедек болып қалды.

Адамзаттың демографиялық тарихында Азия, Африка және Латын Америкасының ондаған елдері демографиялық өтпеліліктің екінші кезеңіне өтуімен байланысты бұрын болып көрмеген демографиялық жарылыс болған XX ғасырдың екінші жартысы айрықша із қалдырды. Осы уақыттар ішінде Жер шары халқы 70-80 млн абсолютты өсімде 2,4 есе (2,5-6,1 млрд-қа дейін) және жылына тіпті 90 млн адамға ұлғайды, бұл өсу қарқынына 1,5-2 %-ға сәйкес келді.

Біздің дәуіріміздің басында Жерде 300 млн-дай халық болған, ал б.д. 1-мыңжылдығының аяғында 400 млн-дай, 1500 ж. – 500 млн-дай, 1800 ж. – 1 млрд-тай, 1900 ж. – 1,6 млрд-тай, 1960 ж. – 3 млрд-тай, 1993 ж. – 5,65 млрд-тай, 1999 ж. – 6 млрд адам тұрады. 2011 ж. 1 қарашадағы

деректер бойынша – 7 млрд. тұрғын дүниеге келген. Болжам бойынша 2050 ж. халық саны 9 млрд-қа жетуі мүмкін.

Соңғы мың жылда халық санының бірінші рет екі еселенуі үшін 600 жыл қажет болса, екінші рет екі еселенуі үшін – 230 жыл, үшінші рет үшін шамамен 100 жыл, төртінші рет үшін 40 жылдан сәл астам уақыт керек болды.

7-кестеде келтірілген мәліметтерде, бірінші млрд-ты «нақтылау» үшін адамзаттың бүкіл барлық өткен тарихы талап етілді, ал бір ғана XX ғасырда халық санының ұлғаюы бұл «дөңгелек» санға бес рет жетті. Ғалымдар қазіргі заманғы демографиялық өтпелілік Еуропадағы өнеркәсіптік төңкерістер дәуіріне қарағанда екі есе тез өтеді және адамдарды 15-20 есе көп адамды қамтиды деп есептейді. Соңғы екі он жылдықтарда әлем халқының өсу қарқынында кейбір қысқартулар байқалды.

7-кесте

## Әлем халқының өсімі

Жылы	Халық саны, млрд адам	Млрд-тық өсімге жеткен уақыт, жыл
1820	1	Барлық өткен тарих
1927	2	10
1960	3	7
1974	4	33
1987	5	14
1999	6	13
2011	7	12

8-кестені талдағанда дамыған және дамушы елдер топтары арасындағы айырмашылықтар көзге түседі. Мәселен, 1950-1955 жылдары халықтың өсу қарқыны бойынша біріншісі екіншісінен 1,6 есе, ал 1995-2000 жылдары 4 есе артта қалды. Жалпы әлемдік өсімде дамушы елдердің үлесі нәтижесінде ха-

лық XX ғасырда 50-жылдардағы 79 %-дан 1990 жылдардың екінші жартысында 95 %-ға дейін ұлғайды. Дамушы елдердегі халықтың неғұрлым басымдықтағы жедел өсуі әлемнің ірі аймақтары халықтар арасындағы қатынастардың өзгерісінде көрініс табады.

8-кесте

**Әлемнің жекелеген аймақтарындағы халықтың орташа жылдық өсімі**

Әлем, елдер тобы, аймақ	Халықтың табиғи өсімінің орташа жылдық қарқыны, %			
	1950-1955 жж.	1965-1970 жж.	1990-1995 жж.	1995-2000 жж.
Дүние жүзіндегі халық	1,8	2,0	1,5	1,3
Дамыған елдер	1,2	1,1	0,6	0,4
Дамушы елдер	2,0	2,5	1,8	1,6
Еуропа	1,0	0,7	0,2	0,0
Азия	1,9	2,4	1,6	1,4
Африка	2,2	2,6	2,5	2,4
Солтүстік Америка	1,7	1,1	1,0	0,9
Латын Америкасы	2,7	2,6	1,7	1,6
Австралия және Мұхит аймағы	1,4	1,3	1,2	1,2

ТМД елдері, шетелдік Еуропа және Солтүстік Америка әлемдік тұрғындары үлесі ұдайы қысқаруға бағыт ұстағанын байқау қиын емес. Латын Америкасы, Австралия және Мұхит аумағы елдерінің үлесі тұрақты күйінде қалып отыр.

**3.3. Демографиялық жарылыс**

Дамушы елдердегі демографиялық жарылыс механизмін демографтар нақты және жан-жақты зерттеді. Ол XX ғасырдың екінші жартысының басында Азия, Африка және Латын

Америкасы елдерінде қалыптасқан демографиялық жағдайдың заңды салдарына айналды. Бұл жағдай үшін екі басты ерекшелікті қасиеттер тән болды.

Біріншіден, бұл елдер саяси тәуелсіздіктерін жеңіп алғаннан кейін медицинаның әлемдік жетістіктерін барынша кеңінен пайдалану, негізінен әр түрлі сырқаттардың, оның ішінде эпидемиялық түрлерінің алдын алу мүмкіндігіне ие болды.

Өлім-жітім көрсеткіштерінің төмендеуіне, сондай-ақ жас мемлекеттердің экономикалық және мәдени дамуы саласындағы алғашқы табыстары қолайлы әсерін тигізді. Соның нәтижесінде өлім коэффициенті өте қысқа мерзім ішінде шамамен екі есе төмендеді, бұған дейін тарихта осындай қысқа мерзім ішінде өлім-

жітімнің мұндай қысқаруы болып көрген емес.

Екіншіден, өлім-жітімге қарағанда, туу тұрғысынан жоғары және тіпті өте жоғары деңгейде көрсеткіштерін сақтауға бағытталған дәстүрлі демографиялық ахуал әлі де ұзақ уақыт жалғаса түсті. Қазіргі уақытта жыл сайын дүниеге келетін 145 млн баланың 125 млн-ы дамушы елдердің үлесінде.

Туу және өлу процесіндегі өзгерістердің уақытпен нақ осындай сәйкес келмеуі әлемнің көптеген елдерінде осы уақытқа дейін болмаған демографиялық жарылысқа алып келді.

9-кестеде ХХ ғасырдың екінші жартысында әлемдік қоныстанудың ірі аймақтарындағы үлестердің өзгеруі құрлықтар бойынша берілген.

9-кесте

### XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік қоныстанудың ірі аймақтарындағы үлестердің өзгеруі

Жылы	Әлем халықтарындағы үлесі, %						
	КСРО, Ресей	Шетелдік Еуропа	Шетелдік Азия	Африка	Солтүстік Америка	Латын Америкасы	Австралия және Мұхит аумағы
1950	7,1	15,5	55,1	8,7	6,6	6,5	0,5
1960	7,0	13,9	56,0	9,0	6,5	7,1	0,5
1970	6,5	12,3	57,4	9,6	6,1	7,6	0,5
1980	6,0	10,9	58,0	10,8	5,6	8,2	0,5
1990	5,4	9,4	58,8	12,2	5,2	8,5	0,5
2000	4,7	8,3	59,6	13,5	4,9	8,5	0,5

XX ғасырдың ортасындағы үшінші демографиялық революцияны өнеркәсіптік төңкерістер дәуіріндегі екінші демографиялық революциямен салыстыруға болады.

Бірақ бұл ретте олардың арасында сандық қана емес, сондай-ақ қандай да бір мөлшерде сапалық та шамада өте үлкен айырмашылықтар (белгілі бір ұқсастықтары болғандығына қарамастан) бар екендігін көрмей кетуге болмайды. Еуропадағы XVIII-XIX ғасырлардағы демографиялық көтерілу бәрінен бұрын әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістермен шарттастырылды, ал XX ғасырда дамушы елдерде ол, керісінше, әлеуметтік-экономикалық дамуды басып-озып кетті. Бұл уақытта бұл тұрғыдан олардың арасындағы ішкі дифферен-

циация салыстырмалы түрде әлсіз қадағаланды. Қазір барлық дамушы елдер халқының өсіп-өнуін сипаты бойынша үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топты демографиялық жарылыс толық деңгейде көрініп тұрған елдер құрайды. Олар үшін бұрынғыдай халықтың өте жоғары тууы және өте жоғары табиғи өсім тән. Бұл елдерде бір әйелге орта есеппен алғанда 6-9-ға дейінгі баладан келеді, ал халықтың орташа жылдық өсу қарқыны 2,1-3,7 %-ға дейін құрайды.

10, 11, 12-кестелерде санамаланған елдердің көпшілігі әлемнің Тропикалық Африка мен Оңтүстік-Батыс Азияда орналасқан төменгі дамыған елдерінің категориясына жататындығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

10-кесте

#### Әлемдегі туу көрсеткіші ең жоғары елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Туу көрсеткіші, ‰
1	Нигер	Африка	51,5
2	Мали	Африка	49,2
3	Чад	Африка	48,8
4	Сомали	Африка	47,7
5	Либерия	Африка	47,2
6	Ангола	Африка	46,9
7	Конго Демократиялық Республикасы	Африка	46,4
8	Сьерра-Леоне	Африка	45,6
9	Буркина-Фасо	Африка	45,3
10	Мадагаскар	Африка	45,1

11-кесте

## Әлемдегі өлім көрсеткіші ең жоғары елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Өлім көрсеткіші, ‰
1	Ангола	Африка	25,0
2	Мозамбик	Африка	23,3
3	Нигер	Африка	23,2
4	Зимбабве	Африка	22,4
5	Малави	Африка	22,4
6	Боствана	Африка	22,1
7	Замбия	Африка	22,1
8	Руанда	Африка	20,9
9	Свазиленд	Африка	20,4
10	Сьерра-Леоне	Африка	19,6

12-кесте

## Әлемдегі табиғи өсім көрсеткіші ең жоғары елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Табиғи өсім, ‰
1	Маршалл аралдары	Мұхит аймағы	3,88
2	Палестина	Азия	3,88
3	Майотта аралы (Фр.)	Африка	3,62
4	Сан-Томе және Принсипи	Африка	3,52
5	Оман	Азия	3,39
6	Йемен	Азия	3,36
7	Чад	Африка	3,31
8	Сауд Арабиясы	Азия	3,15
9	Конго Демократиялық Республикасы	Африка	3,11
10	Мальдив аралдары	Азия	3,06
11	Либерия	Африка	3,06

БҰҰ-ның статистикасына сәйкес бұл топтағы елдердің барлығы үшін халықтың орташа жылдық өсуі 1995-2000 жылдары 2,4 %, ал олардың кейбіреулерінде одан да жоғары болды.

2000 жылға әлемнің нашар дамыған елдері халқының жалпы саны 650 млн адамға дейін өскен. Африка, Азияның, ішінара сондай-ақ Латын Америкасы мен Мұхит аймағының

нашар дамыған және көптеген басқа да дамушы елдері бірінші топқа жатады.

1990 жылдардың соңына қарай әлемде барлығы халықтың табиғи өсуінің қазіргі заманғы деңгейінде оның екі еселенуі 25 жылда немесе одан да жеделірек өтуі тиіс 36 ел есептелді. Африкада мұндай елдері саны 19, олардың арасында топ бас-таушылар ретінде Ливия мен Тогоны (халықтың екі есеге көбеюі ол жер-лерде 19 жылда өтуі тиіс), Сан-Томе мен Принсипи (20), Нигерия, Чад және Свазилендті (21 жыл) атауға бо-лады. Шетелдік Азияда мұндай елдер мен аймақтардың саны 11, ал олардың арасында Палестина (халықтың екі еселенуі Газ Секторында 5 жылда, Иордан өзені Батыс жағалауында 21 жылда), Оман (18 жылда), Йе-мен мен Мальдивта (21 жылда) өтуі тиіс. Латын Америкасында 25 жыл

және одан аз уақыт ішінде халықтың екі еселенуі күтілетін елдер тобы-на Гватемала, Гондурас пен Никара-гуа, ал Мұхит аумағында – Вануату, Сүлеймен аралдары және Маршалл аралдары жатады.

Екінші топқа соңғы он бес-жиырма жылдықтар көлемінде демогра-фиялық жарылыс анық төмендеуге қарай кеткен дамушы елдер кіреді. Олар әзірге демографиялық өтпелі-ліктің екінші кезеңінде тұрғанымен, оларда өлім-жітім коэффициенті ғана емес, сондай-ақ туу коэффициентінің де төмендеуі басталып кетті. Соның нәтижесінде табиғи өсім коэффи-циенті де төмендей бастады. Ал туу-дың жалпы коэффициентіне келетін болсақ, ол біріншіге қарағанда, екінші топта екі есе аз. Халықтың табиғи өсімінің орташа жылдық қарқыны да 1,5-2 есе аз. Мұндай елдердің мыса-лы 13, 14-кестелерде келтірілген.

13-кесте

**Әлемдегі туу көрсеткіші ең төмен елдер (XXI ғ. басы)**

№	Ел	Аймақ	Туу көрсеткіші, ‰
1	Латвия	Еуропа	7,8
2	Болгария	Еуропа	8,1
3	Эстония	Еуропа	8,4
4	Украина	Еуропа	9,0
5	Ресей Федерациясы	Еуропа/Азия	9,0
6	Италия	Еуропа	9,1
7	Испания	Еуропа	9,2
8	Беларусь Республикасы	Еуропа	9,3
9	Венгрия	Еуропа	9,3
10	Германия	Еуропа	9,3

## Әлемдегі өлім көрсеткіші ең төмен елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Өлім көрсеткіші, ‰
1	Солтүстік Мариан аралдары (АҚШ)	Мұхит аймағы	2,4
2	Кувейт	Азия	2,5
3	Иордания	Азия	2,6
4	Бруней	Азия	3,4
5	Ливия	Африка	3,5
6	Аомынь (Қытай)	Азия	3,6
7	БАӘ	Азия	3,7
8	Бахрейн	Азия	3,9
9	Гуам аралдары (АҚШ)	Мұхит аймағы	4,2
10	Катар	Азия	4,2

Екінші топқа әлеуметтік-экономикалық дамудағы дамушы елдер снетіндігін байқау қиын емес. Оларда екі еселену кезеңі 35-55 жасқа дейін ауытқиды.

Демографиялық өтпеліліктің үшінші кезеңіне іс жүзінде кірген дамушы елдердің үшінші тобы қалып тұр. Оларда туу коэффициенті әдетте 20 %-дан аспайды, ал халықтың өсуінің орташа жылдық қарқыны – 1%. Мұндай елдердің мысалы ретінде Қытай, Таиланд, Аргентинаны атауға болады.

Дамушы әлемнің кейбір ірі елдерінде өлім-жітімнің төмендеу динамикасы ерекше назар аудартады. 1960-2000 жылдары дамыған елдерде

бұл көрсеткіш көлемі 20 %-ға, ал дамушы елдерде 2-3 есе: Қытайда – 24-тен 7 %-ға, Үндістанда – 22-ден 9-ға, Индонезияда 23-тен 6-ға, Бангладеште 28-ден 9-ға, Нигерияда 25-тен 14 %-ға төмендеді. Бұдан басқа, 1960 жылдардың басында өлім-жітімнің жалпы коэффициенті Қытайда немесе Индонезияда тиісті көрсеткіштен дамыған елдер бойынша екі-үш есе асып кетті, ал XXI ғасырдың шегінде ол дамыған елдердің көпшілігіне қарағанда төмен болып қалды.

Демографиялық болжамдар XXI ғасырдың бірінші он жылдығында бірінші топтағы елдер саны қысқартындығы, ал екінші және үшінші топтарда өсетіндігі туралы айтады.

### 3.4. Демографиялық дағдарыс

Әлемнің экономикасы дамыған елдері демографиялық өтпеліліктің екінші кезеңінен өтіп, халықтың табиғи өсім көрсеткіштері төмендеуі тән болатын оның үшінші кезеңіне енді. Кейінгі уақытқа дейін бұл тұрғыдан олардың арасында қандай да бір өте елеулі айырмашылықтар болмаған. Соңғы жылдары елдердің бұл тобында мейлінше күшті дифференциация өте бастады, ал қазірдің өзінде оны да үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа халықтың кеңейген өсіп-өнуін қамтамасыз ететін, ең кем дегенде бала тууы мен табиғи өсімнің орташа көрсеткіштері тән болып келетін мейлінше қолайлы демографиялық ахуал сақталған елдер кіреді. Мұндай түрдегі елге мысал ретінде 2000 жылы  $14,2\% - 8,7\% = 5,5\%$  деңгейінде сақталған өсіп-өну «формуласы» (туу-өлу = табиғи өсім) бар АҚШ-ты келтіруге болады. Тиісінше, халықтың орташа жылдық өсімі  $0,55\%$  құрады. Бұл топқа халықтың орташа жылдық өсімі ең болмағанда  $0,3-0,5\%$  мөлшерінде орналасқан Канада, Франция, Нидерланды, Норвегия, Ирландия елдерін жатқызуға болады. Мұндай өсу қарқынында бұл елдердегі халықтың екі еселенуін 100-200 жылдан соң күтуге болады.

Екінші топқа енді іс жүзінде халықтың кеңейтілген өсіп-өнуін қамтамасыз ете алмайтын елдерді жатқызу керек. Оған негізінен 1990 жылдардың ортасының өзінде туудың жиынтық коэффициенті 1,5 көрсеткішке дейін төмендеген Еуропаның елдері жатады. Бұл елдердің кейбіреулері әлі де өлім-жітімге қарағанда туудың аздаған артықшылығына ие. Басқалары, халықтың «нөлдік» өсімі бар елдер мейлінше көбірек. Олар, мысалы, Австрия, Бельгия, Испания.

Үшінші топ халықтың теріс табиғи өсімдегі елдерді біріктіреді. Елдердің бұл тобындағы туудың жиынтық коэффициенті мейлінше төмен. Халықтың «минустық» өсімімен мұндай елдер саны 1990-2000 жылдары 3-15-ке дейін өсті. Олардың Грузиядан басқасының бәрі Еуропада орналасқан (15-кесте).

Үшінші топтағы елдер демографиялық дағдарыс аймағына кірді десек, бұл қателік бола қоймайды. Бірінші кезекте оған тұрғындар арасында жас буындағы ұрпақтың азаюына алып келетін жедел, кейде тіпті тасқынды деп айтуға боларлық туу көрсеткішінің төмендеуі жатады. Бұл құбылысты демографтар кейде төменнен қартаю деп атайды. Одан әрі, материалдық игіліктердің көтерілу деңгейі жағдайында адамдардың өмір сүруінің орташа ұзақ-



тығы ұлғаюы болжамдағанға қарағанда тұрғындар арасында ересек жастағылардың (ұрпақ бермейтін)

жедел ұлғаюына әкеледі, ал мұны зерттеушілер әдетте жоғарыдан қартаю деп атайды.

15-кесте

## Халықтың теріс табиғи өсіміндегі Еуропа елдері

Ел	Туудың жалпы коэффициенті, %	Өлімнің жалпы коэффициенті, %	Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті, %	Туудың жиынтық коэффициенті
Грузия	10,9	14,5	-3,6	1,6
Румыния	10,8	12,3	-1,5	1,4
Швеция	10,0	10,6	-0,6	1,4
Литва	9,8	12,9	-3,1	1,7
Беларусь	9,3	14,0	-4,7	1,5
Венгрия	9,3	13,3	-4,1	1,7
Германия	9,3	10,5	-1,1	1,3
Словения	9,3	9,9	-0,6	1,3
Италия	9,1	10,0	-0,9	1,2
Чехия	9,1	10,9	-1,8	1,4
Украина	9,0	16,5	-7,4	1,4
Ресей	8,7	15,3	-6,6	1,35
Эстония	8,4	13,6	-5,1	1,3
Болгария	8,1	14,6	-6,6	1,45
Латвия	7,8	14,9	-7,1	1,4

Алайда бұл туындаған дағдарысты тек қана демографиялық себептерден туындады деп түсіндіруге ұмтылу дұрыс болмас еді. Оның туындауына сондай-ақ отбасы дағдарысы секілді құбылыстар тудыратын көптеген әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, медициналық-әлеуметтік, адамгершілік факторлар да әсерін тигізді.

Екінші және үшінші топтағы елдерде отбасының орташа мөлшері

соңғы уақыттары 2,2-3 адамға дейін азайды. Сондай-ақ отбасы беріктігі ажырасулар санының ұлғаюымен, некеге рәсімдеусіз бірге тұру үрдісінің ұлғаюымен, некесіз балалардың саны күрт өсуімен әлсірей түсті.

1960 жылдардың басының өзінде шетелдік Еуропада ажырасулар саны 1000 некеге шаққанда 100-200-ге дейін ауытқыды, ал 1990 жылдардың соңында ол 200-300-ге дейін өсті. Ұлыбританияда және Францияда

мәселен, некесіз туған балалар 30 %-дан асты. Данияда одан да жоғары – 40 %. Бұл тұрғыдан 50 %-дан астам көрсеткішті ұстанған Швеция, Норвегия және Исландия, т.б. атауға болады.

Орталық-шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдерінде (Чехия, Венгрия, Румыния, Болгария, т.б.) 1990 жылдарда саяси құрылысты реформалаудың ауыр кезеңінен өткендігі және әміршілдік-жоспарлы түрден рыноктық экономикаға өтудің ықпалы тиді. Литва, Латвия, Эстония да осындай жайларды бастарынан өткерді. Ал Ресей, Беларусь, Украинада демографиялық ахуалдың табиғи нашарлауы 1990 жылдардағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыспен сәйкес келді.

Ресейге келетін болсақ, XX ғасырда мұнда демографиялық жағдай қалыпты болмады. Демографиялық өтпеліліктің бірінші кезеңі XX ғасырдың басында аяқталды, бірақ нағыз демографиялық жарылыс одан әрі туындаған жоқ.

Бұдан басқа, Ресей жарты ғасыр бойы үш демографиялық дағдарысты бастан өткерді: Бірінші дүниежүзілік және Азамат соғысын, ұжымдастыру және ашаршылық жылдарын және Ұлы Отан соғысын.

XX ғасырдың 60-80-жылдарында елде демографиялық ахуал тұрақтанпды, 1989 жылдың өзінде халық-

тың табиғи қозғалысы «формуласы» былайша көрініс тапты:

$$19,6\% - 10,6\% = 9\%.$$

Алайда 1990 жылдары жаңа демографиялық дағдарыс басталды. 1992 жылдан бастап Ресейде халықтың абсолютті азаюы орын алды. Бұған мынаны қосуға болады: РСФСР-да 1988 жылы бір әйелге 2 баладан келсе (КСРО-да тұтасынан – 2,2 бала), ал 1990 жылдың соңына бұл көрсеткіш 1,17 балаға дейін түсті, ал тұрғындардың тұрақты өсуі үшін екі баладан артық қажет. 2000 жылы 1000 тұрғынға есептегенде неке саны 6,2-ге дейін төмендеді (1955 жылы – 12,1), ал ажырасулар саны 4,3-ке дейін ұлғайды (1955 жылы – 0,8). Демографиялық болжамдарға сәйкес, Ресей халқының саны XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында азаюды жалғастырады, 1990 жылы дүниеге келген аз санды ұрпақ бұл кезде кәмелетке толады, ал XX ғасырдың 50-жылдарында дүниеге келген ең көп санды ұрпақ жұмыс жасынан асады. Соның нәтижесінде 2015 жылға Ресейде тұрғындардың саны 134 млн адамға дейін азаюы мүмкін.

Демографиялық жарылыстың да, дағдарыстың да артықшылықтары, сондай-ақ кемшіліктері болатындығын атап өтуіміз қажет. Сондықтан да кейбір ғалымдар әр түрлі аймақтар мен елдер үшін бірыңғай

тұжырымдамада сандық жағынан бірдей бола бермейтін демографиялық оптимум ұғымын ұсынып келеді.

### 3.5. Өлем тұрғындарының сапасы

Халықтың сапасы туралы ұғым да әзірге орнығып кете қойған жоқ. Оның құрылымын, құрамдас бөліктерін тұжырымдауда әзірге айқын және жалпы қабылданған анықтама жоқ. Соған қарамастан, бұл ұғымның бөліктері ретіндегі үш басты буындар мыналар болып саналады:

- 1) халықтың денсаулығы;
- 2) халықтың білім деңгейі;
- 3) халықтың біліктілік және кәсіби деңгейі.

Бұл қысқаша тізімнің нақ адамдардың денсаулығынан басталатындығы кездейсоқ емес. Соңғы уақыттары қалай болғанда да әлемнің экономикалық дамыған елдерінде халықтың сапасын сипаттайтын барлық көрсеткіштер арасынан денсаулықты бірінші орынға қояды. Әрбір адамның, тіпті күллі қоғамның толыққанды тіршілігі мен қызметінің негізі деп те санайды. Дамыған елдерге қарағанда, дамушы елдердің көпшілігіндегі басымдықтардың бұлай ауысуы әзірге өте қойған жоқ, сондықтан да халық денсаулығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер

елдердің бұл тобында айрықша ерекше бөлінеді.

Біріншіден, бұл денсаулық сақтауға кететін шығындарға қатысты. АҚШ-та, Германияда, Швейцарияда олар жалпы ішкі өнімнің 10 %-ынан асады, ал Францияда, Нидерландыда, Чехияда, Канадада, Австралияда 10 %-ға жақындайды, ал Тропикалық Африкада әдетте мұндай шығындар 2-3 % шамасында орналасады, Суданда, мәселен, жалпы ішкі өнімнің 0,3 %-ын құрайды.

Екіншіден, бұл медициналық қызмет көрсетудің дамуы. Дамыған елдерде әдетте барлық тұрғындар, ал дамушы елдерде оның аз бөлігі (мәселен, Чадта 1/4 бөлігі) оны пайдаланады. Бұл аздаған аморфты көрсеткіштерді нақтылай отырып, денсаулық сақтау жүйесін дамыту туралы, оның ішінде қарама-қайшылық ұстанымы бойынша нақты сандық деректерді келтіруге болады.

16-кестеде халықтың медициналық көмекпен қамтамасыз етілген мемлекеттер көрсеткіштері берілген. Кесте мәліметтері экономикалық дамыған елдер (олардың арасында бұрын КСРО құрамына кірген елдер басымдықта) мен Африка және Азияның дамушы елдері арасында өте үлкен айырмашылықтар бар екенін айқын көрсетеді. Қосымша ретінде 1000 тұрғынға есептегенде аурухана төсегі саны туралы мәліметтерді де

келтіруге болады. Бұл ретте Швейцария топ басында көрініп тұр деуге болады (20). Одан кейін Жапония, Норвегия, Беларусь, Ресей, Молдова, Украина, Латвия, Нидерланды, Болгария, Моңғолия тұр (10-20). Бұл тізімнің екінші шетінде Габон, Конго (Браззавиль), Папуа-Жаңа Гвинея орналасқан (3-4). Атап айтарлығы, бұл көрсеткіш көптеген жоғары дамыған елдерде де мейлінше төмен: мәселен, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Канадада, Корея Республикасында,

Сингапурда ол 1000 тұрғынға 4-тен 5 төсекке дейінгі шекте орналасқан.

Халық денсаулығын бағалаудың маңызды өлшемдерінің бірі ретінде біз айтып өткендей, өлім-жітім көрсеткіштері де қызмет етеді. Алайда, демографиялық статистика, оның ішінде халықаралық та бар, өлім-жітім коэффициентіне ғана емес, сондай-ақ, ұлт денсаулығын одан да ауқымды деңгейде көрсететін сәбилер өлімі коэффициентіне де ерекше назар аударады.

16-кесте

### Халықтың медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі

Медицина қызметкерлері көп елдер	100 мың адамға шаққандағы дәрігерлер саны		Медицина қызметкерлері аз елдер
Италия	570	3	Эфиопия
Ресей	470	4	Ангола
Беларусь	465	7	Конго (Киншаса)
Украина	455	10	Филиппин
Испания	420	16	Индонезия
Молдова	405	19	Нигерия
Грекия	395	19	Бангладеш
Литва	395	21	Марокко
Чехия	385	27	Таиланд
Грузия	385	38	Иран

Бұл термин ретінде сәбилердің өмірінің бірінші жылындағы (0-12 ай ішіндегі) өлім-жітім ұғынылады. Сәбилер өлімі әдетте қартайған және егде тартқан жастағыларды қоспағанда, барлық өзінен кейінгі

жас топтарындағы өлім-жітімнен елеулі түрде асып кетеді.

Дүние жүзінде сәбилер өлімінің бірте-бірте азаюына толығынан заңды түрдегі ағымдар байқалады, бұл тіршілік жағдайларының жақ-

саруымен және денсаулық сақтау саласындағы табыстармен түсіндіріледі. Алайда дамыған және дамушы елдер арасындағы бұл көрсеткіштегі айырмашылықтар әлі де мейлінше үлкен көлемде қалуда.

Бұл айырмашылықтар әлемнің ірі аймақтары мен елдердің негізгі топтарын салыстыруда білінеді. Мәселен, 1000 тірі туылған балаларға 57 өлім болатын орташа дүниежүзілік көрсеткіште экономикалық дамыған елдерде ол 9/1000 құраса, дамушы елдерде

62/1000, ал нашарлау дамыған елдерде 100/1000 болып тұр. Ірі аймақтардың көрсеткіштері де осыған сәйкестікте ерекшеленеді: Солтүстік Америкада – 7/1000, шетелдік Еуропада – 12/1000, Австралияда және Мұхит аумағында – 24/1000, Латын Америкасында – 35/1000, шетелдік Азияда 56/1000 және Африкада – 86/1000. Жекелеген елдерді салыстыруда бұл айырмашылықтар бұдан да көрнекті көрінеді.

17-кестеде келтірілген мәліметтерден белгілі болғандай, сәбилер

17-кесте

#### Ең төменгі және ең жоғарғы сәбилер өлімі тиесілі жиырма ел

Ең төменгі сәбилер өлімі тиесілі елдер	100 мың адамға шаққанда өмірінің бірінші жылында өлген нәрестелер саны		Ең жоғарғы сәбилер өлімі тиесілі елдер
Жапония	4	182	Сьерра-Леоне
Норвегия	4	170	Ангола
Швеция	4	166	Нигер
Финляндия	4	165	Ауғанстан
Сингапур	4	157	Либерия
Швейцария	5	144	Мали
Германия	5	134	Малави
Австрия	5	130	Гвинея-Бисау
Австралия	5	129	Мозамбик
Франция	5	128	Конго (Киншаса)
Дания	5	125	Сомали
Словения	5	124	Гвинея
Чехия	5	120	Мавритания
Ұлыбритания	6	118	Чад
Нидерланды	6	113	ОАР
Италия	6	112	Нигерия
Ирландия	6	112	Замбия
Бельгия	6	110	Эфиопия
Канада	6	109	Буркина-Фасо
АҚШ	6	106	Бурунди

өлімінің төменгі көрсеткіштері Шетелдік Еуропада басымдықпен орналасқан, неғұрлым дамыған елдерде, сондай-ақ Солтүстік Америкада, Австралияда және Мұхит аймағында бар. Сәбилер өлімінің мейлінше жоғарғы көрсеткіштері бар елдер арасында нашар дамыған мемлекет Тропикалық Африка басымдықта тұр. Ресей денсаулық сақтаудың деңгейінің бірқатар маңызды көрсеткіштері бойынша әлемнің елдерінің алғашқы ондығына кіреді. Алайда сәбилер (16,5/1000) және балалар (20/1000) өлімдері көрсеткіштері бойынша ол Албания, Румыния және Молдавияны ғана артта қалдырып, Еуропада соңғы орындардың бірінде тұр. ТМДның басқа елдерінен Тәжікстанда (32/1000) және Түркменияда (42/1000) сәбилер өлімі ерекше жоғары тұр.

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің бүкіл маңыздылығы жағдайында халықтың денсаулық жағдайының бәрібір ең жинақтаушы көрсеткіші болып орташа күтілетін өмір ұзақтығы саналады.

**Халық сапасы: орташа өмір ұзақтығы.** Орташа өмір сүру ұзақтығы – адамдардың өлім-жітімін жинақтап сипаттауды білдіретін маңызды демографиялық категориялардың бірі.

Ғалымдар адам өмірінің орташа ұзақтығы 110-115 және тіпті 120-140 жас құрайды деп санайды. Алайда көптеген биологиялық және

әлеуметтік-экономикалық факторлар әсерінен елеулі түрде аз.

Ежелгі Римде және Ежелгі Грекияда тіршіліктің орташа ұзақтығы барлығы 25 жас болғандығы туралы көптеген дәлелдер бар. Орта ғасырларда ол шамамен 30 жасқа дейін ұлғайды. Ресейде XIX-XX ғасырлар аумағында ол 32 жасқа дейін көтерілді. Әрине, бұл орташа көрсеткіштер сол кезеңдердегі ұзақ жасаушылар болғандығын жоққа шығармайды. Мысалы, Юлий Цезарьды өлтіргенде, ол 60 жаста болатын. Платон 81 жасында дүние салды. Микеланджело – 89, Гете – 83, Ньютон 84 жасқа жетті.

1800 жылдың өзінде Жер бетіндегі адамдар өмірінің орташа ұзақтығы 40 жас шамасын құрады. XX ғасырда адамзат өркениетінің одан арғы прогресі ретіне қарай және бәрінен бұрын өлім көрсеткіші азаюымен, оның ішінде нәрестелер және балалар да бар, орташа өмір ұзақтығы көрсеткіші көтерілуге есепті ағымға ие болды. Орташа өмір сүру ұзақтығы Шетелдік Азияда, Латын Америкасында, Австралияда және Мұхит аймағында өсуді жалғастыруда, бірақ ТМД елдерінде, шетелдік Еуропада, Солтүстік Америкада, сондай-ақ Африкада (бірақ басқа себептермен) төмендей бастады.

Ерлер мен әйелдердің күтілетін өмір сүру ұзақтығының үлкен айыр-

машылығы да өзіне назар аудартады. Бұл айырмашылық жалпы орта сипатқа ие және ерлер мен әйелдер организмiнiң кейбiр ерекшелiктерiне негiзделген, бiрақ бұған әлеуметтiк-экономикалық факторлардың әсерi де қосылады (ерлер арасындағы жоғары өлiм мен оның себептерi туралы жоғарыда айтылды).

Демографиялық статистикалық талдау осы маңызды көрсеткiштер бойынша әйелдердiң барған сайын ерлердi «басып-оза бастағанын» дәлелдейдi. 1950 жылдардың II жартысында дүние жүзiнде әйелдер ерлерге қарағанда 2,4 жыл артық өмiр сүрдi, ал 1980 жылдардың II жартысында бұл айырмашылық 2,9 жылға, XX ғасырдың соңында 4,3 жылға жеттi. Бұл көрсеткiш бойынша олардың айрықша артық түсуi экономикасы дамыған елдер үшiн, ал жекелеген аймақтарда – шетелдiк Еуропада тұтасынан, сонымен бiрге үлкен деңгейде – ТМД елдерi үшiн тән. Ерлер мен әйелдер арасындағы бұл көрсеткiш бойынша үлкен айырмашылық Латын Америкасында да байқалады.

БҰҰ деректерi бойынша, жүзге толған адамдардың көбiсi Азияда (45 мың), Еуропада (39 мың), Солтүстiк Америкада (39 мың), ал Африка мен Мұхит аймағын қосқанда Австралияда ұзақ өмiр сүрушiлер 1 мыңнан келедi. 2050 жылға арналған бол-

жам жүзге толатын адамдар саны 2200 мың адам деп бағалайды (оның iшiнде 1850 мың әйел және 340 мың ер адамдар). Жүз жасқа толған адамдардың шамамен алғанда жартысы Азияда,  $\frac{1}{4}$  шамасы – Еуропада,  $\frac{1}{6}$  шамасы Солтүстiк Америкада, 126 мыңы – Латын Америкасында, 27 мыңы – Африкада, 24 мыңы – Австралияда және Мұхиттар аймағында болмақшы.

18-кестедегi статистикалық мәлiметтердi талдау барысы мынадай тұжырымдарға әкеледi. Бiрiншiден, Кубаны қоспағанда, онда экономикалық дамыған елдер ғана ұсынылған. Екiншiден, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия, Израиль, Кипр және Сингапурды қоспағанда, Батыс Еуропа мен Солтүстiк Американың елдерi ғана бар. Үшiншiден, ерлер мен әйелдер үшiн, барлық тұрғындар үшiн күтелетiн орташа өмiр ұзақтығының көрсеткiштерi бойынша неғұрлым жоғары рейтингке Жапония ие. Төртiншiден, кестеге кiрген елдердiң басым бөлiгiнде орташа өмiр сүру ұзақтығы көрсеткiшi ерлер үшiн 75 жастан, ал әйелдер үшiн 80 жастан асады. Бесiншiден, ерлерге қарағанда әйелдердiң басым түсуi бұл тұрғыда Еуропа елдерiнде – Германия, Италияда, Бельгияда, Швейцария, сондай-ақ АҚШ пен Жапонияда өте жоғары (5,5-тен 7-жасқа дейiн). Финляндияда, Испанияда және Ав-

стралияда ол 7 жастан, ал Францияда 8 жастан асады. Әрбір жағдайда мұндай айырмашылықтар арнайы түсіндіруді қажет етеді, алайда көзге

көрініп тұратын ортақ бір себеп – бұл Екінші дүниежүзілік соғыстың әлі де салдарын тигізіп келе жатқан демографиялық көріністері.

18-кесте

Орташа өмір сүру ұзақтығы жоғары жиырма бес ел (2000 ж.)

Елдер	Күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жас		
	Барлық халық	Ерлер	Әйелдер
Жапония	80,7	77,5	84,0
Австралия	79,8	75,4	82,7
Швейцария	79,6	76,7	82,6
Швеция	79,6	77,0	82,4
Канада	79,4	76,0	83,0
Исландия	79,4	77,2	81,8
Италия	79,0	75,8	82,4
Франция	78,8	74,8	82,9
Испания	78,8	75,3	82,5
Норвегия	78,7	75,7	81,8
Израиль	78,6	76,6	80,7
Грекия	78,4	75,9	81,2
Нидерланды	78,3	75,4	81,2
Мальта	77,9	75,5	80,6
Бельгия	77,8	74,5	81,3
Жаңа Зеландия	77,8	74,8	80,9
Ұлыбритания	77,7	75,0	80,5
Австрия	77,7	74,5	81,0
Германия	77,4	74,3	80,8
Финляндия	77,4	73,7	81,2
Сингапур	77,3	75,1	79,5
АҚШ	77,1	74,2	79,9
Ирландия	76,8	74,1	79,7
Кипр	76,7	74,4	79,1
Куба	76,2	73,8	78,7



Орташа күтілетін өмір сүру ұзақтығының неғұрлым төменгі көрсеткіштері бар әлем елдері 19-кестеде көрсетілген.

19-кесте

## Орташа өмір сүру ұзақтығы төмен елдер (1995-2000 жж.)

Елдер	Күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жас		
	Барлық халық	Ерлер	Әйелдер
Сьерра-Леоне	37,5	36,0	39,1
Малави	40,7	40,3	41,1
Уганда	41,4	40,5	42,3
Руанда	42,1	40,8	43,4
Замбия	43,0	42,2	43,7
Гвинея-Бисау	43,8	42,4	45,2
Ауғанстан	45,5	45,0	46,0
Буркина-Фасо	46,0	45,1	47,0
Ангола	46,5	44,9	48,1
Гвинея	46,5	46,0	47,0
Мозамбик	46,9	45,5	48,4
Гамбия	47,0	45,4	48,5
Бурунди	47,2	45,5	48,8
Чад	47,7	46,3	49,3
Мали	48,0	46,4	49,7
Нигер	48,5	46,9	50,2
Зимбабве	48,5	47,6	49,4
Орталық Африка Республикасы	48,6	46,4	51,0
Сомали	49,0	47,4	50,6
Эфиопия	49,9	48,4	54,6
Того	50,1	48,8	51,5
Ботсвана	50,4	48,9	51,7
Эритрея	50,6	49,1	52,1
Конго (Браззавиль)	50,9	48,6	53,4
Кот-д'Ивуар	51,0	49,9	52,2

18, 19-кестелердегі статистикалық мәліметтерді талдау бірнеше тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, онда Ауғанстанды

қоспағанда, әлемнің әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан ең артта қалған аймағы – Тропикалық Африка елдері ғана ұсынылған. Екіншіден,

елдердің алғашқы ондығы кестенің барлық үш бағанында да тұрақты күйінде қалады. Үшіншіден, өмір сүру ұзақтығының ең төменгі көрсеткіші Сьерра-Леоне болып табылады, онда Батыс Еуропаның көптеген елдеріне, Жапония, Канада және Австралияға қарағанда, ол екі есе төмен. Төртіншіден, Тропикалық Африка елдерінде ерлер мен әйелдердің орташа өмір сүру ұзақтығы арасындағы айырмашылық байқалғанымен, әдетте екі-үш жылдан аспайды. Бесіншіден, бұл аймақтың бірде-бір елінде ер адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы 50 жастан аспайды. Мұндай жағдай – африкалық елдерде халықтың жоғары өлім-жітімінің әлі сақталып келе жатқандығының тікелей көрінісі.

Азия, Африка және Латын Америкасының неғұрлым ірі және дамыған елдері тобы оған кірмейді. Бұл елдерде экономикалық дамуға қарағанда, орташа тіршілік ету ұзақтығы көрсеткіштері елеулі түрде тез өскенін мынадай деректер айғақтайды. 1960 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде күтілетін орташа өмір сүру ұзақтығы былай өсті: Қытайда – 40-тан 71 жасқа дейін, Үндістанда – 43-тен 63 жасқа дейін, Индонезияда – 41 жастан 68 жасқа дейін, Нигерияда – 39-дан 52 жасқа дейін, Мысырда – 46-дан 63 жасқа дейін, Бразилияда – 37 жастан 63 жасқа дейін, Мексикада – 57-ден 72 жасқа дейін.

Ресей орташа өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштері бойынша дүние жүзінде біршама ерекше орынға ие. 1960 жылдардың ортасына дейін елде бұл көрсеткіштің тұрақты өсуі байқалды. Содан кейін ол ерлердің төмендеуімен және әйелдердің тоқырауымен алмасты. 1980 жылдардың басына қарай өмір сүру ұзақтығы ерлерде 61,5 жасқа, ал әйелдерде 73 жасқа дейін төмендеді. 1980 жылдардың екінші жартысында қайта құрудың және маскүнемдікке қарсы науқанның басталуымен ол қайтадан өсе бастады, бірақ 1990 жылдары дағдарысты жағдайлардың өсуіне, өлім-жітімнің көбеюіне және қоршаған ортаның нашарлай түсуіне қарай жаңа құлдырау жүріп өтті. Ресейде алда тұрған өмірдің орташа ұзақтығы (65 жас) әлемнің барлық (ТМД сыртындағы) экономикалық дамыған елдеріне, сондай-ақ көптеген дамушы елдерге қарағанда, мейлінше төмен күйінде қалуын жалғастыруда. Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының 2000 жылы жариялаған ресми деректеріне сәйкес бұл көрсеткіш бойынша ол Тунис пен Гондурастың арасындағы 91 орынды иеленеді.

Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының эксперттерінің пікірінше, бұл жүрек-қан тамырлары аурулары мен қатерлі ісікке жол ашатын ішімдік пен темекіні тұтынудың жоғары деңгейіне байланысты. Отандық

демографтар бұл құбылыстың негүрлым нақтылы талдауын береді. Олар тамақтанудың төменгі сапасын, тіпті кейде жетпестігін, медициналық қызмет көрсетудің нашарлауын, дәрілерге қаралу бағасының қымбаттығын, қоршаған ортаның үдемелі ластануын, жүйке-жүрекке жүктеменің көбеюін, өндірістегі жаракат алушылықты, алкоголизм мен наркоманияның өсуін атап көрсетеді. Батыс елдерінде ер адамдар Ресейден де жоғары зейнеткерлік жасқа жетіп, одан соң да 10-15 жыл өмір сүру мүмкіндігіне ие, ал Ресейде көптеген ер адамдар төменгі зейнеткерлік жас болғанның өзінде, соған жетпестен өмірден өтіп кетеді.

**Халық сапасы: білім және біліктілік.** Халықтың сапасын сипаттайтын маңызды құрамдас бөлік ретінде еңбек ресурстарының білім деңгейі мен біліктілігі туралы мәліметтер қызмет етеді.

ЮНЕСКО деректеріне сәйкес, 1950 жылы әлемнің ересек тұрғындары арасында қарапайым сауатсыздардың үлесі 44 % құрады. 1990 жылға қарай сауатсыздық деңгейі 26,9 %-ға, ал 2000 жылға 20,6 %-ға дейін төмендеді.

Дамыған елдерде 1980 жылы қарапайым сауатсыз ересек адамдар 3,4 % болғаны туындайды. Алайда осы салыстырмалы жоғары емес көрсеткіштің өзі сауатсыздық деп ата-

латын ұғымды енгізумен байланысты өзіне көп назар аударды.

Сауатсыздық деп адамның қоғамдағы саяси өзгерістерге, экономикадағы құрылымдық, техникалық және технологиялық өзгерістерге, еңбек қызметіне байланысты қажетті түсіндірмелер мен нұсқамаларды ұғынуға бейімделуге қабілетсіздігі деп түсіндіріледі. Сондықтан АҚШ-та 23 млн-ға жеткен, Ұлыбританияда 6 млн адамға жеткен функционалды сауатсыздық жұмыссыздықтың басты себептерінің бірі болып саналады.

Соңғы кезде БҰҰ статистикасы дамыған елдердегі сауатсыздық туралы іріктеме мәліметтерді ғана жариялайды. Ол бойынша, мәселен, Еуропада оның оңтүстік бөлігіндегі елдер – Испания, Грекия және айрықша түрде Португалия (ерлерде 8 %, әйелдерде 16 %) біршама үлкен үлеспен ерекшеленетіндігін бағамдауға болады.

Дамушы елдерге келетін болсақ, сауатсыздардың абсолютті саны бойынша 1980 жылы бәрінен бұрын Үндістанның (251 млн адам), Қытайдың (219 млн), сондай-ақ Пәкістанның (43 млн), Бангладештің (42 млн), Индонезияның негізінде Оңтүстік және Шығыс Азия ерекшеленіп көрінді. Әлемде барлық сауатсыздардың тең жартысынан астамы – Үндістан мен Қытайға келген.

БҰҰ Бас Ассамблеясы ЮНЕСКО-ның бастамасымен 1990 жылды Халықаралық сауаттылық жылы деп жариялады. Оның қорытындыларын кейін БҰҰ органдары қарап, сауатсыздықтың әр түрлі формаларын жою және алдын алу бойынша шаралар алу және барлығы үшін білім беруді енгізу туралы тиісті шешімдер қабылдады. 2000 жылға сауатсыздар санын 22 %-ға дейін қысқартып, барлық балаларды бастауыш біліммен қамтуды қамтамасыз ету белгіленді. Бұл жоспарды толық жүзеге асыру мүмкін болмаса да, оңға қарай біршама өзгерістер орын алды. Мәселен, 2000 жылы 15 жастан жоғарылар арасында сауатсыздардың үлесі Африкада Сахарадан оңтүстікке қарай 38 %-ға, Таяу және Орта Шығыстағы араб елдерінде 38,5 %-ға, Латын Америкасында 11,8 %-ға, Шығыс Азияда 13,2 %-ға, Оңтүстік Азияда 46,3 %-ға дейін төмендеді. Кейбір дамушы елдер (Ботсвана, Намибия, Зимбабве, Тунис, Лесото) енді бұл тұрғыдан әлемнің дамыған елдерінің біразын артқа тастап, өз ішкі жалпы өнімінің 7-10 %-ын білім беруге жұмсайды. Оның үстіне 15 жастан асқан тұрғындары арасында сауатсыздық үлесі көп бірқатар дамушы елдер сол күйінде қалуларын жалғастыруда.

20-кестеде Африканың 14 елі, Азияның 5 елі және Латын Америкасының бір елі ұсынылған. Әйел

тұрғындар арасындағы сауаттылықтың елеулі неғұрлым төменгі деңгейі өзіне назар аудартады. Барлық тұрғындар арасында, негізінен әйелдер арасында сауатсыздардың үлесі бойынша әлемдегі ең жоғары көрсеткіш Нигер мемлекетінде болып отыр.

Тұрғындар арасында сауатсыз адамдарының үлесі әлі де мейлінше елеулі болып отырған бірнеше ірі мемлекеттерді атауға болады. Азия елдерінен бұл Үндістан (сауатсыздардың 44 %), Иран (29), Африка елдерінен – Мысыр (49), Алжир (42), Латын Америкасы елдерінен – Боливия (18), Бразилия (17), Мексика (15 %). Қытайда сауатсыздардың үлесі 15 % құрайды, оның ішінде әйелдер арасында – 25 %. Бұған қосатын бір жайт, дамыған және дамушы елдер арасындағы білім беру мерзіміндегі елеулі айырмашылық сақталуы жалғаса түсуде. Дамыған елдер тобында білім берудің орташа ұзақтығы 10 жыл (АҚШ, Канада, Батыс Еуропаның кейбір елдерінде – 12 жыл және тіпті одан да көп), ал дамушы елдерде – төрт жыл шамасында.

Жоғары білім жағдайын сипаттау үшін әр түрлі көрсеткіштер пайдаланылады. Мысалы, 100 мың тұрғынға есептегенде студенттердің саны ел дамуының жалпы деңгейімен және жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніммен бағыт түзейді (21-кесте). Сол қатардағы екінші көрсеткіш – 25-64

**Дамушы елдердегі тұрғындар сауатсыздарының үлесі (15 жастан жоғары)**

Елдер	15 жастан жоғары тұрғындар сауатсыздарының үлесі, %		Елдер	15 жастан жоғары тұрғындар сауатсыздарының үлесі, %	
	Ерлер арасында	Әйелдер арасында		Ерлер арасында	Әйелдер арасында
Нигер	78	93	Бангладеш	50	73
Буркина-Фасо	70	89	Гвинея	50	78
Эфиопия	59	71	Кот-д'Ивуар	49	66
Мали	57	72	Бурунди	46	64
Сенегал	55	75	Либерия	46	78
Сьерра-Леоне	55	82	Пәкістан	45	75
Ауғанстан	53	85	Непал	44	79
Гаити	52	57	Бутан	44	72
Бенин	52	79	Мозамбик	43	75
Мавритания	51	72	Марокко	41	67

жасқа дейінгі тұрғындар арасындағы университеттік біліммен адамдардың үлесі. Бұл көрсеткіш бойынша басқа елдерге қарағанда үлкен айырыммен АҚШ алға шығады (24%). Көрсеткіш 10-15%-ға дейінгі шекте орналасқан елдер тобына Батыс Еуропа елдері (Германия, Ұлыбритания, Франция, Испания, Солтүстік Еуропа елдері), сондай-ақ Канада, Австралия және Жаңа Зеландия кіреді.

Халықтың сапасы (еңбек ресурстары) сондай-ақ өндірістік күштердің жетекші компоненті ретінде жұмысшы күшінің біліктілігімен де сипатталады. Өз кезегінде, мұндай біліктілік білім деңгейіне, еңбек дағдыларының болуына, өндіріске тартымдылық дәрежесіне, т.б. қа-

тысты. Осының барлығы, бірге алғанда көп жағдайда дамуға ғана емес, сондай-ақ өндірістің орналасуына да әсерін тигізетін қолайлы іскерлік климатты қалыптастырады.

Еңбек ресурстарының біліктілігі тіпті жаңашылдық әлеуетке ие жұмысшы күші озық технологияға қарағанда, дамудың неғұрлым маңызды факторына айналғанда, ғылыми-техникалық революцияның қазіргі заманғы кезеңінде айрықша ерекше мәнге ие болды. Бұл постиндустриалдық қоғам үшін тән еңбектің барлық интеллектуалдануымен тікелей байланысты. XX ғасырдың соңында басталған еңбек ресурстарындағы революция туралы да айтылады.

## Әлем елдеріндегі студенттердің 100 мың адамға шаққандағы саны\*

Елдер	Студенттердің 100 мың адамға шаққандағы саны		Елдер
Канада	6980	1550	Мексика
АҚШ	5546	1450	Польша
Корея Республикасы	4756	1350	Түркия
Жаңа Зеландия	4675	1100	Бразилия
Норвегия	4111	1050	Сауд Аравиясы
Финляндия	3902	850	Иран
Испания	3719	850	Үндістан
Франция	3623	500	Шри-Ланка
Нидерланды	3352	400	Бангладеш
Аргентина	3300	350	Нигерия
Германия	2800	250	Пәкістан
Израиль	2800	125	Гана
Венесуэла	2800	100	Лаос
Италия	2500	60	Нигер
Болгария	2100	60	Малави
Чили	1950	20	Танзания
Таиланд	1750	15	Мозамбик
Мысыр	1700		

\* ТМД елдерінсіз.

Қызметкердің еңбек қабілеттілігін көтеру үшін ол үш бірізділіктегі сатыдан өту керек деп саналады: 1) жалпы мектептік білім; 2) кәсіптік білім алу; 3) алынған білімді еңбек қызметі саласында одан әрі білім алумен және өз бетімен білімін көтерумен қосарластыра пайдалану. Қазіргі әлем елдерінің көпшілігінде қазір орта, жоғары білімді реформалау жүзеге асырылуда. АҚШ-та 1990 жыл-

дардың ортасының өзінде-ақ орта білім алғандардың үлесі жұмысшы күші құрылымында 90 % құрады, ал аяқталған және аяқталмаған жоғары білім алғандар 55 %-дан асты.

Ресейде қазіргі кезде жеткілікті жоғары білім беру деңгейі сақталуда: оның шаруашылық салаларында жұмыс істеушілердің 1/3 дерлік жоғары және орта арнаулы білімге ие. Ресейде 4 млн шамасында студент бар.

Алайда 1990 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, білім беру саласын қаржыландырудың қалдық үстанымы, жұмыссыздықтың өсуі еңбек ресурстарының саны мен сапасына әсер етпей қоймады. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, Ресейдің жұмысшы күшінің қазіргі заманғы жағдайы рынок талаптарына

сәйкес келмейді. Көптеген салаларда, негізінен машина құрылысында 1990 жылдары білікті мамандардың елеулі жоғалуы орын алды, сондықтан да білімге және соған сәйкес еңбек ресурстары сапасына көзқарас олардың елдің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды компоненттері болып табылатындығы тұрғысынан қайта қаралуы тиіс.

## 4-тарау. ХАЛЫҚТЫҢ ҚОНЫСТАНУ ГЕОГРАФИЯСЫ

### 4.1. Қоныстану жүйесінің ұстанымдары мен заңдылықтары

Қоғамның даму жағдайының әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарының өзгеруіне байланысты, тұрғын халық туралы негізгі заңдар да өзгеріске ұшырайды.

Қоныстану заңдары құбылыстардың небір маңызды жақтарын айқындайды. Бірақ олар барлық себепті байланыстардың мәнін толық түрде аша алмайды. Бұлар өзге заңдылықтар көмегімен ғана анықталуы мүмкін.

В.В. Покшишевский: «Қоныстанудың негізгі заңдылықтарының сапасы оның қоғамдық өндірістік кеңістіктегі орналасуымен біртұтас үйлесімділігінде», – деп атап көрсетті /38/. Ол қоныстанудың өндіріс орындарының орналасуына ықпалын қосалқы заңдылық ретінде белгіледі. Жалпы заңдылықтар арасынан урбандалу процесінің өсуі мен орналастырудың топтасқан түрлерін

және қалалық байланыстарды атап көрсетті.

Д.Г. Ходжаев және басқалар қоныстанудың заңдары мен заңдылықтарын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- қоныстануды өндірістік, аумақтық ұйымдастыруды жалпы экономика заңдарына бағындыру;
- халық қоныстанған елді мекендер арасындағы байланыстарды нығайту арқылы қоныстану жүйесінің ықпалды әрекетін күшейту;
- қоныстану жүйесінің тиімділігін бағалау және еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасау жолымен қалыптастыру.

Өнеркәсіптің жедел өсуі, ауылшаруашылық салаларының біртіндеп топтасуы мен мамандандырылуы, жаңа кен орындары мен шаруашылық салаларын дамыту жолдарын игеру халықтың экономикалық аудандарда қоныстануының өндірістік факторларын оның мағыналарын көрсетеді. Экономикалық ахуалдың жақсаруына орай аймақтағы облыстарда



жаңа елді мекендер пайда болып, байырғылары одан әрі дамиды. Үлкен қалаларда өнеркәсіп кешендерінің дамуын шектеу шараларын қолданып, кіші және орта қалаларда жаңа зауыт құрылыстарын салу қолға алыну қажет. Себебі ірі қалаларда экологиялық мәселелер одан әрі шиеленісіп, тұрғындарға кері әсер беруі ықтимал жағдай. Осылардың барлығы өндіріс пен халықтың аумақтарға түрліше қоныстануына алып келді.

Мемлекетіміздің аграрлық сипаттан индустриялық-аграрлық кезеңге өтуі қала халқының өсуімен сабақтас орбуде. Елдегі урбандалу процесі жедел қарқында дамуда. Жалпы орта және жоғары білім алу, медициналық қызмет көрсету, демалу, т.б. осы сияқты шараларды ұйымдастыру қажеттілігі осы мәселелерді шешуге өз ықпалын тигізетіні күмәнсіз. Елімізде қала мен ауыл арасындағы елеулі өзгерістерді жеңу жағдайлары біртіндеп жүзеге асып келеді. Қоныстанудың ескі жүйесін жаңа жүйе алмастырды. Мәселен, ұсақ елді мекендерді қысқарту, жаңа шаруашылық орталықтардың пайда болуы бірқатар ауылдардың қала типіндегі поселкелерге, ал поселкелердің қалалар дәрежесіне дейін өсуіне жағдай жасады. Құрылыс салу мен елді мекендерді жобалау бейнесі сапа жағынан өзгерді.

Халықтың ауылдық мекендерден қалаларға ойысуымен қатар тұрғындардың республика аумағында жоспарлы да жоспарсыз да қоныс өзгертулері байқалады. Бірқатар жекеленген аудандар мен облыстар аумағында халықтың ұсақ мекендерден ірі мекендерге жаппай қоныс аударуы үнемі жүріп жататын процесс. Ауданишілік көші-қон процесінен өзге халықаралық, яғни сыртқы көші-қон түрлері де кездеседі. Халықтың көші-қон процестерінің белгілі бір дәрежеде қоныстану заңдылықтарын дамытуға, қоныстану мәселелеріне ықпалы зор.

Ғылыми-техникалық ілгерілеу халықтың араласуына тікелей әсер етеді. Мәселен, автомобиль, теміржол магистральдарының дамуы, авиацияның қолданылу шеңберінің артуы, байланыстың жаңа түрлерінің шығуы және басқалары қашықтық жөніндегі қалыптасқан пікірлерді өзгертті. Мұның бәрі белгілі деңгейде қоныстануға өз әсерін тигізеді. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер өндіріс көлемінің өсуі, қоныстану қозғалысына, оның үнемі өзгеру талабына, қоғамның жаңа сұраныстарға бейімделуіне себепші болады. Өндірісті жүргізудің тиімді жағдайларын жасау, елді мекендердің құрылысының шығындарын үнемдеу, аудандардың жол, байланыс және т.б. инженерлік тұрғыдан қамтамасыз етілуіне қол жеткізеді. Жер, су, ор

ман және басқа ресурстарды үнемді пайдалану, т.с.с. экономикалық ұстанымдар қалыс қалмауы тиіс.

Әлеуметтік ұстаным қоныстану ішінде халықтың өскелең талаптарын қанағаттандыруға, қала мен ауыл арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюға негізделген. Осы ұстанымға сәйкес, халықтың материалдық хал-ахуалының өсуіне және барлық әлеуметтік топтарының рухани дамуына ықпал жасалуы тиіс.

Саяси ұстаным бұл жерде қоғамда жүріп жатқан саяси-тарихи өзгерістермен сипатталады. Мемлекетіміздің егемендігін алуы, іргелі, өркениетті ел қатарына қосылу үшін жасалынып жатқан шаралары, саясаты белгілі дәрежеде халыққа әсер етеді. Қоныстану процесінде негізгі нысан тұрғындар болғандықтан, елді мекендер жүйесінің дамуында да маңызды рөл атқарады.

Халықтың қоныстануы ұстанымдарында табиғи байлықтарды сақтап, олардың ұқыпты әрі тиімді пайдаланылуын қарастыратын экологиялық ұстанымдардың да алатын орны зор. Осы ұстанымдардың еліміздегі энергетика, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы әлеуеттерін толық пайдалануда, оның табиғи байлығын оңтүстік және шығыс, солтүстік аудандарда ғана емес, Батыс Қазақстан экономикалық ауданында да игеру арқылы қоныс қабілетімізді көтеруде

өте маңыздылығын айта кеткеніміз жөн.

Ғасырлар бойы ауылдық елді мекендердің кейін қалуы бүгінгі кезде қысқа мерзім ішінде қала мен ауыл арасындағы елеулі ерекшеліктерді тез арада жоюға мүмкіндік бермейді.

Маркетингтік, бизнестік жүйені дамыту мен агроөнеркәсіптік интеграциясы зауыттар мен ауыл шаруашылық өнімдерін, шикізаттарын өңдейтін ішкі шаруашылық цехтары мен өндірістерін, қожалық бірлестіктерін, электр қуатын, құрылыс материалдарын өндіретін, ауылшаруашылық техникаларын жөндейтін, т.б. өндірістерін құру бұл мәселеге үлкен ықпалын тигізеді. Ауылшаруашылық өнімдерін көбейту, жұмысқа жарамды тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз ету агроөнеркәсіп бірлестіктері мен агрофермаларды, ұжымдық, отбасылық және жеке қожалықтарды дамытуда айрықша маңыздылыққа ие.

Қала мен ауыл арасындағы елеулі айырмашылық олардың бірте-бірте жойылу процесі даму сипаттамасы бойынша да, жүзеге асырылу мерзімдері бойынша да республикамыздың әрбір бөліктерінде әр түрлі өтуі тиіс. Бұл көбінесе жеке меншік түрлерінің белгілі бір дәрежедегі мүмкіндігіне, қоныстанудың қалыптасқан жүйесіне, халықтың тығыздығына, мекеннің жер көлеміне, отын және су ресурстары, т.с.с. байланысты. Ұзақ жылдық

тарихы бар ірі елді мекендердің ұлғаюы, жаңа елді мекендер жүйесінің қалыптасуында өндірістік талаптарға сай келуі, еңбекке жарамды халықтың қазіргі заманға сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыратын елді мекен болуы мүмкін. Кейбір жағдайда қоғам ағымына ілесе алмай қалған бұрын дамыған елді мекен бола тұрса да кейін артта қалып құлдырау шегінде тұрған елді мекендер бар. Осындай жағдайда қонымды үйлесімділікте болу үшін қоныстану жүйесі қазіргі заман талаптарына сай дамуы керек.

Еңбек өнімділігін арттыруға көп жағдайларда ауыл тұрғындарының мәдени-тұрмыстық жағдайлары себепші болады. Ауыл тұрғындарының мәдениеті мен тұрмысын жақсарту мекеннің көлеміне тәуелді. Сондықтан ауылдық елді мекенде қоныстанудың бірден-бір ұстанымы ауыл тұрғындарының мәдени-тұрмыстық қамту, қызмет көрсету жүйелерін барынша жақсарту болуы қажет. Қоныстандыруды қалыптастыруда олар жетекші орын алуы керек.

Ауылдық елді мекендерде қоныстану жерді тиімді пайдалану мәселелерімен тығыз байланысты. Елді мекендер жүйесін, өндіріс орталықтарын, шаруашылықтарды дұрыс орналастыру жерді өңдеуді жақсартуға, қажет етілген мелиоративтік жұмыстарды уақтылы және

сапалы жүргізуге, топырақты қорғу шараларын жүзеге асыруға, топырақ құнарлылығының тұрақты көздерін тек қазіргі тұрғындар үшін ғана емес, болашақ ұрпаққа сақтауға да мүмкіндік жасайды. Сондықтан жерді пайдаланудың тиімді жағдайларын жасау, жер өңдеу мәдениетін үнемі көтеру, топырақтың құнарлылығын сақтау және көбейту қоныстану ұстанымдарының бірі болып табылады.

Ауыл шаруашылығында жердің басты өндіріс құралы ретіндегі маңызын түсінбеушілік, қоныстану мәселелерін шешуде шаруашылық талаптарын ескермеу көптеген жұмыстарға салқынын тигізеді.

Қоныстану жүйесіндегі ауыл шаруашылық бағытындағы тұрақты ауылдық елді мекендерде тұратын адамдардың қызметіне байланысты уақытша маусымдық мекендеу түрлерімен қамтамасыз ету мүмкіндіктері де орын алады. Мәселен, малшы ауылдарда қой, ірі қара, түйе шаруашылықтарымен айналысатындар жылдың жаз, күз айларында жайлауларда болуы.

Қоныстану жүйесін зерттеудің қалыптасқан тәсілдері және оны жетілдіру шаралары әр түрлі экономикалық аудандарда жүргізілуі керек. Сонда қоныстану нысаны ретінде республика, оның белгілі бөлігі немесе жекелеген әкімшілік аудандары, табиғи-экономикалық ауданы, табиғи аймақтары, ауылдық және қиалық

елді мекендер жүйесі зерттеуге алынады. Мұндай жан-жақты, кешенді зерттеулер нәтижесінде өнеркәсіп аудандарының, ауыл аймақтарының, ауыл шаруашылығы өндірісі тораптарының, олардың жекелеген түрлерінің әлеуметтік, экономикалық мәселелері шешіледі. Урбандалу процесінің өсуіне байланысты агро-өнеркәсіп кешендерінің дамуы, жеке агроқалалардың құрылуы, ұсақталған ауыл елді мекендерінен тартылып, бүтіндей осы негізде өндірісті шоғырландыруға және халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға ұмтылу нәтижесінде қоныстануды кешенді түрде шешу қажеттілігін туындатып отыр.

Бірақатар зерттеушілер қалалық және ауылдық елді мекендер арасында байланыс барлығын, оның өзара үйлесімділікпен қалыптасуы, яғни қала мен ауылдың ара салмағындағы айырмашылықтардың жойылу керектігін айтады. Бұл жағдайда, қоныстану нысаны ретінде елді мекендердің (қалалық немесе ауылдық) барлығына және келешекте онда қандай елді мекендер болатындығына қарамастан белгілі бір аумақ белгіленеді.

Кешенді тәсілдер елдердің алуан түрлі жүйемен дамуына және өндірісті ұйымдастырудың өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, көліктік, т.б. байланыстарының арнаулы зерттеу нәтижелеріне сүйенеді.

Қоныстану толығымен республикаға, экономикалық ауданға қоныстанудың бірлік жүйесіне сәйкес келсе, онда өнеркәсіп ауданына, торабына, агломерацияларға, қоныстанудың қалалық жүйесіне де сәйкес келеді.

Ауылдық елді мекендерді зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншісінде, нысан санатында барлық ауылдық елді мекендерді қамтитын жүйе көрсетіледі. Бұған ауыл шаруашылық өндірісінде, көлікте, жол құрылысында, емдеу, сауықтыру мекемелерінде, т.б. жұмыс істейтін тұрғындар мекені жатады. Ауылдық елді мекендердің жалпы санында ауылшаруашылық елді мекендері көбірек орын алады.

Өндіргіш күштер деңгейінің өсуіне, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси-тарихи өзгерістерге, сонымен қатар шаруашылықты жүргізу тәсілдерінің жетілдірілуіне, өзге де экономикалық шараларға байланысты да өзгеріп отырады.

Қоныстану өзінің даму барысында еңбек өнімділігінің тез өсуі мен өндіргіш күштердің даму нәтижесінде өткен шақ элементтерінің барлығын және жаңа нышандарды енгізеді. Бұл күрделі «конгломерат» болып табылады.

Қоныстану табиғи, экономикалық, әлеуметтік және басқа жағдайлардың туындысы ғана емес, ол осы аталған факторларға жеткіліксіз түрде және екпінді ықпал жасай алады. Ол жаңа

қоғамдағы өзгерістердің негізгі заңдары сипаттамасына қайшы болған жағдайда, шаруашылық салаларының тиімді орналасуын күрделендіріп, өндіргіш күштердің дамуын тежеуі мүмкін немесе керісінше, өндіргіш күштердің тез үдеуіне, табиғи ресурстарды пайдалануға ықпал жасауы да ықтимал. Кері байланыс – қоныстанудың мәдениетке, саясатқа, экономикаға, ландшафтқа, коммуникацияға және өзге де сол сияқты жағдайларға әсері – қоныстанудың ғылыми теориясы үшін өте маңызды болып табылады.

Қоныстануды жүйелі талдау тұрғысынан сипаттағанда мына заңдылықтарды атап көрсету қажет:

- қоныстану жүйесінің орны оның қоғамдағы мәнімен анықталады;
- жүйеге тек қана әлеуметтік-экономикалық факторлар ғана емес, табиғи, тарихи, этнографиялық және басқа факторлар да әсер етеді;
- бұл бір-бірімен өзара байланыстағы және бір-біріне тәуелділігі тұрғысынан өте күрделі жүйе;
- байланыстардың бір жағы сан жағынан айқындалса, екіншісі тек қана сапамен көрінеді, оның аясында тура және кері байланыстар қалыптасады;
- жүйе сыртқы факторлар ықпалына бейімделген кезінде қоғамдағы көптеген процестерге әсер ететін факторға айналады;

- бұл ықтималдық сипаттағы элементтері бар детермендік (анықтаушы) жүйе.

Қоныстану нысанын анықтаудың мүмкін жағдайлары ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

- а) адамның өндірісті ұйымдастыруға қабілеттілігі;
- ә) халық пен өндіріс үйлесімділігі;
- б) адамның табиғатпен саналы түрде қатынасы.

Бұл жағдайлардың бірі қоныстану шеңберінен шығып жатса, екіншілері онымен тығыз байланыста қалады. Бірақ бұл жағдайлар басқа ғылым салаларында да зерттеледі. Қазіргі уақытта барлық елді мекендер олардың маңызына, адам санына, орналасуына қарамастан бірімен-бірі тығыз байланыста.

Сонымен қоныстану заңдылықтары туралы мәселені толықтыра, қорыта келіп, төмендегідей оң тұжырымдарын жасаймыз:

- Өндірістің дамуы мен орналасуы елді мекендердің қалыптасу мен даму бағытын, көлемін және қоныстардың сипатын анықтап береді. Кен байлықтарының орналасуына байланысты тұрғындардың құнарлы жерлерге қоныстануы, технологиялық ерекшеліктер мен өндірісті ұйымдастыру, көліктік және коммуникациялық байланыстар және басқа жағдайлар әр түрлі дәрежедегі елді мекендер бейнесін,

оның маңыздылығы мен адамдардың шоғырлану сипатын көрсетеді;

- Қоныстанудың қалыптасқан жүйесі, өз кезегінде жаңа өндіріс нысандарының орналасуына ықпал етіп, өндірістің дамуына, не болмаса, оның тоқырауына әсерін тигізеді;

- Өндіріс пен қоныстану арасындағы байланыс та, қоныстану мен өндіріс арасындағы кері байланыс та жанама сипатта болады. Сондықтан ірі қалалар мен орташа қалалардың, ұсақ қалалар мен ірі ауылдық елді мекендерінің арасында өзгерістер болып тұрады;

- Қоғамдағы урбандалу процесі қалалар рөлінің арта түсуінде жалпылама сипат алып отыр. Соның салдарынан, керісінше, ауыл елді мекендерінің саны азайып, ауыл тұрғындарының абсолют саны мен меншікті үлесі кемиді;

- Өндірістің дамуы инженерлік инфрақұрылымның шоғырлануымен үндескен мәдени байланыстар елді мекендер арасындағы өзара үйлесімділіктің күшеюіне әкеледі;

- Қоғамның тұтас аумақтық ұйымдасуына сүйенген өндіріс, табыс табу, қызмет көрсету салаларындағы жалпы мақсаттар қоныстанудың орнықты жүйесін қалыптастырады;

- Уақыт талабына сай қоныстану процесіне тұрғындардың әлеуметтік сұраныстарының өсу заңы өзгешелеу ықпалын тигізеді. Әсіресе, бұл ауылдық жерлерде

халықтың әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыру қажеттілігіне байланысты ерекше байқалады.

#### 4.2. Қоныстанудың қалыптасқан теориялық негіздері

Қоныстану процесі мен оның нәтижесін зерттеу экономикалық, әлеуметтік және саяси географияның, атап айтқанда, оның басты салаларының бірі – халықтар географиясының маңызды міндеттері болып табылады. Қоныстану жүйесінің қалыптасу мен даму алғышарттары, бұл орайдағы жалпылама және нақты ықпал ететін барлық процестер жиынтығы теориялық жағынан да, практикалық жағынан да маңызды. Мұндай зерттеулер қоныстану мәселесінің жай-жапсары мен маңыз-мағынасын, әсіресе, қоныстанудың нақты түрлерін, олардың пайда болуының себеп-салдарлы байланыстарын зерделеуге мүмкіндік береді. Зерттеулердің бірі жалпы қоғам мен жекелеген аймақтардың қазіргі және болашақтағы қажеттілігі мен сәйкестілігін анықтауға, халықтың орналасу жүйесінің даму заңдылықтарын, олардың қоғам дамуына орай өзгеруін түсінуге септеседі. Сол сияқты қоныстану мәселелерін зерделеу елді мекеннің тұрмысына географиялық тұрғыдан

баға беруде, жаңа өндіріс орындарын ашуды жоспарлауда, әлеуметтік және көліктік инфрақұрылымдарды орналастыруда да маңызды.

Қоныстанудың жүйелік әдіс-тәсілдерін алғаш рет Н.Н. Баранский қалаларды экономикалық-географиялық тұрғыдан тану жайындағы еңбектерінде қарастырды. Ол қоныстану жүйесі мен өндіргіш күштердің аумақтық бірлестігінде қалалардың жетекші рөл атқаратындығын атап көрсетті.

Б.С. Хорев қоныстануды үш аспекті тұрғысынан – әлеуметтік, экономикалық және географиялық тұрғылардан қарастырады. Қоныстанудың әлеуметтік тұрғыдағы мәні – өндіргіш күштерді ұйымдастыру жолдарын кеңістік ұғымымен байланыстыра қарастыруында. Геодемографиялық түсінік бойынша қоныстану дегеніміз халықтың өмір сүріп, күнкөріс жасап отырған мекенінде қалыптасқан еңбек бөлінісі болып саналады. Г.М. Лаппоның анықтауынша, қоныстану дегеніміз – елді мекенді шаруашылыққа байланысты игеру барысында тұрғындардың орналасуы, яғни шаруашылықтың жаңа ресурстарын айналымға енгізе отырып қайта құрылуы. Ол әсіресе, соңғы жағдайдың маңыздылығын атап көрсетеді. Көп ретте бұл жайт ауданның экономикалық бейнесін түбірімен өзгерте алады.

Біздің топшылауымызша, қоныстануды жүйелік-құрылымдық және әдіснамалық тұрғыдан қарастыру қажет. Бұл әдіс қоныстанудың географиялық нақты құбылыс ретіндегі сан алуан қырларын тұтас қабылдауда тануға мүмкіндік береді, яғни тұрғындардың елді мекендерге қоныстануы географиялық ерекшеліктер мен аймақтық түрдің қалыптасуына әкеледі. Өндіргіш күштер сипаты тарихи даму барысында түбірімен өзгеріске ұшырап отырады. Қоғам үшін бұрын маңызды орын алмаған табиғи ресурстар енді жетекші рөлге ие болып, өзгелерінің мәні төмендейді, тіпті, тиімді әрі ұтымды пайдаланбау салдарынан, мүлдем жойылып кетуі де мүмкін. Өндірістің технологиялық жабдықтары да түрленіп, көліктік-географиялық жағдай да өзгеріске ұшырайды. Осының өзінде елдің кеңістікте қайта қоныстануы материалдық түрлерінің қалыптасуы, өндірістің аймақтық дамуының қандай да бір белгілері бола отырып, өзінің қалыпты күйіне тән, ерекшеліктеріне сай кешігіп отырады. Ол ерекшеліктер елді мекендер мен оның құрылымдары, қызметтері арқылы анықталады. Сондықтан мұнайлы аудандардың елді мекенін географиялық тұрғыдан тану – Батыс Қазақстан экономикалық ауданы экономикасының қоныстану сипатын түбегейлі түрде қарастыруды

қажет етеді. Мұнайлы аудандардағы өндіруші әрі өңдеуші өндірістерді шоғырландыру нәтижесі отын-энергетикалық ресурстар мен көліктік инфрақұрылымның дамуы осы аймаққа халықтың орныға түсіп, қала және қала типіндегі поселкелердің өркендеуіне игі әсерін тигізер еді. Дамыған көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар ірі қалалар басқа өндірістерді де маңына жинақтап, олардың орналасуына да қолайлы ықпал ететіні белгілі.

Ж.А. Зайончковская қоныстанудың ерекшелігін анықтауда, оны қала, ауыл деп бөлмей, тұтастықта қарауды ұсынады.

Қ.Ғ. Ғабдуллина урбандалу процесі жөнінде, қалалардың өсуі, ондағы көлік және байланыс түрлерінің, халықтың қажеттілігін қанағаттандыратын дәрежеде дамуы, тұрғындардың қызмет ету аясында да алуан түрлі әрекетті қамтитын жұмыс орындарының болуы урбандалу процесінің дамуына жол ашатындығын баса айтады.

Негізінен урбандалу процесі ауылдық елді мекендердің әлеуметтік жағдайының дамуын төмендетеді, яғни, жүріп жатқан урбандалу процесі әрбір адамға әсер етеді. Урбандалу процесі ауқымды түрде тұрғындардың тек қалаларға шоғырлануымен ғана емес, сонымен қатар аймақтың ішкі қоныстану ерекшелігімен де сипатталады, яғни елді мекендерге бөліну

олардың өзара орнығу ерекшеліктері де урбандалу процесін анықтауға жәрдемдеседі. Аудан көлемінде бұрынғы кезеңде түрліше орын тепкен ауылдық елді мекендердегі тұрғындар қала маңындағы мекендерге, көлік магистраліне (темір жол бойына) жақындауды көздеп отырғанын көреміз.

Бұл процесте, Ж.А. Зайончковскаяның айтуынша, үш сатылық кезең байқалады, олар – дербес қоныстану, топтық қоныстану және интеграциялық қоныстану. Ауылдық жерлердің урбандалуы мынадай белгілер арқылы сипатталады:

- өндіріс орындарында жұмыс жасайтын адамдар санының өсуі;
- ақыл-ой қызметімен айналысатын адамдар санының өсуі, бұлар қала маңындағы мекенде тұрып, қалаға қатынаушы, яғни маятниктік (барып-келме) еңбек жолындағылар;
- ауылдық жерлердің тұрмыс жағдайларының өзгеріп, қалалық күйге жақындауы;
- ауылдық мекендерге қалалық мәдениеттің келуі, ауылдық өнеркәсіп орындарының кооперациялануына жол ашатын өндірістердің пайда болуы, халықтың мұқтаждықтарын өтеуге қызмет ететін озық дағдылар мен әдістердің ауыл шаруашылығында қолданылуы. Сонымен қатар қала құрылымы мен қызметтерінің жетілуі оның барлық



қызмет ету саласына жаңа еңбек ресурстарын тартуды қажет етеді.

Ж.А. Зайончковскаяның қоныстануды ауыл, қала деп ажыратпай, тұтас тану керек деген пікірімен келісу қиын. Себебі қазіргі нарықтық экономика жағдайында ауыл мен қала елді мекендерінің әлі де болса бір-бірінен зор айырмашылығы бар. Батыс Қазақстан аймағындағы қала мен ауыл елді мекендерінің арасында үлкен алшақтық байқалады. Бірақ біз ауыл елді мекендерінің қала мекендеріндей дамуы, сөйтіп еңбек ресурстарын, яғни халықты ауылда тұрақтандыру ұстанымын жақтаймыз.

Қоныстану – қос мағыналы күрделі термин. Бірінші мағынасы – халықтың аймаққа орналасуы мен таралу процесін, ал екінші мағынасы – олардың аймақтық түрде ұйымдасқан елді мекендер торабын білдіреді.

Қоныстанудың түрлері мен елді мекендердің даму жолын талдауда ұзақ уақыттар бойы халықтардың қоныстануына біржақты қарау орын алып келді, яғни бұл мәселе тек қана өндірістік тұрғыдан қарастырылды. Ал қазіргі кезде мұны тұрғындардың жағдайымен байланыстыра зерттеу қажеттілігі айқындалып келеді. Өндірістік тұрғыдан қоныстану мәселесі шаруашылықтың аймақтық құрылымының кіші жүйесі ретінде қаралады.


Қоныстану жүйесі қазіргі кезде қалалық және ауылдық деп бөлінеді. Бұл жүйе тек Қазақстан Республикасында ғана емес, ТМД елдерінде және т.б. мемлекеттерде сақталған. Қоныстану жүйесі сызба түрінде былай сипатталады (3-сурет).

Қала – тұрғындарды өзіне тартушы, өндіріс орындары, өңдеуші кәсіпорындары, көлік, әлеуметтік инфрақұрылымдары біршама дамыған, 50-100 мыңнан жоғары халқы бар елді мекен. Қалалар ауылшаруашылық аумақтарына қызмет ететін қалалар, аудан орталықтары болып табылатын қалалар, әкімшілік-шаруашылық және мәдени орталықтар, өндіріс орталықтары, т.б. сипатта болады.

Мәселен, Ақтөбе облысының Хромтау, Қандыағаш қалалары өндіріс, аудан орталықтары, Батыс Қазақстан облысынан Ақсай, Маңғыстау облысынан Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалалары да осы сипатта. Ақтөбе облысының көптеген қалалары аудан орталықтары болып табылады. Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Орал қалалары әкімшілік-шаруашылық және мәдени орталықтар.

Ауылдық елді мекендерді шаруашылық орталықтары, қалалар маңына шоғырланған аудан орталықтары, ауыл шаруашылығына қызмет ететін ауылдар деп бөлу орынды. Ауылдардың бұл жіктелуіне қала маңына шоғырланған шалғай

**Қоныстану жүйесінің сызбасы**  
(автордың құрастыруымен)



аудандардың халқын тартушы ауылдар қосылды. Қазіргі кездегі жақсы өркендеген ауылдар осылар болып отыр. Мәселен, Ақтөбе, Орал қалаларының маңында орналасқан ауылдық елді мекендер.

И.М. Маергойз зерттеулерінде өндіріс пен тұрғындар арасындағы қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығы тек жүйелік-құрылымдық тұрғыдан анықталып, бұл мәселе әлеуметтік-экономикалық бағасын алады, сонымен бірге олардың ықпалына өзара кеңістіктік талдау жасау әдіснамалық тұрғыдан тек шаруашылықтың аймақтық, құрылымдық деңгейін тану арқылы

ғана жүзеге асады. Бұл өндіріс пен қоныстану арасындағы байланыс аймақ пен халықтың тұрақты елді мекенінің өзара қарым-қатынасын кең ауқымда қамтуға мүмкіндік береді. Қоныстануды жүйелік-құрылымдық әдіснама тұрғысынан қарастыру барысында оның барлық аспектілерінің тұтастығы айқындалады.

Нақты аймақтық және нақты қоныстану байланыстары деп халық тұрақты қоныстанған елді мекендер мен еңбекті қажет ететін орындардың өзара ықпалдасуын бейнелейтін қарым-қатынастар танылады. Өзара қоныстанудың бұл түрінің механизмдері көп жағдайда мынадай бо-

лып келеді: жұмыс орындарының артуы, қоғамдық өндіріс салаларында жұмыс істейтін адам санының өсуі, олардың толығыуы мен еңбекпен қамтамасыз етілу процесінің жақын елді мекендерге халықтың көп жиналуына алып келеді. Сонымен қатар оларда қосымша еңбек ресурстары пайда бола бастайды, өндіріс аясы кеңейіп, пайда болған еңбек ресурстарына қажетті жұмыс орындары ашылады. Қарапайым түрдегі себеп-салдарлық қатынас ретінде салыстырмалы аймақ орындары пайда болады. Бұл халықтың еңбек етуге деген ұмтылысын оятып, қоныстану жүйесінің өзін-өзі ұйымдастыру процесінің іске қосылуына мүмкіндік береді. Шаруашылықтың аймақтық құрылымы үшін халықтың және оның қоныстануының жаңа түрлерін қарастыру мен талдаудың маңызы зор. Негізінен, аймақтық жүйедегі техникалық-экономикалық ілгерілеудің ерекшеліктеріне жете мән беріледі.

Шаруашылық-ғылыми талдау зерттеу жұмыстарының негізгі нысаны болып саналады. Қоныстану мәселелері экономикалық бағдар алып, өндіріс мақсаттарына бағынатын шаруашылық факторлар қатарында қарастырылады. Шаруашылық бүгінгі таңда халықтық және табиғи-аймақтық мәселелерді шешу орнынан бірте-бірте адамның тұрмыс қажеттіліктеріне жеңілдікпен

қарайтын, табиғат жағдайына сүйенсе, тек қана қажеттілікке байланысты жетекші орынға ие болып отыр.

Г.М. Лаппо, Б.С. Хорев, И.М. Маергойз зерттеулерінен мынадай тұжырымдарға келеміз. Мұнай мен ауыр өнеркәсіп салаларының дамуына шыннайы қажеттіліктер болса да, еңбек ресурстары, көлік инфрақұрылымы, қоныстанудың соған сәйкес жүйесі жетілмей отыр. Бұл қайшылықты жоюдың бір жолы – еңбек ресурстарының аграрлық аудандардан келуі арқылы жүзеге асады. Халықтың сырттан келуі өндірістің дамуына, көліктік инфрақұрылымның дамуына, өнеркәсіп орындары мен кен орындарының салынуына игі ықпалын тигізеді. Бір жағынан бұл урбандалу процесінің жеделдетілуіне жетелейді. Сөйтіп, сол нақты ауданға тән болып табылатын қалп тұрғындарының жаңа сападағы жүйесін қалыптастыруға әсер етеді. Ол жүйелер жұмысшы поселкелерінің жинақталуы түрінде қалыптасады. Аймақтар жүйесінің негізгі элементі шаруашылық ықпалымен дами бастайды. Мұның алғышарттары кей ретте нақты себептер арқылы негізделіп отыратыны белгілі. Бірақ көп жағдайда металлургиялық аудандар экономикасының шикізаттық қорына байланысты болды. Мұнай аудандарының табиғи – экономикалық-элеуметтік элементтерінің ық-

пал ету жүйесі сызбасын қарастыра отырып, мынадай түйіндер жасай аламыз (4-сурет):

- **біріншіден**, жүйенің барлық элементтері өзара байланысты және әрдайым бір-біріне әсерін тигізіп отырады;

- **екіншіден**, әлеуметтік және экономикалық табиғи факторлар әсерінен қандай да бір элементтердің жетекшілік қызметі айқындалып, жүйенің әрбір нақты сатысындағы даму сипатын белгілейтін көрсеткішіне айналады;

- **үшіншіден**, аймақтық жүйенің қазіргі даму сатысындағы тұрақты, статикалық күйдегі элементі ретінде өндірістік даму процесі әсерінен пайда болған қоныстану айқындалып отыр;

- **төртіншіден**, халық қарастырылып отырған жүйенің ең динамикалы элементі, ол тұтас жүйедегі әрбір өзгеріске тез икемделеді, аймақтық жүйенің күйі мен дамуының «индикаторы» ретінде қызмет ете алады;

- **бесіншіден**, факторлардың ықпалына жауап ретінде елдің сыртқы және ішкі миграциясының жағдайы алынады. Бұл миграциялар жағымды да, жағымсыз да әсерлер тудыра алатын күрделі процестер болып табылады.


Өндірістің шоғырлануы мен мекен ету ортасын құрайтын барлық тораптардың дамуы және оларды жетілдіру Қазақстанның әлеуметтік-

экономикалық дамуындағы жалпы процестің құрамды және маңызды бөлігі. Қоғамның қазіргі қажеттілігіне сай келетін қоныстану жүйесінің қалыптасуы күрделі де көпқырлы процесс. Тұрғындар санының бір қалыпты болмауы, табиғи өсімнің төмендігі, халықтың аймаққа түрліше орналасуы және т.б. процестер көптеген себептермен түсіндіріледі. Ол себептер әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, географиялық, урбандалу, т.б. жағдайлармен байланысты. Бұл себептердің ықпал етуінің өзі көп факторлы. Факторлардың әсері кей жағдайда оң да, теріс те нәтиже беруі ықтимал.

Соңғы жылдардағы қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық тоқыраушылық, демографиялық ахуалдың елеулі өзгерістерге ұшырауына, соның нәтижесінде тұрғындардың табиғи өсімінің күрт төмендеуіне, халықтың көшіп-қонуының күшейуіне әкеліп соқтырды.

Қоныстанудың қалыптасқан түрлерінің салыстырмалы тұрақтылығының негізінде елді мекендердің барлық торабы әрдайым даму үстінде болады. Бұл құбылыс өзіндік ерекшеліктерге ие бола отырып, әр аймақтағы қоныстанудың түрлі категорияларын, олардың аймақтық жүйелерін де өзгеріске ұшыратты. Осыған орай, ауыл шаруашылығы мәселелерінің өзектілігі күшейе түсті. Қазіргі кезде шаруашылық

Элементтер арасындағы қатынас  
табиғи-элементтік-экономикалық  
жүйелер сызбасы  
(автордың құрастыруымен)



- Т.К. – табиғи компоненттер
- Х – халық
- Ш – шаруашылық
- Қ – қоныстану
- Д.М. – демографиялық мәселелер
- Э.М. – экономикалық мәселелер
- Н.Қ. – нарықтық қарым-қатынас
- ↔ – жүйелер элементтері арасындағы қарым-қатынас
- ↪ – жүйелер элементтері арасындағы қарым-қатынас

4-сурет

құрылымының күрделілігіне, ауыл болмысының өзгерісіне, ондағы тұрғындардың тұрмыс жағдайының бейнесі мен шарттарына қарамастан, ауылдық елді мекендердің дамуы экономикалық та, әлеуметтік те тұрғыдан заман талабына жауап бере алмай отырғанын көреміз.

Шаруашылықтың дамуы халық саны мен еңбек ресурстарына тікелей тәуелді. Халықтың белгілі бір жиынтығынсыз өндіріс те болмайды, оларсыз табиғаттың байлығын меңгеру де, ілгерілеп даму да мүмкін емес.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңдеріндегі халықтың үдемелі өсу заңдылықтары мен ерекшеліктерін, жүріп жатқан демографиялық және әлеуметтік-экономикалық процестердің болмыс-бітімін жан-жақты зерттеу қоныстану туралы ғылымның үлкен және терең танымын талап ететін әдіснамалық негізі болып табылады.

Халық – бүкіл қоғамның өндіріс процестерінің негізі және субъектісі. Ол қоғамның басты өндіргіш күштерін қалыптастыра отырып, қажетті өндіріс элементтерін құрайды. Халықтың көп немесе аз екені, оның орналасуы, тығыздығы, өсу қарқынының жылдамдығы немесе баяулығы қоғамдағы нақты елді мекеннің дамуын тездетуге немесе баяулатуға себепші болып отырады.

Экономикалық география мен халықтар географиясы өзара тығыз байланыста екендігін айта келіп, белгілі экономгеограф Н.Н. Баранский: «Экономикалық география да халықтың өндіруші әрі тұтынушы екендігін ұмытуға болмайды, өйткені экономика мен халық ұдайы тұтас, бұлар басынан аяғына дейін бірге», – деп атап көрсетеді.

Қоныстану ұғымының тағы бір қағидасы халықтың саяси-тарихи, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне орай белгілі бір жерлерге орналасуы, қоныстануы деген мағына береді.

Қоныстану – үнемі дамуда болатын детерменді (анықтаушы) жүйе. Кез келген ғылымның мәні, сайып келгенде, білімнің түрлі мәліметтер тобының, әдістемелердің, нұсқаулардың белгілі бір жүйелік жиынтығы. Осы жүйедегі ең басты мәселе – ғылыми түрде ашылған сапалық және сандық тәуелділік пен нақтылық байланыстарының барлығы.

Құбылыстардың өзара байланыстылығының себептерін зерттейтін тәуелділіктер көрсетілген жерде ғылым да бар. Атап көрсетілген жалпы қасиеттерден заңдылықтар туындайды. Осының әсерінен көрінетін белгілі бір сапалық жүйенің пайда болу процесі дамиды. Қоныстану процесін ғылыми тұрғыда алып қарағанда ең бастысы қасиеттер мен заңдылықтарды талдау емес,

керісінше, халықты орналастыру жөніндегі алдын ала белгіленген болжамдар мен ұсыныстарды жете зерттеу негізгі мәселе болып отыр. Қалыптасқан заңдылықтарды қарастыру мен талдау тақырыпты зерттеудің тек қана бір бөлігін құрайды. Қалған қомақты бөлігі қоныстанудың қайта құру жолдарын іздестіру мен негіздеу жұмыстарынан тұрады.

Халықтың қоныстануын адам санының көбеюімен, байырғы елді мекендерді, кәсіпорындарды еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен, яғни оларда еңбек ресурстарының болуымен байланыстырып қараған дұрыс. Бұл бағыттағы зерттеулер халықтың қоныстану мәселесіндегі байланыстарды тереңдетіп қарауда, қоныстану шараларын экономикамен ұштастыруда, кәсіпорындарды орналастыру ерекшеліктерін анықтауда, сол сияқты халыққа қызмет көрсетуді сипаттау мәселелерін тереңірек талдауда маңызды орын алады.

Біздің пікірімізше, қоныстанудың пайда болуын, оның даму барысын жалпылама сипаттау тіпті де жеткіліксіз, мұндай жалпылама мәселелер қоныстанудың әлеуметтік және экономикалық мәселелерімен тығыз байланысты ғана сөз болуы қажет. Себебі мұндай зерттеулер қоныстану сипаты мен халыққа қызмет көрсету сферасын (аясын), жергілікті халықтың экономикалық жағдайын айқындап, қоныстанудың

жалпы жүйесі мен оның жеке түрлері арасындағы қатынастарды зерделеуді мақсат етеді. Сонымен қатар ол экономикалық ұйымдастыру және өндірістік, технологиялық мәселелерді, құрылыстың құны мен өндіріс орталықтарын пайдалану, көліктерді ұйымдастыру шараларының арасындағы тапжылмас байланыс заңдылықтарын сандық және саналық тұрғыда қарастырады.

Қоныстану процесінің қоғамдық география, әлеуметтану, экономика, техника ғылымдарының басты зерттеу нысанына айналуы мәселелердің күрделілігін, сан қырлылығын білдіреді. Сондықтан қоныстану ілімі ғылымның басқа салаларымен тығыз байланыста дамиды. Мәселен, ауыл елді мекенінде халықтың қоныстану мәселелері тәжірибе қажеттілігінен туындай отырып жоспарлап жүйелеудің аудандық саласының құрам бөлігі ретінде шешіліп келеді. Қала елді мекендерінде қоныстану мәселелері де негізінен қалаларда тұрғын үй тұрғызу шараларының шартты бөлімі ретінде сипатталады. Солай бола тұрса да, халықты қоныстандырудың күрделі міндеттері қоныстану мәселелерінің теориялық тұрғыдан негізделген экономиканың қоғамдық географияның бір тармағы ретінде қалыптасуына ықпал жасады. Бұл жайында Б.С. Хорев: «Халықтар географиясының қоныстану саласында да ерекше топтар қалыптас-

тыру мәселелері туындап тұр», – дейді.

Қоныстану саласы өзіне тән білім тарауларын туындатты, бұларды қалыптастыру төмендегі себептерге байланысты нақтылы қажеттілікке айналып отыр:

а) арнаулы ғылымдардың бірте-бірте күрделі сипаттарды иемденуі (кала құрылысы мен елді мекендерді жүйелеу, демография, қоғамдық география, ауданды жоспарлы түрде жүйелеу, т.с.с. мәселелер) және олардың әрқайсысының қоныстану мәселесін өз алдына жеке дара шешуге қабілетсіздігі;

ә) берілген мәселе бойынша мәліметтердің өсуі, қоныстану тақырыбының мейлінше тереңдігі, күрделілігі және оларды арнаулы ғылымдар негізіне бағытталған тәсілдермен шешу мүмкіндіктерінің шектеулі болуы;

б) өндірістің даму қарқынының артуы оның топтасуы мен мамандандырылуы, көлік байланысының жақсаруы, басқа факторлардың өндіргіш күштерді, оның ішінде басты өндіргіш күш болып табылатын халықты нақтылы аумақтарға орналастыру мәселесінің барынша күрделі сипат алуы кешенді зерттеулерді қажет етеді.

Табиғат байлығы бар жерлерді игеру, өндіргіш күштердің белгілі бір дәрежеде даму қарқыны халықтың

өсу шапшаңдығына, тығыздығына байланысты.

Халықты өндіріс процесіне тарту дәрежесі, қоғамда әлеуметтік өзгерістер бола тұрса да, халық санының өсу заңдылықтарына елеулі әсер етеді. Өндіргіш күштердің даму дәрежесі мен қоғамдық құрылыстың сипатына қарай халық санының өсу қарқынының артуы немесе бәсеңдеуі мүмкін.

Тұрғындардың аумақтық орналасуы өндіргіш күштердің дамуына, халықтың өскелең сұранысын қанағаттандыруға тәуелді. Өндіріс орындарының әр жерде таралуы, өнеркәсіптің жоғары қарқында дамуы, ауыл шаруашылығының мамандануы, қазба кен орындарының ашылуы және басқа факторлар халықтың аумақта әркелкі таралуына үлкен әсер етеді. Экономикасы дамыған, өндіріс орындары шоғырланған аудандарда халық тығыз қоныстанатыны белгілі.

### 4.3. Қоныстану процесін танудың әдіснамалық негіздері

Әдіснама қоғам дамуының ғылыми-практикалық заңдылықтарына сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың ерекшеліктерін зерттеу тақырыбының негізгі бағыттары мен заңдылықтарының қалыптасқан жолын көрсетуге тиіс. Көптеген әрбір ғылым салалары кез келген жағдайда



тек қана осындай жүйе түрінде ғылыми танымның сенімді құралына айнала алатынын көрсетеді.

Қоныстану әлеуметтік және өндірістік қарым-қатынастардан бастап көптеген психологиялық факторларға да тәуелді. Алайда олардың қоныстануға тигізер ықпалы бірдей емес. Нақтылы жағдайға байланысты жекелеген факторлардың мәні күшейеді, не болмаса, керісінше әлсірейді. Қоныстану заңдылықтары тұрақты түрде сақталып қала алмайды, саяси, экономикалық, табиғи және т.б. жағдайлардың өзгеруіне байланысты олар да өзгеріп отырады. Жерді суландыруға байланысты дала табиғатын өзгерту қоныстануға елеулі әсерін тигізді. Жел эрозиясынан зардап шеккен, соның әсерінен мамандану бағытын өзгертуге мәжбүр болған шаруашылықтардың орталық жүйелері қайта қарастырылып, қалыпқа келтіріледі. Қоныстану адам қоныстанған елді мекен түрінде материалдық тұрғыдан шұғыл түрде жетілмейді және даму барысында ол әлеуметтік-экономикалық дамудан қалыс қалып отырады. Ол қоғам дамуының жаңа талаптарымен, түбінде сөзсіз үйлесімділікке келеді, бірақ бұл процесс бірден емес, біртіндеп жүзеге асады. Қоныстану диалектикасы – уақыт пен кеңістік аясында өрбитін әрекет. Ол – қоныстану теориясының ең негізгі әдіснамалық ережесі. Осы бағыттағы ізденістер

үйлесімді шешімдерді іздеу қоғам дамуының тек нақты жағдайында ғана жемісті болуы мүмкін екендігін көрсетіп берді.

Қоныстанудың дамуы сапалы сапаға өту, қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі сияқты белгілі диалектика заңдылықтарына тәуелді түрде өрбиді. Яғни шаруашылықтарды техникамен жарактандырудың біртіндеп өсуі ұсақ өндірістер мен орталықтар жөніндегі тәжірибелік тұжырымдарға әкеледі. Бұл бағыттар ауылдық елді мекендерді ірілендіру, оларды механизациялау, ғылым мен техниканың жаңалықтарын енгізу, т.с.с. процестер жүргізіледі. Сандық өзгерістердің тұрақты жиынтығы эволюциялық жолмен жаңа сапаға әкеледі.

Қарама-қайшылықтар бірлігі мен күрес заңы қоныстанудың шынайы мәнін ашуда өте маңызды болып табылады. Бұл процесс өндірістік орталықтарды ірілендіру қажеттілігіне және тұрғын халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету деңгейін жақсартуға байланысты өндіріс күштерді топтастыру кезінде байқалады. Қарама-қайшылықтардың күресі бірте-бірте ауылшаруашылық өндірісін ірілендіру талаптарына және адамдардың тұрмысын жақсарту, қоныстанудың қайта құру мүмкіндіктеріне сәйкес елді мекендерді шоғырландыру бағыттарын танып білуге мүмкіндік береді.


Табиғаттағы және қоғамдағы қарама-қайшылықтар даму диалектикасының маңызды себептері болып табылады. Қоныстанудың ғылым ретінде қарама-қайшылықтары мол.

Адамдардың климаты жылы, топырағы жақсы, теңіз бен өзендердің жағалауларындағы жерлерде өмір сүруге талпынысы ежелден белгілі. Бірақ теңіздердің суы ащы, жағалауларының топырағы

құнарсыз болады және т.б. Қазіргі елді мекендерді орналастыруда, олардың қалыптасуы мен дамуында бірқатар қарама-қайшылықтар орын алуда. Қоныстанудағы қарама-қайшылықтарды мынадай сипатта көрсетуге болады (5-сурет).

Қарама-қайшылықтар ішкі және сыртқы болып, ал оның өзі негізгі, негізгі емес, қосалқы болып бөлінеді.

*Қоныстану жүйесіндегі қарама-қайшылықтар*  
(автордың құрастыруымен)



- С.Қ.Қ – сыртқы қарама-қайшылық
- І.Қ.Қ – ішкі қарама-қайшылық
- І.Қ. – өндіріс талаптары
- Ө.Қ. – өндіріс қажеттілігі
- А.С. – адам сұраныстары
- Т.Ж. – табиғат жағдайлары
- И. – инфрақұрылым
- Р.О. – ресурстардың орналасуы

5-сурет

### **Ішкі қарама-қайшылықтардың негізгі сипаты:**

1) Адам сұранысы мен өндіріс қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтың мәні былайша түсіндіріледі: тұрғындар өздерінің элеуметтік, тұрмыстық және басқа сұраныстарын қанағаттандыру мақсатын көздейді. Ал өндірістік дамудың нақты мақсаты, олардың орналасуы мен мамандану деңгейі, өзге де ерекшеліктері халықтың нақты сұраныстарына сәйкес келе бермеуі мүмкін. Мысалы, пайдалы қазбалар өндіретін жекелеген орындарға қалалық қоныстарды, шалғай шөлейт аудандарға ауылдық елді мекендерді орналастыру өндіріс талаптарына сәйкес жүргізілгенімен, олар толықтай халық сұранысын қанағаттандыра алмайды. Сөйтіп өзара қарама-қайшылықтар туындайды;

2) Адамның таза суды, тұнық ауаны, жалпы табиғатты қорғау қажеттілігінен туындайтын талаптары ескерілмейді, яғни елді мекендерді табиғаттың бағалы жер бөліктеріне орналастыру флора мен фаунаның зардап шегуіне, топырақтың, су көздерінің, т.б. табиғат нысандарының ластануына әкеліп соқтырады. Мәселен, Каспий теңізіндегі кен орындарын игеру барысында экологиялық талаптардың сақталмауы теңіз жануарларының жойылып кету қаупін тудырып отыр;

3) Өндіріс қажеттіліктері мен экологиялық талаптар арасында қайшылықтар орын алады (қорнатын орта бөліктері қоныстану жүйесіне енген жағдайда).

### **Негізгі емес қарама-қайшылықтар сипаты:**

1) Қоныстану сипаты бірінші кезекте – тұрғындардың шоғырлану деңгейіне байланысты елді мекендердегі халық саны азайған сайын олардың деңгейі де төмендей береді;

2) Қоныстану мен елді мекендер салу экономикасы арасындағы қарама-қайшылықтар да көрініс береді, яғни мекендер көп болған сайын олардағы халық саны азайып, ал ішкі жүйелердің арақашықтығы алшақтай түседі.

**Қосалқылары:** Қосалқы қайшылықтар нақты қалыптасқан қоныстану мен қоныстанудың келешектегі жүйесі арасында туындайды. Қоғам дамуының экономикалық және элеуметтік жағдайының өзгеруі, жаңа жерлер, кенді қазба байлықтарды игеру қажеттілігі халықтың қоныстануына елеулі өзгерістер әкеледі.

### **Сыртқы қарама-қайшылықтар. Негізгілері:**

1) Халықтың орналасу талаптары мен табиғи жағдайлары арасындағы байланыстан туындайтын қайшылықтар. Адамның жайылы, қолайлы климатқа, су көздеріне ұмтылатыны белгілі. Олардың нақты орналасуға тура келетін табиғи

жағдайлары көп ретте едәуір қатал болып келеді;

2) Өндіріс талаптары мен табиғи ресурстардың орналасуы кен байлықтары, ауыл шаруашылығына тиімді, оның ішінде егіншілікке қолайлы жерлер, орман арасындағы қайшылықтар. Бұл қарама-қайшылық өндірістің жақсы дамуына тиімді жолдар, су қоры, жақсы инфрақұрылымдық ресурстар арақатынасынан көрініс береді. Көп жағдайда өндіріс талаптары мен табиғи ресурстардың орналасуы сәйкес келе бермейді.

#### **Негізгі еместер:**

1) Қоныстану мен экономикалық ресурстар арасындағы қоғам қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ұдайы керек жағдайда реттелмейді. Қоныстану жүйесінің дамуы қашан да қолдағы бар материалдық, еңбек және т.б. ресурстармен шектеулі болады;

2) Қоныстану мен көлікті ұйымдастыру, сонымен қатар барлық инженерлік және өндірістік инфрақұрылымдар арасындағы қайшылықтар.

Тұрғындар бір жерде шамадан тыс шоғырландырылса, екінші жерде мұндай мүмкіндіктің болмауымен сипатталады. Шалғай аудандарға ұсақ елді мекендерді орналастыру, коммуникациялық желілерді салу қыруар шығындарға ұшыратады.

Қоныстанудың қарама-қайшылықтарының өзі ұдайы өзгерісте бо-

лады. Олардың бірсыпырасы өзінің мән-мағынасын жоғалтса, екіншілері ерекше күш алып жатады. Сөйтіп бұл мәселенің жаңа түрлері пайда болады. Түрлі қарама-қайшылықтар басты қайшылық түрінде топтастырылуы мүмкін. Қоғамның ұйымдық құрылымының күрделенуі барысында, өндірістік және өндірістік емес нысандар санының ұлғаюы, тұрғындар санының өсуі, жаңа табиғи байлықтарды игеру жағдайында басқару мәселесі ұдайы шиеленісе түседі. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы қоныстануға үнемі ықпалын тигізіп отырады. Бұл ұстанымдар мен қоғамның табиғи да, экономикалық та ресурстары тығыз байланыста. Кен байлықтарының орналасуы, құнарлы жерлер, су көздері және т.б. көлемі мен нақтылығы, тығыздығы, елді мекендердің маңыздылығы, антропогендік қызметтер табиғатты пайдалануда өздерінің сәйкестендірілген үйлесімділігімен орын алғаны дұрыс.

Қоныстану туралы ілімнің шаруашылықты ұйымдастыруда үлкен тәжірибелік маңызы бар. Қалыптасқан қоныстану жүйесін талдаумен қатар, ол қоғамдық және өндірістік дамудың үнемі өзгеріп отыратын жағдайына сәйкес жаңа түрлерін іздестіруімен де шұғылданады. Оның заңдылықтары қоныстануды жоспарлау барысында болжамды түрде анықтауға болатын өзгерістерді есепке алуға болатын,

жаңа жүйелерді реттеуге, әр түрлі елді мекендердің даму жолдары туралы ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Қоныстануды болжау мүмкіндіктері бірқатар айтылған әдіснамалық ережелерден туындайды. Қоныстану қозғамалы да ырғақты құбылыс және ол қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарына сәйкес дамып отырады. Сәйкестендірілген әлеуметтік, экономикалық, техникалық, демографиялық болжамдар қоныстануды жобалап жоспарлау негізін құрауы керек. Осыған сай барлық ауданды аудандастыруға жаңа тәсіл қажеттілігін, сонымен қатар жекелеген аумақтарды мезо- және макроаудандастыруды жүргізу керектігін атап өткен жөн.

Қоныстану мәселесін шешудің әдіснамалық алғышарты – аймақтық тәсілді пайдалану. Жекеленген аумақтарда мезо- және микроаудандарды қалыптастырудың оңтайлы шаралары жүзеге асырылуы керек. Осыған дейін қоныстануды қайта құру жайында бірнеше орынсыз қолданбалы теориялар ұсынылғаны белгілі. Мемлекеттің қоныстану жүйесі – материалдық құндылықтармен, миллиондаған адамдар тұрмысымен тығыз байланыстағы күрделі құбылыс. Қоныстану мәселелерін шешу үшін әдіснамалық жүйелілікті қамтамасыз ету ең негізгі ережелердің бірі.

Қоныстану әр түрлі факторлардың талаптардың, заңдылықтардың ықпалдарынан жинақталады. Табиғи жағдайлар, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы талаптар, қоғам дамуының жалпы заңдылықтары қоныстануға елеулі түрде әсер етеді. Қоныстанудың үйлесімді моделіне қойылатын әр түрлі талаптар арасында қарама-қайшылықтар туындайды. Мысалы, өндірісті ұйымдастыру көзқарасы тұрғысынан шөл және шөлейт даладағы шаруашылықтарда шопан үнемі қой отарларымен бірге жайылымдарға көшіп жүруі тиіс.

Ғылым әдіснамасы зерттеу жұмыстарының бағытын ғана емес, сонымен қатар оны жүргізу тәсілін де анықтайды. Қоныстану ісін қалыптастыруға ықпалын тигізетін түрлі факторларды есепке алу талабы ғылым салаларының топтастығына, сан алуан тәсілдерді байқау және тиімді пайдалану қажеттілігіне әкеледі. Қоныстануды тарихи дамуымен байланыстыра зерттеу тарихи материалдарды талдай білуді талап етсе, елді мекендерді орналастыруда физикалық-географиялық жағдайлардың ықпалын анықтау географиялық тәсілдер көмегімен жүзеге асырылады. Елді мекендерге қоныстанушылардың өзара қарым-қатынасын қарастыру үшін нақтылы әлеуметтік зерттеу әдістері қолданылады. Ғылым саласы ретінде қоныстанудың әдіснамалық

негіздері әлі де жеткіліксіз дамып отырғандығын атап өткен жөн. Нақты зерттеулер мен жаңа әдістердің табылуы, аралық шектес ғылымдардың дамуы бұларды ұдайы жетілдіріп отыруға мүмкіндік туғызады. Теориялық зерттеулерді тиянақтау осы бағыттағы ізденістерді дамыту, жаңа тәсілдерді іздестіруге және оларды жүзеге асыруға ықпалын тигізеді. Қоныстану мәселесінің күрделене түсуі оны шешетін тәсілдерді негіздейтін теориялық деңгейді де өсіреді. Жасалған жұмыстарды, ең болмаса бөлшектеп болса да қорытындылау мен зерттеу тәсілдерін жетілдіру жолдарын анықтау қажеттілігі әлдеқашан туындаған. Қоныстанудың келешектегі жүйесін зерттеуде, мәселен, ауылшаруашылық кәсіпорны дамыған аумақтарда, қалаға іргелес белдеулерде, өзге де аудандарда ең алдымен жергілікті тұрғындардың орналасуы, олардың болашақтағы санын болжайтын зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Демографиялық процестер мен қоныстану мәселелерін шешу, олардың мағынасына терең үңілу көзқарасы осы мәселелерді сапалы түрде шешуде барынша тиімді болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық процестер, экологиялық, демографиялық жағдай арасындағы байланыс экономикалық аудан тұрғындарының демографиялық көптеген

жағдайларының әсерін көрсетеді (6-сурет).


Нақты әлеуметтік зерттеулер халықтың отбасылық құрамын, табиғи және механикалық қозғалысын дәл болжауға мүмкіндік береді. Демографиялық болжамдарды жасақтауда математикалық тәсілдер ішінен халықтың үдемелі өсімінің интегралды және матрицалық тендеулер өрнегін алуға болады.

Қоныстанудың қолайлы жүйесін іздестіруде нақты әлеуметтік зерттеулерді пайдалану соны ізденістерге жол ашады. Мұның мақсаты – елді мекендердің әр түрлі тобына байланысты болып отырады.

Осындай зерттеулер халықтың көшіп-қону қозғалысының әлеуметтік мүмкіндіктеріндегі ауытқуларды сезінуге және оның жолдарын алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Көптеген ұсыныстарда қоныстанудың демографиялық мәселелермен байланысы қарастырылмаған, кәсіпорындардың экономикасына қоныстанудың ықпалы да көрсетілмеген. Қоныстану түрлерін салыстырудың кең тараған тәсілі де жетілдіруді талап етеді. Әкімшілік басқару және басқа шығындарды анықтау тәсілдерін түбегейлі жетілдіру мәселені шешуге қатысатын көрсеткіштер санын өсіру керектігін көрсетеді.

Бірқатар объективтік (тарихи және экономикалық) және субъек-

Әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және басқа да процестердің демографиялық жағдай мен нормаларына әсер ету сипаты



Ықпал етуші процестер:

- тікелей ықпал
- - - жанама ықпал
- әлеуметтік параметрлердің төменгі шегі
- экономикалық деңгей
- × нарықтық қарым-қатынас
- ⊕ саяси жағдайлар
- экономикалық жағдайлар

6-сурет

тивтік себептерге байланысты қоныстанудың сан алуан аспектілері қалыптастырылған. Практикалық тәжірибелерді тиянақты қорытындылау бағалы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Қоныстану жөніндегі жобалық ұсыныстар жан-жақты негізделген болуы тиіс. Бірақ бұлай жасау қиын. Қоныстануды қайта қалыптастыру дамып келе жатқан өндірістің материалдық байланысын үзуге әкеліп соқтырса, өндірісті ұйымдастыру және басқару шараларын жақсартса, адамдардың еңбегі мен тұрмысының жақсаруына игі әсер еткен болар еді. Өндіріс орталықтарын қайта қалыптастыру құрылыстарына қосалқы капиталды шығындар шығарып, елді мекендердегі бұрыннан салынған маңыздылығы аз құрылыстардан бас тартуды, адамдарға қоныс аудартып, өнеркәсіптерді қайта құруды қажет етеді.

Жобалық шешім экономикалық, өндірістік, әлеуметтік және басқа факторлардың жиынтығы арқылы жан-жақты баға беруді қамтамасыз ету ісі біршама күрделі мәселе.

Жоғарыда айтылғандардан қоныстанудың төмендегідей әдіснамалық тәртібін қорытындылауға болады:

1) Халықты қоныстандыру – белгілі бір аймақтағы материалдық байлықтардың орналасуына негіз-

делген адамдардың аумақтарда қоныстануының тарихи қалыптасқан процесі. Ол бүкіл адамзат тарихы кезеңдерінде жинақталып қалыптасқан, сөйтіп нақты қозғалыс, яғни даму инерциясына ие болған. Қоныстанудың қалыптасқан бағыты елдің әдет-ғұрыптары ерекшеліктерін олардың тарихи түпкі негізін түсіну нәтижелері. Бұл процесс тек қана талдау емес, оны болжауға да дәйекті негіз бола алады. Тарихи әдіс қоныстану жүйесін зерттеуде қашан да қолдануға кеңінен пайдаланылған;

2) Қоныстану мәселелерін зерттеуде жүйелік ізденістің ерекше үлкен мәні бар. Себебі қоныстануға саны да, сапасы да әр алуан көптеген факторлар ықпалын, өз әсерін тигізеді. Қоғам дамуының көптеген кырларына қоныстану да белгілі дәрежеде ықпал етеді;

3) Үйлесімді шешімдерді іздестіру, экономикалық-математикалық әдістер мен есептеу техникаларын қолдану мүмкіндігі шешімдердің жаңа да жасампаз түрлерін анықтауға қолайлы жағдай туғызады. Әдістерді қолдану мейлінше көкейтесті және маңызды шаралар жиынтығын құрайды;

4) Талдау әдістерінің көптеген түрлері, қоныстануды болжау әр түрлі тәсілдер көмегімен анықталады.



#### 4.4. Дүние жүзіндегі урбандалу процесінің қарқындылығы, агломерация және мегалополистер

Дүние жүзіндегі тұрғындардың орналасу тығыздығы әркелкі, яғни ғаламшардың шығыс және батыс жартышарларында немесе оның жеке аумақтарында халықтың таралып

орналасуы бірдей емес. Халықтың басым бөлігі қоңыржай, субтропикалық және субэкваторлық белдеулер шегінде, оның теңіз деңгейінен биіктігі 500 м-ден аспайтын өңірлерін мекендейді. 22-кестеден құрлықтардағы тұрғындардың биіктік белдеулер бойынша орналасуын көреміз.

22-кесте

#### Құрлық тұрғын халқының биіктік белдеу бойынша орналасуы, % есебімен

Дүние бөліктері	200 м-ден аласа өңірлер	200 м-ден 500 м-ге дейін	500 м-ден 1000 м-ге дейін	1000 м-ден 2000 м-ге дейін	2000 м-ден биіктегі аймақтар
Еуропа	69	27	7	-	-
Азия	56	24	12	7	1
Африка	32	24	21	21	2
Солтүстік Америка	47	33	8	8	4
Оңтүстік Америка	42	15	23	9	11
Австралия және Мұхиттық аралдар	73	18	8	1	-
Дүние жүзі бойынша (Антарктида мен Гренландияны қоспағанда)	56	24	12	7	1

## Әлемдегі тығыздық көрсеткіші ең жоғары елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Халықтың орташа тығыздығы, адам/км <sup>2</sup>
1	Бангладеш	Азия	965
2	Оңтүстік Корея	Азия	483
3	Нидерланд	Еуропа	465
4	Бельгия	Еуропа	335
5	Үндістан	Азия	324
6	Жапония	Азия	321
7	Шри-Ланка	Азия	298
8	Филиппин	Азия	272
9	Ұлыбритания	Еуропа	246
10	Германия	Еуропа	241

## Әлемдегі тығыздық көрсеткіші ең төмен елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Халықтың орташа тығыздығы, адам/км <sup>2</sup>
1	Гренландия (Дат.)	Солтүстік Америка	0,03
2	Бағыс Сахара	Африка	0,9
3	Моңғолия	Азия	1,7
4	Гвиана (Фр.)	Латын Америкасы	1,9
5	Намибия	Африка	2,2
6	Австралия	Австралия	2,5
7	Мавритания	Африка	2,6
8	Боствана	Африка	2,7
9	Суринам	Латын Америкасы	2,7
10	Исландия	Еуропа	2,8

Дүние жүзі халқының орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға 40 адамнан келеді, бірақ құрлық бетінің жартысына жуығында халық тығыздығы 1 шаршы шақырым жерде 5 адамнан аспайды. Жекелеген материктер мен елдер бойынша бұл көрсеткіштерде үлкен айырмашылықтар бар. Мысалы, Еуразия материгінде Америка құрлығымен салыстырғанда халықтың тығыздығы 4 есе жоғары, бұл Австралия материгінен 20 есе көп деген сөз. Еуразия елдері халқының аса жиі қоныстануымен ерекшеленеді, оның ішінде Бангладеште (900 адамнан аса), Нидерланд пен Корея Республикасы (500 адамға жуық), сол сияқты Жапония, Ливан, Бельгия, Үндістан (300 адамнан жоғары), т.б. мемлекеттер халқының аса тығыз орналасуымен көзге түседі (23-кесте). Халық, әсіресе «Ергежейлі елдер» деп аталатын (Монакода 1 шаршы шақырым жерге 16,4 мың адам) және қала-мемлекеттерде (Сингапурда 6,7 мың адам) өте тығыз орналасқан. 24-кестеде дүние жүзіндегі тығыздық көрсеткіші ең төмен елдер мен аумақтар берілген.

Халықтың орналасуы мен тығыздығына табиғат жағдайлары, тарихи-демографиялық және өндіргіш күштер факторлары өте үлкен ықпал етеді. Осы себепті адамдардың ең алдымен, табиғаты тіршілікке аса қолайлы және әр түрлі ресурстарға

бай жерлерді қоныстануы заңды. Мұндай өңірлерде олар табиғи жер бедерін үлкен өзгерістерге түсіру нәтижесінде антропогендік ландшафтылардың түрлі типтерін туғызуда.

Қазір дүние жүзінде халықтың өте жиі шоғырланған 5 аймағы бар. Олар: Шығыс Азия, бұл жерде 1,5 млрд-қа жуық адам қоныстанған; Оңтүстік Азия жағында 1 млрд-тан астам адам тұрады; Оңтүстік Шығыс Азия алабын 500 млн-нан астам адам мекендейді; Батыс Еуропа жерінде 500 млн-ға жуық адам тұрады; Солтүстік Американың Ұлы көлдері мен Атлант мұхиты жағалауы жиегінде 200 млн-нан астам адам шоғырланған. Планетамызда халық өте сирек қоныстанған аса ірі аймақтар да бар. Олар: Солтүстік Америка мен Еуразия материктерінің солтүстік бөліктері, Сахара шөлі, Аманозия және басқа да экваторлық ормандар алабы, Еуразия мен Австралия материктерінің ішкі шөлді аймақтары, аса биік таулы өлкелер. Ал Антарктида материгінде тұрғылықты халық жоқ. Сонымен қатар кейбір елдердің жер аумақтарында халықтың жиілігі әр түрлі болып келеді. Мәселен, Мысыр халқының барлығы дерлік Нил өзенінің төменгі аңғарында тұрады. Дәл осындай халық тығыздығының шұғыл ауытқушылығын келесі: Ресей, Өзбекстан, Қытай, Индонезия,

Канада және басқа мемлекеттер аумағының жалпы қоныстануынан көреміз (7-сурет).

Халықтың қоныстануы тұрғындарды кеңістіктік бөлу нәтижелерін білдіреді. Қоныстану – әр түрлі категориядағы елді мекендер бойынша тұрғындардың бөлінуі, яғни осы сәтке аумақтағы қоныстану нәтижесі. Адамзаттың даму процесінде және әлемнің кез келген елінде қоныстанудың екі категориясы қалыптасты, олар: қалалық және ауылдық.

Тұрғындардың қоныстану құрылымы – халықтың қалалық және ауылдық елді мекендері арасында, сондай-ақ осы елді мекендердің негізгі категориялары ішінде орналасудың әр түрлі мөлшері бойынша бөлінуі.

Қалалық тұрғындар арасында әдетте ауыл тұрғындарының осындай көрсеткіштерімен салыстырғанда туу деңгейі мен табиғи өсім мөлшері төмен болып келеді, білім деңгейі жоғары, отбасының орташа мөлшері шағын болады, т.б.


Осыдан шамамен 10 мың жылдай уақыт бұрын – адамзаттың отырықшылыққа көшіп, ауыл шаруашылығымен шұғылдана бастаған соң ауылдық елді мекендер пайда бола бастады. Алғашқы қалалар 5-6 мың жыл бұрын тұрғындардың шоғырлану орталығы ретінде қалыптасып, онда негізгі жұмыс түрі ретінде мына-

дай қызметтер – сауда, қолөнер, қорғаныс, әкімшілік басқару, діни ағымдарды тарату, т.б. дамыды. Қалалар осы қызметтерді орындау үшін неғұрлым қолайлы жерлерде, яғни экономикалық-географиялық жағдайы қолайлы аймақтарда бой көтерді.

Кейін қалалар өнеркәсіп (XVII ғасырдан) және өндірістік емес салалардың (XIX ғасырдан) дамуымен жедел дамыды. Алғашқы қалалар қалыптасқаннан кейін тұрғындарының мөлшері ұдайы өсіп отырды, ал қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы кең ауқымда дамып жатты. Бұл ауқымды әлеуметтік-экономикалық процесс *урбандалу* деп аталды. 8-суретте ғаламдық қоныстанудың тірек қаңқасы, яғни урбандалудың негізгі белгілері берілген. Тұрғындардың қалаға қарай орнығуы, әсіресе XX ғасырда ерекше жеделдеді, осы уақыт мөлшерінде ғаламшардағы қала тұрғындарының саны 15 есеге дейін көбейді. Ауыл тұрғындары осы кезең ішінде 2 есе ғана өсті.


Урбандалу дамуының жинақталған статистикалық көрсеткіші қандай да бір аумақтағы барлық тұрғындардың арасындағы қала адамдарының үлесі болып табылады. Бұл көрсеткішті *урбандалу деңгейі* деп атайды. Жер шары үшін тұтасынан алғанда урбандалудың бүгінгі деңгейі шамамен 50 % пайыз құрайды. Бұл

Әлем елдеріндегі халықтың орташа тығыздығы (В.П. Максаковский бойынша)



7-сурет

### Ғаламдық қоныстанудың тірек-қаңқасы



**8-сурет. Тірек-қаңқа морфологиясы: П – урбандалудың негізгі белдеуі; орталықтар мен ядролар:**

- 1 – Мәскеу; 2 – Рейн-Рур – Лондон – Париж; 3 – Милан; 4 – Тегеран; 5 – Карачи;  
 6 – Бомбей; 7 – Дели; 8 – Калькутта; 9 – Пекин – Тяньцзинь; 10 – Шанхай;  
 11 – Кантон – Ганконг; 12 – Сеул; 13 – Токио – Осака – Кобе; 14 – Манила;  
 15 – Джакарта; 16 – Бангкок; 17 – Каир; 18 – Лагос; 19 – Нью-Йорк; 20 – Чикаго;  
 21 – Лос-Анжелес – Сан-Франциско; 22 – Мехико; 23 – Сан-Пауло – Рио-де-Жанейро;  
 24 – Буэнос-Айрес

ретте дамыған елдерде ол елеулі түрде жоғары (75-90 %), бірақ соңғы он жылдық көлемінде іс жүзінде бұдан артық өскен жоқ.

Дамушы елдерде урбандалу деңгейі төмен (Африка мен Азияның неғұрлым артта қалған елдерінде 10 %-ға дейін), бірақ ол жоғары қарқынмен ұлғаюда. Дамушы елдерде көбінесе тек қана астаналар мен ірі қалалар өсуде, олардағы тұрғындар санының өсуі экономикалық дамулы жеделдетуде. Мұндай құбылыс *жалған урбандалу* деп аталады, өйткені қала тұрғындарының басым бөлігі шет жақтағы түкпірлерде тұрады және қалалық та емес, ауылдық та емес – маргиналды тіршілікте өткереді.

Қалалық қоныстар – мемлекет заңдылығына сәйкес қала категориясына жатқызылған елді пункттер. Бірқатар мемлекеттерде қоныстанудың әкімшілік мәртебесі, ал бірқатарында – тұрғындардың басымдықпен жұмыспен қамтылуы, ал енді кейбіреулерінде – қаланың салыну типі ескеріледі. Көп жағдайларда басты өлшем ретінде тұрғындардың саны есепке алынады, бірақ ол әр мемлекеттерде әр түрлі. Мәселен, Исландияда 200 адамнан Жапонияда 30 мың адамға дейін қамтиды.

Қалалық қоныстанудың дамуы – урбандалудың бастапқы сатысы ғана. Ірі қалалардың маңына басты қаламен әр қилы әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттерімен

тығыз байланысқан елді мекендер қалыптасады. Қоныстанудың мұндай топтары қалалық агломерация (шоғырландыру) деп аталады, олар бұрыннан-ақ дамыған елдерде қалалық қоныстанудың бір түріне айналған.

Агломерация (қалалық шоғырландыру) – басты қаладан және өзара тұрақты өндірістік, мәдени-тұрмыстық, оның ішінде рекреациялық жүйемен біріккен, оған жақын орналасқан елді мекендерден тұратын қоныстану құрылымы, яғни қалыптасқан қалалар шоғыры.

Өзара байланысқан елді мекендердің барлық осындай жиынтығын орналасудың бірыңғай жүйесі ретінде қарастыруға болады, ол үшін жалпы қала құрылысы, әлеуметтік-экономикалық және табиғат қорғау саясатын жүргізу керек.

Дамыған елдерде қала маңында шоғырланған аймақтағы тұрғындардың басым бөлігі – әр түрлі себептер бойынша (экономикалық, экологиялық, т.б.) қоныс аударуы қолайлы болып табылатын, орталық қаладан келген мигранттар.

Қала маңындағы аймақтың тұрғындарының көпшілігі күн сайынғы маятниктік көші-қонмен орталық қалада жұмыс істеуін жалғастыра береді. Қала маңының дамуы кең ауқымда алғанда шоғырланудың орталық қала тұрғындары қоныс аударуы есебінен жүзеге асады. Бұл

құбылыс *субурбандалу* деген атау алды.

Субурбандалу (қала маңына шоғырлану) – ірі қалалардағы қала маңы аймағының өсуі мен дамуы, соның нәтижесінде қала агломерациясы қалыптасады. Субурбандалу үшін агломерацияның қалыптасуы қаламен салыстырғанда халықтың қала маңына қоныстануының және тұтастай алғанда қала маңы тұрғындар саны өсуінің неғұрлым жоғары қарқындылығы.

Конурбация (лат. *con* «бірге» және *urbs* «қала») – ауданы бойынша ірі немесе шағын бірнеше қалалар немесе қалалық аумақтар ретінде көрінетін полиорталық типіндегі қала агломерациясы (мыс., Рур алабындағы қалалардың шоғырлануы). Конурбация кейде қала агломерациясы (моноорталықтық агломерация) терминін біріктіреді, оның басты ерекшелігі бір ірі қалалық ядро айналасында агломерацияның қалыптасуы болып табылады. Едәуір ірі конурбациялар (полиорталықтық агломерациялар) Еуропада құрылды. Мысалы, Германиядағы Рур (тұрғыны 11,5 млн-дай), Нидерландтағы Рандстад (7 млн-ға жуық).

Жер шарының кейбір аумақтарында қалалық қоныстанудың дамуы үшін неғұрлым қолайлысы – бірбірімен тығыз байланысты қалалық агломерация тізбектерінің құрылуы. Осылайша мегалополистер атауы

пайда болды. Бұл – урбандалудың агломерациядан кейінгі сатысы. Мегалополистер АҚШ-та, Жапонияда, Батыс Еуропада әлдеқашан қалыптасып үлгерді. Ірі қалалық агломерациясы бар дамушы елдерде де олардың құрылымдары бой көтере бастады (Бразилия, Үндістан, Қытай).

Қалалық қоныстанудың мынадай бірнеше жіктелуі бар, олар: мөлшері бойынша, түрі бойынша, қызметі мен құрылымы бойынша, т.б.

Мөлшері бойынша қалалық қоныстанулар шағын (20 мың тұрғынға дейін), орта (20-100 мың тұрғын), ірі (100-500 мың тұрғын), миллионер-қалалар (1 млн-нан жоғары) және жоғары миллионерлер (10 млн тұрғыннан жоғары) болып бөлінеді.

Урбандалу процесі дамуының өзіне тән ерекшелігі – тұрғындардың үлкен қалаларда жинақталуы болып табылады. Егер ХХ ғасырдың басында 100 мыңнан астам тұрғыны бар қалаларда Жер шарындағы бүкіл халықтың 5 %-ы ғана тұрса (оның ішінде миллионер қалаларда 1 %-дан кем), ғасыр соңында бұл көрсеткіш 40 % шамасына жетті (оның ішінде миллионер қалаларда 25 %). ХХ ғасырдың басында жоғарғы миллионер қалалар болған жоқ, ал ғасыр соңында олардың саны 20-ға жетті. Олардың ішіндегі ең ірісі Токионың халқы – 25 млн-нан астам.

*Мегалополис* (грек. *megas* – үлкен және *polis* – қала) немесе суперагло-

мерация – көптеген қалалар мен елді мекендердің қосылуы нәтижесінде пайда болатын ірі қоныстану аймағы. Қалалық агломерацияға қарағанда мегалополисте қоныстану формасының иерархиялық деңгейі жоғары болады. Мегалополис тек қалалық құрылыстардан ғана тұрмайды. Шамамен аумағының 9/10 бөлігі ғана ашық жерлер болады. Дүние жүзінде қалыптасқан ірі және танымал мегалополистер:

- Токайда – (Токиодан Осако және Кобега дейін) Жапонияда;
- Босваш – (Бостоннан Вашингтонға дейін) АҚШ-та;
- Чипитс – АҚШ пен Канададағы Ұлы көлдер аймағы;
- «Көгілдір банан» – Еуропада;
- Лондон – Ливерпуль Ұлыбританияда;
- Сансан немесе калифорниялық (Сан-Францискодан Сан-Диегоға дейін) АҚШ-та;
- Янцзы өзенінің атырауы – Қытай.

Мегалополис Ежелгі Грекияның 35 елді мекенінің тұтасып кетуі нәтижесінде қалыптасқан Мегалополь қаласының атауынан пайда болған.

Көгілдір банан («көк банан»; фр. *Banane blue*) – 1989 жылы француз оқымыстысы Роже Брюне ұсынған жоғары экономикалық дамыған Еуропалық аймақтың атауы. Брюне Еуропаны белсенді және белсенді емес аймақтарға бөлуге ұйғарып, оның индустриялық дамыған бөлігін



«Boom banana» («жетілген банан») деп атады. Бірақ атау дұрыс қолданылмай, нәтижесінде банан «көкке» айналды. Атаудағы көгілдір (көк) түс Біріккен Еуропа туының түсін де білдіреді.

«Көгілдір банан» деп ерекше экономикалық мәнге ие Орталық Еуропа аумағын атайды, ол америкалық Босваш, Чипитс, Сансан немесе Қытай мен Жапония жағалауындағы азиялық мегаполистерден де асып түседі. Еуропаның халық ең тығыз қоныстанған бөлігі (110 млн-ға жуық адам). «Көгілдір банан» нарықтық экономика жағдайында өздігінен құрылды. «Көгілдір бананның» солтүстік шеті Манчестер мен Бирменгем аймағындағы көмір индустриясы мен болат балқытудың ескі орталығына сәйкес келеді. Әрі қарай ол оңтүстік бағытта Ұлыбритания және Лондон агломерациясына жүреді. Банан континентте жинақталып, өзіне Бельгияның солтүстік бөлігін, Нидерленд, Рандштад, Рур аймағының оңтүстік бөлігін, сондай-ақ Дюссельдорф пен Кельнбонн агломерациясын қосып алады. Әрі қарай «көгілдір банан» Рейн аңғарынан өтіп, Майндағы Франкфурт және Рейн-Майн аймағын қосып алып, одан кейін Рейн-Неккар метрополитендік ареалы және Штутгарта арқылы және одан әрі Швейцария арқылы солтүстік-батыс Ита-

лияға жетіп, Турин, Милан және Генуя қалаларына шегіне жетеді.

*Моноқала* – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 %-дан астамы) шоғырландырылған қала.

Моноқалалар санатына тұрғындарының саны 10 мыңнан 200 мыңға дейін адамы бар:

1) қаланың негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіп өндірісінің көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 %-дан астамын құрайтын (мономамандандыру);

2) қаланың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың 20 %-дан астамы жұмыс істейтін;

3) қала құраушы кәсіпорындары жартылай істейтін немесе мүлдем істемейтін өлшемдердің бірімен сипатталатын қалалар кіреді.

Бұл ретте көптеген моноқалаларға қаламен экономикалық тығыз байланыстағы қала маңындағы кенттер мен ауылдық елді мекендер әкімшілік бағыныста.

*Жалған урбандану* қала шеттерінде (негізінен дамушы елдерде) жұмыс күшіне қажеттіліктің артуына байланысты қалаға ауыл тұрғындарының көптеп қоныс ау-

даруы салдарынан құрылған кедей және нашар қамтылған тұрғын аудандар. Мигранттардың ауылдық жерден қалалық ортаға қозғалу процесі өте баяу жүруде, сондықтан олар ескі өмір салтын ұзақ сақтайды. Нәтижесінде ауылдық өмір сүру салтының қала тұрмысына ену процесі жүреді. Жалған урбандалу Ресейде де кең тараған, онда бұл термин көп қолданылмайды, әдетте рурализация жайлы көп айтылады (ағ. rural – «ауылдық»). Бұл құбылыс мынадай пысықтауларға жол ашты: саны ушығып бара жатқан көптеген қалалықтар – бірінші және екінші ұрпақ ауылдан шыққандар (үшінші ұрпақ қалалықтардың үлесі 20 %-дан төмен); барлық қалалықтардың 3/2 бөлігіне жуығы – жаңа, бос орынға қоныстанғандар; 15 % қалалықтар көпшілік белгілері бойынша ауылдық елді мекен элементтері байқалатын шағын қалаларда өмір сүреді. Су жолдары және канализациялармен қамтамасыз ету шағын қалаларда төмен, сондықтан мұндай қалаларда ірі облыстарға тиесілі аудандардағы сияқты қала мәдениеті белгілері аз, ал өмір салты мен құндылық жүйесі жеке шаруашылықтарды қоса алғанда әлі де ауыл жағдайында қалып отыр. Әлі қалалық емес, бірақ ауылдық та болып үлгермеген халықтар – маргиналдар пайда болып және көбейіп келеді. Бірнеше есептеулер бойынша, жартылай қалалық өмір салтын

ұстанып жүрген тұрғындар қала халқының ширек бөлігін құрайды.

Ауылдық мекендер – бұл қалалық қоныстанудан тыс мекен етілетін аумақ. Ауылдық елді мекендер қалалықтарға қарағанда біршама көп, бірақ олардың орташа мөлшері біршама айтарлықтай кіші. Кейде ауыл тұрғындары жеке орналасқан үйлерде (фермаларда) тұрады. Ондай қоныстану орнында 1-2 отбасы тұруы мүмкін.

Мұндай құрылымдар фермерлік жер шаруашылығы қалыптасқан елдерде басым (АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия). Әр түрлі тарихи кезеңдерде жерге иелік ету қауымдық немесе феодалдық болған әлемнің көптеген елдерінде топтық орналасу басым болады да тұрғындар деревняларда, селоларда, ауылдарда тұрады.

Ауылдық елді мекендер қалалықтар сияқты, адамның орналасуы бойынша (яғни, халықтың саны) топтарға бөлінеді, бірақ топтар шекарасы мүлдем басқаша болады. Ауылдық елді мекендер тым ұсақ (50 тұрғынға дейін), ұсақ (50-100 тұрғын), орташа (101-500 тұрғын), ірі (501-1000 тұрғын) және өте ірі (1000 тұрғыннан жоғары) болып бөлінеді.

Әлемнің халқы көп қоныстанған, ауыл шаруашылығы еңбегін көп қажет ететін елдерінде (Қытай, Үндістан, т.б.) өте ірі ауылдық елді мекендер халқы бірнеше ондаған мың адамға жетуі мүмкін.

Ауылдық елді мекендердің қаладағыдан өзгешелігі, аумақтар бойынша шашыраңқы орналасқан, олар әдетте табиғи ресурстармен тікелей байланысты болып келеді. Қоныстанудың маңызды сипаты тұрғындардың тығыздығы. Еңбек қарқынды жүретін ауыл шаруашылығы дамыған аудандарда ауыл халқының тығыздығы мейлінше жоғары болып келеді. Мәселен, Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азияда ауыл тұрғындарының тығыздығы кейбір жерлерде 1 км<sup>2</sup> жерге 1000 адамнан асады, ал әлем бойынша 1 км<sup>2</sup> орташа көрсеткіш 20 адам шамасында.

Ауыл халқының жоғары тығыздылығына ірі қалалар маңы да жете алады, бірақ бұл үлкен ауқымда алып қарағанда қаламен байланысты және урбандалу әсерімен қалыптасқан ауылдық елді мекендер болып табылады.

Қалалардың тез өсуіне қарамастан, дүние жүзі халқының жартысынан астамы әлі ауылдық елді мекендерде тұрады. Ауыл – қаладан халық саны және қамтамасыз етілу сипаты бойынша ерекшеленетін елді мекен типі. Әр халықта ауылдық елді мекендердің атаулары әр түрлі. Мәселен, мыза, ауыл, кипшак, аил, улус, ранчо, ферма, фазенда, хутор, альенда, село, деревня, т.б.

Ауылдық елді мекендер мынадай ерекшеліктеріне байланысты топтас-тырылады:

1. Халық санына байланысты: а) халық саны төмен; ә) халық саны орташа; б) халық саны жоғары;

2) Ауылдың мамандануына байланысты: а) ауыл шаруашылығына маманданған, мысалы, бұл типтегі ауылдық елді мекендер дүние жүзінде кең таралған; ә) ауыл шаруашылығынан басқа салаларға маманданған, мысалы, балықшы ауылдар, тау-кен орындары таралған елді мекендер, орман шаруашылығына маманданған ауылдар, курортты елді мекендер, т.б.; б) аралас шаруашылыққа маманданған, мысалы, аграрлы-индустриалды ауылдар.

3) Топографиялық-географиялық жағдайына байланысты ауылдар суайрықты, жазықты, таулы, т.б. деп жіктеледі;

4) Тарихи факторларға байланысты шығу тегіне қарай ауылдардың жіктелуі. Мысалы, ауқатты адамдардың қыстауы, жайлауы, т.б.

5) Ауылдық елді мекендегі тұрғызылған құрылыстардың орналасу ерекшеліктеріне қарай: сызықтық (бір жақты көшелер, екі жақты көшелер, тарамдалған, сақиналы); шашыраңқы (түйдектелген, топтаған, қосылған, біріктірілген); кварталды.

6) Ауылдық елді мекендегі тұрғызылған құрылыстардың материалдарына қарай: ағаш, тас, саз, тері, киіз, қамыс, бамбук, пальма бұтақтары, т.б.

#### 4.5. Агломерацияның қалыптасу сатылары және қазіргі қала агломерацияларының негізгі белгілерінің сипаты

Елбасы өз Жолдауында: «Елдің басты урбандалу орталықтары Астана, Алматы, Шымкент қалалары болады. Ұзақ мерзімді кезеңде Ақтөбе қаласында агломерация әлеуеті бар», – деп атап өтті.

Қоныстанудың ірі топтық жүйелері (агломерациялар) экономикалық дамудың динамикалылығымен, өндірістік және адам ресурстарының, білім және ғылым әлеуетінің жоғарғы концентрациясымен, ұлттық және ғаламдық нарық арасындағы байланысты қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылыммен ерекшеленеді. Агломерациялардың мәні, әсіресе шекаралық аймақтарда өте маңызды, өйткені агломерациялар геосаяси ықпалдың басты нүктесі болып табылады.

Ауқымды аумақты алып жататын ірі агломерациялар өз айналасындағы үлкен кеңістіктегі әлеуметтік және экономикалық сипатты ұйымдастыруға қабілетті. Қоршаған ортадағы көп салалы, өспелі тұтынушылық сұраныстарға талап қоя отырып, агломерациялар аймақтардың экономикалық дамуын басқаратын және меңгеретін орталықтарға айналады.

Өз дамуында агломерация 4 кезеңнен өтеді. Бірінші кезеңде агломерация өндірістік байланыстармен басым біріккен жеткілікті дәрежеде жақын орналасқан урбандалған аймақтардың жеке формалары ретінде сипатталады. «Өндірісті агломерация» деп аталатын агломерацияларда еңбек, жер, жылжымайтын мүлік және басқа да ресурстардың бірыңғай нарығы болмайды, бұл оның қалыптасқан агломерация ретінде жіктелуіне жол бермейді. Екінші кезеңде агломерация орталығына маятниктік көші-қон ағындарының ұмтылысы жоғарылайды, агломерацияның бірыңғай еңбек нарығының қалыптасуы жүреді. Үшінші кезең – дамыған агломерация кезеңі бірыңғай қызметтік байланысқан кеңістіктің болуымен сипатталады, мұнда агломерация орталығының (ядроның) шеткі қызметтер тізбегі спутник-қалаларға ауысады, қала маңы (субурбтар) дамиды, агломерацияның бірыңғай нарығы түзіледі, агломерация ұлттық экономиканың аймақтық құрылымындағы маңызды түйін болады. Өндіріс алды агломерация кезеңі агломерацияның ғаламдық экономикалық процестерге араласуымен, «ақыл-ойлы» қала инфрақұрылымының дамуымен ерекшеленеді, қоғамдық кеңістіктің жаңа тұжырымдамасы («үшінші орын» деп аталатын) пайда болады, жаңа «ресурстар қоржыны» (адам капиталы,

технологиялық және басқармалық инновациялар, технологияның өндіріс алды экономикасы, сыйымды және динамикалы нарықтар) жоғарғы дамуға ие болады.

*Дамудың қазіргі кезеңіндегі қала агломерацияларының рөлі.* Бүгінде әлемдік экономикада қала агломерациясы – жаңарудың және жедел дамудың, аймақтық құрылымдардың, ұлттық экономиканың да бәсекеге қабілеттілігін өсірудің негізгі түрлерінің бірі. Қоныстанудың нүктелік формасы ретінде қаланың орнына қала агломерациясы келеді, олардың өндірістік, еңбек, мәдени және ғылым, білім байланыстары өндірістік күштердің даму деңгейінің жеткілікті дәрежеде жоғары болуын қамтамасыз етеді және экономика дамуының жаңа жағдайларының сапалы қалыптасуына жол ашады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, елді мекендердің агломерацияға бірігуі аймақты біршама әлеуметтік және экономикалық сипаттармен тұрақты және динамикалық өсімді аралға айналдырады. Агломерациялар даму барысында экономиканың өркендеуіне ауысу процесін жүзеге асырады және нақты бір кезеңде аймақтың дамуы үшін мынадай сынды мәселелерді шешеді:

- Экономиканың бәсекеге қабілеттігін арттыру және даму ресурстарының тұрақты тармақталуын қамтамасыз ету;

- Агломерацияның немесе аймақтың тауар, қаржы, технологиялық және мәдени қатынастар жүйесінде маңызды түйін ретінде әлемдік нарыққа шығуы және Қазақстандағы жаһандық қаржы тармақтарының «операторы» ретінде бекітілуі;

- Біріккен аймақтарда жаңа кәсіпорындар мен тұрғын үйлерді құру үшін коммуналды ресурстарды жаңарту және интеграциялау;

- Шағын және орта қалалардан аймақтық астаналарға ішкі көші-қонды (маятниктік, күнделікті, қарапайым) реттеу;

- Ядро – қаланың дамуын бақылау және инфрақұрылымға түсетін шамадан тыс көп қысымды азайту; «шеткі» аумақтардың дамуындағы басым бағытты ауыстыру арқылы қала орталығының тұрақты дамуы;

- Тұтынуды болжау және өндірістік, рекреациялық және басқа да салалардың толықтырылған дамуы.

Бүгінде агломерация қалыптастыру қоныстану жүйесінің тірек қаңқасымен, көліктік және энергетикалық инфрақұрылыммен, өмір сапасының жоғарылығы және дамудың инновациялық жобасымен байланысты бірыңғай тұтас Қазақстанның өмір сапасының жоғарылығын, бәсекеге қабілеттілікті, кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы ортаның болуын қамтамасыз ететін басты құрал болып отыр. Қалалар үшін агломерация жобаларын жүзеге

асыру – объективті қажеттілік болып отыр. Агломерация – аймақты кешенді дамытудың стратегиялық құралы, бұдан қала орталығы да (қала мәселелерін шешу: өндіріс өнімінің төзімділігі, көліктік және коммуналды-шаруашылық инфрақұрылым нысандарының пайда болуы, рекреациялық базаның дамуы және т.б.) қала маңы да (инженерлік-техникалық, әлеуметтік-мәдени қызмет көрсетудің және өмір сапасының едәуір жоғарғы деңгейі) ұтылмайды. Осы мақсатқа бағытталған агломерация дамуы – ірі орталықтардың өсімін, қоныстану жүйелерінің дамуын басқаруды реттейтін маңызды құрам бөлік болып табылады.

Агломерация әлеуметтік, көліктік және инженерлік қызмет көрсетудің, табиғи-экологиялық қаңқаны жүзеге асырудың жалпы жүйесімен бірге бірыңғай әлеуметтік-экономикалық, инвестициялық кеңістік ретінде қарастырылады. Барлық құрылымдар дамуда мынадай басты артықшылықтарға ие болады:

- Шағын және орташа қалалардың нығаюы мен көтерілуі, ауылдық мекендердің құрылуы;

- Әлеуметтік қатынастардың анағұрлым тартымды ортасына, барлық тұрғындардың ірі қала тұрғындарының қол жетімді қызметтерді пайдалану мүмкіндігіне ие елді мекендер санының өсуі;

- Агломерацияның түрлі аймақтарында тұратын тұрғындарға еңбек, медицина, білім, сауда, мәдени және басқа да мүмкіндіктерді толық масштабта жеткізу;

- Біршама көлемді инфрақұрылымдық жобаларды (энергиялық қуаттылықты, көліктік кешендер мен соған байланысты қызметтерді, ақпараттық коммуникацияны, білім беру және инновация инфрақұрылымын) жүзеге асыру мүмкіндігі;

- Халықтың тұрмыс жағдайының өсуі, шағын және орташа қалалар кеңістігіндегі тиімділіктер жағдайында білім алу және кәсіби іс-әрекеттер мүмкіндіктерінің жоғарылауы, халықтың көші-қон процесінің кері кетуін төмендетуге мүмкіндік береді;

- Даму стратегиясын біршама тығыз және тиімді үйлестіру мүмкіндігі;

- Кеңістіктік және экономикалық даму байланыстары;

- Дамудың инновациялық жоспарына ауысу үшін «сыншыл массаның» пайда болу мүмкіндігі;

- Қаржыландыру сұраныстарының орнықтылығы;

- Инвесторлардың сенімділігі;

- Өз аймағындағы маркетинг үшін анағұрлым кең мүмкіндіктер.

Бұл кезде бизнестегі агломерация мүддесі мыналарға негізделген бәсекеге қабілеттіліктің өсуімен түсіндіріледі:

- Өндірістің түрленуі мен шоғырлануының жоғарғы дәрежесі, бұл оның максималды тиімділігіне бағытталады;

- Маманданған кадрлардың шоғырлануы, адам капиталын жедел әрлендіру мүмкіндігіне;

- Өндірістің ғылыммен және оқу орталықтарымен тығыз байланысын орнату мүмкіндігіне;

- Қаржы қызметтерінің кең таңдауына және инвестициялық ресурстарға жоғарғы қолжетімділікке;

- Өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым жүйелерін тиімді қолдануға.

Агломерация бизнестің инвестициялық жобаларын және аймақты дамыту жобаларын анағұрлым тиімді түрде құруға мүмкіндік береді, ал олар сервистік келісімдер сияқты концессиялық келісімдер негізінде жүзеге асуы, жекешелендіру – инвестициялық үлгіде немесе жалдамалы инвестициялық жағдайда құрылуы мүмкін. Бүгінде мұндай үлгілер кәсіпкерлік үшін тартымды болуы мүмкін.

Бұл жағдайда қазіргі кезде агломерациялардағы инвестициялау тиімді болып келеді, бұдан бірден көрінетін тиімділік – экономикалық шарасыздықтың төмендеуі, тұрмыстық өнімдер және еңбек нарығының кеңеюі және т.б. Кез келген жобалар (ұлттық жобалардан бастап, инфрақұрылымдық

және желілікке дейін) агломерацияларда жоғарғы экономикалық қолайлылықпен жүзеге асады. Ал мемлекеттік жеке әріптестік құрылымдарды қолдану мүмкіндігін, жобалардың тартымдылығын жоғарылатады.

Агломерация халықаралық тәжірибеде әрқашан да дағдарысқа қарсы құрал ретінде мына жағдайлар үшін қолданылды:

- Агломерация қамтитын аймақтағы диспропорцияны түзеу және жаңа аумақтардағы жаңа өндірістердің пайда болуы есебінен агломерациялық байланыстарды нығайту, бұл кәсіпкерлікті дамыту үшін едәуір жайлы ортаны қалыптастырады, өмір сапасының жақсаруын қамтамасыз етеді;

- Аймақтық ресурстардың шектеулілігін жеңу және агломерацияның сыртқы аймақтарына бағытталу мүмкіндігі. Көп жағдайда қалалар өнеркәсіпті аудандарды қайта ұйымдастырусыз әрі қарай кеңею үшін резервті аймақтарға ие бола алмайды. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бір бөлігінің жабылуы аймақты жаңа нарықтық мүмкіндіктермен (әлемдік экономиканы қайта өңдеумен байланысты) қайта құруға жол ашады;

- Қаланың көрнекті орындарын қайта құру мен жаңарту, оның «орталықтық» қызметін және ғылыми-техникалық прогресті анықтайтын өндірісті дамыту. Басты жоба қала

агломерациясының іскерлік орталығын қалыптастыру болып табылады;

- Қаладағы өнеркәсіп өндірісінің шоғырлануын азайту есебінен қоршаған орта сапасын жақсарту, экономиканы постиндустриалды экологиялық қауіпсіз өндіріс жағына ауыстыру;

- Агломерацияның ауылшаруашылық белдеуін дамыту және тауар сызығындағы «импорттық қозғалысты» шегеру;

- Тұрғын үй мәселелерін шешу, атап айтсақ, жаңа типте құрылған аудандарды дамыту, апаттық жағдайда тұрған және аз қабатты ескі құрылыстар аймағын жаңарту;

- Дағдарыс кезінде халықты жұмыспен қамтамасыз ететін басты факторлар болып табылатын транспорттық, инженерлік инфрақұрылымды жобалау.

*Шетелдердегі агломерацияның қалыптасуы мен қызметінің нәтижелері.* Шетелдердегі агломерацияның қалыптасу нәтижелерін талдау қорытындысында оларда бұл процеске ерекше мән беріледі және басқа елдер жағдайында мемлекеттік қолдаудың механизмі мен құралдары жеткілікті дәрежеде тиімді жасалған. Бұл әлемдік экономикалық жүйенің тұрақтылығы төмендеп, экономикалық әрекеттердің кеңістіктік заңдылықтарына және оны пайдаланудың жаңа мүмкіндіктеріне қызығушылықтың артуына негізделеді.

Агломерациялар мен бағдарламалық-мақсаттық аумақтық-өндірістік кешеннің қалыптасуы біршама инновациялық әлеуетке ие болады деп саналады.

Агломерация қалыптасуы мен дамуының негізгі шарттары құқықтық базаның (агломерацияның құрылуы мен қызметі) және инфрақұрылымның (бірегей желіге бірігу, агломерация базасында кешенді жобаларды жүзеге асыру) болуы болып табылады.

Қазіргі қала агломерацияларының негізгі белгілері:

- *ықшамдық* – елді мекендердің, ең алдымен қала тұрғындарының ықшамдалып орналасуы;

- адам және жүк тасымалы құралдарының бірлігін және көліктің алуан түрлерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін *көлік дәліздерінің болуы*;

- *жетімділік* (1,5 сағаттық), ол көлік дәліздері жүйелерінің болуы жағдайында агломерация шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді (басқа да экономикалық факторлар жағдайында);

- қала агломерациясы аумағында міндетті болып табылатын *өнеркәсіптік өндіріс және еңбек ресурстарының шоғырлануы*;

- *халық тығыздығының жоғарылығы* – көлік дәліздерінің бойында халықтың көп мөлшерінің болуы;



- *экономикалық қатынастар* – өнеркәсіп және ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен тұтынудағы өнеркәсіптік кәсіпорындарды шоғырландыру (көрсеткіш – сыртқы жүк айналымымен салыстырғандағы агломерация шегіндегі қуатты жүк айналымы);

- *тығыз еңбек байланыстары*: бір елді мекен кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс жасаушылардың бір бөлігі келесі бір елді мекенде тұрады, яғни агломерация шегінде өзара байланысты қоныстану байқалады және басты қала мен қала маңы аймағындағы елді мекендер арасында, сондай-ақ сол елді мекендермен өзара күнделікті маятниктік еңбек көші-қоны жүреді;

- *тығыз мәдени-тұрмыстық және рекреациялық байланыстар*: бір немесе бірнеше елді мекендердің демалыс орындары мен мекемелері басқа елді мекендердің тұрғындарына да қызмет көрсетеді, мәдени-тұрмыстық және рекреациялық мақсаттағы күнделікті және апта сайынғы маятниктік миграция жүреді;

- *әкімшілік-саяси және шаруашылық байланыстар*, олар агломерация елді мекендері арасындағы бизнес ісі, қызмет және қоғамдық жұмыстар бойынша реттелген іс-сапарлар арқылы жүзеге асырылады;

- *қызметтік байланыстардың жоғарғы деңгейі* – қала агломерациясын құрайтын елді мекендердің

жақындығы және олардың бірін-бірі қызметтік толықтыруы; көптеген жағдайларда – агломерация ареалының шегінде орналасқан елді мекендердің өзара бағыныптылығы (тек әкімшілік-құқықтық бағыну емес, сондай-ақ күрделенген тарихи және экономикалық тәуелділік);

- еңбек, жылжымайтын мүлік, жер нарықтарының тұтастығы;

- елді мекендердің өз әкімшілік аймақтары шегіндегі ұқсастықтары (ең тығыз қабысқандарынан басқа);

- *көпкомпоненттілік* – елді мекендер объективті себептермен күрделі көп компонентті жүйелерге бірігеді;

- *динамикалық*, жаңа экономикалық, әлеуметтік үдерістерге тез бейімделу мүмкіндігі.

*Моноорталықтық агломерацияларда жоғарыда аталғандарға қосымша:*

- «орталықтануға талапты» аумағы бар қала – көшбасшылардың, қала – орталықтардың болуы (яғни тек қала – көшбасшылардың емес, осы көшбасшы «ядроға» салмақ түсіретін (көші-қон, тауарлық және басқа да лектер) жақын орналасқан аймақтардың айқын көрінетін байланыстарының болуы; мұнда көшбасшы қала жоғарғы деңгейдегі әкімшілік қызмет атқарады, өзінің көлемі мен экономикалық әлеуеті бойынша бірлестікті (агломерация) қалыптастыруға қабілетті болады);

• *аймақтық-салалық мүдде* – екі «қосарланған» процестің болуы: бір жағынан – орталық қала спутник-қалалардың дамуын жеделдетеді, бұл оның жеке мәселелерін (өндіріс өнімі, көліктік және коммуналдық инфрақұрылым нысандарының құрылуы, рекреациялық базалардың дамуы және т.б.) шешудің құралы болып табылады, ал екінші жағынан – оған тиісті нысандарды орналастыру үшін орталық қала аймағындағы қолайлы жағдайларды пайдаланудағы сыртқы субъектілердің белсенділігі. Яғни екі түрлі бастама әрекет етеді: аймақтық (аймақ құрылуында кешенді түрде қаладан шығатын) және салалық (аймақтық мүддеге баса назар аудармай, салалық пайданы көздейді);

• Агломерацияның жоғарыда келтірілген белгілері шаруашылықтың едәуір ілгері салаларына маманданған ұлттық негіздегі көп салалы, көп қызметті орталық ретінде дамуына себепші болады. Сондықтан агломерацияға бір мезгілде өндірісті орналастырудың жалпы жүйесінің астындағы тармақшасы ретінде және елде қоныстанудың жалпы жүйесінің тармақшасы ретінде қарастыру керек;

• Агломерация қалыптасуындағы негізгі құраушылар: елді мекен құрылымы, инфрақұрылым, қоршаған орта және өмір сүру сапасы, қол жетімділік (жерді пайдалану стратегиясының дайындалуы есепке алынады), қала аймағын қалпына келтіру, басқару.

Осыған сәйкес инфрақұрылымның болуы Қазақстанда агломерация қалыптасуының негізгі алғышарты болып табылады. Мұндай инфрақұрылымды құраушылары:

• *Көліктік* (сызықтық нысандар, әуежайлар, ғимараттар, құрылыстар, т.б.). Көлік жүйесін шамадан тыс жүктеу экономикаға тікелей қауіп алып келеді. Көлік жүйелерінің интеграциясы тұтынушылар мен бизнес операторлар үшін бірқатар артықшылықтар қалыптастырады. Қозғалыстағы тұтынушылықты басқару қосымша мүмкіндіктерге жол ашады. Қоғамдық көлікті кешенді ұйымдастыру болашақ агломерация үшін ең маңызды қажеттілік;

• *әлеуметтік және қоғамдық* (ғылым, білім, медицина, спорт, мәдениет);

• *тұрғын-үй коммуналды шаруашылық* (жылумен жабдықтаудың, су жолдарының, газ желілері, т.б. нысандары);

• *Энергетика* (электрстанциялар, шағын энергетика, желілік инфрақұрылым).

#### 4.6. Қалалардың орналасуы мен аумақтық құрылымы

Қалалардың экономикалық-географиялық орналасу жағдайы (ЭГОЖ). Бұл ұғым қоғамдық географияда негізгі тіректік мәселе болып табылады және қалаларды зерттеуде ерекше

маңызға ие. ЭГОЖ қаланың дамуында шешуші рөл атқарады, оның үстіне өзге ресурстардың шағындығынан сирек жағдайларда ғана маңызды бола алады. ЭГОЖ мәселелерін зерттеуші И.М. Маергойз: «Қаланы географиялық тану дегеніміз – ең алдымен оның географиялық орналасу жағдайын жан-жақты қарау», – деп жазды.

Нарықтық қатынастардың дамуына байланысты ЭГОЖ қалалардың өсуі мен оның қызметтік құрылымын қалыптастыру факторы ретінде өз салмағын арттырады. Ал бұл өз кезегінде экономикалық-географиялық жағдайлардың одан әрі тереңдеуін талап етеді.

ЭГОЖ-ға классикалық анықтама берген Н.Н. Баранский болатын: «Орналасу жағдайы бұл аталмыш пункттің немесе ареалдың одан тыс алынған географиялық мәліметтерге қатынасы», – дей келе, ол «Экономикалық-география орналасу жағдайы деп белгілі бір орынның, аудан немесе қаланың экономикалық мәні бар табиғи тәртіптегі немесе тарихи процесте жасалған болса да берілген заттарға қатынасын айтады», – дейді.

Отандық экономикалық географияның негізін салушы «жағдай (орны)» ұғымы өзге географиялық ұғымдар арасында ерекше орын алатынын, себебі мәселенің белгілі бір нысан жайында емес нысандар арасындағы қатынастар жайында

болатындығын айтады. Осылайша ЭГОЖ – ұғымының қолданылуын географиялық зерттеу критерііі деп санауға болады.

ЭГОЖ қарастыру – қаланың сипаттайтын өзегі. Оның қызметтік жағдайын қалыптастыруда географиялық орналасу жағдайының бір немесе өзге жақтарының жүзеге асуын көру керек. Қаланың даму бағыттарын белгілей отырып ЭГОЖ-дың әлі пайдаланылмаған қорын негізге алған жөн.

ЭГОЖ аумақтық деңгейлері. Географиялық орналасу жағдайы туралы ілімге Н.Н. Баранский негізгі аумақтық деңгейлер туралы ұғымды енгізді. Ол: а) микро орналасу – жақын аймақтарында орналасқан, ірі масштабты карта бойынша зерттелетін аймақтарға қатысты орналасу жағдайы; ә) мезо орналасу – қаланың жататын ауданы ішіндегі орны (көбінесе, бұл ірі экономикалық аудан); б) макро орналасу жағдайы – ұсақ масштабты елдің, құрлықтың тіпті дүние жүзінің картасында алғашта орналасқан мәліметтерге қатысты орналасу жағдайы.

Мұндай тұрғыдан келу географиялық зерттеу мен қарастыруды И.М. Маергойз «масштабты ойын» деп атаған ерекшелігіне толық сәйкес келеді. Бұлар оның пікірінше, географияның сипатты жағын ғана емес артықшылығын да құрайды. Қаланың макро-

мезо-, микро- орналасу жағдайын қарастыру оны қала үшін аса маңызды байланыстардың күрделі жүйесінде елестетуге мүмкіндік беріп, қаланың сипаттамасын географиялық тұрғыдан толыққанды етеді. Орналасу жағдайының аталмыш түрлерін зерттеудің кезектестігі қала неліктен пайда болды және неге дәл осы жерде құрылды деген маңызды сұрақтарға жауап беруге көмектеседі. Р.М. Кабо қалалар жүйесін шартты ететін себептік байланыстар мен қатынастарды талдау кезінде қалалардың пайда болуы мен дамуынан ішкі байланыстар мен заңдылықтарға қарай ауысатынына көңіл аударады. Қаланы талдаудың бастапқы нүктесі деп есептей отырып, оның жақын тұрған қоршаған ортаға көп қырлы қатынасын анықтаймыз, яғни макроорналасу жағдайын көрсетеміз (Р.М. Кабо «топографиялық орналасу жағдайы» терминін қолданады). Қаланың тауарлар мен адамдар қозғалатын жолдарға қатынасы белгіленіп, яғни, көліктік-географиялық жағдайы бағаланады. Бірақ заңдылықтардың шынайы өзара әрекеттесуін Р.М. Кабо қарама-қарсы түрде көрсетеді: «Ең жалпы заңдылық экономикалық-географиялық жағдайдан (яғни шаруашылық территориясының өзара қатынасынан), одан соң көліктік жағдайы (яғни көлік желілерінің өзара қатынасынан) шығады және соңғы

орында топографиялық жағдайды анықтау тұрады».

Географ үшін қаланың орналасуындағы территориялық деңгейлерін ойша сәйкестендірген аса маңызды. Н.Н. Баранский қалалардың орналасу жағдайындағы ең маңызды мәселе деп оның көлікке қатысты орналасуын атап көрсетті.

ЭГОЖ бұл аса маңызды ерекшелігі өзен өткелінде пайда болып, «қала – көпір» ретінде бастаған қазіргі ірі орталықтардың санының көптігімен расталады. Мысал ретінде көпірден басталды деп айтылатын Лондонды, Транссібір магистралін салу барысында Обь өзені арқылы теміржол көпірін салу барысында салынған Новосибирскіні келтіруге болады.

Қалалар үшін олардың жолдармен байланысы аудандарға, елдерге немесе құрлықтарға баратын қақпа ретінде рөлімен растала түседі. Мәселен, Дондағы Ростов – Кавказға, Владикавказ – Орталық Кавказға баратын қақпа. Дербент үлкен Кавказдың алаптары арқылы Каспийге сәл жетіңкіремей тау мен теңіз арасымен өтуге мүмкіндік беретін Еуропаға Азиядан кіретін қақпа ретіндегі стратегиялық маңызға ие бола алады. Сол себепті әр түрлі халықтар саны әр түрлі қақпа деп атайды: татар-моңғолдар мен түріктер – Темір қақпа, орыстар Железные ворота, грузиндер Дэгвис Кари (Теңіз

қақпалары), арабтар – Баб-ал-Абваб (Қақпалардың қақпасы) дейді. Қақпалар көптеген қалалардың символы санауы мүмкін. Мәселен, Киевтегі немесе Владимирдегі Алтын қақпа, Любектегі Хольстенгор қақпасы. Бомбейдегі «Үнді қақпасы» сол елдің «басты есігі» ретінде атқарған басты рөлдің символикалық мәні болып табылады.

Қала қоғамның белгілі бір қажеттіліктеріне жауап ретінде, белгілі бір міндеттерді орындау үшін пайда болады. Оның ЭГОЖ қалаға жүктеген қызметтердің орындалуын қамтамасыз етуі керек. Қамал-қалалар стратегиялық жолдарды бақылауы немесе ірі орталыққа барар жолды жауып тұруы керек болды. Орын да осыған сай таңдалуы керек. Игерілетін ауданның тірек базасы ретінде қала оны қол астындағы ауданға бағыттап, игерілетін жол – трассаны шағылыстыратындай болып орын алуы қажет. Қала-аймақтар жағалау сызығы беретін қолайлылықтардың сөзсіз маңызымен қатар (кең шығанақтар, теңіз толқынынан қорғану мүмкіндіктері), кең және бай хинтерланд пен олармен қолайлы байланыстардың болуы да маңызды. Бұл талаптарға үлкен өзен атырауында орналасқан Буэнос-Айрес, Гамбург, Архангельск аймақтары сәйкес келеді.

Бірақ ЭГОЖ артықшылықтары көп жағдайда анық бола бермейді.

Мәселен, Ресейде маңызы жөнінен екінші болған жәрмеңке жиналатын Ірбіт оның теңдессіз бәсекеге қабілеттілігін түсіндіруге мүмкіндік беретін айқын факторларға ие емес: ол Сібірдің басты жәрмеңкесін басқа жерге, мәселен Екатеринбургке немесе Тюменьге ауыстыру талпыныстарына қарамастан, өз рөлін сақтады. Шамасы «Ірбіттің басты ерекшелігі – оның Шығыс пен Батыстың көліктік қашықтық мәніндегі ең шеткі қырларының қиылысында тұрып, екі жақты да қанағаттандыратындығында болғандығынан болуы керек.

Қаланың табиғи дамуы – бұл оның масштабтарын, функционалдық құрылымдарының теңдігін, оның қала иерархиясындағы орнын ЭГОЖ қасиеттеріне сай кезектес келтіруі. Айтылған мәселеге орай Самараның Еділ бойының ең басты қаласына айналуы назар аудартады. 1775-1785 жж. әкімшілік реформалар кезінде ол Симбирск уезінің уездік қаласы ғана болған, ал тұрғындар саны бойынша Қазаннан, Саратовтан, Симбирскіден, Астраханнан, кейін Царицыннан да артта қалды. Оның Еділдің, ендік бағыттағы басты магистралінің қиылысқан жеріне орналасуы және Жайыққа өте жақын болуы мүмкіндік берді. Самараға Еділ бойы қалаларының ішінде бірінші болып миллиондық шектен асуға және тұрғындар саны бойынша

жетекші орынға шығуға мүмкіндік береді.

ЭГОЖ – тарихи категория. Шаруашылықтың аумақтық құрылымын қалыптастыруы мен оның трансформациясы, жаңа көлік магистральдарын салу, жаңа ресурстарды игеру, жаңа қалалар тұрғызу экономикалық қатынастарды, экономикалық координаттар жүйесін өзгертеді. Осының негізінде аумақтық-уақыттық қатынастардың динамикалық жүйесі ретінде анықтауға болатын ЭГОЖ өзгереді, жаңа қырларға ие болады. Мұны Астрахан қаласының мысалынан көреміз. Стратегиялық маңызды Еділ өзенінің бойында орналасқан қамал ретінде 1558 жылы негізі қаланған бұл қалаға шекара бойында орналасуы маңыздылық береді. Бұл Астраханды Солтүстік Кавказ бен Каспий сыртына бағытталып жүргізілген әскери экспедициялар, сауда операцияларының базасына айналдырады. Мемлекет аумағының кеңеюімен қала ресейлік иеліктерінің түкпірінде қалып өз дамуын айтарлықтай тежеді. Астраханның артта қалуына оған Еділ бойының өзге қалаларынан кейін жеткен темір жолдардан алыста жатуы да ықпалын тигізді. Ұлы Отан соғысы жылдары Астрахан Солтүстік Кавказда Кизлярмен, Бурывпен теміржол байланысына ие болады. Қала Оралды және Қазақстанды Кавказбен байланыстарының тоғысу

нүктесіне айналды. Астрахан ірі газоконденсат кен орны ашылып, оны игеру басталған кезде тағы бір өсу мәртебесіне ие болады. Ол 500 мыңдық шектен асып, ірі қалалар қатарына енді. Бұл ЭГОЖ айтарлықтай жақсаруы мен оның жүзеге асуының нәтижесі.

ЭГОЖ нашарлауы салдарынан іс-әрекеттің айтарлықтай төмендеуіне Псков мысал бола алады. Алдымен Новгородтың қала маңы, кейін дербес феодалдық республикасының орталығы болған Псков тарихқа мазасыз ливондық шектегі сенімді қорғаныс ретінде енді. Ол жау шабуылын бірнеше рет тойтарды. Әсіресе қала-қамал 1581-1582 жж. поляк королі Стефан Баторий оны 6 ай бойы қамағандағы қаһармандық қорғанысымен атағы шықты. Іскер Псковтық саудагерлер Батыс Еуропа елдеріне жол ашып, Псковты қызу сауда орталығына айналдырды, оның тастан сарай салу мен икона салудың өзіндік болмысты мектептері бар көне орыс мәдениетінің маңызды орталығы ретінде дамуына жағдай жасады. Алайда Иван Грозный тұсында Ресейдің Ливон соғысындағы жеңілісі, дүрбелең уақыттағы талантараждар Псковтың алдына саяси және экономикалық кедергілерді тосты. Қала бұрынғы мәні мен ұлылығын қайтара алмады. Балтық бойы жерлері Ресей құрамына енген кезде Псков шекаралық бекініс рөлін

жоғалтып, саудадағы бұрынғы орнынан айырылады. «Еуропаға ашылған терезе» Санкт-Петербургтың салынуы мен дамуы Псковты мүлдем шарасыз қалдырады. Ұлы Отан соғысынан кейін жаңа, оның ішінде жетекші сала кәсіпорындарының орналастырылуы Псковқа «күрметті демалысқа» кетуге мүмкіндік бермеді, дегенмен ол Ресейдің көптеген облыс орталықтарының бірі ретінде, олардан өзінің көне құрылыстарымен ғана ерекше болып қалды. Әдетте қала траекториясы бірде өсіп, бірде құлдырады, олардың негізінде ЭГОЖ өзгерісі жатады. ЭГОЖ нашарлауы кезінде өте белгілі болған көне орыс қалаларын шағындатып жіберді. Оған мәселен, «варягтардан гректерге» баратын Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда және қолөнер орталығы болып гүлденген, Смоленск княздігінің маңызы бойынша екінші қаласы Торопец Жаңа заманда ірі орталықтардың ықпал ету аймақтарының перифериясында қалды, бұған уездік орталық – Торопецтің Новгород губерниясынан Псковқа, ал революциядан кейінгі жылдары – Тверь облысына өтуі куә бола алады. Ол барлық ірі орталықтардан алыста жатқан қалаға айналды. Шамасы осы жайт онда көптеген көне ескерткіштерді сақтауға мүмкіндік беріп, Торопецтің маңының сұлулығымен қатар туризмнің көпшілік орталығы ретінде дамуына жағдай жасады.

Уақыт өте келе қалалардың ЭГОЖ-ы әлсіз білінетін жаңа факторлар маңызға ие бола бастады. Сондықтан олар өз қызметтерін орналасуы тиімді өзге қалаларға береді. Мәселен, Нигерияның астанасын Лагостан Абуджаға көшіруге жаңа астананың ел шетінде емес, орталығында орналасуы себеп болды. Абуджа төңірегіндегі саванналар аймағында орналасқан аймақ Лагос аймағына қарағанда қолайлы климатымен сипатталады. Тағы бір мысал, Танзания провинцияларының дамуын ретке келтіру үшін оның астанасы Дар-эс Салам аймақты қаласынан ел орталығына қарай орналасқан Додомаға көшірілді. Африка мемлекеттерінің 30-ға жуығы өзінің орналасу жерлерін өзгертті.

Амазониядағы жаңадан игерілген аудандарға қарай ығыстырылған Бразилияның жаңа астанасы – Бразилиа өзінің архитектуралық жоспарлану ерекшеліктеріне қарай кең танымдылыққа ие болуы. Аргентина мен Перу де өз астаналарын арнайы құрылған қалаларына көшіруді ұйғаруда. Көптеген жағдайларда ЭГОЖ тиімсіздеу болатын қалалардан артықшылықтары анық білінетін қалаларға эстафета беріледі. Мәселен, Ресей империясының оңтүстігіндегі теңіздердің басты айлағы рөлі Таганрогтан Херсонға, Николаевқа, одан Одессаға өтті. Осыған ұқсас жағдай

Ресейдің Тынық мұхит жағалауында да болады. Мұнда басты аймақ міндетін атқарушы қалалар тізбегі төмендегідей болып орналасты: Охотск – Петропавловск – Камчатск – Амурдағы Николаевск – Владивосток.

1882 жылы Тобыл Батыс Сібірдің басты қаласы құқығын Омбыға беріп, бір ғасыр өткеннен кейін қарқынды дамыған Новосибирск Омбыдан ілгері дамуымен ерекшеленіп, Сібірдің астанасына айналды. Үш Сібірлік қаланың ЭГОЖ-ын салыстыра отырып, оның бұл процестегі

рөлі туралы қорытынды жасауға болады.

**ЭГОЖ-дың көп құрылымдығы.** ЭГОЖ-дың көп қырлылығының кейбір қасиеттері микро- және макроорналасу жағдайлары туралы, көліктік-географиялық жағдай жайында айтылған кезде қарастырылады. 1960 жылдары И.М. Маергойз жасаған қаланың ЭГОЖ схемасы жарияланды. Онда ЭГОЖ қатынастардың 3 класына келтірілген 14 типтері мен 27 түрлері көрсетілді (25-кесте).

25-кесте

### Қаланың ЭГОЖ принципалды құрылымы (И.М. Маергойз бойынша)

Қатынастар класы	Қ а т ы н а с т а р класс тармағы	ЭГОЖ типі	ЭГОЖ түрлері
А. Негізгі аумақтық қатынастар	Қоғамдық өндіріс элементтеріне қатынасы	1. Өндірістік және географиялық	Жағдайы салыстырмалы а) энергия көздеріне (отын – географиялық, энергиялық – географиялық); ә) үлкен шикізат пен материалдардың негізгі көздеріне (мысалы, металлогенді аймақ, орман ресурстарының мол қорының болуы, т.б.); б) өңдеу индустриясының дамуына
		2. Аграрлы-географиялық	а) азық-түлік базаларына (азық-түлік географиясына); ә) ауылшаруашылық шикізат базаларына
		3. Көліктік-географиялық	а) теңіз жолдарына (теңіз бойы) ә) өзге магистралдық жолдарға (магистралдық); б) көлік тораптарына (тораптық)



		4. Өткізу географиялық	а) өндірістік мақсаттағы тауарларды өткізу рыноктарына (әсіресе, көмірді, қара металдарды өткізу зоналарына, зоналық орналасуына); ә) тұтыну тауарларын өткізу рыноктарына
		5. Демографиялық	а) еңбек ресурстарына; ә) ғылыми-техникалық мамандарға
Б. Өндірістік аумақтық қатынастар	Ареалдарға қатынасы	6. Ареалішілік (интра ареалдық): а) орталық ә) экс-орталық б) перифериялық в) тереңдік	а) әкімшілік ареалдарға (әкімшілік аудан, облыс, аймақ, республика) ә) интегралды экономикалық ареалдарға б) басқа да ареалдарға (көмір және темір рудалы алаптарға, ауылшаруашылық мамандану, белгілі бір халықтардың орналасу, еңбек ресурстарының, экономикалық игерілу және т.б. ареалдарға
		7. Ареаларалық (интерареалдық)	а) ауданішілік байланыстарға ә) ауданаралық байланыстарға б) сыртқы экономикалық байланыстарға негізінен ішкі
	Линиялар мен фокустарға қатынасы	8. Жүк ағындарына 9. Жолаушы ағындарына 10. Өзара орналасуы	а) өз қалаларының локалды жүйелеріне (оның ішіндегі қала маңы зонасы) ә) өз қалаларының территориялық жүйесіне б) өзге территориялық жүйелердің қалаларына (әсіресе астаналарға)
В. Интегралды аумақтық қатынастар	Түрлі масштабтағы аумақтарға қатынасы (олармен байланыстардың қарқындылығын негізге ала отырып)	11. Микро-орналасуы жағдайы 12. Мезоорналасу жағдайы 13. Макроорналасу жағдайы 14. Жоғары макроорналасу жағдайы	а) бір немесе бірнеше әкімшілік аудандарға (немесе облыстық, аймақтық, автономиялық) ә) жоспарлау мөлтек ауданына ірі экономикалық ауданға экономикалық аймаққа (бірнеше экономикалық аудандарға) экономикалық аудандар топтарына, мемлекеттерге, құрлыққа

Ең тарамдалған схеманың өзі де географиялық орналасу жағдайының (ГОЖ) барлық мүмкін және маңызды жақтарын қамти бермейді. ГОЖ бен ЭГОЖ құрамында бөліктерге жіктеудің өзі үлкен әдістемелік және әдіснамалық маңызға ие. Әрбір нақты қала үшін маңызды рөлді мұндай құрамдас бөліктің барлық мүмкін болатындары емес, белгілі бір жиынтығы алады. Сол себепті схемада жағдайдың көп қырлылығын көрсету керек. Іс жүзінде нақты зерттеуде осы құрамдас ережелерді қарастыра отырып аталмыш қалаға аса маңызды болатындарын іріктеп алады.

Н.Н. Баранский атап көрсеткендей, ЭГОЖ негізінде бірыңғай физикалық-географиялық жағдай жатуы мүмкін. Сондықтан ЭГОЖ бағалау онымен ұштасу және оған негізделуі керек. Физикалық-географиялық жағдай маңызды рөл атқармайтын қала болмайды.

Ірі орталықтардың физикалық-географиялық жағдайы табиғи зоналар және облыстардың шекараларымен, морфоқұрылымдық түйіндерімен, өзен бастауларымен, аумақтық физикалық-географиялық құрылымның өзге де ерекшеліктерімен байланысты. Таулар мен жазықтар, теңіз бен құрлық ұштасқан аймақтардағы қалалардың орны өте ерекше.

ЭГОЖ бағалау кезінде «географиялық геометрия» шеңбері –

қалалардың түрлі критерийлер бойынша бөлінетін және белгілі бір шекаралар көлеміндегі әлеуметтік-экономикалық кеңістіктердің, түрлі тектегі экономикалық желілердің, ареалдардың түйіндеріне қатысты орналасуы үлкен маңызға ие болды. Қалалар ареалдың түйінінде, желі бойында, орталығында немесе оның перифериясында орналасуы, көріну деңгейі әрқилы деңгейге ие болуы мүмкін.

Қалалардың өзара орналасуында көршілік жағдайын анықтау маңызды. Орналасудың түрімен қатар сипатын да анықтаған жөн. И.М. Маергойз кейбір қалалар орналасуындағы категориялылықты көрсетеді. Бұл тек осы орынға ғана қатысты орналасу: Владикавказ, Дербент, т.б. қалаларды жылжытуға болмайды.

ЭГОЖ өлшемдеу мәселесі. Көп жағдайларда ЭГОЖ «қолайлы» немесе «қолайсыз» деген ұғымдар көмегімен бағаланады. Бұған сандық тұрғыдан бағалау жасалмайды. ЭГОЖ-ды бір көрсеткіштермен беруге болмайды деген сөз емес. Мәселен, ЭГОЖ-дың әр қалаға ғана тән жақтарының бөліп көрсетілуінде. ЭГОЖ-дың ең маңызды элементтерінің үйлесуі әр қалада әр қилы. Сол себепте ЭГОЖ-ды интегралды тұрғыдан бағалау қиынға түседі. Бірақ интегралды болмаса да субинтегралды ЭГОЖ сандық бағалау жолымен ілгерілеу бар. В.В. Дронов, И.М. Маергойздың

ұсынған ережесіне сүйене отырып, ЭГОЖ-ды ренталық қатынастардың жүйесі ретінде қарастыру ұсынылады. «Әр түрлі орналасу ренталын орнату – экономикалық аймаққа белгілі бір нысан (мәселен, қала) индукциялайтын «рента алабы» ұғымы енгізілді. Нысандар жиынтығынан аумақтың жиынтық рента кеңістігі құралады. Жекелеген нысандардың жиынтық ренталық әлеуеті ЭГОЖ-ды сан жағынан сипаттайды. Сөйтіп, ЭГОЖ нарықтық ресурсқа айналады.

Интегралды ЭГОЖ блоктарының мысалында – инфрақұрылымдық-географиялық жағдайында түрлі әлеуметтік инфрақұрылымның әр алуан дамуы бар түрлі пункттерде орналасу кезінде үлестік (%) қымбаттау анықталады. Бұл қымбаттау бірқатар жағдайларға байланысты. Олардың арасында тұрғын үй қорының абаттандырылуы, үймен, сауда алаңдарымен, аурухана кереуеттерімен, ойыңсауық мекемелерімен, спорттық нысандармен қамтамасыз етілуі, қызмет саласының даму деңгейі бар.

Қала секілді күрделі тұтастық тек жүйелі түрде құрылса ғана тиімді жұмыс жасай алады. Ал өз мәнінде қала жүйе болып саналмайды. Ол бір-бірін толықтыратын, өзара байланысты және бір-біріне тәуелді әр түрлі мақсаттағы бөліктерден тұрады. Қаланың құрамдас бөліктеріне өлшемнің сәйкестілігі, қызметтеріне байланысты өзара орналасуы, байла-

ныстармен қамтылуы тән болады. Қаланың барша қызметтік бөліктері қала территориясы ие болған ресурстар базасының ортақтығымен, орналасу ортақтығымен ерекшеленеді. Бірінің өзгеруі өзгелерінің де өзгеруіне әкеледі.

География тұрғысынан қала үш негізгі бөліктің жиынтығынан: халықтан; экономикалық базадан; өмірлік қамтамасыз етілуінен тұрады. Олардың әрқайсысының өзінің ерекше аумақтық ұйымдастырылуы бар, ал олардың барлығы жалпы қалалық жоспарлау құрылымына ие. Күрделі жүйе ретіндегі қаланың өзіндік ерекшелігі оның құрамына әлеуметтік, техникалық және табиғи элементтердің енуінде.

**Халқы.** Қала – ең алдымен адамдар бір-бірімен қатынасқа түсетін ірі елді мекен. Халық – басқа барлық жүйешелердің параметрлері мен ұйымдасуын анықтайтын қаланың басты бөлігі. Оның халқының саны – қаланы әр түрлі көзқарастар тұрғысынан сипаттайтын қаланың құрылымы салу есептері мен қорытынды көрсеткіштері үшін базалық өлшем болып табылады.

Қала халқы – полиқұрылымды. Халықтың құрылымының түрлі кесінділерінде қаланың іс-әрекеті мен ерекшеліктерінің көптеген жақтары көрінеді. Қызметпен қамтылу құрылымы, яғни жұмыс жасайтын халықтың шаруашылық са-


лалары бойынша бөлінуі қаланың қызметтік типін білуге мүмкіндік береді. Жаңа халықтың келу ағыны туралы мәліметтер – қала дамуы динамизмінің маңызды жағы. Жаңадан келушілердің көп тұрақтамауы – қаладағы қолайлы ортаның жеткіліксіздігін көрсетеді.

Қала халқының қалыптасуының үш көзі бар: А) табиғи өсім; Б) механикалық өсім; В) ауылдық жүйелердің нығайып, қала көлеміне енуі. Табиғи және механикалық өсудің арақатынасы қаланың типіне, оның «жасы» мен көлеміне байланысты. Жаңа қалалар өз халқын, әрине механикалық өсімнен қалып-

тастырады. Сонымен бірге туудың жоғары (жастардың көп болуы) болуы мен өлудің аздығы да артық. Үлкен қалалар адамдарды өзіне көбірек тартады, олардың халық саны өзгермейді (9-сурет).

Ұлттық құрылымына байланысты қала халқы ауылға қарағанда әртекті. Қалалар – әр түрлі ұлттар қатынасын миграциялық ағындар түйіндері – көп ұлтты халықты қалыптастыруда жоғары мүмкіндіктерге ие. Өз халқын елдің көптеген аудандарынан келетін мигранттардың белсенді тартылуы есебінен қалыптастыратын жаңа қалалар ескі қалаларға қарағанда көп ұлтты. Ал халқын миграция жолымен

Тұрғындардың қала аумағында орналасуының теориялық қисық сызығы



*А – төменгі тығыздықтың орталық аймағы (зоны), «ситизация» нәтижесі; Б – ең жоғарғы тығыздықтың орталық зонасы; В – орталықтан шетке қашықтаған сайын тығыздықтың біртіндеп төмендеу зонасы*

9-сурет

көбейткеннен гөрі азайтатын шағын қалалар көп ұлттылық жөнінен артта қалады. Көп ұлттылықпен ұлттың конфессиялық құрылымы, яғни діни сенімдері бойынша жіктелуі байланысты, бұл қаланың микрогеографиясынан да көрініс табады.

Нарықтық экономикасы бар елдерде халықтың әлеуметтік жағынан жіктелуі анық көрінеді. Бұл оның жекеленген топтарының аумақтық даралануынан, бір жағынан элитарлы аудандардың, екінші жағынан кедейлік белдеуін қалыптастыратын аудандардың пайда болуынан көрінеді.

Үлкен қалалар үшін тұрғылықты жерлердің, еңбек ету орындары мен қызмет көрсету саласы нысандарының кеңістікте таралуы нәтижесінен туатын қозғалыстың жоғарылығы тән. Қалалардың өсуі қала көлігі маршруттарының ұзаруын туғызады, көліктік қызмет көрсетуді қиындатады. Көліктен көлікке ауысып отырудың саны артып, оның салдарынан қала тұрғындарының көп уақытын алады, кейде ол қаланың салыну нормаларын қарастырғаннан гөрі көп уақыт кетеді.

Үлкен қаланың орталығы күндізгі уақытта қала тұрғындарында, келімсектерді де өзіне тартады, нәтижесінде оның күндізгі халқы түндегіден көбірек. «Жатын» аймақтарда оған кері мәселе байқалады. Қалалықтар жазғы және де-


малыс күндері қала маңына демалысқа шығады. Сондықтан астананың соңында қала халқының саны айтарлықтай азаяды. Осылайша, қала халқының саны тәуліктік, апталық және маусымдық циклдық тербелістерді көрсетеді.

Халықтың қала аумағы бойынша бөлінуі 6-суретте көрсетілген.

Ортада «ситизация» процесінің салдарынан шұңқыр (тығыздықтың кемуі), ал оның төңірегінде тығыздықтың максимумы пайда болып, периферияға қарай ол жайлап, кейде орталықтан түрлі бағытқа қарай әр түрлі бағытта кемиді. Мәскеуде халықтың қалыпты бөлінуі бұзылған (10-сурет).

Бұл туралы нақтырақ айтқан жөн Н.В. Петровтың есептеулері Ресей астанасындағы перифериялық бөліктердегі қарқынды тұрғын үй құрылысының нәтижесінде халық тығыздығының бөліну сипаты өзгергендігін көрсетеді. Бұл көрсеткіш 13 концентрациялық зона бойынша есептелді. Бұған қарап, 1986 ж. 5-13-ке дейін оның айтарлықтай айырмашылықта болмағанын: 10,5-7,2 мың адамға дейін жеткенін, мұнда ең төменгі көрсеткіш (13-зонада) жалпы қатардан түсіп қалғанын көреміз. Бұл «тығыздық профилінің шет жағы шамалап төмендеген және ортаға қарай жанасқан шеңбері үшкілденіп келген көлденең жолақ

**Мәскеу қаласының муниципальды округтері  
бойынша халқының тығыздығы, 1995 ж.  
(құрастырған О.И. Вендин)**



10-сурет

қа айналғандығы» туралы айтуға мүмкіндік береді.

Тұрақты халықтың тәулік барысында орналасуындағы ауысуларды ескерер болсақ, (халықтың бір зонадан екіншісіне жұмыс орны мен басқа да жерлерге ауысуы нәтижесінде) және графикті өмір сүру іс-әрекетінің көрсеткіші негізінде құрсақ, онда Кларк заңына сәйкес келуі (қала орталығындағы «шұңқыр», қоршау шеңберіндегі ең жоғарғы көрсеткіш, онан соң шеткері аймаққа қарай күрт құлау) толық мәнде көрінеді (7-сурет).

Бұл талдаулар төмендегідей нәтижелер жасауға мүмкіндік береді:

1. Мәскеу салыстырмалы автономды жоспарланатын аудандар жиынтығы емес, біртұтас аумақтық өмір сүріп, әрекет жасайтын кешен;

2. Мәскеуліктердің өмірі қала кеңістігінде халықтың кеңістікте көрінетін өзіндік ұйымдасуы мен әлеуметтік кеңістіктің полярлануының терең заңдылықтарын көрсете отырып, айқын орталықты сипатқа ие;

3. Қала кеңістігіндегі қарқындылық пен өмір сүрудің экспоненциалдық кесіндісін қалыптастыру мен қолдаудағы басты рөлге қол жетімділік ие болады.

Демек, тұрғын үй жоспарлау және басқа да қала құрылысының проблемаларын халықты қашықтағы аудандарға олардың қол жетімділі-

гін айтарлықтай жақсартпай шешуге ұмтылу өз мақсатына жетпейді.

Айтарлықтай әлеуметтік әртектілікте қала халқы адамдардың аумақтық қауымдастығын құрайды. Барлық тұрғындар жалпы қаланы және оның қала маңындағы аймағын еңбек сіңіру жерлерін, қызмет көрсету саласын пайдаланады, бір қала жағдайында өмір сүреді. Барлық қала тұрғындары қалалық органның қалыптасуына оның аумақтық дифференциациясына жағдай жасап, оған сипатты ерекшеліктер бере отырып, өз үлестерін қосады. Қауымдастық қала тұрғындарының айтарлықтай бөлігіне тән уақыт өткізу тәсілдерінен, мәселен көпшілік шаралар – спорттық жарыстарды, митингтерге, шерулерге, жалпы қалалық мерекелерге қатынарудан көрінеді.

Белгілі бір қаланың ерекшеліктері кейде өте күшті және ерекше көрінеді. Олар мінез-құлықтан, сөйлеу мәнерінен, оқиғаларға реакциялардан көрініс табады. Одессалық немесе габровалық туралы айтқан кезде бүкіл әлемге танымал және әдебиет пен халық аузында қалған белгілі бір бейне туады.

Қаланың экономикалық базасы. Ол екі негізгі бөліктен – қала түзуші және қалаға қызмет көрсетуші салалардан тұрады. Олардың арасындағы айырма мен шекара айтарлықтай шартты, ал кей қалаларда өте көмескі,

Қала түзуші салалар қаланың өндірістік келбетін, мамандануын, қоғамдық еңбек бөлінісіндегі орнын, қаланың ел, аймақ, төңірегінің қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін атқаратын жұмысын сипаттайды. Қала түзуші салалар немесе қала түзуші база – қаланы өмірге шақырған база.

Қалаға қызмет көрсетуші салалар қаланың өзі, оның халқы үшін өмір сүреді. Олар сол жерде тұтынылатын өнімді өндіреді. Салалардың қала түзуші және қалаға қызмет көрсетуші болып бөлінуінің көмескілігі белгілі бір кәсіпорындардың өзге орталықтар мен аудандарға шығаруға арналған да жергілікті тұтынушыға есептелген өнімдер шығаруынан туады.

Халықтың көпшілігін уақытша тұруға тартатын қалаларда (мәселен қала-курорттарда, уақытша халық тұрақты халықтан саны артуы мүмкін) типтік қызмет көрсетуші салалар тек тұрақты тұрғындар тұтынатын ғана өнімдер шығарып қоймай, ішінара қала түзуші мәнге де ие болады.

Қала түзуші база Н.Н. Колосовскийдің территориялық (аумақтық) өндірістік кешендер (ТӨК) мен энергия өндіруші циклдардың теориясына сай өндіріс орындарының өзара шартталған үйлесімділігі ретінде мақсатты бағытталған түрде құрылуы мүмкін. Мәселен, осылайша

Набережные Челны, Запорожье, Братск қалалары қалыптасты. Бірақ көбінесе ол айтарлықтай дара, бір-бірінен тәуелсіз пайда болған нысандардан құралды. Қала мұнда жеке ведомстволық шешімдер нәтижелерін аккумуляциялады. Осының салдарынан өндірістің түрлі салаларына маманданған және әрқилы салалық жүйелер құрамында қызмет ететін құрылымды, технологиялық тұрғыдан өзара әлсіз байланысқан элементтердің конгломераты қалыптасты.

Түрлі салалар мен ведомстволардың қаланы көптеген өндірістерді дамытуға қажетті шарттар кешеніне ие интегралды қала салушы кешен ретінде пайдалануға ұмтылуы тұтастық ретінде, адамның өмір сүру ортасы ретінде қаланың мүдделерін ескере бермейтін шешімдерге әкеледі. Бұл қала мен саланың, территория мен ведомствоның мүдделерінің қақтығысының негізін құрады. Қалада нашар үйлесетін өндірістер мен әрекет түрлері пайда болып, ол оның жоспарлаушы ұйымдастыруын күрделендіреді.

Қала ресурстарының шектелуіндегі әрекеттердің алуан түрлерінің көп компонентті ұштасу ортасы ретіндегі ерекшеліктері қала түзуші базаның пропорцияларын, оның жекеленген салаларының даму масштабтарын субтиімділік ұстанымы негізінде анықтау қажеттілігіне



әкеледі. Мұнда басымдық белгілі бір саланың жекеленген элементінің емес, тұтастықтың мүддесіне беріледі, бұл ведомство тұрғысынан оның мүмкіндіктерін толық пайдаланбау есебінде бағалануы мүмкін. Алайда тек осы тұрғыдан келгенде ғана бөліктердің мүдделері тұтастық мүдделерін ескеру негізінде келіседі.

Қала түзуші база бүкіл қаламен бірге тұрақты эволюция процесінде болады, мұнда ол қажетті өзгерістерді қоздырушы рөлін атқарады. Қала түзуші базаның эволюциясының ең кең тараған нұсқасын, оның негізгі бағыттарын былай елестетуге болады:

- көп қызметтікке, өндіріс саласында – көп салалы өндіріске бағыт алу;

- кешенділіктің (немесе өндірістің) қосымша, көмекші және ілеспе қызметтер мен негіздік қызметінің «өсуі»;

- материалдық база (өндіріс, көлік, құрылыс индустриясы) үлесінің қысқаруы кезіндегі материалдық емес саланың (ғылым, мәдениет, білім, басқару) үлесінің өсуі;

- технологиялардың жетілдірілуі (жаңа технологияларға өту), техникалық деңгейдің артуы;

- құрылымдық қызметтің қала үшін орынсыз, тіпті оған қарсы көрсетілген бөліктерден тұруы.

Құрылымның өзгеруімен байланысты соңғы жағдайды қала үшін

оның бұған дейінгі даму сатыларында орынды болып, кейін қала иерархиясының одан да жоғары сатысына көтерілген кезде қажет болмай қалған өзінің экономикалық базасының салаларын кері итеретін қаланың өзіндік дамуының көрінісі ретінде де қарастыруға да болады. Сонымен қатар құрылым қаланың жаңа жағдайына сай келетін элементтер есебінен нығаяды. Мәселен, ірі және аса ірі қалаларда өнеркәсіптің ілгері дамыған салаларындағы ғылым, жобалау, конструкторлық жасалулар, эксперименттік өндірістер түрінде көрінетін ғылыми-техникалық прогресс блогы күшейе түседі.

Қызметтік құрылымның мұндай трансформациясы қала рангіне, оның қоғамдық еңбек бөлінісіндегі орнына және қоғамның территориялық орналасуына сәйкес болу заңын өзінше растайды.

Қаланың қала түзуші базаның салаларымен анықталатын мамандануы, қызметтік құрылымның ерекшеліктері қаланың типологиясы үшін негіз бола алды. Мұндағы басты көрсеткіш – қызметтік құрылымның даму дәрежесі. Бұл белгіге орай қалалар үлкен екі топқа – бір қызметті және көп қызметті болып бөлінеді. Алғашқылары – негізінен шағын және орташалары – белгілі бір қызметтің негізінде өмір сүреді. Бұл өндіріс, көлік, ғылым, ҒЗТҚЖ (ғылыми зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық

жұмыстар), демалыс, емделу, туризм, сондай-ақ әкімшілік, әскери-стратегиялық немесе діни қызметтер болуы мүмкін. Ең кеңінен таралған өндірістік бір қызметті қалалар көп ретте бір ірі кәсіпорын түріндегі қала түзуші базаға ие болады.

Жетекші сала оны толықтырушы салалар мен толықтай оған бағытталған әрекет түрлерінің пайда болуын реттеген кезде және барлық қалыптасқан үйлесімдікке өзіндік бояу беретін басымдық пен рөлін, қызметін сақтай беретін болса, арнайы кешен деп атауға болатын құрылымдық тип пайда болады. Мысал ретінде негізгі қызметтері – емдеу, демалыс, туризммен қатар ғылым (курортологиялық), кадрлар даярлау (дәрігерлер, экскурсоводтар, аудармашылар), көлік (экскурсиялық), құрылыс индустриясы, өнеркәсіптің тамақ және сувенирлік салалары дамитын қала-курортты алуға болады (11-сурет).

Көп қызметті қалалар өндірістік және өндірістік емес салалардың арақатынасымен, олардың әрқайсысының шеңберіндегі әр түрлі блоктарының үйлесімдігіне сай бөлінеді. Функционалдық құрылымның элементтері арасындағы ішкі байланыс дәрежесі айтарлықтай маңызға ие.

Географиялық тұрғыдан мұндай тектегі құрылымдық сипаттан басқа функцияның территориялық мазмұны аса маңызды. Бұл ұғым шең-

берінде қаланың территориялық кесіндіден алғандағы бағыты, белгілі бір өңірлердің шығарылатын өніммен қамтамасыз етілуі, сол территориядағы халық пен шаруашылыққа қызмет көрсету қамтылады. Қоршаған ауданға – өндірістік, ғылыми, көліктік, құрылыс саласындағы қызмет көрсетуге бағыт алу – әкімшілік және ұйымдастыру-шаруашылық орталықтары – қалаларға тән. Оларға экономикалық аудандардың, өлкелер мен облыстардың, төмен әкімшілік аудандардың астаналары, орталықтары жатады. Қызмет көрсетілетін аудандардың көлемі анықталатын рангаға сай мұндай қалалардың әрқайсысында орталық қызметтер блогы қалыптастырылады. Қала-серік өз байланыстарымен агломерация орталығына бағытталған. Ресурсты ауданды игерудің қала-плацдармында қызметтердің территориялық мазмұны игерілетін ауданмен бекітілген.

Халықтың тыныс-тіршілігі мен экономикалық базаның қызмет етуін қамтамасыз ететін әлеуметтік және техникалық инфрақұрылымның түрлі салаларын (көлік, инженерлік жүйелер, тұрғын үй, қызмет көрсету саласы) қамтиды.

Әлеуметтік инфрақұрылым қала халқының қызмет көрсетудің – білім беру, емдеу, демалу, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын сатып алу, аяқ киім мен киім тігу, тұрмыстық тех-

Курорт қаланың қызметтік құрылымы



11-сурет

ника мен пәтерлерді жөндеу секілді қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Халыққа қызмет көрсететін қызметтер жиынтығы өте кең, осыған байланысты бұл саланың бағыттары өте көп. Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындардың қала территориясы бойынша таралуы оларға тұрғындардың бару жиілігі мен қызметтердің сипатына байланысты. Күнделікті қызмет көрсету объектілері тұрғын мөлтек аудандарға жақын орналасқан, оларға кірігіп жатыр. Маусымдық және эпизодтық сұраныс мекемелері мен кәсіпорындары, баруға мүмкін болатын және жиі баруға қолайлы жерлер маңына орналасады. Мәдени инфрақұрылым объектілері – театрлар, концерт және көрме залдары, сондай-ақ ірі әмбебап дүкендер мен басты мамандырылған дүкендер қаланың орталық ауданына тартылады. Тіпті, Мәскеу секілді алып қалада да бұл айқын көрінеді.

Адамның баспанаға деген негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрғын үй қоры халықтың динамикасы мен құрылымына сәйкес қалыптасады, ал олар болса өз кезегінде қаланың типіне, жасы мен географиялық жағдайына тәуелді. Баспана, тұрғын үйлер топталулары (мөлтек аудандар мен аудандар) адамдардың өмір сүру шарттары мен жағдайларында көп нәрсені анықтайды. Баспаналық ортаның

жағдайынан, оның жоспарлану, техникалық, гигиеналық және эстетикалық қасиеттеріне көп ретте қаланың халықты территориялық ұйымдастыру формасы ретіндегі сапасы тәуелді.

Көлік қаланың барлық бөліктерін бір-бірімен, орталықпен байланыстырады, қаланың барлық шағын жүйелерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Көліктің қажеттілігі қаланың жеткілікті дәрежедегі үлкен көлемге жеткен кезінде пайда болады, ал шағын қаланы жаяу жүргіншілер қаласы деп атауға болады. Қала неғұрлым үлкен болған сайын, онда транспорттың соғұрлым көп түрі пайдаланылады. Миллионер-қалаларда жер үстіндегі трамвай, автобус, троллейбус көліктеріне жер асты көлігі – метрополитен қосылады.

Қаланы көлікпен қамтамасыз ету мен ондағы қозғалысты ұйымдастыру – XX ғ. қалаларының ең басты проблемаларының бірі. Көлік ағындарының артуы күшті, үлкен өткізу қабілеті бар көп жолақты магистральдар жүйесін құруды талап етеді. Бұл көлік коридорлары созылып жатқан қала бөліктерін қоса отырып, сонымен бір мезгілде терең жыра секілді екі жаққа орналасқан территориялардың өзара байланысын қиындата отырып, қақ бөледі. Сақталуға тиісті орталығы бар ескі қалаларда мұндай көлік коридорла-

рын құру мүмкін емес, себебі ол көп үйлерді қиратуды талап етеді.

Батыс елдерінде қалаішілік және қала маңы көлігінің негізгі түрі болып автомобиль табылады. Бұл «есіктен есікке» жеткізе алатындығымен бір жағынан ыңғайлы да, екінші жағынан қоршаған ортаның жағдайы күрт нашарлайды, себебі автомобиль көлігі – қаланың ауасын негізгі лаптаушы. Мұнан басқа тығыз, тар, жер өте қымбат тұратын қалаларда оларға тұрақтар табу проблемасы да аса шиеленісіп кетті.

Көлікпен бірге қаланың өмір сүруін инженерлік қамтуына су және энергиямен қамтамасыз ету, ағын суларды тазарту, қалдық шығару мен қалдықтарды жою жүйелері де енеді. Қазіргі заманғы ірі қала өндірістік процестер мен адамдардың өмір сүру әрекеттерін қамтамасыз ететін күрделі инженерлік желілер мен құрылыстарға ие. Көлік пен инженерлік жабдықтарсыз қазіргі алып-қалаларда адамдар мен өндірістің шоғырлануына қол жеткізу мүмкін болмас еді. Қаланың барша құраушы жүйелері өзара байланысты және бір-бірімен сәйкестілікте дамиды. Сонымен қатар қала жүйе ретінде иілгіштігімен ерекшеленеді. Оның бөліктерінің сәйкестілігі қатаң сипатқа ие емес. Табиғи және механикалық қозғалыс нәтижесінде халық жанарады. Еңбекке қабілетті тұрғындар тек қала көлемінде ғана

емес, оның маңында да жұмыс жасайды. Экономикалық база қала сыртынан келгендерді де тартып, олар қала кәсіпорындары мен мекемелерінде еңбек етушілердің 15-20 % - ын құрауы мүмкін. Көлік және инженерлік инфрақұрылымның бір бөлігі (әуежайлар, сұрыптау стансалары, азрация және су құбыры стансалары, күл-қоқысты өңдеу зауыттары мен қоқыс үйінділері және т.б.), әдетте, қала сыртында орналасады. Инженерлік қалалық желілер (электрмен және газбен жабдықтау және т.б.) қала маңының да территорияларын қамтиды.

Қала – бұл күрделі, ашық, динамикалық, жасанды-табиғи жүйе. Қала – жоғары дәрежедегі парадоксты жүйе. Оны құраушы бөліктер жасына, инерциялық пен динамизм дәрежесіне байланысты бөліне отырып, эволюция процесінде өзгеруге деген түрлі қабілеттер мен түрлі өзгеру қарқындарын көрсетеді. Дамудың әртүрлі даму жылдамдықтарының салдарынан олар кей кезде қатар жүрмей қалады. Диспропорционалдылық туып, бірдей өлшемділік бұзылады, жүйенің шайқалу қаупі туады. Нақты айтар болсақ, шын мәніндегі қала ешқашан да толық тепе-теңдік жағдайында болмайды. Оның дамуында бір нәрсе озып, бір нәрсе артты қалды, бір нәрсе мүлдем өзгерісі келмейді, сөйтіп дисбаланс – қаланың әдеттегі жағдайы. Бірақ келіспеушілік

деңгейі мен онан туған проблеманың өзектілігі әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан олар қаланы белгілі бір қиын жағдайға жақыдатады деген қауіп туады. Осылайша, қала үнемі тепе-теңсіздік жағдайында тұрады және үнемі тепе-теңдікке жетуге ұмтылады және талпынады.



12-суретте ірі қала агломерациясының даму сызбасы берілген. А-суретте даму ядросы қала болса, Ә-суретте қала аудандарда дамығандығын көрсеткен.

Қалалардың интегралды жүйелері – агломерациялармен, аймақтық жүйелермен қатар, оларға тұтастық ретінде иерархияның белгілі бір сатысына көтеріле отырып кіретін қала, онан да күрделі, «жоғары тұрған» территориялық әлеуметтік-экономикалық жүйелерге өзінің дербес элементтерімен қосылады. Қала халқы өңірдің немесе елдің көлеміндегі онан да жалпы және кең территориялық қауымдастық құрамына кіреді. Оның сыртқы транспорт түйіні – мемлекеттің біртұтас көлік жүйесіне, оның негізгі кәсіпорындары (әрбіреуі жеке-жеке) ел көлемінде қалыптасқан сәйкес келетін салалық жүйелер құрамына, т.с.с. енеді. Ал аталған жүйелердің әрқайсысы өзіне ғана тән даму және қызмет ету әрекеттеріне ие болғандықтан, бұл қалада сыртқы әрекеттер түрінде көрініс табады, сөйтіп ол оның өздігінен да-

мушы жүйе ретінде қалыптасуын айтарлықтай күрделендіреді.

Қаланың белгілі бір элементіне әсер еткенде немесе эволюция салдарынан оның өзгеру нәтижесінде қалада көптеген салдарларға әкелетін күрделі «тізбектелу реакциясы» басталады. Қаланың дамуын басқару өнерінің негізінде белгілі бір іс-шараларды жоспарлағанда (мысалы, өсуді шектегенде немесе қолдағанда), ірі жоспарлау шешімдерін жүзеге асырғанда олардан туатын салдарларды болжай білу жатыр. Салдарлар жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Оларды елестете білу кері әсерлердің алдын алатын немесе олардан келетін залалды азайтатын іс-шаралар жүргізуге мүмкіндік береді. Қаланың айтарлықтай дәрежедегі ерекше жүйе ретіндегі күрделілігі мен бұған дейін айтылып өткен мінезінің болжанбаушылығы түсіндіріледі. Танымал американ зерттеушісі Дж. Форрестер тек дұрыс ақыл-ойдан шыға отырып басқару мүмкін болмайтын қаланың контринтуиттілігін көрсетеді. Күрделі жүйе бола отырып, қала біздің интуитивті елестетулерімізге қарама-қайшы келетін мінез-құлықты көрсетеді.

*Қаланы жоспарлау құрылымы.* Бұл ұғымды анықтап алмас бұрын мынаған тоқталайық. Құрылымды жалпы философтар «жүйенің элементтерінің жиынтығы мен оларды



**Ірі қала агломерациясының дамуы:**

*а – қаладан; б – ауданнан*

**12-сурет**


біріктіру тәсілдері немесе элементтер арасындағы байланыстар желісі» ретінде анықтайды.

Экономикалық және әлеуметтік географиядағы негізгі ұғым болып территориялық құрылым табылады. Территориялық құрылымдар теориясының негізін салушы И.М. Маергойз оған мынадай анықтама береді: «Халық шаруашылығының территориялық құрылымы – бұл оның белгілі бір жолмен өзара орналасқан және мүшеленген территориялық элементтерінің жиынтығы». Қала са-

лушылар үшін «жоспарлау құрылымы (бұл термин қала құрылысынан алынған) түрлі элементтерінің өзара байланыстағы бірлігіндегі қала ағзасын сипаттайды».

Осылайша, жоспарлау құрылымы – бұл салыстырмалы түрдегі шағын, бірақ күрделі құрылған, әр түрлі тектегі объектілер мен халықтың жоғары шоғырлануымен ерекшеленетін аумақ теліміне, яғни қалаға қатысты территориялық құрылым. Схема түрінде қаланың жоспарлау құрылымы 13-суретте көрсетілген.

### Қаланың құрылымын жоспарлау



1 – қоныстану зонасы; 2 – өнеркәсіп зонасы; 3 – қоғамдық орталықтар; 4 – демалыс зонасы; 5 – негізгі магистральдар; 6 – қала аудандарының шекаралары; 7 – өнеркәсіп пен қоныстану зоналарының аумақтық өсу бағыттары

13-сурет



Қала бөліктерінің барлығы өзара әрекеттесу үшін жіктеліп, біртұтас қаланы құрайды. Қала бөліктерінің компоновкасы, олардың арасындағы байланыстар, олардың әрқайсысының құрылысы қаланың жоспарлау құрылымын көрсетеді. Қаланың жоспарлау құрылымы мен оның территориялық құрылысының қандай болғандығына ондағы адам өмірінің қолайлығы мен оларда орналасқан жүйелердің тиімділігі тәуелді бола алады.

Жоспарлау құрылымы қаланың атқаратын қызметтерінің жиынтығын сипаттайтын қызметтік құрылымға қарағанда үлкен инерциялылыққа ие болады. Бұл оған тән қасиет. Өзінің қаттылығына қызметтік зоналардың бекітілуіне, алаңдар мен көшелер параметрлеріне орай ол қайта құрылымдауға қарсыласады, өзгерістерге көп бой бере бермейді. Бұл инерциялылық әсіресе, бағалы тарихи-мәдени мұрасы бар тарихи қалаларда өте күшті. 1935 жылдан басталған бірнеше бас жоспарларға сәйкес ірі қала құрылыстарын салу акциялары жүргізілген Мәскеуде басты магистральдарының бейнесі, көшелер мен жолдардың концентрлік-радиалды жүйесінің жалпы сипаты сақталуымен таңғалдырады. Ал кейбір шешімдер, мәселен Замоскворечьедегі Бульвар шеңберінің жалғасы қажетсіз деп табылды.

Сонымен қатар жаңа таланттар қалаларды өзінің жоспарлау қызметіне орай кейде өте радикалды өзгертуге әкеледі. XIX ғ. екінші жартысында Париж бұрынғы тар және қисық көшелерінің орнына кең және түзу даңғыл – бульварлардың сымбатты жүйелерге ие болып, қайта жоспарлаудың бастамашысы, париждік префект Османның айтуынша «ескі Париждің ішек қарнын ақтарып тастады». XVIII ғ. орыс қалалары жоғарыдан бекітілген тұрақты жоспарларға сай қайта құрылымдалды. Бірқатар жағдайларда олар бұрынғы көркем де жергілікті жердің жағдайларына сай келетін жоспарлауларды геометриялық тұрғыдан дұрыс, бірақ ландшафтқа сәтті үйлесе бермейтін жобаларға алмастырды. Ең сәтті деген жаңа жобалар тарихи құрылыстарға белгілі бір тәртіп бере отырып, олардың артықшылықтарын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Мысалы, Ярославльде осылай болды.

Жоспарлау құрылымының уақыттағы тұрақты тірегі – жоспарлау каркасы. Ол қала бөліктерінің түрлі қызметтік аймақтарының арасындағы түйіндер мен көліктік құрамалардың коридорлардың жиынтығын көрсетеді. Каркас көліктің ең жақсы жете алатын, маңызды объектілердің шоғырлануына қолайлы түйіндер мен алаптарды бөліп көрсетіп, қала кеңістігінің ең интенсивті пайдаланылатын бөлігі ретіндегі

телімдерді бөліп көрсетеді. Тірек қызметтік және генетикалық әр түрлі бөліктерден тұратын қалаға тұтастық беріп, қала территориясын пайдалануды тиімді етеді. Қала каркасы қала құрылымын қоршаған ауданның территориялық құрылымымен жалғастылығын қамтамасыз етеді, қаланың территориялық дамуының бағытын анықтайды.

Қаланың ортасы – жобалау құрылымы мен оның каркасының өзегі, оларды бекітетін басты түйін. Бұл іс-әрекеттің барынша әрқилы және жоғары қарқынды интенсивтілігімен ерекшеленетін, қарым-қатынас қолайлы, ең тартымды объектілерді орналастыруға қолайлы қаланың ең белсенді бөлігі. Бұл – қала символы. Адамдар санасында қала өзінің орталық бөлігімен қалады, онда қаланың өзінің осы қалаға қатыстылығын сезінеді. Қала өз тұрғындарын, ал онан да күштірек қала қонақтарын тартады. Бұл өз мәнінде қаланың жинақтық бейнесі. Орталықтарда архитектуралық доминанттар, ең маңызды құрылыстар салынып, бұл оларды біртіндеп үлкен архитектура мұражайларына айналдырды. Қаланың өсу шамасына сай ескі қала оның орталығына айналды.

Қалалардың көпшілігінде тарихи орталық өз қызметтерінен айырылмайды. Қаланы салушылардың оны орнынан жылжытуға деген талпыныстары ештеңе бермеді. Бір кездерде Мәскеуде жоғарғы мем-

лекеттік мекемелерді орналастыру мақсатында Оңтүстік-батыста, Мәскеу университетінің артынан жаңа орталық құру көзделген еді. Кейін бұл идеядан бас тартылды. Кейде керісінше, Тбилисиде немесе Варшавадағыдай табиғи ауысулар да болған. Грузин астанасында линиялы орталыққа қала аумағының созылған конфигурациясына сай келетін өте зор тартымдылыққа ие, ұлттық маңыздағы әкімшілік және қоғамдық мекемелер, театрлар мен кинотеатрлар, мұражайлар мен қонақүйлер, сәнді дүкендер мен шағын дүкеншелер, бас пошта үйі мен көпшілікке ерекше танымал «Лагидзе сулары» орналасқан Руставели даңғылы айналды. Ал жөндеу мен қалпына келтіруден, жаңғыртудан кейін әдемі де абақты көрінетін ескі орталық Грузин астанасының өткенінің куәгері болып қалды. Мұнда тар және бұралаң көшелер мен қуыстар, шағын үйлер, Елена Ахвледиаидің картиналарында бейнеленген көп балқонды көне Тбилисиді еске түсіретін көп детальдар сақталған.

Көліктік-жоспарлау каркасымен қатар қалада жасыл желектер мен су айдындарынан құралған маңызды сауықтыру мәніне ие болатын экологиялық каркас та қалыптасады. Жасыл желектердің ойластырылған жүйесі Мәскеудің 1935 ж. Бас жоспарына жобаланып, белгілі бір дәрежеде жүзеге де асты. Жасыл сынарлар


қала шеңберінен оның орталығына қарай, бульварлардың, бақтар мен скверлердің желісін қуалай орналасады. Олардың негізі астананың орман парктері мен жасыл белдеуінің ормандарының жалғасы болып табылатын парктер желісі еді.

Қалалардың жоспарлау құрылымдары жергілікті жердің табиғат жағдайларының, қаланың халық шаруашылық профилінің және оның генетикалық ерекшеліктерінің күшті

ықпалымен қалыптасады. Бұл негізгі факторлардың түрлі комбинациялары жоспарлау құрылымдарының көп түрлілігін анықтайды, олардың кейбір типтері жиі қайталанады.

Қала ірі өзеннің немесе теңіз жағалауының бойында болып, әсіресе жағалаудағы тау жоталары қаланың территория қойнауына қарай дамуына кедергі болған жағдайда созылған жолақ түріндегі құрылым өздігінен туындайды (14-сурет).

### Жолақ құрылымды қала сұлбасы (Волгоград қ.)



14-сурет

Көп сәулелі, жұлдызша тәрізді құрылым жол тораптарында орналасқан қалаларда туады. Жол бойындағы көше протуберанецтерімен қала қоршаған ауданға кірігіп кеткендей болады.


Территориялық жақындасқан бірнеше ірі нысандар төңірегінде қалыптасқан қалаға көп ядролы құрылым тән. Мәселен, көне Киев – Ескі Киевтің тауындағы князь резиденциясының, Киев-Печора лаврасы мен қаланың өзен бойындағы сауда бөлігі – Подолдың төңірегінде қалыптасқан осындай қала. Көп ядролы

қаланың тағы бір мысалы – Брянск (15-сурет).

Жолдар торабында бағыттардың ешқайсысы да басымдылыққа ие бола алмайтындай болып өскен қала сақиналық немесе белдеулік құрылымға ие болады.

Қаланың өсу шамасына қарай оның жоспарлау құрылымының трансформациясы жүрді. Шағын қала, әдетте, шағын да қолайлы құрылымға ие болды. Оған территория бойымен шашыраудың қажеті болмады. Өсіп келе жатқан үлкен қалалар категориясына өтетін қаланың компакттілігі

### Көп ядролы қала құрылымы (Брянск қ.)




15-сурет

белгілі бір уақытқа дейін сақталды. Мәселен, Тамбов осындай (16-сурет). Мұнда көптеген мәселелер жердің сипатына байланысты болды. Жаңа өндірістік және көліктік-қоймалық аймақтар пайда болып, тұрғылықты аудандар саны өсті. Қала табиғат туғызған кедергілерге тіреліп, оларды айналып өтіп немесе «секіріп» отырды, нәтижесінде алдымен жартылай және кейін толықтай бөлшектенген құрылымға ие болды. Бөлшектенген құрылым Пермьге (17-сурет), Новосибирскіге, Красноярскіге тән. Бірқатар жағдайларда ірі қала агломе-

рацияның қалыптасуын стимулдай отырып, өзін серіктес-қоныстармен қоршай отырып, өзі де агломерацияға айналды.


Қоныстану процесін жетілдірудің басты міндеті – қалалардың, поселкелердің, ауылдардың өзара байланыстылығын қамтамасыз ету мәселесімен орайласады. Бұл байланыстардың негізінде еңбекке, тұрмыс пен демалысқа жайлы шарттар жасалып, адамның жан-жақты дамуына мүмкіндіктер анықталады. Қазақстан жерінде мұндай міндеттердің шешілуі көп ретте қазіргі кезеңдегі халықты

### Тұтас қала құрылымы (Тмбов қ.)



16-сурет

### Қала құрылымының бөлініп орналасқан сипаты (Пермь қ.)



17-сурет

орналастыру тұжырымдамасының жүзеге асуымен тығыз байланысты. Оның негізінде елді мекендердің торабын дамыту жалпылама қоныстану жүйесін қалыптастырумен байланыстыру бағыты жатыр. Бұл соңғы жай республикадағы қоныстану процестерінің реттелуіне, қала мен ауылдың тең түрде дамуына, республика жерінде халықтың біршама тығыз орналасуына игі әсер тигізуі керек. Осы тұжырымдаманың жүзеге асуында маңызды орын қалалық елді мекендердің дамуына беріледі. Республика жерінде қоныстанудың

тіректік қаңқасын мақсатты түрде қалыптастыру мемлекетіміздің экономикасына және оның өндіруші салаларының дамуына игі ықпал етуі тиіс.

Болашақта қоныстанудың қалалық-тіректік орталықтарының өсу барысы біршама кеңеюі керек. Жаңа қалалардың пайда болуы мен республиканың қоныстану жүйесінің тіректік сұлбаларының дамуы халық аз қоныстанған аудандарды игеруге мүмкіндік жасайды. Мұнда қала тұрғындары саны арасындағы тепендік сақталуы тиіс. Бірақ міндет тек қана қала елді мекендері санының

өсуі емес, сонымен қатар олардың сапалық құрылымын жақсартуда болып отыр. Қалалық елді мекендердің басқа мекендермен тығыз интеграциялануымен, олардың материалдық-техникалық, маман және мәдени әлеуетін жеделдете пайдаланылуымен де байланысты болмақ.

Қалалық мекендердің болашақтағы дамуы негізгі екі бағытта жүруі тиіс:

– кішкентай қалалар мен қалалық мекендердің белсенді түрде кеңістіктік дамуымен, ірі қалалардағы өндіріс орындарының өндірістік дұрыс шоғырланбауы барысымен тығыз бірлікте қарастырылуы;

– пайдалы кен орындарын игерумен байланысты жаңа қалалық ме-

кендердің пайда болуы (негізінен бұрыннан бар елді мекендер бағасында). Мәселен, бұрынғы әскери қалашық «Ембі-5» Ресей әскерлерінен босағаннан кейін «ҚазақОйл»-дың өндіріс орнының біріне айналды.

Қоныстану жүйесінде шағын және орташа қалалардың рөлі төмендетілмеуі қажет. Біріншіден, қалалар әрбір шаруашылықтың, игерілген әрі дамушы ірі аймақтың даму шарттарына сәйкес келеді, сол ауданды толықтырып тұрады. Ал екіншіден, дербес экономикалық тиімді өндіріс салаларын орналастыру барысын қоныстану сипатына біркелкі емес, түрліше талаптар қоюмен анықталады.

## 5-тарау. КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ

### 5.1. Көші-қон түрлері және факторлары

Халықтар миграциясы ұғымының астарында (латынша *migratio* – қоныс аудару) әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси, діни, табиғи, экологиялық, тарихи және шаруашылық даму ерекшелігіне байланысты түрлі жағдайлар мен факторлар әсерінен тұрғындардың аумақтық (немесе мемлекетаралық) қоныс аударуы түсінігі жатыр.

В.В. Покшишевский берген анықтамасымен (1978) келісе отырып, халықтардың қоныс аударуына мынадай анықтама беруге болады: «халықтың тұрғын орнын ауыстыруымен байланысты оның кез келген қозғалысы (адамның, отбасылардың немесе көп құрамды адамдар тобының мемлекетті, өзі өмір сүретін облысты немесе елді мекенді ауыстыруы)». Осы себепті халықтардың миграциялық қозғалысының басты сапалық белгісіне аумақтық көшіп-

қонуы жатады, ал көші-қонның салдары қоныс аудару географиясының өзгерісі болып табылады.

Бірақатар мамандардың пікірінше, тура мағынасында миграцияға қала маңында тұратындардың қалаға жұмысқа баруы және кері қайтуымен байланысты күнделікті қозғалыстар болып табылатын, ірі қала агломерацияларында кеңінен тараған *маятниктік қоныстану* деп аталатын қоныстану түрі жатады. Бұл қоныстанудың жергілікті жүйесінің қалыптасуына ықпал ететін факторлар болып табылады.

Келесі қаралатын қоныстанудың *құрылымдық* белгісі, ол бойынша қоныстануды: еңбек ресурстарының миграциясы, мәдени-тұрмыстық миграция, рекреациялық (туризм және демалумен байланысты), қызметтік іссапарлар деп бөлуге болады.

Уақыты бойынша қоныстану *уақытша* немесе *қайтымды* (маятниктік, маусымдық) және *тұрақты* немесе *қайтымсыз* бо-



лып бөлінеді. *Миграциялық лектердің бағыты* бойынша оларды *сыртқы* (континентаралық немесе мемлекетаралық) және *ішкі* (ауданаралық, ауданішілік) деп бөледі. Сыртқы миграцияға эмиграция (елден шығып кету) және иммиграция (елге келу), сондай-ақ реэмиграция (отанына уақытша оралу) жатады.

Ішкі миграцияға тұрғындардың бір қаладан екінші қалаға, ауылдан қалаға (және кері қарай), ауданнан келесі ауданға көші-қон процестерін мысалға келтіруге болады. Ішкі маусымдық миграциялар жазғы демалыс кезінде немесе ауылдық жерлерде жұмысшы күшіне сұраныс жоғарылағанда, ауылшаруашылық жұмыстарының белсенді жүретін кезеңдерінде (көктем, жаз, күз) күшейеді (19-сурет). Соңғы жылдарда шетелдерге демалуға шығатын қазақстандық тұрғындардың саны күн санап өсуде.


*Ұйымдастыру түрі* бойынша миграциялар *ұйымдастырылған* (мемлекеттің көмегі және қатысуымен іске асатын) және *ұйымдастырылмаған* (өз бетімен) деп бөлінеді. Ұйымдастырылған қоныс аудару КСРО-да шаруашылық құрылысының практикасында кеңінен қолданылды. Осылай, 50-60-жылдары едәуір еңбек ресурстары (1,5 млн-нан астам адам) Солтүстік Қазақстанның және Оңтүстік Сібірдің тың және кенді

аймақтарына жіберіліп отырды. Осы ретпен жұмысшы күштердің Батыс Сібірдегі мұнайлы-газды кешендердің, Солтүстіктегі және Қыыр Шығыстағы өнеркәсіп нысандарының құрылысына қарай ығысқаны байқалды.

Ел тарихында ерекше орынды 30-50-жылдардағы сталиндік репрессия кезіндегі халықтар депортациясымен байланысты *күштен қоныстандыру* кезеңі алады, байырғы халық бұл кезде, негізінен, Қыыр Шығыс, Орта Азиядан мыңдаған адамдар, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезеңінде 1 млн-нан астам немістер қоныс аударылды, ал соғыстан кейінгі күштер кезінде қалмақтар, Солтүстік Кавказ халықтары (ингуштер, шешендер, балкарлықтар, карачайлар), қырым татарлары, түркі-месхетиндіктер, грузиндер, тағы басқа халықтар атамекенінен ығыстырылды. Бұл халықтардың біразы өздерінің тарихи отанына оралды, бірақ 40-жылдардағы арандатылған ұлтаралық қақтығыстардан кейін жағдайды толық қалпына келтіру мүмкін болмады.

Көші-қонның маңызды факторлары миграцияны *экономикалық* және *еңбек миграциясы* деп бөлуге болады, бұл жоғары жұмыс ақысы төленетін және өмір сүрудің жоғары деңгейімен сипатталатын орындарды іздеумен байланысты, мемлекеттен тысқары шақырылатын саяси, әлеу-

### Көші-қон түрлері



18-сурет

меттік топтардың құрылымымен байланысты діни, отбасылық-тұрмыстық көші-қон түрлері ажыратылады. Халықтың жаппай көшуіне әсер ететін саяси себепке азамат соғысы жылдарындағы (1917-1922) және одан кейінгі кезеңдердегі эмиграцияны мысалға алуға болады. 1980-1990 жылдар аралығында КСРО кезінде түрлі себептерге байланысты (сая-

си, отбасылық, т.б.) елден кеткендер саны 1 млн адамнан асқан.

Халықтар қоныс аударуы – бұл адамдардың жай механикалық қозғалысы емес, жалпы халықтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріне жан-жақты ықпал ететін күрделі қоғамдық процесс. Қоғам дамуының барлық кезеңдері халықтардың жаппай қоныс ауда-

руымен байланысты болды десек қателеспейміз.

Ерте кезеңде ірі миграция толқындары туыстас көшпенділердің Орталық Азиядан Еуропаға қоныс аударуымен байланысты болды. *Халықтардың ұлы көші* деген атау алған бұл кезең Еуропаның қазіргі картасында терең із қалдырды, британдық, француз сияқты жаңа ұлттардың қалыптасуына алып келді. Ал *Ұлы географиялық ашылулар* (XV-XVII ғғ.) ескі дүниеден Америкаға жол ашты. Америка құрлығын отарлау барысында он миллиондаған негрлер Африкадан плантацияларда жұмыс жасау үшін кетіп жатты. Жергілікті үндістердің негрлермен, келген еуропалықтармен араласуы нәтижесінде жаңа, аралас нәсілдер мен ұлттар – мексикалықтар, кубалықтар, бразилиялықтар пайда болды.


19, 20, 21, 22-суреттерде әлемдегі әр кезеңдердегі көші-қон бағыттары берілген.

Халықтар қоныс аударуының шекарасы капитализм дәуірінде шұғыл өсті. Қолда бар есептер XIX ғасыр басынан 1914 жылға дейін (Бірінші дүниежүзілік соғыс) Еуропадан 50 млн-ға жуық адам негізінен АҚШ-қа, Латын Америкасы елдеріне, Австралияға, Жаңа Зеландияға, Оңтүстік Африкаға (олардың шамамен үштен бір бөлігі отанына оралған) көшкенін көрсетті.

XX ғасырда көші-қон процестеріне соғыстар ықпалын тигізді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германияға 10 млн-дай неміс Шығыс Еуропа елдерінен ГФР, ГДР және Батыс Берлинге көшірілді. 40-жылдардың ортасынан 60-жылдардың басына дейін Еуропадан Америкаға 6-7 млн-дай адам шықты. Осы уақытта Батыс Еуропа елдерінде және бәрінен бұрын экономикалық бағыттылығы жоғары елдерде құрлықшілік көші-қондар қарқынды жүрді. Осы және одан кейінгі кезеңдерде жаппай қоныс аудару Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азия елдеріне болып, олар Үндістан, Пәкістан, Бирма және басқа елдер шекарасының және саяси картаның өзгеруіне алып келді.


Көші-қонның демографиялық процестерге жасайтын ықпалы да жоғары, аудандағы келетін және кететін мигранттардың көшіп-қону әрекеттері халықтың жастық-жыныстық және әлеуметтік құрылымының өзгерісін тудырады. Қайта өңдеу өнеркәсібі жоғары дамыған, шығыны жоғары аудандарда халық саны қысқарып, туу төмендейді, көшіп келушілер ішінде жастар көп болғандықтан негізгі ауырғиналық соларға түседі де, нәтижесінде аумақта кәрі адамдар саны көбейеді. Ал кіріс жоғары, аудандарда жастар үлесі де жоғары болады және халықтардың қайта құрылу ырғағы да өседі.

Дүние жүзіндегі XVII-XIX ғ. I жартысындағы көші-қон (В.В. Покшишевский бойынша)



19-сурет


5-ТАРАУ. Көші-қон процестерінің қазіргі даму бағыттары және еңбек ресурстары



XIX ғ. II жартысы XX ғ. басындағы халықтың көші-қоны (В.В. Покшишевский бойынша)

20-сурет


5-ТАРАУ. Көші-қон процестерінің қазіргі даму бағыттары және еңбек ресурстары



Қазіргі әлемдегі көші қон ағыны (В.П. Максаковский бойынша)

21-сурет

Елдердегі мигранттар үлесі (В.П. Максаковский бойынша)



22-сурет



Көші-қон урбандалу процесіне де белсенді түрде әсер етеді, халықтың орналасуы мен таралуына өз ықпалын тигізеді. 20-жылдардың ортасынан 80-жылдардың басына дейін ауыл халқының қалаға қарай ағылуы нәтижесінде КСРО-да қала халқы 75 млн адамға дейін көбейді. Ал халық саны, негізінен, мигранттар есебінен өсетін Сібірдің және Қиыр Шығыстың шаруашылықты аудандарында қалалар мен кенттер пайда болды.

Миграциялар, сондай-ақ, халықтың және еңбек ресурстарының таралуына әсерін тигізіп, аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне ықпал етеді. Жаңадан игерілген аудандарға маманданған жұмысшылардың келуі тек қана шикізаттық емес, алынған шикізатты қайта кешенді өндейтін күрделі өндірістің дамуына өз әсерін тигізеді. Жаңа қала тұрғындары, өнеркәсіп нысандары, ауылшаруашылық кәсіпорындары бәрі аймақтың экономикалық әлеуетін жоғарылатады.

Сонымен қатар ұйымдастырылмаған көшіп-қонушылардың ауданға келуі, егер ауданның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен және баяу ырғақпен даму үстінде болса, бұл ауданда тұрмыс жағдайы нашарлап, халықтың материалдық және мәдени-тұрмыстық деңгейі төмендейді.

Мәжбүрлі түрде мигранттар көшіп келген жағдайда, оларды орна-

ластыру, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысы үшін мемлекет және жергілікті бюджет тарапынан қосымша шығын талап етіледі.

Елге еңбекке жарамды халықтың келуі жұмысшы күштері нарығына тікелей ықпал етеді, олардың санының қысқаруы немесе көбеюі еңбек нарығында бәсекелестікті нығайтады.

Мигранттардың келуі немесе кетуі аудан халқының мәдени өміріне, білім деңгейіне, әлеуметтік инфрақұрылымға да әсер етеді. Мысалы, қала тұрғындарының ауылдық жерлерге немесе алыс аудандарға көптеп келуі сол жер халқының мәдени және кәсіби мамандану деңгейінің жоғарылауына жағдай жасайды. Ал ауыл тұрғындарының қалаға көбірек шоғырлануы бұған кері құбылысты көрсетеді.

*Көші-қон дегеніміз* – адамдардың бір елден басқа елге қоныс аударуы (мұны сыртқы миграция дейді) немесе бір ауданнан екіншісіне (ішкі) қоныс аударуы. Адамдардың өз елдерінен тұрақтап тұруға шетке кетуін *эмиграция*, басқа елге келіп тұрақтап тұрып қалуын *иммиграция* деп атайды.

Сыртқы миграциялар әрқашан болып тұрған. Бірақ жаппай сипат алуы эмиграция ошағы Батыс Еуропада болды, мұнда ұсақ өндіруші

шаруалар, қолөнершілер күйзеліп, жұмыссыздық көбейе берді. 1815-1915 жылдар арасында Еуропадан әлемнің басқа бөліктеріне 35-40 млн адам қоныс аударды. Қоныс аударушылардың басым көпшілігі Солтүстік Америкадағы (АҚШ пен Канадаға) орнықты; мұнда ұлан-ғайыр кеңістікті игеріп, отарлау жүріп жатқан болатын. Қоныс аударушылардың қалған бөлігі Оңтүстік Америкаға, Австралия мен Жаңа Зеландияға, Африканың кейбір елдеріне көшті.

Сонау XVII ғасырда негрлерді Африкадан Америкаға күштеп қоныс аударту жүріп, онда оларды Оңтүстік мақта алқаптарында жұмысқа салды. АҚШ-тың оңтүстігінде, Кариб теңізі аралдарында және Оңтүстік Американың кейбір елдерінде негрлер мен мулаттар халықтың едәуір бөлігін, ал кейде тіпті басым көпшілігін құрайды.

АҚШ халқының қазіргі көпұлтты құрамы миграциялар тарихына байланысты Нью-Йоркте ирландтар Дублиндегіден, еврейлер Тель-Авивтегіден көп, өзінің «кішкене Италиясы», Қытай қаласы – «Чайнатаун» бар. Қала халқының 40 %-дан астамы басқа елдерден келгендер не солардың ұрпақтары. Канададағы қос тілдік (ағылшын, француз), Оңтүстік Америкада испан және португал тілдерінің жайылуы миграциямен байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс пен орталық жүйенің күйреуінен кейін еуропалықтардың бұрынғы отарлардан отанына оралуы жүрді. АҚШ-та миграция көп азайды. Миграциялардың жаңа өңірі Батыс Еуропа болды. Мұнда Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Африка елдерінен және Түркиядан келген 13-14 млн шетелдік жұмысшылар тұрады. Олар ақысы аз, қара жұмыстарды атқарады, барынша қиын жағдайларда тіршілік етеді. Шетелдік жұмысшылардың үлесі Швейцарияда белсенді халықтың ¼-і, Германияда 10 %-ы болып отыр.

#### Дүние жүзіндегі XX ғасырдың аяғындағы негізгі миграциялар

Арзан жұмыс күшінің миграциясының басқа да ошақтары бар. АҚШ-та 1970-1980 жылдары Мексика мен Пуэрто-Рикодан келген жария иммигранттар саны 4,5 млн адам болды және жасырын мигранттар саны бұл шаманың жартысына жуықтады.

Сауд Арабиясында, Кувейтте және Таяу Шығыстың басқа да кейбір елдерінде мұнай өндіру өзге араб елдерінен келген жұмыс күшіне негізделген. Өз жерінен палестиналықтар миграцияға кетуге мәжбүр болды: Израиль жаулап алған аумақта палестиналықтар 1 млн, ал одан өзге жерлерде негізінен Таяу Шығыста 4 млн-нан астам болып отыр.

АҚШ-та сыртқы миграцияларға тән сипат иммиграция өте қатаң шектелген жағдайда шетелдік ма-

мандарды, әсіресе дамушы елдерден шақырып алдыру болып табылады. Бұл процесс (оны «ақыл-ойдың ағып кетуі» деп аталады) үшінші дүниенің ғылыми-техникалық қуат-қарымын әлсіретіп, АҚШ-тың күш-қуатын арттырады (елдегі әрбір үшінші дәрігер иммигрант).

Қытай үшін шетелдерде тұратын 30 млн қытай (оларды хуацяо деп атайды) экономикалық тұрғыдан үлкен рөл атқарады. Олардың көбі қаражатын, білімін салып, елдің өмірін жаңғыртуға көмектеседі. Отанына оралған мамандар қытай жоғарғы оқу орындарының профессорлары мен доценттерінің үштен бірі болып отыр.

**Ішкі миграциялар.** Ішкі миграциялар, негізінен, ауылдан қалаға көшу игеріліп жатқан жерлерге барып қоныстану. Мұндай миграциялар барлық мемлекеттерде бар. Әр түрлі елдерде мұның өзі дамудың әр түрлі кезеңінде. Ол, әсіресе дамушы елдерде кең өріс алады. Жері де, жұмысы да жоқ ауыл тұрғындарының күнкөріс қамымен қалаларға қаптауы аса ірі қалалар санын күр көбейтіп отыр.

Батыстың неғұрлым дамыған елдері мен Жапонияда бұл процесс әлдеқашан аяқталған.

60-80-жылдарда АҚШ пен Батыс Еуропада халықтың «керісінше» миграциялары басым болды: халқы тым көбейіп кеткен, түтінге тұншыққан

қалалардан қала төңірегіне, ішінара ауылдық жерлерге көшуі байқалады.

«Ауыл – қала» миграциясы бұрынғы КСРО республикасында соңғы уақытқа дейін қалалардың өсуінің басты негізі болып келеді. Ресей халқының шығыс аудандарға қоныс аударуы да осындай миграция шенберіне қамтылады, өйткені Сібір мен Қиыр Шығыстың өндіргіш күштерін дамыту Ресейдің экономикалық стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады.

Көші-қон секілді көшпенділік те адамдардың қоныс аударуымен байланысты. Алайда мұның өзі шаруашылық қарекетінің және онымен байланысты өмір салтының айрықша бір түрі. Қазіргі уақыттағы көшпелілер, негізінен, бұлар шөл және шөлейт аумақтардың мал өсірушілері. Көшіп-қонудың неғұрлым кең тараған түрлері мынадай: 1) бойлық бойымен (мал жазда солтүстікке қарай, қыста оңтүстікке қарай айдалады); 2) шөлдегі көшпелілік (бір құдықтан екіншісіне қарай немесе бір құдықтың айналасында); 3) вертикаль көшіп-қону (жазықтағы қысқы жайылымдардан биік таулардағы жазғы жайылымдарға қарай).

Сонымен, көші-қонның халықтың құрылымына, әлеуметтік және шаруашылық салаға ықпалы күшті; сыртқы көші-қондардың сипаты мен бағыты әр түрлі тарихи



дәуірлерде өзгеріп отырады; XX ғасырдағы ішкі көші-қон урбандалу процесімен тығыз байланысты; көші-қон процестерін есепке алу қай елдің болсын әлеуметтік-экономикалық ілгерлеуі үшін өте маңызды.

### 5.2. Көші-қон қозғалысын сандық және сапалық тұрғыдан бағалау

Көші-қон процестері сандық және сапалық көрсеткіштермен сипатталады, ең алдымен олардың масштабы бейнеленеді. Ол белгілі бір уақыт аралығында (мысалы, бір жылда) елден кеткен және елге келгендер санымен, сондай-ақ олардың арақатынасымен (көші-қон айырымымен) сипатталады. Көрсеткіштер абсолюттік және салыстырмалы мөлшерді (1000 адамға шаққанда) көрсетуі мүмкін.

Елге келу және кету коэффициенті мына формулалар арқылы есептеледі:

$$K_{\text{келу}} = \frac{П}{P} \cdot 1000 \text{ ‰} \quad (1),$$

$$K_{\text{кету}} = \frac{B}{P} \cdot 1000 \text{ ‰} \quad (2)$$

мұндағы

$П$  – белгілі бір кезеңде (ереже бойынша бір жылда) келген адамдар саны;

$B$  – белгілі бір кезеңдегі елден кеткендер саны;

$P$  – белгілі бір кезеңдегі жылдық орташа халық саны.

Ал келгендер мен кеткендердің 1000 адамға шаққандағы қатынасы көші-қон айырымы *коэффициенті* немесе *миграциялық өсім коэффициенті* ( $K_{\text{ок}}$ ) деп аталады:

$$K = \frac{П - B}{P} \cdot 1000 \text{ ‰} \quad (3)$$

Миграциялық өсім коэффициентін табиғи өсіммен салыстыру белгілі бір аумақтағы халықтың орналасу динамикасын көрсетеді. Егер миграциялық коэффициент айырымы табиғи өсім коэффициентінен аз болса, онда халық саны көбейген, егер көп болса, азайғанын білдіреді.

Ішкі миграциялық процестерді сипаттау үшін халықтың көші-қон қозғалыстары коэффициентін (көрсеткішін) қолдануға болады, мұнда аумақтағы халық санына белгілі мерзімде келгендер мен кеткендердің жалпы санының қатынасын 1000 (немесе 10000) адам есебімен есептейді:

$$K_{\text{мм}} = \frac{П + B}{P} \cdot 1000 \text{ ‰} \quad (4)$$

Есептеудің бұл түрі тұтас бір елде немесе оның бөліктеріне, әр түрлі әлеуметтік, этникалық және жастық-жыныстық топтарға, қала және ауыл халқы үшін қолданылуы мүмкін.

Миграцияны географиялық зерттеу халықтың территориялық қозғалысының әлеуметтік-экономикалық себептері мен салдарын, мигранттардың жастық-жыныстық, әлеуметтік және этникалық құрылымының, миграциялық ағындардың талдауларын (масштабы, қарқыны, бағыты) біріктіреді.

### 5.3. Көші-қонның негізгі бағыттары

Көші-қон саясатын жүзеге асыру жолдарының тұжырымы бойынша мемлекеттік көші-қон саясатын әзірлеу процесі бірінен соң бірі жүретін үш кезеңнен өтуі керек:

*Бірінші кезеңде* елдегі біршама ұзақ уақыт бойындағы көші-қон процестері мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға терең, жан-жақты талдау жүргізу. Осыдан кейін көші-қон процестерінің даму бағдарын әзірлеу ұсынылады. Мұндай талдау арқылы бағдарлар дайындау нәтижесінде көші-қон саясатының мақсаттарын, міндеттерін, басты ұстанымдары мен негізгі бағыттарын қалыптастыруға болады. Мұнда негізгі маңызды мәселелер әлеуметтік-экономикалық даму талаптарына халықтың саны мен сапасының сай келуі; мемлекеттегі тұрғындар санының жеткілікті-жеткіліксіздігі; көші-қон категориясы мен процестер түрі арнайы

реттеу тәсілдерін қажет етуі. Егер демографиялық бағдар халықтың азаюын көрсетсе, көші-қон саясатының басты міндеттері аймақтағы еңбек нарқының еңбек күніне деген сұранысын көші-қон арқылы қанағаттандыру болып табылады. Халықтың саны мен құрылымы тауарлар мен қызметтерге сұранысты, яғни ішкі нарықты анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық талдау және бағдар нәтижесінде халықтың шамадан тыс көп екендігі анықталса, халықтың одан әрі көбеймеуі үшін келуші ағымға қарсы саяси, құқықтық, экономикалық, сонымен қатар әкімшілік іс-шаралар қолданылады.

*Екінші кезеңде* мемлекеттік көші-қон саясатының мақсаттары, міндеттері, басты бағыттары және оны жүзеге асыру тетіктері анықталады. Ол үшін көші-қон ағымдарын мемлекеттегі белгілі бір тарихи, экономикалық жағдайларға байланысты бөліп, зерттеу керек. Өйткені бір елдің көші-қон процестерін жалпы басқару тәсілдері мен тәжірибесін алу да қауіпті.

*Үшінші кезеңде* қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін жүргізілетін саясаттың құралдары мен тетіктерін дайындауға ұмтылу қажет. Бұл жағдайларды ескеру мемлекеттік көші-қон саясатын дайындауда басым болуы керек.

Қазақстан Республикасындағы көші-қон саясатының мақсаты – көші-

қон процестерін басқару, мигранттардың интеллектуалдық (ақыл-ой) және еңбек әлеуетінің жүзеге асуына, мемлекет және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына, яғни халықтың көбеюіне немесе тұрақтануына ықпал ететін, еліміздің біртұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін істерді асыру болып табылады.

Мемлекет қауіпсіздігіне ықпалы аз, тиімді көші-қон саясатын жүргізудің мынадай механизмдері болуы керек.

Сыртқы қатынастар аумағында:

- азаматтардың құқықтары мен мүдделерін, осымен қатар мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық келісімдерді жасау мен жүзеге асырудағы ұлтаралық және этносаяси жанжалдарды болдырмау мен бейбіт шешу мақсаттарында басқа елдермен байланыс жасау;

- шетелдерде тұратын отандастар құқықтарының жүзеге асуларына септігін тигізу.

Саяси және әлеуметтік-экономикалық салада:

- төтенше жағдай қалыптасқан аудандардан, оның ішінде техногенді және табиғи апатты аудандардан келген мәжбүрлі мигранттарды қабылдау мен көмек көрсетуді қамтамасыз ету. Әлеуметтік-экономикалық, заңнамалық және саяси шешім жобаларын, олардың көші-қон салдарын ескере отырып, сыннан өткізу;

- иммигранттарды қабылдау саясатының экономикалық тетігін даярлау;

- еліміздің аумағында аймақтардың дамуындағы демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделеріне орай иммигранттарды орналастырып, олардың иммигранттардың бейімдеуіне жағдайлар жасаған дұрыс;

- еңбек нарығының тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Көші-қонды реттеудегі негізгі мәселелердің бірі – еңбек ресурсы миграциясын басқару іс-шараларын жетілдіріп, білікті мамандардың реэмиграциялануын ынталандыру қажет.

Қазақстан Республикасы аумағында Заңсыз көші-қонмен күресу үшін әлемдік тәжірибелерді негізге ала отырып, мынадай бағыттарды жүзеге асыру керек:

- Қазақстан Республикасына келген шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдардың иммиграциясын реттеу, заңсыз көші-қонды, оның ішінде заңсыз еңбек көші-қонын анықтап, оның алдын алу;

- осы саладағы жауапкершілікті күшейту үшін ұлттық заңдылықты жетілдіру және елге шетелдіктердің көші-қон процесін жүйелейтін қосымша іс-шараларды жасап шығару;

- мемлекеттердің заңсыз көші-қон жөніндегі өзара ақпарат алмасуларын жақсарту, олардың іс-әрекеттерін үйлестіру және заңсыз көші-қонның

алдын алудың әлемдік жүйесін енгізу, шарттарын орындау.

Шекаралардың ашықтығы, халықаралық еңбек нарығына интеграция, заңсыз иммиграция көлемінің күшеюі көші-қон саясатының басым бағыты ретінде иммиграциялық процестердің бақылануын қамтамасыз етуді талап етеді. Мұнда мынадай міндеттер шешілуі тиіс:

- мигранттардың құқығын қорғау заңдылығын күшейту және екінші жағынан Қазақстан Республикасының заңдылықтарын бұзатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қарсы шаралар қолдану;

- шекарадан өту кезіндегі иммиграциялық бақылауды жүзеге асыратын органдар мен оның қызметкерлерінің іс-әрекетін жегілдіріп, дамыту;

- ТМД-ға мүше мемлекеттермен заңсыз көші-қонға, оның ішінде заңсыз еңбек көші-қонына қарсы бірігіп күресу міндеттерін келісімдерге келу нәтижесінде белсенді ету;

- көші-қон саясатының негізгі басымдықтарының бірі – ішкі көші-қон ағымдарын реттеу, көші-қон ағымын оңтайландыру, еңбек ресурсын тиімді пайдалануға жағдай жасау қажет.

Көші-қон саясатының негізгі бағыттарына келер болсақ, жоғарыда қойылған міндеттердің орындалуынан күтілетін нәтижелер:

- аймақтық еңбек нарқының теңдігін сақтау қажет;

- шекаралық аудандардағы көші-қон процестері мен геосаяси қатынастағы басқа да маңызды аумақтардағы Қазақстан Республикасының көші-қон процестері тиімді жүруі керек.

Экономикалық қауіпсіздіктің мақсаты – экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамаларын бір жүйеге келтіру, оның әр түрлі құрамдас бөліктері мен аспектілерін анықтау, экономикалық қауіпсіздік қатерлерінің ең ауыр салдарын бағалау, оны қамтамасыз етудің стратегиясы мен негізгі шараларын жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасында көші-қон ағынының жоғарылауына мынадай қатерлер бар:

1. Ғылыми-техникалық мамандар эмиграциясы, осымен бірге ішкі қоныс аударулар (мысалы, басқа қызмет саласына кету) ғылыми-техникалық әлеуеттің құлдырауына әкелетін қатерді тудырады;

2. Көші-қон процесі ішкі аймақаралық, яғни сол аймақта бұрын қалыптасқан аймақтық нарыққа көлемді нұқсан келтіруі мүмкін;

3. Ішкі сұраныстың қысқаруының туындауына байланысты аймақаралық көші-қон экономикалық бөлек сектордағы өндірістің құлдырауын күшейтуі ықтимал;

4. Белгілі бір аумақ көлемінде мигранттардың көптен шоғырлануы сол аймақтағы еңбек нарығында жұмыссыздық мәселесін туындатады;

5. Осы себептер бойынша аймақтық деңгейде тұрғын үйге және әлеуметтік қызмет көрсетуге қол жеткізу қиындауы мүмкін, ал бұл, біріншіден, тұрғындардың әлеуметтік жіктелуінің қосымша факторы болып табылады, екіншіден, ол қоғам бөлігінің жаңа маргиналдандуына әкеледі;

6. Мигранттардың біршамасы немесе көп бөлігі жұмыс таба алмағандықтан немесе мамандығы бойынша қызмет істемегендіктен, өздерінің мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбаудың, жоғалтудың шынайы қатері пайда болады, олардың еңбекке деген қызығушылығының төмендеу қаупі туындайды;

7. Мигранттардың белгілі бір категориясының еңбегі көлеңкелі экономикаға тартылғандықтан, ал олардың жартысы ТМД елдері мен алыс шетелдердегі заңсыз мигранттар болғандықтан миграцияның ықпалымен Қазақстан экономикасында келешекте қылмыстық экономиканың нақты көріністері табылуы мүмкін;

8. Сыртқы миграция шетелге капиталдың шығарылуы мен аудару мөлшеріне сай сыртқы – экономикалық және донор елдің қаржылық бағдарына қатер төндіруі де сөзсіз.

Миграцияның қауіпсіздікке ықпалын екі шеңберде көруге болады. Біріншіден, әр түрлі үш деңгейдегі көрініс табуынан: жекелік, аймақтық

және ұлттық. Екіншіден, үш миграциялық ағын бойынша: ішкі миграция, Қазақстан Республикасынан эмиграция және алыс шетелдерден Қазақстан Республикасына иммиграция.

Қазақстан Республикасындағы 1990 жылғы саяси-әлеуметтік және экономикалық реформалардың барысымен нәтижесіндегі өзгерістерелдегі ішкі миграциялық құрылымның өзгеруіне себеп болады. Яғни, тұрғын үй құрылысының, өндірістің тоқтап қалуы, кәсіпорындардың жаппай жабылуы салдарынан жұмыссыздықтың көбеюі, бір жағынан, шаруашылықтағы мигранттарды итеріп шығарушы факторға айналса, ал екінші жағынан халықтың тұрмыс жағдайындағы жаппай кедейлену аймақтық айырмашылықтарды теңестіріп, олардың тұратын жерлерін ауыстыру ұмтылысын шектеді.

Жұмыс күші саналатын мигранттардың экономикалық қауіпсіздікке салдары біршама. Мигранттардың біраз бөлігі өздерінің біліктілігіне және жоғары сипаттағы мамандықта қызмет етпей, бар жұмысты істеуге мәжбүр болады. Мигрант ер адамдардан гөрі, әйелдерге, жастарға және зейнеткерлікке шығару жасына тақаған адамдарға жұмыс табу қиын. Осымен бірге, атап өтер жайт, бізге біліктілігі төмен «гастарбайтерлер» (неміс тіліндегі мағынасы «қара жұмыс күші») келуде. Ал Ресей

Федерациясына келер болсақ білікті орыс тілді мамандардың келуі жақсы құбылыс. Өйткені бұрынғы КСРО дәуіріне бүкіл одақтас республикаларда тұрып жатқан орыстар «жоғарғы» ұлт болып есептелініп, олардың білім алуына, біліктіліктерін дамытуларына күшті жағдайлар жасалған болатын. Ресей зерттеушілерінің статистикалық болжамы бойынша 1999-2016 жылдары ТМД елдерінен Ресейге шамамен 4 млн адам көшіп келеді екен.

Ал бізге келіп жатқан оралмандардың көбісінің біліктілігі мен білімділігі төмен болып, олар Қазақстанда қара жұмысшының қатарын толтыруда. Қазақстанға қазіргі келіп жатқан мигранттардың материалдық деңгейлері де төмен.

Материалдық деңгейлері төмен мигранттар аймақтағы әлеуметтік қамтамасыз ету саласына қосымша жүк салуда, тұрғындардың әлеуметтік жіктелісін күшейтіп, кедейліктің өсуіне әкелуде. Осымен бірге көшіп алған мигранттар біртіндеп Германиядағы жағдай секілді, өздеріне туыстарының көшіп келуіне жағдай жасайды. Ал бұл одан сайын материалдық жағдайлары төмен мигранттардың легін ұлғайтады.

Қазіргі кезеңде еңбекке қабілетті, репродуктивті 15-49 жас аралығындағы тұрғындардың шетел асуы – Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық мәселесін азайта-

ры анық. Алайда, ол осымен қатар елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер туғызушылардың санын да азайтуда. Қазақстан Республикасы экономикалық дағдарыстан шыққаннан кейін эмиграция экономикалық өсу үшін үлкен кедергі болады.

Эмиграциядан келетін қауіпті, бір жағынан ұлғайтудың да қажеті жоқ, себебі біздің елімізден кететін еңбек миграциясының көлемі ауқымды болмасы анық. Оған біздің еліміздегі саяси және экономикалық тұрақтылық және қабылдаушы елдердің еңбек нарығының ерекшелігі мен шектеуші әкімшілік-заңдылық іс-шаралары да кедергі етеді. Осымен қатар шетел мемлекеттері жұмысшының біліктілігіне, мамандығына байланысты сұрыптау саясатын жүргізуі де шетелде еңбек еткісі келетіндерге бөгет болуда.

Мұнымен қатар дамыған елдердің өзінде жұмыссыздық деңгейі 7-10 % құрайтынын ескерсек, ол орташа және төмен маманданған жұмысшылар арасындағы бәсекені күшейтетіні даусыз. Ал Қазақстан Республикасынан баратын әлеуметті еңбек мигранттарының мамандық деңгейлері батыс елдерінің біліктілік стандарттарынан төмен. Мигранттардың біршама бөлігі ғана шетелде еңбек ете алады, оның өзінде ең ауыр, зиянды жұмыстарда ғана жұмыс істейді.

Негізінен сыртқы еңбек миграциясының Қазақстан Республикасы үшін тиімділігі де бар. Дамушы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, мигранттардың өз Отандарына қаржы жіберуі жиі байқалады. Мәселен, 2000 жылдары Пәкістанда ол ІЖӨ-нің 5 % асып түссе, Бангладеште – 6 %, Шри-Ланкада 8% құраған. Мұндай нәтижені шетелге кетіп жатқан қазақстандықтардан да күтуге болады. Бірақ ол үшін мемлекет оны реттеудің тиімді жүйесін жасап шығаруы керек. Сонда жұмыс күшінің экспорты еліміз үшін пайдалы болады.

Жұмыс күшінің заңды импорты аймақтың еңбек нарықтарына қосымша қиындықтар тудыруда. Бірақ жалпылай алғанда олардың еңбегі аймақтардың экономикасына біршама оң ықпал етеді. Әсіресе, жақын шетелдерден келетін жұмыс күші біліктілігінің төмен болуынан, олар біздің азаматтарымыз үшін қауіпті емес және сұраныс туғызбайтын жұмыс орындарын толтыруда. Сонымен қатар олардың еңбек сапасы мен тиімділігінің жоғарылығы мен осылардан туындайтын бәсеке жергілікті тұрғындарды ынталандырады, бағдар береді.

Көші-қон саясатының және визалық тәртіптің либералдануы ТМД мен алыс шетелдерден келетін заңсыз мигранттар ағымының өсуіне әкелуде.

Қазақстан Республикасының халықаралық еңбек нарығының интеграциялануы, жұмыс күшінің экспорты мен импортының өсуіне әкелді. Шетел жұмыс күшін пайдалану экономикалық жағынан айғақталған және негізделген болуы керек.

Визалық жүйе, біріншіден, заңсыз көші-қоннан туындайтын қатерге қарсы күресуде оң нәтиже берсе, екіншіден, сауда-экономикалық кооперацияларын, гуманитарлық және туристік алмасуды ұлғайтуға ықпал етеді.

Иммиграциялық жүйені бұзуда қарсы жауапкершілік заңдылығында да олқылықтар бар. Елімізде заңсыз мигранттарды әкелу пайдалы бизнеске айналған, сол себептен де олар қылмыстық жауапкершілік деп есептелуі керек, себебі олар қоғамға өте қауіпті. Қазақстан Республикасы аумағында заңсыз көші-қонмен тиімді күресудің құралы бірыңғай иммиграциялық бақылау болуы қажет. Оның қалыптасуы мен орнығуы үшін заңдылық негізде ТМД мемлекеттерінің 1998 жылы қабылдаған «Заңсыз миграциямен күрес» жөніндегі іс-шаралардан оту нысандарындағы иммиграциялық бақылауды күшейту керек, т.б.

Көші-қон саясатының тиімділігі әр түрлі әкімшілік құрылымдардың бірігіп, келісімді әрекет етуіне байланысты. Атқарушы билік органдары немесе әкімшілік құрылымдар

айқындалған қызметтерді жүзеге асырулары қажет. Оның негізгілері мыналар:

- Виза беру және шетелден әлеуетті мигранттың Қазақстан Республикасына кіру тәртібі болуы және орналасуы туралы ақпарат беру және ТМД елдерімен визасыз жүйе жасау. Алайда қазіргі дүниежүзіндегі саяси тұрақсыз жағдайға, террористік әрекеттердің ұлғаюына байланысты, бірқатар мемлекеттерден келетін мигранттарға толығымен немесе жартылай шектеу қою керек;

- Құқықтық мәртебе беру. Бұл еліміздің азаматтығын алу, босқын, саяси пана алу мәртебелерін беру бойынша күрделі мәселе болып табылады. Бірқатар жағдайларда (мәселен, босқын мәртебесін беру үшін) анық мәліметтер қажет;

- Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету. Барлық мигранттарға әлеуметтік қызмет көрсетілуі керек. Мәселен, қазақ және орыс тілдерін білмейтін алыс шетелден келген оралмандар үшін оны үйрету қызметі ұйымдастырылуы тиіс, нашар эпидемиологиялық жағдайдағы елдерден келгендерді ерекше санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудан өткізу, т.б.

- Қазақстан Республикасының иммигранттық заңын бұзған иммигранттарды елден шығару. Бұл қызмет ішкі заңдылықты орындамағаны үшін жазаны белгілейді.

Қазақстан Республикасында көші-қон құқығын қорғау органдары қызметінің басты жағдайлары мыналар:

- мигранттарға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету үшін және иммигранттарды ақпараттық және коммуникациялық қамтамасыз ету үшін қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды осы мәселелерді шешуге жұмылдыру;

- қоғамды көші-қон саясатының нәтижелі іс-шараларымен таныстыру, әлеуметтік-экономикалық дамудағы көші-қон саясатының орны туралы кең ақпарат беру, мемлекеттік көші-қон саясатының әлеуметтік және құқықтық қамтамасыз етілуінің негізі ретінде бағдарламалық-мақсаттық тәсілді қолдануды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының бағдарламалық шараларындағы ең бастысы – көші-қон процестерін реттеудегі қаржы-экономикалық құралдарды әзірлеу мен жүзеге асыру. Бұл құралдардың дұрыс шешілмеуі көші-қон процестерін дұрыс басқартуға мүмкіндік бермейді. Экономикалық белсенді ішкі мигранттар бөлігіне қаржы-несие тетігін пайдалануға мүмкіндік беретін іс-шаралар жасаған жөн. Олардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі қылмыс деңгейін азайтады.

Білім беру саласында (жоғарғы және кәсіби) шекаралас елдердің жастарына мүмкіншілік туғызу са-



тылы иммиграцияның тиімді түрі болып саналады. Мәселен, көршілес Ресейде сондай тәжірибе бар. Бұл түрдегі иммиграция нәтижесінде де біздің елімізге «ақыл-ой» тартылады және олардың көбі тұрақтап қалуы ықтимал.

XX ғасырдағы өте көп демографиялық шығындар Қазақстан Республикасының демографиялық өсімін тежеп тастағаны белгілі. XXI ғасырда Қазақстан Республикасының алдында демографиялық қауіпсіздікке байланысты екі міндетті тапсырманың шешімі табылуы тиіс.

- Біріншісі – өлім-жітімді азайту, қауіпсіздік пен өмір сүру ұзақтығын арттыру. Бұл тапсырма оңай болмағанымен, әлем елдерінің тәжірибесі оны шешуге болатынын дәлелден берді;

- Екіншісі – ұжымдық сақталып қалу тапсырмасы, яғни депопуляцияға қарсы тұру. Оны шешудің теориялық екі жолы бар: біріншісі тууды көбейту, екіншісі иммиграцияны ұлғайту. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тууды ерікті түрде көбейтудің мүмкіндігі аз. Оған тікелей немесе жанама түрде әр түрлі тығымдар салу арқылы да қол жеткізу тиімсіз. Өйткені ондай іс-шаралар адам құқығына қатер төндірумен қатар, адамзат қауіпсіздігінің әлеуметтік аспектісіне нұқсан келтіреді.

Елдің демографиялық ресурсын толықтыруда иммиграцияны пай-

далану керісінше, толығымен іске асатын жағдай. Бірақ бұл жолдың қаупі күшті. Мәселен, дүние жүзіндегі дамыған мемлекеттерде ашық иммиграциялық саясат нәтижесінде жергілікті халықтан гөрі шетелдік мигранттардың саны артып кетіп отырғанын көруге болады. Осыған орай Германияның және Голландияның «түріктенуі», Францияның «арабтануы», Ұлыбританияның «үнді-пәкістандануы», ал АҚШ-та Латын американдықтардың, африкандықтардың, қытайлықтардың көбеюі сияқты бағыт-бағдарлар (тенденция) пайда болды. Сондықтан да Қазақстан Республикасында осындай жағдайлар орын алмас үшін, ұлттық бірегейліктің сақталынуы үшін иммиграцияны ойластырып жүргізген жөн.

Депопуляцияға қарсы тәсіл ретінде көлемді көші-қон ағымына ұмтылыс жасамау керек, себебі оның елдің демографиялық қауіпсіздігінің төмендеуіне әкелетін объективті жағдайлары бар. Біріншіден, Қазақстан Республикасына келгісі келетіндер саны көп емес. 1998 жылдан бастап мигранттар саны біртіндеп азаюда. Екіншіден, Қазақстан Республикасы жағынан да иммиграцияға деген құлшыныс жоқ. Үшіншіден, демографиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретіндегі Қазақстан Республикасына иммиграция

астарында көптеген әлеуметтік, этномәдени және саяси қатерлер бар.

Демографиялық логика тұрғысынан алғанда, дамушы елдердегі демографиялық жарылыс демографиялық күйзелістегі «солтүстік» белдеу үшін пайдалы. Дегенмен, бұл белдеудегі мемлекеттер қазірдің өзінде болып жатқан демографиялық құлдырауға карамастан «үшінші әлемнен» мигранттардың бақылаусыз «өтіп кетіп» жатқанына алаңдаушылық білдіруде. Мұндай алаңдауға толықтай негіз бар екендігі де белгілі. Тәжірибелер бергендей, саяси, әлеуметтік, мәдени мағынада мигранттарды интеграциялау оңай шаруа емес. Дамыған елдерде батыстық емес, басқа мәдени үлгіні ұстанушылар болып табылатын «жаңа кедейлер» саны өсуде. Бұл қабылдаушы елдердің иммигранттық қауымдастықтарды кері итеруі салдарынан туындауда. Ондай қауымдастықтарға келер болсақ, олардың мәдени бірегейлігі өзара ынтымақтасуына негізгі тірек болуда. Қабылдаушы ел тұрғындары мигранттар арасындағы қарсылық мигранттардың өздерінің мәдени үлгілерін, мінез-құлық нормаларын, құндылық бағдарларының консервациялануына қосымша ынтымақтасуда. Ал бұл қабылдаушы елдердің беріктілігі мен тұтастығына әлеуетті қатер. Иммиграция көлемінің ұлғаюымен елдердің құндылықтары

жүйесі мен қауіпсіздігіне қатер де күшеюде. Дегенмен, иммиграция дамыған елдердегі тұрғын халықтың жетіспеуін дамушы елдердегі халықтың көптігімен өзара толықтыруда.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы шетелдердегі қазақтарды репатриациялау процесін жүргізіп жатыр. Ол бүгінгі күні бірінші жоспарда тұр және осымен қатар бұл ағым бірқатар уақытқа созылары сөзсіз. Қазақстан Республикасы келешекте демографтар болжамдағандай, халқы көбейіп кеткен елдердің титулдық тұрғындарының ауқымды миграциясына ұшыраса, онда жағдайы Батыс Еуропа елдеріндегіден де қауіпті болмақ. Өйткені иммигранттарды қабылдаушы Батыс Еуропа елдері иммигранттардың шығатын елдерімен шекараласпайды, ал Қазақстан Республикасы халқы көп Өзбекстанмен, әсіресе халқы өте тығыз қоныстанған Қытаймен шекаралас жатыр.

БҰҰ-ның мәліметтері бойынша 2015 жылы Орталық Азия аймағының халқы 1,5 есеге, яғни 1994 жылдағы 54 млн-нан 75 млн-ға дейін жетеді екен. Осының ішінде тек Өзбекстан халқының саны – 22,3-33,2 млн-ға артады деп күтілуде. Ал бұл Қазақстанның көші-қон процестерін күшейтеді, Қазақстан арқылы Ресейге транзиттік миграцияны ұлғайтады, осымен қатар әлеуметтік

шиеленістерге қосымша серпін береді.

Бұлардан шығатын түйін, көші-қон саясатын таразылап жүргізу қажет. Яғни, демографиялық түсініктер бойынша қажетті иммиграцияны бақылаусыз тастамауымыз керек. Иммиграциялық бақылау әрдайым тиімді болмайтыны да ескерілуі тиіс. Мигранттардың заңды ағымында әрқашан да заңсыз мигранттар болады, ал көршілес мемлекеттерден келетін заңсыз мигранттармен күресу күрделі іс. Бұған АҚШ-тың тәжірибесі дәлел болады. Олар әлі де көршілес, жақын жатқан Мексикадан келетін заңсыз иммиграция ағымын тоқтата алмауда.

Миграцияға байланысты туындайтын мәселелер оны реттеумен, квоталаумен, заңсыз мигранттарды депортациялаумен және т.б. байланысты, ол ең либералды деген мемлекеттердің өзінде де азаматтық еркіндік пен адам құқығы туралы қалыптасқан түсініктерге күдіктене қарауға әкеледі.

Мигранттар – қауіпсіздіктің субъектісі де, объектісі де. Бірінші жағдайда оларды еңбек нарығында шынайы немесе мүмкін бәсекелестер ретінде қарастыруға болады. Өйткені бақылаусыз мигранттар легі қандай да болсын жалақыға жұмыс істеуге дайын, ал бұл шындығында нарықты тұрақсыздандыра алады және экономикалық қауіпсіздік үшін

қатер болып табылады. Мигранттардан осымен бірге әлеуметтік инерсиялықтың жоғарылауы, қылмыстың, оның ішінде ұйымдасқан қылмыстың өсуін, мәдени деңгейдің төмендеуін және тағы басқаларды күтуге болады.

Мигранттар қоғам үшін қандай жағдайда қатер төндіреді және қабылдаушы халық үшін экономикалық, қылмыстық қауіптің жоғарылауына негіз болады деген мәселені қарастырсақ, мигранттардың өздерінің қауіпсіздігі қамтамасыз егілмегенде, әлеуметтік жағынан қорғалмағанда, құқықтары заңмен дұрыс деңгейде сақталынбаған жағдайда реципиент ел үшін қатер төндіретінін көреміз. Басқаша айтқанда мигранттардың ағымы реципиент елдің қауіпсіздігіне мына жағдайларда қатер төндіреді: егер оларға қабылдаушы ел қауіптің жоғары объектісі ретінде қараса және сол жерде мигранттарды әр түрлі мәселен, экономикалық, ұлттық, нәсілдік, діни белгілеріне байланысты әлеуметтік немесе мәдени дискриминацияға ұшыратқан болса.

Қазақстан үшін интеллектуалдық эмиграциядан ұлттық қауіпсіздіктің аспектілеріне қатер келетіні айқындалып отыр. Біріншіден, Қазақстанның технологиялық дамуы жағынан артта қалуының ұлғаятыны. Осының салдарынан өндірістің қауіпсіздігінің болмауы экологиялық

апаттарға әкелуі мүмкін. Технологиялық қауіпсіздіктің қатерінен тағы бір қатер, интеллектуалдық меншіктің шетелге «көшірілуі» мәселесі туындайды. Нәтижесінде әскери қауіпсіздікке қатер пайда болады. Осы себептен интеллектуалды меншікті сақтаудың жолдарын ойластыру керек. Мәселен, бірегей реестрді енгізу немесе АҚШ-тың интеллектуалды меншікті сақтау тәжірибесін алуымыз керек.

Эмиграциядан ұлттық қауіпсіздікке келетін қатердің екіншісі – интеллектуалдық эмиграцияның қайта өсіп-өнуі. Бүгінгі күні ғылыми элитаның әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші екендігі терең түсінілуде. Қазақстандағы ғылыми элитаның қайта өркендеу мәселесінің бірі – демографиялық. Интеллектуалдық мигранттардың ағымында некеге тұруға және баланы туғызуға ең тиімді жастағы жас адамдардың үлес салмағы көп. Олар басқа елге кетуге дайындалғандықтан бала тууды кейінге қалдырады. Ал бұл туу деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Бұл да өте маңызды мәселе. Олардың шетелде туылған балалары сол елдің азаматы болып қалады да, интеллектуалдық әлеуеттің қайта өсіп-өнуінің демографиялық тәртібі бұзылады, ал бұл әлеуметтік қауіпсіздік тобына, оның ұстанушыларына және тұтастай қоғамға қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет

интеллектуалдық миграцияны реттеу үшін осы салада мынадай саясаттарды жүргізуі керек. Оның біріншісі – белсенді реттеу тұжырымдамасы. Мұның жақтастары мемлекетаралық интеллектуалдық миграция негізінен «ақыл-ойдың кетуінен» көп зиян көріп отырған донор – елдер ұстануда. Олар араласудың құқықтық тетігіне акцент келтіреді, яғни мигранттардың қайта оралуын реттейтін және қызығушылықтарын туғызатын халықаралық құқықтық актілер мен келісімдерді жасауды ұсынады. Араласпау тұжырымдамасы негізінде интеграцияланып жатқан елдегі адамның еркін қозғалып-тұруы жөніндегі құқығы бар болғандықтан, мемлекетте жоғарғы білікті кадрлардың миграциясын және эмиграциясын реттеудің ұстанымды түрде болмайтындығын бейнелейді. Бұл тұжырымдама, әсіресе, реципиент – елдерде белгілі болған жай.

Келешекке бағдар ұстау тұжырымдамасы интеллектуалдық миграцияны реттеу мәселесі жеке тұлға мен мемлекеттің және эмигранттың шыққан елінің мүдделерін сақтай отырып, шешілетіндігін көздейді. Ол үшін мемлекеттің мүдделерін қарсы келмейтін және мигранттың құқығын бұзбайтын халықаралық нормаларды келісе отырып әзірлеу қажет.

Қазақстан осы тұжырымдамаға қатынасында өз орнын анықтауға тиіс және бұл жерде Шығыс Еуро-

па елдерінің тәжірибесін пайдалану өте маңызды, өйткені олар «ақыл-ойдың» кетуімен бұрын кездескен болатын. Мәселен, Польшадан кейінгі он жылдың ішінде зерттеу институттары мен жоғары мектептердің ғылыми мамандарының 15 %-ы эмиграцияланған. Ал Болгариядан бес жыл аралығында шамамен 10 мың ғылыми қызметкерлер мен оқытушылар кетіп қалған, оның 50 %-ы Болгария Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институттарынан.

Шығыс Еуропа елдері интеллектуалдық көші-қонды реттеуге байланысты жеке тұлға мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін саясатты жасай алды. Ол саясатта орталық орынды халықаралық келісімді мына аймақтарда кеңейту басымдығы қойылды, яғни ғылыми-техникалық мамандарды іріктеу және бөлу, бағалау, түлектерді оқыту, ғылыми дәреже алу бағдарламасын жүзеге асыру, кооперацияларды ұлғайту және кадрлардың мемлекетаралық ұтқырлығын кеңейту.

Интеллектуалдық көші-қонды реттеудің басты құралы дамыған елдердің ғылыми-зерттеу қорлары, мәселен, Сорос, Карнеги, т.б. қорлары болып табылады. Мұның бәрі интеллектуалдық көші-қонды бақылауды күшейтеді, қауіпсіздікке ол туғызатын қатерлердің алдын алуды қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, кең халықаралық келісім –

интеллектуалдық эмиграция туралы мәселелерді шешуде он нәтижелерге қол жеткізуге апаратын жол.

Мигранттардың барлық санаттарын қылмыстық әлеммен байланыстыру, оларды құқық бұзушылыққа айыптау барлық жерлерде кең тараған. Өйткені көшіп-қонып жүрген адамдардың көбісінің азаматтығы жоқ, арасында сотталғандары да бар. Бұлар құқық бұзушылықтарымен, жұқпалы аурулармен, т.б. тығыз байланыстырылады. Мүндай деградацияланған түрлерімен олар айналадағылардың мүсіркеушілігіне ие болғысы келеді және өздерінің Тәжікстаннан, Ауғанстаннан, т.б. елдерден келген босқындық жағдайларын растап алғылары келеді. Ал көбіне керісінше жағдайға тап болады, яғни босқындар мен жалпы мигранттар туралы қоғамда нашар түсінік қалыптасады. Бір сырттан келген мигрант қылмыс жасаған болса, қабылдаушы қоғам барлық мигранттарды қылмыскер ретінде көреді, өйткені олар жат, бөтен адамдар. Осымен бірге босқындар мен мигранттардың жұмыссыздығы және әлеуметтік қорғалмауы қоғамдық жағдайы күрделендіріп, мемлекеттің әлеуметтік жағынан қорғауына қажет ететін адамдар санын көбейтуде.

Келешекте біздің аумағымызда тәжік, қытай, т.б. этникалық көшпеліктің аумақтық анклавының қа-

лыптасуын болдырмау керек. Ол үшін, біріншіден, мигранттардың, әсіресе, қытайлықтардың бір жерге шоғырланбауын қадағалау қажет. Екіншіден, басқа елдерден келетін еңбек мигранттарына жылдық квотаны бекіту үшін ротация жүйесін енгізу керек.

#### 5.4. Қазақстандағы көші-қон процесін болжау

Еліміздегі көші-қон процесінің күшею факторы Алматыдан Астанаға көшу болып табылады. Республикадағы аймақтық қайта құрулар көші-қонның жаңа факторы болуы мүмкін. 1997 жылғы қаулыға сәйкес, республиканың 5 облысы (Жезқазған, Торғай, Талдықорған, Көкшетау және Семей облыстары) Қарағанды, Ақмола, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарына қосылды. Облыс орталықтары мәртебесін төмендету ішкі және сыртқы көші-қонға ықпал етті. Көптеген қалалардың халқы азайып, көші-қон процесінің қарқынды жүруіне әкелді.

Көші-қон процесінің бірі – экологиялық-географиялық фактор. Қазақстанның оңтүстік және шығыс облыстары жоғары сейсмикалық белсенді зонада жатыр. Мәселен, Алматы 9 балдық сейсмикалық зонада, Тараз, Шымкент – 8 балл,

Талдықорған – 7 балл, Өскемен және Семей қалалары – 5 және одан аз балл зонасында орналасқан. Республиканың оңтүстік бөлігі халық тығыз қоныстанған аудандарындағы жер сілкіну сияқты апаттық құбылыстар ішкі және сыртқы көші-қонның күшеюіне әкеледі.

Көші-қонды туындатушы фактордың бірі Орта Азия аймағындағы этносаяси дау-жанжалдар қаупі болып табылады. Әлеуметтік зерттеулер мәліметтері мен сарапшылардың бағалауларына сәйкес Қазақстанның орыс тұрғындарының эмиграциялық әлеуеті 1,2-1,5 млн адам ретінде болжанады.

Алыс шетелдерге эмиграция – Германияға, Израиль, Грекия, АҚШ-қа, аз дәрежеде кейбір еуропалық елдерге бұрынғысынша жалғаса береді. Германия мемлекеті немістердің қазіргі тұрған елдерінде қала бергенін қаласа да, қазақстандық немістер экономикалық шиеленісулерге байланысты нарықтық әлеуметтік-экономикалық дамыған елдердің артықшылықтарына орай көші-қон процесін жалғастыра берді. Көші-қон қарқындылығының жоғарылығы 2000 жылдары бәсеңдеді. Жыл сайын алыс шетелдерге эмиграцияның 90-95 %-ын Германияға көшетін немістер құрады. Немістердің эмиграциясын әлсірететін факторлардың бірі неміс тұрғындарының тығыз орналасқан орындарындағы кіші және

орта бизнесті дамыту, білім беру, мәдениет, коммуникация, саласындағы мәселелерді шешу Қазақстан Республикасында тұратын немістердің мәселелері бойынша қазақстан-германдық үкіметаралық комиссиямен қол қойылған Келісімнің орындалуы болып табылады.

Иммиграция саласындағы мемлекеттік саясат репатрианттарды, босқындарды және басқа да қоныс аударушы қазақтарды ұйымдастырылған қоныс аударту, қабылдау, әлеуметтік жайғастыру және экономикалық белсенділікті қолдауды (жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлік қызметін қолдау, кәсіби білім беру мен қайта дайындауды ұйымдастыру) қамтиды. Бірақ оралмандар шетелге қайта бастағанын ескерсек, бұл саясаттың республикадағы экономикалық дағдарысқа байланысты жүзеге аспағанын байқаймыз. Ресейдегі негізгі қазақ диаспорасы Қазақстанға шекаралас облыстарда өмір сүріп жатқанына байланысты, осы аймақтардағы қазақтардың стихиялық көші-қонының әр түрлі типтерінің дамуын болжауға болады.

Эмиграция ағындарындағы түпкілікті тұрғындар Қазақстанға шетелден (Моңғолия, Қытай және т.б.) көшіп келген қоныс аударушылар топтарынан құралады.

Корейліктерге тән жағдай – осы топтың жоғары экономикалық және әлеуметтік мәртебесі, Оңтүстік және

Солтүстік Корея тарапынан репатриация саясатының жоқтығы корей диаспорасы өкілдерінің Қазақстанға «тамыр жаюы», корей тілін панаар білуі корейліктердің республикадан қоныс аудармайтындығын көрсетеді. Мәселен, 1994 жылы 110 мың корейлік ішінен алыс шетелге 96 адам, ал жақын шетелге 1,7 мың корейліктер көшіп кеткен. 1996 жылы корейліктер эмиграциясы құрады: алыс шетелге – 90 адам, жақын шетелге – 1063 адам.

Сыртқы көші-қон болжамдары сыртқы саяси факторларды: Орта Азия және Азиялық-Тынықмұхиттық аймақтық қайшылықтар мен этносаяси дауларды ескеру қажет. Мәселен, Ауғанстанда ислам фундаментализмінің қалыптасуы, кейбір зерттеулер бойынша Қазақстанда 100 мың адамға дейін босқындардың келуіне (тасқынына) әкеледі. Қазіргі уақытта Қазақстандағы босқындардың ең үлкен контингентін ТМД елдерінен келген босқындар құрайды.

Қытайдағы ұйғыр мәселесі де қиын қалпында қалып отыр. Елдің солтүстік-батысында этникалық даудың күшейген жағдайында Қазақстанмен шекаралас облыстарға көшіп келетін босқындар ағыны (ең алдымен ұйғырлар мен қазақтар, себебі Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық Республикасында (ШҰАР) үлкен қазақ диаспорасы тұрып жатыр) бірнеше есе өсуі мүмкін.

**Қазақстандағы көші-қонның ұзақ мерзімдік бағыттары.** Қазақстан және Орталық Азияның басқа елдері демографиялық ауыспалы кезеңде тұр, ол туу қарқынының жоғарылығымен және өлім процесінің төмендігімен сипатталады. БҰҰ болжамы бойынша, 2015 жылы Орталық Азия аймағының тұрғындары 1,5 есе өседі.

Қазақстанда көші-қон, негізінен тығыз қоныстанған оңтүстік аудандарда жүріп жатыр. Қазақстан арқылы халқы тығыз қоныстанған Орталық Азиялық республикалардың негізгі тұрғындары қоныс аударады. Аймақтан бақылаусыз көшіп-қону әлеуметтік қиыншылықтың негізі болып табылады.

Республикадағы көші-қон процестерін тұрақтандыру иммиграция, эмиграция және ішкі көші-қон саласында әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және ұйымдастырушылық-қаржылық шаралар кешенін құрайды. Сыртқы көші-қон саласында шаралар жасақтау көшіп кету себептерін жүйелі талдау, оның салдарының экономикалық, саяси және әлеуметтік-демографиялық салдарын бағалау, қоныс аударушылардың ағындарын болжаусыз мүмкін емес.

Көші-қонның ең қарқынды процесі бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін алғашқы үш жылда жүрді.

1992-1994 жыл аралығында елден 1125 мың адам көшіп кетті, олардың 73 %-ы ТМД елдеріне қоныс аударды. 1995 жылдан бастап Қазақстанда елден тыс кететін мигранттар санының төмендеу бағыты басталды және соның салдарынан көші-қонның теріс айырымы қысқарды. Мысалы, 1999 жылы эмигранттар саны 1994 жылмен салыстырғанда 2,9 есе, ал көші-қонның теріс айырымы үш есе қысқарды. Соңғы жылдары Қазақстанға көшіп келетіндер саны 37-40 мың адам деңгейінде тұрақтанды.

ТМД-дан тыс елдермен көші-қонның теріс айырымы Германиямен, Израиль және АҚШ-пен, ал оң айырымы – Моңғолиямен, Қытай және Иранмен сақталады. Эмигранттардың этникалық құрамында орыстар (55 % жоғары) басым, немістер (шамамен 20 %), украиндықтар (шамамен 10 %), татарлар (2,4 %), беларустар (2,1 %).

Соңғы жылдары тұрғындардың ішкі республикалық көші-қон процесінде үлкен өзгерістер болды. Мысалы, ішкі облыстық көші-қон 1999 жылғы соңғы санақ қорытындысы бойынша 94,8 мың адамға дейін (яғни 2,9 есе азайды) қысқарды, облысаралық көші-қон сәйкесінше 155,8 мың адамнан 78,6 мың адамға (2 есе) қысқарды.



### 5.5. Қазақстан Республикасындағы еңбек миграциясы

Қазақстан Республикасындағы еңбек миграциясы әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде айқындалды. Бір жағынан, әлемдік экономика жаһандануының объективтік процестері, оңтүстік және оңтүстік-шығыстың дамушы елдерінен солтүстік және солтүстік-батысқа көшу: АҚШ-қа, Канадаға, Батысеуропалық елдерге Қазақстан арқылы заңсыз еңбек көші-қонның дамуына әсер етеді. Республиканың Еуропа мен Азия арасында геосаяси орналасуының өзі заңсыз қоныс аударушылар шығатын мемлекеттер үшін транзиттік ел ретінде танылады. Екінші жағынан, ішкі саясат — экономика және заң реформаларын жүргізу, шекараларды ашу, шетелге шығу мүмкіндігі нәтижесінде жақын және алыс шетелдер арасында көші-қон алмасуын көбейтеді. Экономикалық дағдарыс көші-қон бағыттарының стихиялылығын және бақылаусыздығын күшейтетін процесс.

Қазақстандағы еңбек көші-қонының жаңа түрлеріне коммерциялық (сауда) көші-қон, негізінен Ресей, Қытай, Германия, Түркияға; алыс шет елдеріне шығумен жалданып істейтін жұмыстар, шетелдік жұмысшылардың рұқсат етілген

еңбегі; стихиялық реттелмеген иммиграция және Орта-Азиялық республикалар — Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстаннан заңсыз жұмыс жасау жатқызылады. 1990 жылдары ауылдық жерлерден ішкі көші-қон жағаса берді; аудандардан өндірістік кәсіпорындарға қарай шоғырлану күшейді. Соңғы онжылдықтағы еңбек көші-қонының ең кең тараған түрі жаппай коммерциялық көші-қон, жалдамалы жұмыс, кезеңдік жұмыс, соның ішінде басқа елдерге шығу, т.б.

Ауыспалы кезеңде еңбек көші-қонының ауқымына байланысты еңбек және көші-қон процестерін құқықтық реттеудің қажеттілігі туындайды. ТМД елдерінде біріккен еңбек нарығын құру, экономикалық ынтымақтастықты дамыту, әрбір елдің ұлттық қауіпсіздігін күшейту көші-қон саясатын қалыптастырусыз, көші-қон процестерін басқару саласында заңдылықпен дамытусыз, ТМД және алыс шетел мемлекеттері арасында екі- және көпжақты ынтымақтастықсыз мүмкін емес. Бұл мәселелерді шешу көші-қонның ауқымы мен негізгі өлшемдерін, олардың себептері мен салдарын зерттеу негізінде мүмкін болады.

Қазіргі уақытта отандық еңбек және демография әлеуметтануында қазіргі қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, еңбек көші-қон типологиясы мен түсініктер жүйесі жасақталмаған.

Экономикалық иммиграция жұмыс мақсатында, кәсіби, іскерлік және қызмет көрсету, сонымен қатар оқу үшін келген адамдарды қамтиды.

– кәсіпорын жеке немесе топ құрамында келесі жұмыстарды атқару үшін келген адамдар: қайталанатын жұмыс түрлерін, өндіріс немесе қызмет көрсету саласындағы жай жұмыстар, кезеңдік жұмыстар;

– кәсіпорын жеке немесе топ құрамында бір реттік жобаны орындау мақсатында келген мамандар, менеджерлер немесе жай қызметкерлер;

– жеке жалдамалы жұмысшылар трансұлттық кәсіпорын шеңберінде ауысу тәртібімен (жобамен байланысты қызметті, арнайы жұмыстарды орындау, барынша кең, қайталамалы функцияларды жүзеге асыру) немесе трансұлттық кәсіпорын шеңберінен тыс арнайы жұмыстарға жалдама жұмысшылар ретінде немесе өз бетімен қызмет атқаратын адамдар;

– маманданбаған, маманданған, инженер-техникалық қызметкерлер немесе басқа да жоғары кәсіби жұмысшылар;

– кәсіпкерлер, инвесторлар және елге келгеннен кейін жұмыс орындарын құру шартымен жіберіледі;

– жеке тұлғалар жеке немесе мемлекеттік кәсіпорындарға уақытша негізде (бірнеше ай немесе жыл) қайта дайындау (оқыту) мақсатында жіберіледі.

ТМД елдеріндегі еңбек көші-қоны өз алдына бір типтік құбылыс болып саналады. Еңбек көші-қоны, анықтамаға сәйкес, тұрғындардың аймақтық орын алмастыруы, олардың себептеріне басқа жерге көшу жолымен жұмыспен қамту жағдайын өзгерту және жаңа еңбек шартын бекіту ниеті жатады. Еңбек көші-қоны өз жұмыс орны өлшемдерін, сонымен қатар оның сыртқы шарттарын: табиғи-климаттық, экологиялық, әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық жағдайларын өзгертуден туындауы мүмкін.

Көші-қонның негізгі себебі – жұмыссыздық. «Басқа жерге көшу» және «жаңа еңбек шартын бекіту» анықтаушы белгі ретінде маңыздырақ емес, себебі «көшу», дәлірек айтқанда сапар салыстырмалы қысқа болуы мүмкін және мигрант шарттың ресімделуін талап етпейді, тіпті керісінше еңбек қатынастарының заңды ресімделуінен бас тартуы мүмкін. Көші-қонның сыртқы себептері ішінен қазір климаттық, экологиялық немесе әлеуметтік мәдени факторлар маңызды орын алады. Негізгі факторлар – көші-қон бағыты мен еңбектің қолдану саласын анықтайтын, қысқа мерзім ішінде ең үлкен табыс әкелетін әлеуметтік-экономикалық факторлар.

Қазіргі уақытта адамдар экономикалық қызметті жүзеге асырудың белгілі бір мақсатында жергілікті

елді мекендерінен тыс кетуге мәжбүр деп анықтайды. Тарихи жаңа және күрделі ауыспалы кезеңде еліміз үшін еңбек көші-қонының түрі бойынша жаңаша сипатқа ауыса бастады.

Еңбек көші-қонының бірнеше түрі бар – ішкі (облысаралық) және сыртқы (эмиграция және иммиграция), егер шарты ретінде еңбек мигрантымен мемлекет шекарасын кесу алынса; заңды және заңсыз көші-қон болса, онда ұлттық заңдылық, халықаралық құқықтық құжат және бөлек мемлекеттер келісімі негізінде еңбекті құқықтық реттеу туралы сөз болады. Соңғы онжылдықта заңды иммиграция (Қазақстанда шетел жұмысшыларының заңды еңбегі) және эмиграция (біздің отандастарымыздың шетелде шарт бойынша еңбегі), сонымен қатар еңбек етудің заңсыз түрлері кең тарады. Еңбек көші-қонын еңбек сапарларының ұзақтығына байланысты бөлуге болады: қайтарымсыз немесе тұрақты (ХЕҰ бөлінісінде бұл категория «орныққан еңбек мигранттары») және қайтарымды, яғни уақытша (кезеңдік, маятниктік). Кейбір зерттеушілер бөлек кезеңде қосымша жұмыс күші қажет болған экономика саласында жұмысшы күшін қамтамасыз ету қажеттілігімен туындаған экономикалық кезеңдік көші-қон (мысалы, егу және егін жинау кезеңінде ауыл шаруашылығында), сонымен қатар әлеуметтік мәдени кезеңдік көші-

қонды (оқуға, демалуға, емделуге, туризм және т.б. сапарлар) бөліп қарастыруды ұсынады.

Елдің әкімшілік бақылау механизмі шетелдіктер шартының ұзақтығын белгілеу үшін 6 немесе 12 айдан 2 жылға дейін мерзім бекітеді. Бірақ оның негізінде жатқан экономикалық сұраныс өз табиғатында ұзақмерзімді, қайталанбалы, тұрақты, уақытша, болжамды бағытта тұрақты өзгеретін болуы мүмкін.

Кеністіктік-уақыттық критерийлерді қолдана отырып, фронтьерлік көші-қонды бөлуге болады (ағылш. *frontier* – шекаралық). Фронтьер-қыметкерлер – кезеңді түрде күн сайын, апта сайын және т.с.с. (уақыт бөлігі анықтаушы болып табылмайды) көрші мемлекеттегі жұмысы үшін мемлекеттік шекараны кесетін мемлекет азаматтары. Ортақ шекарасы мен үлкен диаспоралары бар Қазақстан мен Ресей сияқты мемлекеттер үшін фронтьерлік көші-қон өте дамыған – бұл еңбек сапарлары, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени немесе тұрмыстық байланыстарды қолдау үшін сапарлар болып табылады.

Соңғы жылдары еңбек көші-қонында (соның ішінде басқа қалаларға, Қазақстан облыстары мен көршілес елдерге) «желілік маркетинг» деген түрі дамыды. Желілік маркетинг – бұл жеке дистрибьюторлар арқылы тауар жылжыту жүйесі, олар тауар сату процесінде өздерінің

желісін қалыптастырады. «Визион», «Ньювейз», «АртЛайф», «Мэри Кей», «Эмвей», «Орифлейм», т.б.

**Қазақстанда желілік маркетинг негізінде жұмыс жасайтын фирмалар.** Фирмалардың бас кеңселері әдетте, шетелде (АҚШ, Франция, Канада, Швейцария, Израиль, Ресей, т.б.) орналасады, өнімдері стационарлық кеңселер мен жылжымалы таратушылар (дистрибьютерлер) арқылы таралады. Мысалы, «АртЛайф» (Ресей) компаниясының өкілдігі Қазақстанда, Қырғызстан және ТМД-ның басқа елдерінде орналасқан; 1996 жылы Ресейде пайда болған «Визион» өкілдігі сонымен бірге, Беларусьта, Литва, Қазақстан, Өзбекстанда да ашылды. Желілік маркетингте қамтылған адамдар саны жөнінде ешқандай статистика жоқ.

Желілік маркетинг элементтері Интернет-дүкендері қызметтерінде қамтылады. Батыс елдерде бұл сату түрін пайдаланатын Интернет-компаниялар компьютерлік бағдарламалар, кітаптар, музыка жазбаларын заңсыз көшіру, тауарларды жеткізу және төлеу мәселесімен сәйкес келді. Олар көлеңкелі бизнесті дамыту үшін жоғары технология мүмкіндігін қолданатын, нарықтың тағы бір субъектісіне айналмауы үшін бірақ қазірдің өзінде олардың қызмет ұстанымдарын жасақтау қажет.

Әр түрлі көші-қон түрлерінің таралуы мен еңбек көші-қон санын

анықтау қиындығы тең дәрежеде фронтьерлік көші-қонға да жатады. Бұл көші-қон түрі барынша ең кең таралған және бірнеше факторларға байланысты ең аз тіркелетін түрге жатады.

Фронтьерлік көші-қонның сақталуы мен дамуына әсер ететін маңызды фактор – Қазақстан мен Ресейдегі эмигранттардың орналасу ерекшелігі болып табылады.

Еңбек және фронтьерлік көші-қонның өз аймақтық ерекшеліктері қалыптасты. Мұнай өндіру және өңдеу өнеркәсібі дамыған Батыс облыстарда (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан) вахталық әдіс кең тарайды. Қазақстанның солтүстігіндегі облыстары үшін металлургия және дағдарыстағы өндіріс салаларындағы басқа кәсіпорындардан кету сипаты тән. Қазір Қарағанды, Өскемен, Павлодар сияқты өнеркәсіп орталықтарындағы серіктес-қалалардан адамдар орталықтарға көшу немесе табыс табу үшін Ресейге кету процесін бәсеңдетті. Шығыс Қазақстан облысында түсті металлургия, машина жасау, электрэнергетика, химия өнеркәсіптері сияқты өнеркәсіптер шоғырланған. Ресей, Қазақстан және Қытай, Шығыс Қазақстанмен байланыстыратын тұрақты қызмет атқарып тұрған көлік артериясы бар Қытай шекарасының жақындығынан Шығыс Қазақстанда

«көлеңкелі» көлік тасымалдары даму-да. Ауыл шаруашылығы дамыған Қазақстанның оңтүстігінде Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген заңсыз еңбек көші-қоны орын алады (әсіресе қарқынды-кезеңдік), базарлық көші-қон дамиды. 1999-2001 жылдар жағдайы бойынша ортаазиялық елдер арасында Қазақстанда еңбекақының ең жоғары деңгейі мен ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда өмір сүрудің жоғары деңгейі болды. Еңбек көші-қонына Қазақстанның ТМД елдерімен сақталып отырған визасыз кіріп-шығу режимі де әсер етіп отыр.

Өзбекстан Республикасының азаматтары Қазақстан облыстарының шаруашылықтарында, әсіресе мақта, бақша егу және өнімді жинау, сонымен бірге құрылыс саласында тұрақты жұмыс жасайды. Орталық Азия елдерінен келген жұмысшылар әдетте жартылай заңды арзан және маманданбаған еңбектің екінші нарығын толтырады. Еңбектенуші мигранттар кез келген ауыр, төмен төленетін жұмысқа дайын арзан жұмыс күші саналады.

**Еңбек көші-қон географиясы.** Еңбек көші-қон географиясы алуан түрлі. Жалпы барлық алғашқы көші-қон сапарларының 45 %-ы Ресей, Түркия, Қытайға келді. Ресей көптеген мигрант категориялары үшін тұрақты. Осы негізгі үш елден бөлек, көптеген еңбек мигранттары алыс шетелдерге шыққан: Біріккен

Араб Әмірліктері (БАӘ), Пәкістан, Германия, Польша, Иран, Сирия, Үндістан және т.б.; жақын шетел елдері – Қырғызстан мен Өзбекстан, Украина мен Беларусь, Балтық елдері және әрине, Қазақстанның басқа облыстары: Алматы, Ақмола, Қарағанды, Атырау, Маңғыстау және т.б. Республикаішілік еңбек көші-қонын ынталандыратын факторлар астананың көшірілуі мен Астанадағы қарқынды құрылыс, сонымен қатар ел батысындағы вахта әдісінің қолданылуын талап ететін мұнай өндірісінің дамуы болып табылады.

1990 жылдардың екінші жартысында алыс шетел елдерге сапарлар азайды, әсіресе базаршылар қазіргі уақытта тек Ресей, Түркия мен Қытайға емес, сонымен бірге аймақтық нарықтарға, ең алдымен, Қырғызстанға бағытталды. Қырғызстан Қазақстан шекарасынан тыс шығатын еңбек мигранттарын қызықтыратын елдердің арасында төртінші орын алады. Бұндай бағыттың ауысуы – 1998 жылы Ресей Федерациясындағы қаржы дағдарысы, 1999 жылғы Қазақстан ұлттық валютасының құлауы, алыс базарлық сауданы тиімсіз ететін көлік шығындарының қымбаттауы салдарынан болды. Өз кезегінде, Қырғызстанда кіші және орта бизнес, салыстырмалы түрде ғана сапалы тауарлар өндіретін біріккен кәсіпорындар қарқынды дамыды.

Мемлекеттің саясаты, жоғары емес кедендік алымдар мен шекаралас ірі «Дордой» көтерме нарығының құрылысы қырғыз көтерме тауарларын тек өз республикасында ғана емес, сонымен бірге Қазақстанға да кең танымал етті. Импорт және қырғыз тауарлары үшін («Польша», «Қытай», «Түркия» деп танбаланған) күн сайын «Дордойға» Қырғызстан, Қазақстан және Орталық Азия республикаларынан жүздеген, мыңдаған жеке және көтерме тауарлар сатып алушылар келеді. Тауарларды жеткізу бойынша қалыптасқан көлік және коммуникация байланыстары қалыптасқан, олар көптеген қазақстандық базаршыларға жергілікті нарықта әрі қарай сату үшін салыстырмалы арзан тауарлар сатып алуға мүмкіндік береді.

Еңбек көші-қонының алуан түрлі географиясы – жалдамалы жұмысшыларға тән. Осы категория арасында тек Қазақстан мен ТМД ғана емес, сонымен бірге барлық елдер мен континенттер бар – Аргентина мен Болгария, Бахрейн мен Грекия, Ұлыбритания мен Германия, Оңтүстік Корея мен Таиланд, БАӘ мен Түркия және т.б.

1990 жылдар басында жаңа тәуелсіз мемлекетте жаңа экономикалық байланыстар құру мен жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар қалыптастыру процесі жүргізілді. Жаңа нарықтық инфрақұрылым

элементтері – тауарлар мен қызмет көрсету нарығы, жұмыс күші нарығы, қаржы нарығы қалыптасты. Кіші және орта бизнесті дамыту, екінші қызметпен айналысудың көбеюі, тұрғындардың коммерцияға тартылуы мен еңбек көші-қонының басқа да түрлері – бұл нарықтық модельге ауысу туралы мәлімдейтін, оның ауыспалы сипатын көрсететін еңбек саласының нақты өзгерістері.

Бұл – қарама-қайшы процесс, бір жағынан – еңбек мигранттары, әсіресе нарықтық экономикада жұмыс істеу үшін қажет болатын қаржы және құқық саласында жаңа білім мен дағдылар иегере бастады. Көптеген коммерциялық мигранттар мен жалдамалы жұмысшылар шетелде өзі үшін жаңа әлем ашты, олар шет тілдерін үйреніп, бай кәсіби тәжірибе жинақтады. Екінші жағынан, негізгі жұмысынан ұзақ уақыт бойы қол үзгендігі және мамандығы бойынша жұмыс жасамауына байланысты өз дағдыларын жоғалтқан ондаған және жүздеген мамандардың қайтадан мамандануы мен әлеуметтік-экономикалық мәртебесін төмендету нәтижесінде «ескі» орта класты жою жүріп жатыр.

Ондаған және жүздеген мың адамдар сапарға шығып жұмыс жасау көмегімен жоғары материалдық жағдайға жетті, өзіне өмірдің жоғары деңгейін, әсіресе медициналық қызмет көрсету, білім беру,

рекреация саласында жоғарғы деңгейді қамтамасыз етті. Еңбек мигранттарының ішінен ең табыстылары қазір «жаңа орта класты» құрайды. Нарықтық қатынастардың дамуына қарай қызмет түрлерінің мамандануы мен өзгеруі жүреді, бизнестің жаңа құрылымы дамыды. Ресей тәжірибесі көрсеткендей, жеке және «стихиялық» даму кезеңдері арқылы өткен коммерциялық, базарлық бизнес заңды тұлға ретінде бірлестіктер, фирмалар мен компаниялар түріндегі ұйымдарға айналды.

Қазақстандық еңбек мигранттары тауарларды таңдау, сатып алу, тасымалдау және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін; егер жалдамалы жұмыс туралы болса, жұмыс іздеу және орналасуға көмектесетін жеке адамдар, фирмалар мен ұйымдарды қамтитын «мигранттық желілердің» (networks), өзіндік инфрақұрылымның белгілі бір дамуын көрсетеді. Әрі қарай ұйымдастыру, қайта ұйымдастыру және заңдастыру процесі Қазақстанда жалғаса береді, онда жаңа фирмалар мен компаниялар – сатып алушы, саудалық, делдалдық, көліктік және т.б. пайда болады.

Еңбек көші-қонының ең теріс жақтарының бірі – олардың жарғылай заңды мәртебесі. Тауарға бару – «базарлы бизнес» тізбегінің бірі, оның барлық кезеңдерінде көлеңкелі бизнестің «айрықша» эконо-

микалық қатынастары жүреді: шен-тур алу және виза ресімдеу, шетел төлқұжатын алу кезеңінде, тауарларды сатып алу және жеткізу (авиа, теміржол және автотасымалдауды ұйымдастыру), кедендік тексеру және тауарды ресімдеу; сату және сақтау; табыстарды сақтау, жинақтау және бөлу және т.б.

### 5.6. Әлемнің еңбек ресурстары

Еңбек ресурстарының басым бөлігін еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар құрайды (жұмыс істемейтін мүгедектер мен «жеңілдіктегі» зейнеткерлерді қоспағанда). Бірақ оларға қоғамдық өндіріске де қатысатын еңбекке қабілетті жастағылардан жоғары және төменгілер де, яғни жұмыс істейтін зейнеткерлер мен 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер де жатқызылады.

Ғылымда жиі пайдаланатын осы тұрғыдағы тағы бір маңызды ұғым – экономикалық белсенді халық. Ол еңбекке қабілетті жастағы барлық адамдарды емес, тек қоғамдық өндіріске нақты қатысатындарды немесе қатысқысы келетіндерді ғана білдіреді. БҰҰ-ның Халықаралық еңбекті ұйымдастыру (ағыл. *International Labour Organization, ILO*) мәліметтері бойынша еңбекке қабілетті

жас 10-72 жас аралығында болып отыр.

Бұл экономикалық белсенді халыққа өзінің үйіндегі немесе қосалқы шаруашылығындағы жұмыс істейтін адамдардың, сондай-ақ еңбекке қабілетті жасқа жеткен, бірақ мектепте немесе күндізгі жоғары оқу орнында оқуын жалғастырып жатқан оқушылардың жатпайтындығын білдіреді.

Екінші жағынан, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алатын және жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар да экономикалық белсенді адамдар категориясына жатады. Экономикалық белсенді халықтар саны әдетте еңбек ресурстары санынан біршама аз болады.

Халықаралық статистикада әлемдік те, сондай-ақ ұлттық экономиканың да дамуы үшін өте маңызды осы екі көрсеткіштер кеңінен қолданылады.

1990 жылы дүние жүзіндегі еңбек ресурстарын 3,2 млрд адамға бағалады, яғни олар сол кездегі Жер шарының барлық тұрғындарының 61 %-ын құрады (ерлер арасында – 62 % және әйелдер арасында – 60 %). Экономикалық белсенді халықтар сол жылы 2360 млн адам құрады немесе барлық бүкіл әлемдік халықтың 45 % (ерлер – 57 %, әйелдер – 33 %). 1995 жылға ол 2,7 млрд адамға дейін ұлғайды (әйелдердің үлес салмағы онда 40 % құрады), ал 2000 жылы 3 млрд адамнан асты.

Экономикалық белсенді халықтардың санының мұндай жедел өсуі Азия, Африка және Латын Америкасындағы елдердегі демографиялық жарылыстың тікелей салдары болып табылады. Бірақ бұл ретте 1990 жылдардың ортасында толығымен жұмыссыздардың саны 100 млн адамға жақындағанын, ал ішінара жұмыссыздардың саны кемінде 300 млн адамға жеткенін ескеруіміз қажет.

Халықтың қандай да бір өсіп-өну тәртібіне, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен кейбір басқа да факторларға қатысты жекелеген елдердің еңбек ресурстары арасындағы айырмашылықтар өте үлкен болуы да мүмкін. Бәрінен бұрын бұл жұмыспен қамтудың абсолютті көрсеткіштеріне қатысты. Дамушы елдердің арасында, нақ күткендей, бұл тұрғыдан Қытай (шамамен 710 млн адам), Үндістан (шамамен 450 млн), Индонезия (90 млн), Бразилия (70 млн) және Бангладеш (60 млн адам) алда келеді. Экономикалық дамыған елдерден жұмыспен қамтудың абсолютті көрсеткіштері бойынша алғашқы бестікке АҚШ (130 млн-нан астам адам), Жапония (65 млн), Ресей (61 млн), Германия (38 млн) және Ұлыбритания (27 млн адам) енеді.

Салыстырмалы көрсеткіштер де маңыздылығы және тартымдылығы жағынан бұдан кем түспейді. Ол дамушы елдердегі экономикалық



белсенді тұрғындар категориясына жататын тұлғалардың үлесінің әдетте экономикалық дамығандарға карағанда, елеулі түрде аз болатындығымен тұжырымдалады. Бұл бірінші кезекте негізінен араб-мұсылман елдеріне тән болып келетін, жалдау бойынша әйелдердің жұмысқа аз тартылуымен түсіндіріледі. Алжир мен Мысырға әйелдер барлық жұмыс істейтіндердің 15 %-ын ғана құрайтын Сауд Арабиясын, Оманды, Біріккен Араб Әмірліктерін қосуға болады.

Экономикалық дамыған елдердің басым бөлігінде және Қытайда экономикалық белсенді тұрғындар арасында әйелдердің үлесі 50 % шамасында ауытқиды, ал кейде 55 %-ға дейін жетеді. Әлемнің дамыған елдерінде әйелдердің қоғамдық өндіріске белсенді қатысуының неғұрлым өсімі 20-24 жас аралығында орын алады, содан кейін олардың үлесі бірте-бірте азая бастайды. Бұл әйелдердің отбасы міндеттері пайда болуымен, бәрінен бұрын балаларды тәрбиелеу бойынша жұмыстарымен түсіндіріледі.

Дамыған елдердің экономикасындағы 2000-2015 жылдарға жұмыс күші нарығының болжамдары тұтасынан алғанда еңбекке қабілетті тұрғындар санының баяу өсуі әсерімен, экономикалық белсенді тұрғындар құрылымында үлкен жастағылардың үлесі ұлғаюымен, еңбек ресурстары мәселесінің басқа да фак-

торлары болуынан неғұрлым өткір бола түспекші.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мүше елдеріндегі еңбекке қабілетті тұрғындардың көбеюі іс жүзінде тоқтатылады, ал Батыс Еуропа елдерінде (бірінші кезекте Германия мен Италияда) ол тіпті азаяды. Сондай-ақ жұмысшылардың орта жасында ұлғаюшылық орын алатын болады.

Ресейдің еңбек ресурстары саны 1990 жылдың екінші жартысында 80 млн-нан 85 млн-ға дейін ауытқыды, оның ішінде экономикалық белсенді тұрғындар 1999 жылы 70,3 млн адам құрады (36,8 млн ер адамдар және 33,5 млн әйелдер), ал жұмыссыздар – 8,9 млн адам болды. Демек, шамамен алғанда ерлер мен әйелдердің бірдей үлесінде экономикада 61,4 млн адам (87,3%) шұғылданған. 1990 жылдары Ресейдің еңбек ресурстары саны қысқаруға қарай бағыт ұстады, бұл тұрғындардың жалпы азаюымен және олардың жастық құрылымындағы өзгерістермен тікелей байланысты болды. Экономикада шұғылданушылар саны одан да жедел қысқаруда. Бұл ретте демографиялық жүктемелер коэффициенті 1999 жылы 711 құрады (1000 еңбекке қабілетті жастағы адамдарға келетін еңбекке дейінгі және еңбек жасынан асқандар саны).

Мұның барлығы қоғам алдында еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану міндетін қояды.

## 6-тарау. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ, ЗАҢДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМА

### 6.1. Демографиялық саясат

Демографиялық саясат – бұл халықтың құрылымы мен санының динамикалық ағымдарын сақтауға немесе өзгертуге бағытталған өсіп-өнуді реттеу саласындағы мемлекеттік ұйымдар мен басқа да әлеуметтік институттардың мақсатты түрдегі қызметі.

Басқаша сөзбен айтқанда, бұл халықтың дүниеге келу, некеге тұру, ажырасу, жастық құрылымы және өлім-жітім процестеріне әсер ететін саясат. Кең ауқымда алғанда, демографиялық саясатты кейде халықтың қоныстану саласындағы саясатпен ұштастыра жүргізеді, ал тар мағынасында алғанда, оның құрамдасы ретінде қарастыру қабылданған. Ол әлеуметтік және экономикалық саясатпен тығыз байланысты, бірақ соған қарамастан, өзіндік ерекшеліктерге ие. Мұндай саясаттың нысаны ретінде елдер, оның жекелеген аумақтары, сондай-ақ халықтың

жекелеген топтары (кагортттары) алынуы мүмкін.

Демографиялық саясат әдетте бір-қатар шаралар кешенінде негізделеді, олар: экономикалық, әкімшілік-құқықтық, тәрбиелік және т.б. Бала тууды ынталандыруға басымдықта бағытталған экономикалық шараларға ақылы демалыстар және бала дүниеге келгендегі әр түрлі жәрдемақылар, балалардың санына, жасына, отбасы құрамына байланысты жәрдемақылар, түрлі қарыздар, несиелер, салық және тұрғын үй жеңілдіктері, т.б. жатады. Әкімшілік-құқықтық шаралар некеге отыру жасын, ажырасуды, түсік тастауға қатынасты, контрацептивтерді, отбасы бұзылған жағдайда балалар мен ананың мүліктік жағдайларын, жұмыс істейтін әйелдердің еңбек тәртібін қолдануға қатысты реттейтін заңдылық актілерін біріктіреді.

Тәрбиелік шаралар демографиялық ахуалдың стандарттары мен нормаларын, қоғамдық пікірді

қалыптастыруға, отбасын жоспарлау саясаты (отбасышiлiк бала тууды реттеу) мен халықтың өсiп-өнiуiнiң дiни және басқа да салт-дәстүрлерiне, жастардың бiлiм алуы мен жыныстық тәрбиесiне қатынастарды анықтауға бағытталған.

Демографиялық саясат тарихы ежелгi кезеңдерге қарай тамыр тартады. Ол ежелгi уақыттағы көптеген құқықтық және заңдылық актiлерiнде, әсiресе елде халықтың санының көптiгi, т.б. жағдайында (дiни-этикалық доктриналар ылғи дерлiк бұл актiлерге қарағанда, үлкен мәнге ие болса да) көрiнiс тапты. Орта ғасырларда соғыс және жұқпалы аурулар салдарынан жоғарғы өлiм-жiтiм жағдайында көп ретте стихиялы түрде жүргiзiлсе де, кейбiр демографиялық шаралар бала тууының жоғарғы деңгейiн сақтауға бағытталды. Қазiргi кезде бала тууға демографиялық саясат ынталандыру жасаған, толық есептi ресiмдеу алған ел Франция болды.

Бұдан кейiн мұндай саясатты Еуропаның бiрқатар басқа да елдерi ұстана бастады. Кейiнгiлерi iшiнара халықтың өсу қарқынын ұстауға бағытталған саясатты өзгерттi. Демографиялық өтпелiлiктiң кезеңiне қатысты мұндай басымдықтардың ауысуы жаңа уақыт үшiн де тән болды.

Демографиялық саясат XX ғасырдың екiншi жартысында неғұрлым даму мен кең таралымға ие болды,

бұл бiр жағынан, демографиялық жарылыстың келуiмен, екiншi жағынан, демографиялық дағдарыспен түсiндiрiледi. Көптеген саясатшылар және ғалымдар бiрiншiсiнен халықтың өсуiн тежейтiн басты құралды, екiншiсiнен жеделдеткiштi байқады.

Бiрiккен Ұлттар Ұйымының да бұл мәселеге көп көңiл аударғаны таңғаларлық емес. Оның туы астында халық саны бойынша бүкiләлемдiк конференциялар өттi: 1954 ж. (Рим), 1965 ж. (Белград), 1974 ж. (Бухарест), 1984 ж. (Мехико), 1994 ж. (Каир). 1967 жылы халық саны саласындағы қызметтi марапаттау бойынша БҰҰ Қоры құрылды. 1960 жылдан бастап БҰҰ халық саны саласында саясат мәселелерi бойынша үкiметтерге тұрақты сұрау салып келедi.

Оларды, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясы сессияларында талқылайды. 1992 жылы олар Бүкiләлемдiк қоршаған орта мен оны дамыту бойынша конференцияның күн тәртiбiне ендi. Жекелеген құжаттар арасынан демографиялық саясатты жүзеге асыру бойынша 1974 жылы Бухарестте қабылданған, көптеген нақты ұсыныстарды құрайтын «Халық саны саласындағы әрекеттердiң Бүкiләлемдiк жоспары» ерекше мәнге ие. Одан кейiн Мехикода, әсiресе Каирда өткен конференцияларда ол бiрқатар түбегейлi өзгерiстердi үстемелеумен одан әрi даму жолына көштi.

Алайда демографиялық саясатты нағыз тиімді және ықпалды ету үшін барлық осы қаулылар жеткіліксіз еді. Оны жүзеге асыру үшін жаңа құралдар қажет еді, ол кейін іске асты да. XX ғасырдың 50-60-жылдары маңында бұл салада алғашқы үлкен ұмтылыстар жүзеге асты, ішкі тұтыну үшін гормональды таблеткалар, басқа да дәрі-дәрмектер алу мүмкіндігі туды, олар бірте-бірте жетілдірілді.

Бұның бәрі 1960 жылы әлемде нағыз сексуалды революция болуына әкеліп соқты. Барлық революциялар секілді жыныстық ұмтылыстар өмірде көзқарастарда өткір қайшылықтар тудырып және соған сәйкес пікірлер айтысы мен қақтығысын тудырды.

Бірінші кезекте, олар түсік жасатуға қатысты болды. Христиан әлемінде жүктілікті жасанды үзуге қарсы католиктік шіркеу үзілді-кесілді қарсы шықты. 1987 жылдың өзінде Ватикан осы тұрғыдан арнаулы «Нұсқама» шығарды, ал 1994 жылы Каир конференциясында соншалықты өткір тұжырым айтылды.

Протестанттық және православтық елдерде оған көзқарас мейлінше салқынқандылау. Әлемде барлығы жыл сайын шамамен 60 млн қолдан түсік жасатылады. 15 жастан 44 жасқа дейінгі аралықтағы әрбір 1000 әйелге 50-ден астам түсіктен келетін «жүлдегер-елдер» қатарына Вьетнам, Румыния, Куба, Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина,

Эстония, Болгария жатады. Екінші бағытта (10 түсік жасатудан аз) Замбия, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы, Бангладеш, Испания, Ирландия, Нидерланд, Бельгия, Германия, Швейцария орналасқан.

Қазіргі әлемдегі демографиялық саясатты тарату туралы мәліметтер ылғи да салыстыруға келе бермейді. Мәселен, бір деректер бойынша, дамыған елдерде бала тууды бақылаудың әр түрлі формаларына өнім беретін жастағы әйелдердің 70 %-ы, ал дамушы елдерде тең жартысы ұмтылады. Басқа мәліметтер бойынша, азды-көпті белсенді демографиялық саясатты шамамен әлемнің барлық елдерінің жартысында жүргізеді.

Үшіншілері бойынша, тек қана 1970 жылдан 1993 жылға дейін дамушы елдердегі отбасын жоспарлаудың әр түрлі формаларын пайдаланатын ерлі-зайыптылардың саны 10 есе ұлғайған (40 млн-нан 400 млн-ға дейін), ал бұл елдердің санының өзі 130-ға дейін көбейген.

Төртіншісі бойынша, отбасын жоспарлауға қатысушылар саны 2000 жылға қарай Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азияда 300 млн-нан, Оңтүстік Азияда – 100 млн-нан, ал Латын Америкасында 75 млн отбасынан асты. Мұндай мәліметтердің біршама қарама-қайшылығына қарамастан, тұтасынан алғанда олар демографиялық саясаттың таралуы ба-

рынша құлаш жайып келе жатқанын дәлелдейді.

Демографиялық ахуалға байланысты демографиялық саясат әдетте екі басты мақсаттың бірінен көздейді.

Әлі демографиялық жарылыс сатысында тұрған дамушы елдерде демографиялық саясаттың негізгі мақсаты туу коэффициенті мен тұрғындардың табиғи өсімін төмендетуде тұжырымдалады. Бала туу аз балалы отбасының артықшылығын насихаттау, отбасын жоспарлау мәселелері бойынша кеңес беру, санитарлық ағарту, контрацептивтерді дамыту және тарату нәтижесінде, сондай-ақ әр түрлі экономикалық және әкімшілік шаралар көмегімен аз балалықты ынталандыру арқылы азайтылады.

Кейбір елдер сондай шаралардың бірі ретінде ерлер мен әйелдерді ерікті ұрықсыздандыруға жол беріп қана қоймайды, сонымен бірге мұны қолдайды.

Демографиялық саясатты жүзеге асырудың мейлінше айқын мысалы Азияның дамушы елдерінің өзі болып табылады. Мұнда ол тұрғындардың басым бөлігін қамтиды. Бірінші кезекте, бұл әлемдегі ең көп санды халықтарға – Қытайға, Үндістанға, сондай-ақ Индонезияға, Пәкістанға, Бангладешке, Малайзияға, Таиландқа, Филиппинге қатысты. Латын Америкасы елдерінде, Солтүстік Американың бірқатар елдерінде де

мейлінше белсенді демографиялық саясатты жүргізеді. Алайда дамушы елдердің қалған бөлігінде, әсіресе, мұсылман елдерінде ол әзірге елеусіз ғана таралым тапты.

Бұл туралы негізінен контрацепция құралдарын қолдану бойынша бағалауға болады. БҰҰ статистикасына сәйкес, барлық дамушы елдер үшін контрацептивтерді қолданудың орташа көрсеткіші 1/2-ден аз ғана асады (сөз контрацептивтерді қолданатын отбасылар саны туралы болып отыр), ал азырақ дамыған елдерде 1/5 мөлшерінде.

Бұл көрсеткіш бойынша Қытай алда келеді (85 % шамасы). Таиландта, Вьетнамда, Шри-Ланкада ол 65-75 %-ға, Малайзия мен Үндістанда 50-60, Латын Америкасының көпшілік елдерінде 50-75 %-ға жетеді. Екінші қарсы жақта Батыс және Орталық Африка елдері, мұндай отбасыларының үлес саны 10 %-дан аспайтын Оңтүстік-батыс Азия елдері тұр; Ауғанстанда ол барлығы 2 %, ал Йеменде 7 % құрайды.

Демографиялық саясаттың ықпалды шараларының бірі ретінде көптеген дамушы елдер некеге отыру жасын заңды көтеруді жүзеге асырды. Мысалы, Қытайда ол ерлер үшін 22 жасқа, қыздар үшін 20 жасқа дейін көтерілді, Үндістанда тиісінше 21 және 18 жас.

Қазіргі кезде некенің бұдан да үлкен «қартаюы» байқалады, ол жас

адамдардың басым бөлігі ең әуелі білім алып, сосын көп жағдайда еңбек қызметімен үйлестіре отырып, кәсіби даярлықтан өтуге ұмтылатындығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде, дамушы елдерде осыдан

15-20 жыл бұрын қалыңдықтардың орташа жасы 16-18 жас құраса, ХХІ ғасырдың басына қарай Африканың өзінде ол 20 жастан асты, ал Азияда, әсіресе Латын Америкасында одан да гөрі «қартая» түсті (27-кесте).

27-кесте

### Дамушы елдердегі халықтың орташа некелесу көрсеткіші

Аймақ, ел	Неке қиылысудағы орташа жас көрсеткіші	
	Ерлер	Әйелдер
Азия	25,7	22,2
Үндістан	23,4	18,7
Индонезия	24,1	20,0
Қытай	25,1	22,4
Пәкістан	25,1	20,3
<b>Африка</b>	26,7	20,7
Алжир	25,3	21,0
Мысыр	26,4	21,6
Камерун	26,4	18,8
Мозамбик	22,6	19,6
Эфиопия	23,9	18,9
<b>Латын Америкасы</b>	27,7	24,9
Бразилия	25,5	23,5
Мексика	24,1	21,6
Ямайка	33,8	32,2

Бұл ретте Азия, Африка және Латын Америкасы елдері арасында тұрғындарының саны жағынан онша үлкен емес ондаған елдері барын, сондай-ақ демографиялық саясаты (егер оны жүргізетін болса) бірінші кезекте халықтың табиғи өсуін төмендетуге емес, ұлғайтуға бағыттаған жай ғана кіші мемлекеттер бар екендігін ескеру қажет.

Демографиялық дағдарыс жолағына енген экономикалық дамыған елдердің көпшілігінде бала тууы мен табиғи өсудің бірізділік максатын ұстанатын демографиялық саясатты жүзеге асырады. Бірінші кезекте бұл Еуропа елдеріне қатысты.

1980 жылдардың соңына дейін айрықша белсенді демографиялық саясатты Шығыс Еуропаның со-

циалистік елдері жүргізді деп тұжырымдасак, қате болып шықпайды.

Батыс Еуропа елдерінде демографиялық саясат шаралары жүйесі жалпы алғанда ұқсас болып келеді, әрине, төлемдердің әр қилы түрлері мөлшері мен басқа да жеңілдіктерде айырмашылықтар білінеді. Демографтар бала тууы мен табиғи өсімді ынталандыру саясаты Франция мен Швецияда неғұрлым белсенді жүргізіледі деп саналады.

Қазіргі уақытта некеге отыру жасы Еуропада ерлер үшін 26,4, ал әйелдер үшін 23,4 жас құрайды. Италияда, Швейцарияда, Швецияда ерлер үшін 27 жастан асады, ал Германияда тіпті 28 жас құрайды. Әйелдер үшін Ұлыбританияда, Нидерландыда, Швейцарияда, Испанияда 27 жас, ал Дания мен Швецияда 29 жас құрайды.

АҚШ-та мемлекеттік демографиялық саясат әдеттегі қалыпта жоқ деуге болады. Бұл салада азаматтарға таңдаудың толық еркіндігі берілген. Отбасыларға көмек, әдетте, жанама, әр түрлі салық жеңілдіктері формасында көрсетіледі. АҚШ-та 1960 жылдардағы жыныстық қарым-қатынастар революциясы отанында контрацептивтердің әр түрлері кеңінен өріс алды. Алайда оны «ақтау» қоғамды жауласушы топтарға дерлік бөлген сондай қызу пікірталасқа жол ашты.

Бірінші кезекте бұл «либералдар» мен «консерваторлардың» күші алуға салмағына байланысты біресе тыйым салынған, біресе рұқсат берілген АҚШ-та түсік тастауға тыйым салу немесе жария ету туралы таласқа қатысты.

Ресейде, ол Кеңестер Одағының құрамында болған кезде демографиялық саясат негізінен көп балалықты ынталандыруға және оны материалдық және моральдық ынталандыруды қамтамасыз ететін шаралар кешенін жүзеге асыруға келіп түйісті.

1980 жылдардың аяғында бала тууы мен табиғи өсім құлдырауы басталған шақта, бұл шаралар күшейтілді және нарыққа өту қиындықтарымен байланысты балалы отбасыларды қорғау бойынша бірқатар жаңа шаралармен толықтырылды. Жаңа, тәуелсіз Ресейде жаңа демографиялық дағдарыс туындап, халықтың мейлінше жедел азаюы басталғаны туралы айтып өттік.

Бұл дағдарыстың себептерінің бірі және сонымен бір мезгілде салдары әлемде қазіргі уақытта Ресей бірінші орынды бәсекесіз иеленіп отырған жалпы мөлшері бойынша түсік жасатудың саны ұлғаюы болып отыр (1990 жылдардың бірінші жартысында жылына 3,5–4 млн, 2000 жылы – 2 млн). Фертильді жаста түсік жасау саны бойынша 1000 әйелге есептегенде (100) және әрбір 100 бала тууына (180) келуі де бірінші

елдер қатарына қосады. Сондықтан да Ресейге ең болмағанда халықтың жай өсіп-өнуіне оралуға мүмкіндік беретіндей неғұрлым бірізділіктегі, нақты және ғылыми негізделген демографиялық саясат қажет.

Демографиялық дағдарыстан Ресей Федерациясын шығару жөніндегі әрекеттер бағдарламасының нақ сондай тұжырымдама 1990 жылдардың соңында дайындалған болатын. Бұл тұжырымдама 2015 жылдарға дейінгі мерзімге есептелді.

## 6.2. Қазақстандағы демографиялық саясат

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктері халқымыздың демографиялық өсімінің төмендігіне едәуір әсер етіп отыр. Мұның ең негізгі себебі адамдардың орташа өмір сүру жасының кемуі, ерлі-зайыптылардың айырылысуының жиі кездесуі, неке санының азаюы, бала туудың күрт төмендеп кетуі де секілді жағдайлардан туындайды.

Елімізде нәтижелі демографиялық саясат болу үшін адамдардың қоғамдық қажеттіліктерінің барлық жақтарын қамту қажет. Оның ішіндегі ең маңыздысы – танымдық-тәрбиелеу тәсілдеріне, демографиялық сана-сезімнің қалыптасуына, адамдардың некеге, бала тууына, сонымен бірге өздерінің және айналасындағылардың

денсаулығына деген қарым-қатынасын анықтайтын әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық нормалардың жиынтығына байланысты болады.

Демографиялық саясатты дамытудың жаңа кезеңінде Қазақстан Республикасы, Қазақстан Үкіметі жарлығымен 2000 жылы 17 тамызда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясат тұжырымдамасын» қабылдады. Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары туу деңгейі, отбасылық көмек, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын жалғастыру, көші-қон процесін қалыпты жағдайда ұстау және басқа демографиялық аспектілерді дамытуда қызмет көрсетуі тиіс.

Еліміздің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы бойынша да Қазақстанда 25 млн-дай дені сау, тұрмысы ауқатты, әрі салауатты өмір салтын ұстанған, білімі терең, мамандығы ұшталған азаматтар болуы керек делінген. Ал осындай көрсеткіштерге жету тек табиғи өсімді арттыру арқылы мүмкін болмағандықтан, әрбір мемлекет, оның ішінде біздің Қазақстан Республикасы да көші-қон саясатын жүргізуде. Мәселен, 1991-2000 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасына 43 мыңнан астам отбасы немесе 183 мың адам көшіп келген. Келушілердің жалпы санының жартысынан астамы



дерлік алыс шетелдерден келгендер (Моңғолиядан – 35 %-ы, Ираннан 8 %-ы, Түркиядан 2 %-ы, Қытайдан 1,2 %-ы және Ауғанстаннан 1 %-ы) есебінен болып отыр.

### 6.3. Қазақстандағы мемлекеттік отбасы саясатын дамыту мәселелері

Отбасы – қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі элементтерінің бірі. Ол ерлі-зайыптылардың арасындағы, ата-ана мен балалар арасындағы, басқа да туыстық сипаттағы қарым-қатынастарды негіздей отырып, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына орай қоғаммен, мемлекетпен тығыз байланыста болады.

Отбасындағы әлеуметтік жағдайды сараптау, оның мазмұнын ашу, сонымен бірге сол ортадағы ата-ананың, олардың ұрпақтарының алатын орнын, отбасының ішкі құрылысын, атқаратын қызметін және т.б. зерттеу қазіргі әлеуметтану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Отбасы көптеген қоғамдық ғылымдардың: әлеуметтанудың, экономиканың, құқықтанудың, этнографияның, психологияның, педагогиканың, саясаттанудың және демографияның зерттеу нысаны болып саналады. Олардың әрқайсысы өз пәндерінің ерекшеліктеріне

орай отбасының өмір сүруі мен отбасындағы шиеленістердің ерекше жақтарын жете зерттеп қарастырады. Мысалы, әлеуметтану отбасына талдау жасағанда ең алдымен оны некенің негізінде құрылған және белгілі бір әлеуметтік қызметтерді атқарушы әлеуметтік институт ретінде қарастырады, сөйтіп некенің тұрақты немесе тұрақсыздығының себептерін және отбасын нығайтудың жолдарын зерттеуге назар аударады. Осыдан келіп әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топтың белгілерін өз айналасына жинақтаған отбасының пайдалану болуы, оның дамуы заңдылықтарын зерттейтін әлеуметтанудың саласы – отбасы әлеуметтануы қалыптасты.

Қоғам некелік байланыстардың нығаюына, отбасының тұрақтылығына мүдделі. Мемлекет отбасына өзінің отбасы және неке туралы заңдарымен ықпал етіп, отбасы мүшелерінің бір-бірімен және олардың қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынастарын реттеп отырады.

Отбасының құрылымы бұл оның негізгі элементтерінің тұтастығын қамтамасыз ету тәсілі болып саналады. Отбасының құрылымы мен тәртібі, тұрмыс-салты, дәстүрі, өзге отбасыларымен және қоғаммен өзара қарым-қатынастары бір-бірімен тығыз байланысты.

Отбасының қызметтері оның отбасылық мәнінен келіп шығады және қоғамдық құбылыс ретінде

отбасының ерекшеліктерін бейнелейді, ал басқа қызметтер белгілі бір тарихи жағдайға орай еріксізден немесе бейімделуден туындайтын отбасының міндеттері болып саналады. Отбасының ерекше қызметтері мынадай:

- халықтың ұдайы өсіп-өнуі, яғни дүниеге нәресте әкелу;

- балаларды асырап, сақтау;

- балаларды тәрбиелеу.

Бұл қызметтер қоғамның әр кезеңінде өзгерістерге түсуіне қарамас-тан отбасының ертеден келе жатқан міндеттері болып саналады.

Қазіргі кездегі халықты ұдайы көбейтіп, өсірудің (репродуктивтік) жағдайына тоқталатын болсақ, онда еліміздегі әр отбасында үш немесе төрт баладан болуы керек, сонда ғана халықтың саны азаймайды. Алайда, бүгінде дүниеге нәресте әкелу деңгейінің төмендеуі, қарттардың санының артуы, бір балалы немесе баласыз отбасыларының көбеюі, некесіз туған сәбилер санының артуы байқалады.

Халықтың ұдайы өсуі мен күнделікті бала тәрбиелеу жөніндегі мәселелерді бір-бірімен ұштастыратын орта – отбасы. Ол дұрыс қалыптаспай, сәбидің, баланың жан-жақты дамуы мүмкін емес. Оның үстіне отбасын бұл мәселеде бірде-бір институт немесе ұйым алмастыра алмайды. Отбасындағы тәрбие атаулының барлығына ата-ана тіке-

лей ықпал етеді. Отбасының күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі өзара қамқорлық пен сезім, туыстық қарым-қатынастар, басқа да жағдайлар баланың бойындағы көптеген мәні зор әлеуметтік сапаларды қалыптастыратын және оның дұрыс дамуына үздіксіз ықпал ететін тәрбиелік күш болып табылады.

Отбасының демографиялық дамуында көптеген өзгерістер бар екені байқалды. Ал бұл өзгерістер отбасының құрылымы мен сандық динамикасына әсер етіп, отбасы өсуінің төмендеуіне әкеліп соқты. Отбасын қалыптастыру процесіндегі өзгерістер мынадай:

- тұрғындардың табиғи өсімі төмендеген;

- бала туу деңгейі азайып, ажырасудың көбеюі салдарынан баласы бар әйелдердің қайта некеге тұру қиыншылықтарынан қоғамда толық емес отбасылардың көбеюі;

- аз балалы отбасылардың қатарының өсуі.

Бірінші кезекте, қазақстандық отбасылардың материалдық қамсыздандыру шараларының нашарлауынан бала туу деңгейі төмендеуде. Бұл, әсіресе, жас отбасылар арасында байқалуда. Сонымен қатар жасанды түсік тастау бала туу деңгейінің төмендеуінің негізгі себептерінің бір болып отыр. Сондықтан отбасы мен мемлекеттік саясат әйелдің бала туу жағдайын зерттеуге, ананы залалды

сырқаттардан сақтауға бағытталуы керек.

Қоғам зайырлы болуы үшін жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы, олардың балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуі тиіс. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдап, жалғыз басты аналар мәселелерін шешу керек. Көптеген айтылған міндеттер мен тұжырымдамаларда қабылданған іс-шараларда әйел мен бала денсаулығын қорғау мақсатын көздейді.

Жас отбасының ерекшелігі ретінде жалпы отбасыға тән қасиеттерді айтуға болады және олардың өзіндік отбасылық мәселелері де жоқ емес. Нақтырақ айтсақ, қазіргі күні құрылып жатырған жас отбасылар көптеген сәтсіздіктерге кезігеді. Балаларының алдында отбасы иелері салауатты отбасылық өмірді қалыптастыра алмайды. Жас отбасылардың бүгінгі ең басты мәселелері – тұрғын үй және жұмыспен қамтылу. Жас отбасылардың тұрғын үймен қамтамасыз етілу жағдайлары орта жастағы отбасыларға қарағанда еліміз бойынша әлдеқайда төмен. Жас отбасылардың осы мұқтаждықтарын өтеу мақсатында мемлекетіміз тарапынан «Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы» қабылданып, мыңдаған отбасы аталмыш бағдарлама бойынша пәтер алу кезегінде тұрады.

Тұрғын үй мәселесі шешілмеуі салдары жас отбасылардың отбасылық өмірлерінің бұзылуына әкелуде. Осы себептен туу деңгейі төмендеп, ажырасу фактілері көбейді. Бүгінгі таңда жеке пәтерлері бар отбасыларға қарағанда, пәтер жалдан және отбасылық жатақханаларда тұрып жатқандардың саны әлдеқайда жоғары.

Демографиялық дағдарыс жағдайында жас отбасыларға материалдық, әлеуметтік-экономикалық, денсаулық сақтау тұрғысынан мемлекеттік қолдау өте қажет. Бұл тұрасында жас отбасыларға мемлекеттік бағдарламалар аясында несие беру, шағын және орта бизнеспен айналысып өз алдына іс жүргізе білуге көмек көрсету мәселелері елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың елімізді дамытудың бағытындағы халыққа жолдауында баса айтылған.

Қазақстанның еңбек нарығындағы жастардың жағдайын талдау екі түрлі маңызды жағдайға негізделген. Біріншіден, еліміздегі жұмыссыз халық құрылымындағы 15-24 жас аралығындағы азаматтар үлесі – 26,3 % болса, 25-29 жас аралығындағы азаматтар 17,4 %-ды құрайды. Екіншіден, жастар қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын анықтайды, сол себепті елімізде олар ең қорғансыз топтар болып табылады.

Еңбек нарығындағы жағдайды бағалайтын маңызды көрсеткіштер – жұмыссыздық деңгейінің динамикасы, еңбек нарығының сыйымдылығы, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы және оның құрылымы.

Мемлекет пен қоғам жастардың еңбек нарығынан өздігінен жол табуын ғана күтіп отырмай, жастарды жұмыспен қамтуды реттеудің іргелі саясатын жүргізіп, оның тиімділігіне қол жеткізуге тиіс. Жастарды жұмыспен қамту тиімділігіне қол жеткізу мақсатында әлеуметтік еңбек қатынастары саласында жастардың жағдайын жеңілдететін немесе оған кедергі болатын ерекшеліктерді талдай отырып, еңбек нарығының кешенді мониторингін жүргізу қажет. Жастарды еңбекпен қамтуға ықпал етуге төмендегілер жатады:

- жастар үшін жаңа жұмыс орындарын ашатын кәсіпорындарға қолдау көрсету;
- тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру;
- жастарды екінші рет жұмыспен қамтуды ұйымдастыруда мүмкіндіктер тудыру;
- жастарды жұмыспен қамтуға арналған мекемелер мен кәсіпорындар инфрақұрылымын құру.

Қоғамның барлық даму кезеңдерінде отбасы адамзат тіршілігінің ең қажетті ұлы құндылықтары ретінде қарастырылады. Егер отбасы өз да-

муынан артта қалса, қоғам да дамымай артта қалады.

Отбасы саясатының өзектілігін зерттеу қазіргі кезде мұндай зерттеулердің жетіспегендігінен туындап отыр. Отбасының дамуының жаңа заңдылықтары мен негізгі бағыт-бағдарларының пайда болуы, қазіргі кезеңдегі отбасы мен қоғамның өзара қарым-қатынасының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

#### 6.4. Қазақстандағы көші-қон саясаты

Көші-қон саясаты дегеніміз – әлеуметтік мінез-құлықтың, әрекеттің бір түрі болып табылатын көші-қон қозғалысына ықпал ету. Елімізде көші-қон процестері ынталандырушы және шектеуші іс-шаралар арқылы реттелінеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылы мақұлданған Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасында былай келтірілген:

- көші-қон процестері мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық келісімге, елдегі экономикалық және демографиялық ахуалға әсер етеді;
- көші-қон саясаты Қазақстанның мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, оны іске асыру мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болуға тиіс;

• көші-қон саясатының субъектілері орталық және атқарушы органдар болып табылады.

1997 жылы ҚР Президентінің бұйрығымен көші-қон процестерін басқару және тұрғындар санының өсуін саяси қамтамасыз ету мақсатында, орталық атқарушы орган ретінде ҚР-ның көші-қон және демография агенттігі құрылды. Осымен қатар 1997 жылы 13 желтоқсанында өзгерістер мен толықтырулар «ҚР Тұрғындар көші-қоны туралы заңы» енгізілді. Аталмыш заң бойынша көші-қон процестерін ретке келтірудің құқықтық тәртіптері, көші-қон түрлерінің құқықтық анықтамасы бекітіліп, мемлекеттік органдардың көші-қон процестерін реттеу қызметі анықталды.

Үкіметтің жарлығы бойынша 1998 жылы 16 қыркүйекте «Көші-қон туралы» ҚР-ның заңына сәйкес «Қазақ ұлты өкілдерінің тарихи отанына оралуы» жөнінде тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада: «Шетелдерде тұрып жатқан барлық қазақ ұлтының өкілдері тарихи отанына оралуға толық құқылы», – деп көрсетілген.

Қазақ диаспорасының көпшілігі Өзбекстанда – 1,5 млн, Ресейде – 740 мың, Түркіменстанда – 70 мың, ҚХР-да – 1,5 млн, Моңғолияда – 100 мың, Ауғанстанда – 30 мың, Түркияда – 25 мың адам.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарлығымен 2000 жылы 17 тамызда «ҚР Мемлекеттік демографиялық саясат тұжырымдамасы» және 2001 жылы 5 қыркүйекте «ҚР мемлекеттік көші-қон саясаты тұжырымдамасы» атты деген екі маңызды құжат күшіне енді.

Жыл сайынғы халыққа жолдауында елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біз еліміздің көші-қон процесіне көңіл бөлуіміз керек, өйткені біздің алға қойған жоспарларымызды жүзеге асыруда бұл басты мәселе болып табылады», – деді.

Сондықтан да үкімет мына жағдайларды ескере отырып:

- туу деңгейін арттыру;
- денсаулықты сақтау есебінен өлім деңгейін төмендету;
- иммигранттарды көптеп қабылдау арқылы бағдарлама жасақтауы керек.

Мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігін сақтауда көші-қон саясатын жоғарыда айтылған заңдар мен бағдарламалар негізінде айқын әрі нақты жүргізе білуі шарт. Көші-қон саясаты өз алдына жеке қарастырылмай, мемлекеттік құрылыс тұжырымдамаларының бөлшегі ретінде қамтылып, құқық қорғау және адам еркіндігін, мемлекеттің ұлттық қызыушылығын қамтамасыз ете білуі міндетті.

## ҚОСЫМШАЛАР

*1-кесте*

### Дүние жүзінің халық саны жоғары елдері (2012 ж.)

№	Елдер	Халық саны	Өсім
1	Қытай Халық Республикасы	1 354 790 000	0,481 %
2	Үндістан	1 227 150 000	1,312 %
3	АҚШ	314 705 000	0,899 %
4	Индонезия	237 641 326	1,040 %
5	Бразилия	199 321 000	1,102 %
6	Пәкістан	190 291 000	1,551 %
7	Нигерия	170 123 000	2,553 %
8	Бангладеш	161 083 000	1,579 %
9	Ресей Федерациясы	143 180 000	0,013 %
10	Жапония	127 368 000	- 0,077 %

*2-кесте*

### Дүние жүзі халқының табиғи өсім көрсеткіштері

Табиғи өсім өте жоғары елдер	Табиғи өсімі жоғары елдер	Табиғи өсімі орташа елдер	Табиғи өсімі төменгі деңгейдегі елдер	Табиғи өсімі өте төменгі деңгейдегі елдер
30 %-дан жоғары	20-30 %	10-20 %	2-10 ‰	2%-дан төмен
Африка	Африка Шетелдік Азия	Шетелдік Азия Латын Америкасы	Шетелдік Еуропа Солтүстік Америка	Шетелдік Еуропа ТМД елдері

Нигер	Моңғолия	Қытай	Польша	Венгрия
Кения	Филиппин	Үндістан	Франция	Германия
Зимбабве	Бангладеш	Түркия	Чехия	Болгария
Ливия	Эфиопия	Куба	Ұлыбритания	Австрия
Нигерия	Мысыр	Бразилия	АҚШ	Италия
				Ресей Федерациясы

3-кесте

## Халықтың табиғи өсімінің көрсеткіштері төмен дамушы елдер

Аудан, ел	Туудың жалпы коэффициенті, %	Туудың жиынтық коэффициенті	Халықтың орташа жылдық өсу қарқыны, %
<b>Латын Америкасы</b>			
Бразилия	22	2,9	1,4
Чили	19	2,5	1,4
<b>Азия</b>			
Үндістан	27	3,4	1,9
Индонезия	24	2,8	1,5
Иран	24	3,0	1,8
Ливан	23	2,5	1,6
Түркия	22	2,7	1,6
Шри-Ланка	19	2,3	1,3
Вьетнам	19	3,5	1,2
<b>Африка</b>			
Тунис	25	3,4	1,4
Марокко	24	3,6	1,8

**Дүние жүзі аймақтары бойынша тұрғындардың таралуы,  
1950-2000 жж.**

Көрсеткіштер	Жылдар	Африка	Азия	Еуропа	Лагын Америкасы	Солтүстік Америка	Мұхиттық аралдар	Дүние жүзі бойынша
Тұрғындар саны, млн адам	1950	224	1402	547	166	172	13	2524
	1975	414	2406	676	320	244	21	4081
	2000	820	3689	729	515	309	28	6090
Халықтың тығыздығы, адам/шакырым	1950	7,4	44,1	23,8	8,1	8	1,5	18,6
	1975	13,7	75,7	29,4	15,6	11,3	2,5	30,1
	2000	27,1	116,1	31,7	25,1	14,3	3,3	44,9
Аймақтағы халықтың үлесі, %	1950	8,9	55,4	21,7	6,7	6,8	0,5	100
	1975	10,1	58,9	16,6	7,9	6	0,5	100
	2000	13,4	60,5	12	8,5	5,1	0,5	100
Халықтың табиғи өсімі, %	1950-1955	2,2	1,9	1	2,7	1,7	2,2	1,8
	1975-1980	2,8	1,9	0,5	2,1	0,9	2,1	1,7
	2000-2005	2,5	1,3	-0,1	1,4	0,7	1,3	1,3

**Дүние жүзі халқының нәсілдік құрамы (С.И. Брук бойынша)**

Адам нәсілдері	%
<b>Үлкен нәсілдер</b>	
Еуропаид (еуразиялық)	42,5
Моңғолоид (азиялық-америкалық)	19,5
Негроид (африкалық)	7,1
Австролоид (мұхиттық)	0,3
<b>Нәсілдердің аралас және өтпелі түрлері</b>	
Еуропаид пен моңғолоид арасында	4,2
Еуропаид пен негроид арасында	9,1
Моңғолоид пен австролоид арасында	17,2
Басқа нәсіл типтері	0,3



## Дүние жүзіндегі ірі мегалополистер

Мегалополистер	агло- мера- ция саны	халық саны, (млн адам)	ауданы, мың кв. км	1 кв. км- ге халық тығызды- ғы	Мегалополис ұзындығы, км
Босван (Бостон – Вашингтон)	40	45	100	450	800
Чпитс (Чикаго – Питсбург)	35	35	160	220	900
Сансан (Сан-Диего – Сан- Франциско)	15	18	100	180	800
Токайдо (Токио – Осака)	20	55	70	800	700
Английский (Лондон – Ливерпуль)	30	30	60	500	400
Рейнский (Рандстадт – Рейн – Рур – Майн)	30	30	60	500	500

## Дүние жүзі халқының лингвистикалық жіктелуі және негізгі ұлттар

Семья	Топ	Ұлттар
Үндіеуропа	Герман	Немістер, австриялықтар, германшвейцарлар, голландықтар, фламандар, ағылшындар, шотландар, шведтер, норвеждер, исландықтар, АҚШ американдықтары, ағылшын-канадалықтар, ағылшын-австралиялықтар, африканерлер, т.б.
	Роман	Итальяндар, испандар, португальдар, француздар, валлондар, румындар, молдавандар, бразильдықтар, мексикандықтар, аргентиналықтар, чилиліктер, колумбиялықтар, француз-канадалықтар, т.б.
	Славян	Орыстар, украиндар, беларустар, поляктар, чехтар, словактар, болгарлар, сербтер, черногорлықтар, македондықтар, хорваттар, босниялықтар, словендіктер
	Үндіарий	Хиндустандықтар, бенгалдықтар, раджастхандықтар, панджабдықтар, гуджараттықтар, сингалдар, ассамдықтар, маратхи, непалдықтар, бихарлықтар, т.б.

ҚОСЫМШАЛАР

	Иран	Парсылар, тәжіктер, осетиндер, күрттер, пуштундар, белуджилер, т.б.
	Кельт	Ирландықтар, уэльстер, бретондар
	Балтык	Латыштар, литвандар
	Грек	Гректер
	Албан	Албандар
	Армян	Армяндар
<i>Кавказ</i>	Адыгей-Абхаз	Грузиндер, абхаздықтар, адыгейлер, черкестер, кабардиндықтар, т.б.
	Нах-дағыстан	Чечендер, ингуштар, аварлықтар, даргиндер, лезгиндер, лактар, т.б.
<i>Орал-Юкагир</i>	Фин-угор	Венгрлер, финдер, эстондар, карелдер, коми, удмурттар, марилер, мордва, хантылықтар, саамдар, т.б.
	Самоди	Ненецтер, селькуптар, т.б.
<i>Қытай-тибет</i>	Қытай	Қытайлар, дүнгендер, т.б.
	Тибет-бирма	Тибеттіктер, бтохилер, бирмалықтар, бутандар, мьянма, т.б.
<i>Афразия</i>	Семит	Араб халықтары, Израиль еврейлері, ахмарлар, тигре, т.б.
	Чад	Хауса және т.б.
	Кушит	Оромо, сомалиліктер, т.б.
	Бербер	Берберлер, туарегтер, т.б.
<i>Дравид</i>	Дравид	Телугу, тамилдер, каймара, т.б.
<i>Алтай</i>	Түркі	Татарлар, башқұрттар, чуваштар, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар, өзбектер, ұйғырлар, түркімендер, түріктер, әзірбайжандар, қарачайлықтар, балқарлар, құмықтар, хакастар, тувалар, якуттар, алтайлықтар, шориялықтар, т.б.
	Моңғол	Моңғолдар, қалмақтар, буряттар, т.б.
	Тунгус-манчжур	Эвенкілер, нанайлар, удегейлер, манчжурлер, т.б.
	Корей	Корейлер
	Жапон	Жапондар
	Кет	Кеттер
<i>Тай</i>	Тай	Сиамдықтар, лао, чжуандар, шань, т.б.
<i>Нигер-кордофан</i>	Нигер-конго	Банту, малави, йоруба, зулу, конго, фульбе, мандо, адамауа халқы (судандық), т.б.
	Кордофан	Ноалиб, т.б.

<i>Ніл-Сахара</i>	Сонгаи	Сонгаи, маба, фур, кома тобындағы халықтар, т.б.
	Шари-Ніл	Нубиялықтар, динна, масаи, т.б.
	Сахара	Кдиури, т.б.
<i>Койсан</i>	Койсан	Бушмендер, готтенготтар, т.б.
<i>Австроазия</i>	Мяо-яо	Мяо, яо, т.б.
	Вьетнам	Вьетнамдар
	Мон-кхмер	Кхмерлер, мондар, вьеттер, т.б.
	Мунда	Сантал, мунда, т.б.
<i>Австро-незия</i>	Индонезия	Малайлықтар, явалықтар, малагасилықтар, тагал, филиппиндіктер, мельгаштар, фиджиліктер, т.б.
	Полинезия	Маори, гавайлықтар, таитиліктер, папуас халықтары, австралиялық аборигендер, т.б.
<i>Эскимос-Алеут</i>	Палеоазия	Чукчалар, коряктар, ительмендер, т.б.
	Эскимос-Алеут	Эскимостар, алеуттар, т.б.
	Үндіс	Кечуй, аймара, майя, ацтектер, парагвай, карибтіктер, т.б.

8-кесте

## Діндерді ұстанушылар саны

Діндер	Дінге сенушілер саны, млн адам	Діндер	Дінге сенушілер саны, млн адам
Дүниежүзілік діндер		Ұлттық діндер	
Христиандар, оның ішінде	2100	Индуизм	850
католиктер	1070	Қытайдың ұлттық діндері	400
протестанттар	780		
православтар	250	Синтоизм	70
Мұсылмандар, Оның ішінде	1500		
сунниттер	1300	Иудаизм	15
шииттер	200	Жергілікті діндер	240
Буддистер	380		

## Дүние жүзі діндерінің таралуы

Діндер	Дін ағымдары	Дін ағымдары таралған елдер
Христиан	Католик	Италия, Испания, Португалия, Франция, Бельгия, Германияның оңтүстігі, Чехия, Словакия, Польша, Венгрия, Хорватия, Словения, Литва, Филиппин, Латын Америка мемлекеттері
	Протестант	Ұлыбритания, Нидерланд, Дания, Норвегия, Исландия, Швеция, Финляндия, Швейцария, Германияның солтүстігі, Эстония, Латвия, АҚШ, Канада, ОАР, Австралия, Жаңа Зеландия
	Православ	Ресей Федерациясы, Украина, Беларусь, Грузия, Молдова, Румыния, Болгария, Югославия, Македония, Грекия, Кипр
Ислам	Суннит	Араб елдері (Ирактан басқа), Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, Бангладеш, Индонезия, Малайзия, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Албания, Босния және Герцеговина, Шығыс Африка елдері
	Шиит	Иран, Ирак, Әзірбайжан
Будда	Хинаянистер	Мьянма, Таиланд, Лаос, Камбоджа, Сингапур, Шри-Ланка
	Махаянистер	Бутан, Моңғолия, Вьетнам, Қытайдың батыс бөлігі, Корея

## Әлемдегі қала халқының үлесі ең жоғары елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Қала халқының үлесі, %
1	Сингапур	Азия	100
2	Бельгия	Еуропа	97
3	Кувейт	Азия	97
4	Израиль	Азия	92
5	Исландия	Еуропа	92
6	Ұлыбритания	Еуропа	91
7	Уругвай	Латын Америкасы	91
8	Аргентина	Латын Америкасы	89
9	Нидерланд	Еуропа	89
10	Германия	Еуропа	88
11	Ливия	Африка	88

## Әлемдегі қала халқының үлесі ең төмен елдер (XXI ғ. басы)

№	Ел	Аймақ	Қала халқының үлесі, %
1	Бутан	Азия	6
2	Руанда	Африка	6
3	Бурунди	Африка	8
4	Непал	Азия	10
5	Уганда	Африка	13
6	Камбоджа	Азия	14
7	Эфиопия	Африка	15
8	Буркина-Фасо	Африка	16
9	Эритрея	Африка	17
10	Малави	Африка	18

## Әлемдегі ең ірі қала агломерациялар (10 млн-нан астам тұрғынымен)

№	Қала агломерациялары	Халық саны, млн адам	Қала маңындағы ірі қалалар	Ел
1	Токио	34,2	Йокогама, Кавасаки, Саитама	Жапония
2	Нью-Йорк	32,1	Ньюарк, Патерсон	АҚШ
3	Сеул	29,6	Пучхон, Коян, Инчхон, Соннам, Сувон	Оңтүстік Корея
4	Джакарта	25,3	Бекаси, Богор, Дёпок, Тангеранг	Индонезия
5	Шанхай	25,0		Қытай
6	Мехико	24,2	Несауалькойотль, Экатепек, Наукальпан	Мексика
7	Мумбаи	22,0	Бхиванди, Кальян, Тхане, Улхаснагар	Үндістан
8	Сан-Паулу	21,4	Гуарульяс	Бразилия
9	Дели	20,7	Фаридабад, Газиябад	Үндістан
10	Пекин	20,0		Қытай
11	Лос-Анджелес	18,0	Риверсайд, Анахайм	АҚШ

ҚОСЫМШАЛАР

12	Каир	18,0	Эль-Гиза, Шубра аль-Хайма	Мысыр
13	Мәскеу	17,0		Ресей Федерациясы
14	Рио-де-Жанейро	16,8	Нова-Игуасу, Сан-Гонсалу (Рио-де-Жанейро)	Бразилия
15	Осако	16,7	Кобе, Киото	Жапония
16	Калькутта	15,7	Хаура	Үндістан
17	Манила	15,6	Калоокан, Кесон-Сити	Филиппин
18	Карачи	15,1		Пәкістан
19	Гуанчжоу	15,0	Фошань	Қытай
20	Буэнос-Айрес	14,6	Сан-Хусто, Ла-Плата	Аргентина
21	Лагос	14,1		Нигерия
22	Лондон	14,0		Ұлыбритания
23	Тегеран	13,5	Кередж	Иран
24	Париж	13,0		Франция
25	Стамбұл	12,8		Түркия
26	Дакка	12,7		Бангладеш

13-кесте

Дүние жүзінің ірі агломерацияларының өзгеру барысы  
(1950-2010 жж.), млн адам

1950		1970		1990		2010	
Нью-Йорк	12,3	Токио	16,5	Токио	25,1	Токио	28,8
Лондон	8,7	Нью-Йорк	16,2	Нью-Йорк	16,1	Бомбей	23,7
Токио	6,9	Шанхай	11,2	Мехико	15,1	Лагос	21
Париж	5,4	Осако	9,4	Сан-Паулу	15,1	Сан-Паулу	19,7
Мәскеу	5,4	Мехико	9,1	Шанхай	13,3	Мехико	18,7
Шанхай	5,3	Лондон	8,6	Бомбей	12,2	Нью-Йорк	17,2
Эссен	5,3	Париж	8,5	Лос-Анджелес	11,5	Карачи	16,7
Буэнос-Айрес	5	Буэнос-Айрес	8,4	Буэнос-Айрес	11,1	Дакка	16,7
Чикаго	4,9	Лос-Анджелес	8,4	Калькутта	10,9	Шанхай	16,6
Калькутта	4,4	Пекин	8,1	Пекин	10,8	Калькутта	15,6


## Дүние жүзінің миллионер-қалаларының тізімі

№	Мемлекет атауы	миллионер-қалалар
1	Қытай Халық Республикасы	Шанхай, Пекин, Гуанчжоу, Харбин, Гонконг, Шэньчжэнь, Чунцин, Урумчи, Ухань, Ланьчжоу, Баотоу, Синин, Хэфэй, Гуйян, Шэньян, Далянь, Тайчжун, Фучжоу, Сямынь, Хуанши, Чанша, Шаоян, Шицзячжуан, Таншань, Циньхуандао, Ханьдань, Чэндэ, Чжанцзякоу, Дацин, Хэган, Цзямусы, Цицикар, Чжэнчжоу, Аньян, Кайфэн, Пуян, Наньян, Пиндиншань, Лоян, Синьсян, Сипьян, Гирин, Чанчунь, Наньчан, Нанкин, Уси, Чанчжоу, Сучжоу, Янчжоу, Янчэн, Сюйчжоу, Тайчжоу, Вэньчжоу, Нинбо, Ханчжоу, Цзинань, Циндао, Жичжао, Тайань, Яньтай, Цзыбо, Тайюань, Датун, Линьфынь, Сиань, Яньань, Пуэр, Лицзян, Куньмин, Хух-Хото, Лючжоу, Наньнин, Тяньцзинь, Чунцин, Хуайбэй, Хуайнань, Шаогуань, Фошань, Дунгуань, Шаньтоу, Чжаньцзян, Чжуншань, Чжухай, Инкоу, Ляоян, Фусинь, Фушунь, Бэньси, Аньшань, Гуаньюань, Наньлун, Янь, Чэнду, Дэян, Цыгун, Паньчжихуа, Эчжоу, Ичан
2	Үндістан	Мумбай, Калькутта, Дели, Ченнай, Хайдарабад, Бангалор, Ахмадабад, Пуна, Сураат, Канпур, Джайпур, Лакхнау, Нагпур, Патна, Индаур, Вадодара, Коямпуттур, Бхопал, Лудхияна, Кочин, Вишакхапатнам, Агра, Варанаси, Мадурай, Мирут, Нашик, Джемшедпур, Джабалпур, Асансол, Дханбад, Фаридабд, Аллахабад, Виджаянади, Амритсар, Раджкот, Аурангабад, Кальян
3	Бразилия	Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро, Салвадор, Белу-Оризонтти, Форталеза, Бразилиа, Куритиба, Манаус, Ресифи, Белен, Порту-Алегри, Гояния, Гуарульяс, Кампинас
4	Ресей Федерациясы	Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосибирск, Екатеринбург, Нижний Новгород, Самара, Казань, Омск, Челябинск, Уфа, Дондағы Ростов, Волгоград
5	Жапония	Токио, Йокогама, Осака, Нагоя, Саппоро, Кобе, Киото, Фукуока, Кавасаки, Сайтама, Хиросима, Сэндай
6	Индонезия	Джакарта, Сурабая, Бандунг, Медан, Бекаси, Тангеранг, Семаранг, Депок, Палембанг, Макасар

## ҚОСЫМШАЛАР


7	Мексика	Мехико, Гвадалахара, Монтеррей, Пуэбла-де-Сарагоса, Чиуауа, Сьюдад-Хуарес, Тихуана, Леон, Несауалькойотль, Запопан
8	АҚШ	Нью-Йорк, Лос-Анджелес, Чикаго, Хьюстон, Финикс, Филадельфия, Сан Антонио, Даллас, Сан-Диего
9	Корея Республикасы	Сеул, Пусан, Инчхон, Тэгу, Тэджон, Кванджу, Ульсан, Сувон
10	Пәкістан	Карачи, Лахор, Фейсалабад, Равалпинди, Хайдарабад, Мултан, Гуджранвала, Пешавар
11	Түркия	Стамбұл, Анкара, Измир, Бурса, Адана, Газиантеп
12	Иран	Тегеран, Мешхед, Кередж, Тебриз, Шираз, Исфахан
13	Украина	Киев, Харьков, Днепрпетровск, Одесса, Донецк
14	Австралия	Сидней, Мельбурн, Брисбен, Перт, Аделаида
15	ОАР	Йоханнесбург, Кейптаун, Претория, Дурбан, Соуэто

Дүние жүзінің халық саны (млрд адам)






**БҰҰ мәліметтері бойынша демографиялық өтпелі кезең  
(1750-2100 жж.) (С.П. Капица бойынша)**




Дүние жүзі халқының өсімі □ – дамыған елдер;  
■ 2 – дамушы елдер


АҚШ-тың солтүстік шығысындағы мегалополис



## Көші-қон түрлері мен сипаты



1999-2009 жж. халық сапағы қорытындылары бойынша Қазақстандағы халық санының өзгеруі



# ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

## 1-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Халықтың ұдайы өсіп-өну географиясы

Тапсырмалар:

1. Өсім, өлім және табиғи өсіп-өну көрсеткіштеріндегі өзгерістерді талдау. Жекелеген және белгілі бір топтағы мемлекеттер бойынша жалпы және ұқсас бағыттарды анықтау;

2. Жекелеген мемлекеттер бойынша өсім, өлім және табиғи өсіп-өнудің қарқынын /динамикасын/ көрсететін сызбалар, диаграммалар жасау /құру/;

3. Экономикасы дамыған және дамушы елдердегі табиғи өсімнің азаю процесінің ерекшелігіне сипаттама беру;

4. Әр түрлі типтегі мемлекеттерде өсімнің төмендеу процестерін анықтау /студент қалауы бойынша/;

5. Өсім мен өлімнің көрсеткіштерін талдау арқылы табиғи өсіп-өнуді анықтау және болып жатқан өзгерістерге талдау жасау.

6. Тақырып бойынша мынадай есептерді шығару керек: Қаланың халқы бойынша мынадай көрсеткіштер бар:

а) Халықтың жыл басындағы саны 793,0 мың адам;

ә) Жыл бойынша қалада 15920 адам туды, 7165 адам өлді.

б) Табиғи өсімнің, өлімнің, механикалық өсіп-өнудің, жалпы өсіп-өнуді есептеу. Есепті мынадай формулалар қолдану арқылы шешуге болады:

$$\Delta P = P_t - P_o,$$

$$K_{e,u} = \frac{P_t}{P_o} \cdot 100\%;$$

$$K_o = \frac{(P_t - P_o)}{P_o} \cdot 100$$

$$K_{\infty} = \frac{K_o}{t}$$

Бұл есептеу нұсқасы қаранайым әрі тәжірибеде көп қолданылады.

Мұнда  $\Delta P$  – халық санының белгілі бір кезеңдегі абсолютті өсуі;

$P_t$  және  $P_o$  – белгілі бір кезеңнің басы мен аяғындағы халық саны.

Халық саны динамикасының (ырғағының) негізгі салыстырмалы көрсеткіштері: өсу шегі ( $K_{o.ш}$ ) және өсу қарқындылығы ( $K_p$ ), өсу

қарқындылығының белгілі бір уақыт аралығындағы орташа жылдық көрсеткіші ( $K_{ор}$ ),  $t$  – белгілі бір кезеңдегі жыл саны.

## 2-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Дүние жүзі халқының өсу қарқыны (динамикасы)

Тапсырмалар:

1. Абсолюттік көрсеткіштерді салыстыру негізінде халықтың өсуінің орташа коэффициентін есептеп шығару әдісін үйрену;

2. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың тарихи өзгеруі және оған байланысты халықтың өсу қарқынының орташа жылдамдығын анықтау;

3. Статистикалық деректер негізінде әр түрлі әлеуметтік-экономикалық сағыда дамушы елдердегі /8-10 мемлекет/ халықтардың өсу қарқынының орташа коэффициентін есептеп шығару және кесте толтыру;

3. Халықтың табиғи өсуіне болжау жасау әдісін үйрену, яғни динамикалық қатарларды өндеп және ондағы заңдылықтарды анықтай білу.

## 3-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Дүние жүзі халқының орналасуы

Тапсырмалар:

1. Аумақ көлеміне байланысты болатын халықтың тығыздығы көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар;

2. Қазақстанның 10-12 аудан немесе облысын тандап, олардың тығыздығын төмендегі формула негізінде анықтау:

$$B = \frac{P}{S},$$

мұндағы  $B$  – халықтың орташа тығыздығы;

$P$  – белгілі бір аумақтағы халық саны;

$S$  – халық қоныстанған аумақтың ауданы.

3. Қазақстанның 10-15 елді мекендерін тандап, тұрғындардың аумақта біркелкі қоныстану деңгейін төмендегі формула негізінде анықтау:

$$R_n = \frac{D}{0.5 \cdot \sqrt{\frac{S}{N}}},$$

мұндағы  $R_n$  – елді мекендердің аумақтық шоғырлануын сипаттаушы коэффициент;

$D$  – елді мекендер арасындағы орташа қашықтық;

$S$  – халық қоныстанған аумақтың ауданы;

$N$  – елді мекендер саны.

4. Әр құрлықтан табиғи және экономикалық жағдайлары әр түрлі

он шақты мемлекетті таңдап, олардағы халықтың тығыздығына әсер ететін факторларды анықтау және саралау;

5. Халықтың орналасуы туралы картосхемаларды жасау жолдары: түсті рең (фон), нүктелі шартты белгілер, т.б. әдістер. Диаграммалар құрастыру.

## 4-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Халықтың көші-қоны

Тапсырмалар:

1. Жекелеген елді мекен, қала, аудан, мемлекет, континенттердің көші-қонының рөлін саралау;

2. Жекелеген немесе белгілі бір мемлекеттер топтарының өндіргіш күштерінің дамуындағы көші-қонның орнын анықтау;

3. Көші-қонды жіктеу: а) түрлері бойынша /өз еркі және мәжбүрлеу арқылы/; б) белгілі бір себептерге байланысты /саяси, әлеуметтік-экономикалық, діни/; в) бағыттары бойынша /ішкі және сыртқы/; г) ұзақтығы бойынша /тұрақты және уақытша/; д) ұйымдасуы /бақылау/ бойынша /ұйымдасқан түрде және бейберекет/; е) мигранттардың құрамы бойынша;

4. Көші-қон процесінің өткен кезеңдегі жағдайын зерттеу үшін, белгілі бір кезеңдегі халықтың

өсуімен, табиғи өсіп-өнудің арасындағы ауытқуын есептеу арқылы анықтау:

$$M_Q = ({}_xSt + Q - {}_xSt) - {}_xN_Q,$$

мұндағы  $M_Q$  – кезеңдегі халықтың көшіп-қонуы;

${}_xSt + Q$  – бір жылдағы  $t + Q$  адамдардың саны;

${}_xSt$  – жылдағы халықтың саны  $t$  өсімі.

Көші-қонды әрбір жастық және жыныстық топтар бойынша анықтау:

$${}_xM_Q = \sum {}_xM_Q,$$

мұндағы  $x$  – адамдардың белгілі бір реттегі топтары.

5. Халықтың көші-қонын нақтылы анықтау және баға беру үшін табиғи өсіп-өнудің  $/N_Q/$  көрсеткішін дұрыс есептеп шығару керек. Ол белгілі бір кезеңдегі  $/Q/$  өсімнің саны мен өлімнің санының арасындағы айырмашылықты табу арқылы анықталады, яғни

$$N_Q = B_Q - D_Q$$

мұндағы  $B_Q$  – кезеңдегі өсімнің саны;  
 $D_Q$  – кезеңдегі өлімнің саны.

Сонда формула мынадай түрде болады:

$$M_Q = (St + Q - St) - (B_Q - D_Q)$$

6. Егер көші-қон төмен болатын болса, табиғи өсім  $/N_Q/$  зерттеп

отырған кезеңдегі  $/Q/$  өсім мен өлімнің қатынасының айырмашылығына жақындайды /алғашқы саны және қоныс аударушылар саны/. Көші-қон көп болған кезде, жоғарғы әдістен қате кетуі мүмкін. Көші-қонның айырымы болымды нәтижеде болса, табиғи өсімді  $/N_Q/$  мынадай формуламен анықтау керек:

$$N_Q = a \cdot St - b \cdot St,$$

Көші-қон айырымы теріс болса:

$$N_Q = a \cdot St + Q - b \cdot St + Q,$$

мұндағы  $a$  – уақытындағы өсімнің коэффициенті;

$b$  – уақытындағы өлімнің коэффициенті.

## 5-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Қала халқы, оның типтері және жіктелуі

Тапсырмалар:

1. Халық саны бойынша қалаларды жүйелеу;

2. Пайда болу /генезисі/, географиялық орны, атқаратын қызметі бойынша қалаларды жүйелеу;

3. Картосхемалар бойынша Қазақстанның бір қаласына экономикалық-географиялық сипаттама беру:

- пайда болуы /генезисі/, ескі, жаңа, порт, табиғат байлығын игеруге байланысты;

- халқының саны, категориясы, аса ірі, ірі, орташа, кіші қала.

- экономикалық-географиялық орнының ерекшелігі /теңізге, өзенге, көлік магистральдарына және олардың қиылысқан жерлеріне, тау-кен өндірісі дамыған аудандарда, өңдеу өнеркәсібі дамыған аймақтарда, т.б./ және соған байланысты жүйелеу;

- қаланың атқаратын қызметі: /көп функциялық-әкімшілік, мәдени-саяси, экономикалық, орталық/ эконо-



микалық-өнеркәсіптік-көліктік, әкімшілік аудан орталығы, курорттық, ғылыми орталық ретінде, т.б.;

• қаланың аумақтық еңбек бөлінісіндегі орны /жергілікті ұйымдастырушылық рөлі, ауданаралық,

ауданішілік, халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы/;

4. Дүние жүзінің ірі қалаларынан көліктік-географиялық және экономикалық-географиялық жағдайларын анықтау.

## 6-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Еңбек ресурстары және оларды пайдалану

Тапсырмалар:

1. Экономикалық әр түрлі деңгейдегі дамыған елдердегі экономикалық белсенді халықтың өзіндік үлесі және айырмашылығы, оларға әсер ететін факторларды анықтау;

2. Экономикалық белсенді халықтың таралуы, көрсеткіштері, айырмашылығын сипаттау;

3. Экономикалық белсенді халықтың шаруашылық салалары бойынша таралуы жайында диаграммалар құру;

3. Қоғамдық жұмыстағы әйелдердің үлесі, өсу қарқыны және әр түрлі мемлекеттердегі айырмашылығын саралау.

## 7-практикалық сабақ

### Тақырыбы: Халықтың этникалық құрамы

Тапсырмалар:

1. Этникалық құрамдарға және олардың қасиеттеріне сипаттама беру;

2. Этникалық процестер және олардың түрлерін және этникалық процестерді талдау;

3. Ұлттық құрамның демографиялық процестерге әсерін саралау;

4. Дүние жүзі халқының лингвистикалық жіктелуін сипаттау;

5. Этнографиялық карталар, оның түрлері және жасау ұстанымдары.

## СӨЖ тақырыптары

1. Демографиялық тұжырымдамалар (сандық және сапалық тұрғыдан).
2. Халық саны мен құрылымы, оның өзгеру бағыт-бағдарлары.
3. Аймақтық демографиялық айырмашылықтар және оның даму өзгерістері.
4. Демографиялық болжам түрлері мен әдістері.
5. Демография ғылымы дамуының тарихы мен қазіргі жағдайы.
6. Қазақстандағы көші-қон саясатының бағыттары.
7. Экономикалық факторлар және халық қозғалысы.
8. Экономикалық-географиялық тұрғыдан бағалану түрлеріне талдау жасау.
9. Қазақстандағы халықтың қоныстануына әсер ететін физикалық-географиялық жағдайлар.
10. География ғылымдары жүйесіндегі этнографияның орны.
11. Қазақстандағы қалалардың даму процесі.
12. Халықтардың жастық-жыныстық құрамындағы географиялық өзгешеліктер.
13. Демографиялық заңдылықтар мен тұжырымдамалар.
14. Демографиялық жарылыс, халық санын реттеу, депопуляция.
15. Демографиялық саясаттың Қазақстан Республикасының ішкі саясатына ықпалы.
16. Экологиялық жағдайлардың халықтың табиғи өсіміне әсері.
17. Әлеуметтік-экономикалық процестердің халықтың табиғи өсіміне әсері.
18. Шалғай ауылдардың даму мәселелері;
19. Шағын қалалардың қалыптасуы мен даму мәселелері.
20. Қазақстандағы қалалардың әлеуметтік-экономикалық, географиялық мәселелері.
21. Өз облысының еңбек ресурстарына баға беру.
22. Қазақстандағы халықтың ішкі-сыртқы көші-қон процестері.
23. Қазақстандағы оралмандардың өзекті мәселелері.
24. Қазақстандағы урбандалу процесінің даму барысы.

25. Дүние жүзі халықтарының нәсілдік, этникалық құрамы.
26. Халықтың құрылымы мен санының өзгеру бағыт-бағдарлары.
27. Этногенез теориясы және демографиялық болжау.
28. Аймақтық демографиялық ерекшеліктер.
29. Қазақстанның халқы.
30. Қазақстандағы демографияның өзекті мәселелері.



## ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Жалпыға міндетті Мемлекеттік білім стандарты. – Астана, 2010.
2. Хорев Б.С., Смидович С.Г. Расселение населения: основные понятия и методология. – М.: Финансы и статистика, 1981. – 192 с.
3. Максаковский В.П. Общая экономическая и социальная география. – М.: Владос, 2009. – 367 с.
4. В.П. Максаковский, Ш.М. Надыров, Ә.Т. Мылқайдаров. Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы. 1-бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 176 б.
5. Медков В.М. Демография. – Ростов-на-Дону, 2002. – 128 с.
6. Лаппо Г.М. География городов. – М.: Владос, 1997. – 480 с.
7. Зайончковская Ж.А. Демографическая ситуация и расселение. – М.: Наука, 1991. – 130 с.
8. Габдуллина К.Г., Аитов Н.А. Судьбы казахстанского села. – Алматы, 1994. – 170 с.
9. Маергойз И.М. Географическое учение о городах. – М., Наука. – 1987. – 116 с.
10. Демографический энциклопедический словарь. /Гл. ред. Д.И. Валентей/. – М.: Сов. Энци., 1985. – 607 с.
11. Алаев Ә.Б. Социально-экономическая география: понятийно-терминологический словарь. – М.: Мысль, 1983. – 290 с.
12. Гусейн Заде С.М. Модели размещения населения и населенных пунктов. – М., МГУ, 1988. – С. 49-91.
13. Хорев Б.С. Проблемы городов (Урбанизация и единая система). – М.: Мысль, 1975. – 428 с.
14. Двоскин Б.Я. и др. Проблемы расселения населения Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 247 с.
15. Бахметова Г.Ш. Методы демографического прогнозирования. – М.: Финансы и статистика, 1982. – 159 с.

16. Покшишевский В.В. Население и география. – М.: Мысль, 1978. – 315 с.
17. Ходжаев Д.Г. и др. Эффективность расселения: проблемы и суждения. – М.: Мысль, 1983. – 276 с.
18. Надыров Ш.М. и др. Особенности формирования промышленных узлов и центров Мангышлакского территориально-производственного комплекса. / Экономико-географические проблемы территориальной организации производительных сил Казахской ССР/Сб. научн. тр. – Алматы: Наука, 1985. – 109 с.
19. Саушкин Ю.Г. Экономическая география: история, теория методы практика. – М.: Мысль, 1973. – 559 с.
20. А.М. Сергеева. Қоныстанудың методологиялық негіздері. // Еңденіс, 1999, № 6. – 207-210-бб.
21. Бакланов П.Я. Пространственные системы производства: (Макроструктурная уровень анализа и управления). – М.: Наука, 1986. – 146 с.
22. Баранский Н.Н. Экономическая география. Экономическая картография. – М.: Географгиз, 1960. – 452 с.
23. Надыров Ш.М. Особенности миграции населения в районах нового освоения. // Вест. АН КазССР, 1987. – №3. – 97 с.
24. Тажин М.М., Тажимбетов М.А. Региональная социология. – Алматы, Атамұра-Қазақ университеті, 1993. – 176 с.
25. Хорев Б.С. Население страны: географические и демографические аспекты. – М.: Знание, 1986. – 45 с.
26. Хорев Б.С. и др. Общие и региональные особенности демографических процессов в современной России. – М.: Ассоц. «Гуманитарные знания», 1994. – 75 с.
27. Салиев А.С. Проблемы расселения и урбанизации в республиках Средней Азии. – Ташкент: Фан, 1991. – 107 с.
28. Н.Ә. Назарбаев. Дүние жүзі қазақтарының I құрылтайында сойлеген сөзінен. – Алматы, 1992. – 195 б.
29. Е.М. Арынов, Е.М. Әбенев, Қ. Бодауханұлы. Қазақ диаспорасының көші-қонын үйлестіру жайттары. // Саясат, 1997. – №3. – 40-46-бб.
30. М.Б. Тәтімов. Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 159-б.
31. Баранов А.В. Социально-демографическое развитие крупного города. – М.: Финансы и статистика, 1981. – 191 с.
32. Исаков У.М. Города в системе расселения Казахстана (экон.-демогр. аспект). – Алматы: Ғылым, 1992. – 216 с.
33. А.М. Сергеева. Қазақстанның макроэкономикалық жағдайында демографиялық процестердің экономикаға әсері // Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік

жолында: тарих және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2001. – 180-б.

34. Исакова К.А., Абдиманапова У.С. Влияние внешних миграционных процессов на формирование национального состава населения Казахстана // Вестник КазГУ, вып. 2, 1995. – 209 с.

35. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан – 2030. (Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы). – Алматы, 1997. – 176-б.

36. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алма-Ата: РГЖИ «Дәуір», 1992. – 56 с.

37. А.М. Сергеева. Қоныстанудың географиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелері /Батыс Қазақстан экономикалық ауданы негізінде/. – Алматы: Білім, 2000. – 116 б.

38. А.М. Сергеева. Батыс Қазақстан экономикалық ауданында халықты тұрақтандыру мәселелері //Жас ғалымдар – Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына. Халықаралық конф. еңб. – Алматы, 2001. – 840 б.

39. Тажин М.М. Человек. Регион. Город. – Алматы: Казахстан, 1990. – 136 с.

40. Арынов Е.М. и др. Прогноз демографического развития РК до 2015 г. // Саясат, 1997. – №3-4. – 57-б.

41. М.Б. Тәгімов. Жас мемлекет – Қазақстан Республикасының: жеке өзіндік демографиялық саясатын қалыптастыру мәселелері. – Алматы: ҚазМҰУ, 1994. – 132 б.

42. Шокаманов Ю.К. Динамика развития человеческого потенциала в Казахстане // Саясат, 1996. – №5. – 23-30-бб.

43. Демографический ежегодник Казахстана 1999. – Алматы, 2000. – 63 с.

44. Численность и размещение населения в Республике Казахстан. Т.1. – Алматы, 2000. – 198 с.

45. Население Республики Казахстан 1993 /стат. сб./ – Алматы: Казинформ-центр, 1994. – 88 с.

46. Социально-экономическое положение Республики Казахстан. – Алматы, 2000. – 191 с.

47. Республика Казахстан. Отчет по человеческому развитию. – Алматы, 1997. – 245 с.

48. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алматы: Наука, 1991. – С. 185.

49. М.Б. Тәгімов, Ж. Әлиев. Дербестігіміз – демографияда. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 263 б.

50. Баранский Н.Н. Научные принципы географии (Избранные труды). – М.: Мысль, 1980. – 239 с.
51. Демография: Учебное пособие. – М., 2004.
52. Демография: Современное состояние и перспективы развития (учебное пособие). //под ред. Валентя Д.И. – М.: Высшая школа, 1997.
53. Копылов В.А. География населения (учебное пособие). – М.: Маркетинг, 1999.
54. Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева. Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2003. – 408 б.
55. Народы мира (справочник). – М., 1980.
56. Население мира (демографический справочник). – М.: Мысль, 1989.
57. Борисов В.А. Демография. – М.: NOTA BENE, 2001.
58. Современная демография /под ред. А.Я. Кваши и В.А. Ионцева – М.: МГУ, 1995.
59. Слука А.Е. География населения с основами демографии и этнографии. – М.: МГУ, 1988.
60. Голиков Н.Ф., Двоскин Б.Я., Спектор М.Д. Проблемы расселения населения Казахстана. – Алматы: Наука, 1989.
61. Гумилев Л.Н. Этносфера. История людей и история природы. – М.: Прогресс, 1993.
62. Г.Н. Нүсіпова. Халықтар географиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 102 б.
63. Алисов Н.В., Хорев Б.С. Экономическая и социальная география мира (общий обзор). – М.: Гардарики, 2001.
64. Максаковский В.П. Географическая картина мира. – М.: ДРОФА, 2008.
65. Т.О. Увалиев. Халықтар географиясы. – Алматы, 1997.
66. Халықтар географиясы және оның демографиялық пен этнографиялық негізі (Лабораториялық жұмысқа арналған әдістеме) //Құрастырушы М. Қожахметұлы. – Қарағанды: ҚарМУ, 1993. – 38 б.
67. Стратегии территориального развития Республики Казахстан до 2015 года. – Астана, от 28 августа 2006 года. [http:// www. gis.damu.kz](http://www.gis.damu.kz)
68. Доклад о мировом развитии – 2009. Новый взгляд на экономическую географию. – Вашингтон. – «Всемирный банк». – 2009 ([www.worldbank.org/wdr2009](http://www.worldbank.org/wdr2009)).
69. Прогнозная схема пространственного развития и расселения населения. Компонент 2. – Астана. – 2009.

70. Морозова Т.Г., Иванова Н.В., Комов В.Э., Соркина Т.Ф., Тупчиенко В.А. Городское хозяйство: Учеб. Пособие. – М.: Вузовский учебник: – ИНФРА-М. – 2010.

71. Основные направления развития и размещения производительных сил Казахстана на период до 2015 г. – Алматы: РГП Институт экономических исследований. – 2002.

72. Государственная программа «Развитие регионов»: Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 июля 2011 года № 862. – Астана: Акорда, 2011. – 26 июля. – № 862.

73. География терминінің орысша-қазақша сөздігі //Құрастырушылар Калиева А.А., Ахметова Б.А. – Астана: «Уәлиев» ЖК, 2009. – 399 б.



*«Жогары білім» сериясы*

**Сергеева Айгүл Мақсатқызы**

**ТҮРҒЫНДАР ГЕОГРАФИЯСЫ**

Оқу құралы

*Редакторы Айгүл Абдрахманова  
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек  
Көркемдеуші редактор Жеңіс Қазанқапов  
Корректоры Назерке Рамазанова  
Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек*